Стратегия представляет собой комплексный план, предназначенный для того, чтобы обеспечить осуществление миссии ВУЗа и достижение ее целей. В целях анализа практики ВУЗов в области развития и внедрения инноваций были рассмотрены стратегии ВУЗов. [7; 8; 9]. Успешная реализация стратегии развития ВУЗа вряд ли возможна без повышения эффективности управления во всех подразделениях. Очень важно отразить в стратегии внутренние силы и возможности, которыми располагает коллектив ВУЗа.

СУР может обеспечивать выполнение целого ряда стратегических и оперативных целей ВУЗа. Она может выступать в качестве основы всей управленческой и образовательной деятельности. На ее основе разрабатывается перспективная управленческая стратегия и эффективная СВК. При решении оперативных задач в системе создаются надлежащие условия для тесного взаимодействия всех участвующих сторон, структурных подразделений, преподавателей и персонала ВУЗа. Сфера высшего образования – это специфическая область и для нее характерны свои риски, отличные от, например, финансовых и других рисков.

Ужесточающаяся конкуренция, опережающие темпы развития техники и технологии, глобализация образования, а также многие другие факторы, характерные для текущего состояния экономики Казахстана, создают условия возникновения рисков в деятельности ВУЗа, поэтому неперменной частью менеджмента высшего учебного заведения является необходимость внедрения и использования систем управления рисками и внутреннего контроля деятельности в целях обеспечения качества образования.

Кілт сөздер: Білім беру саласында тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау жүйесі, ішкі аудит, ЖОО, жоғары білім сапасы, оқыту сапасы, оқыту процессінің сапасы.

Ключевые слова: система управления рисками в сфере образования, система внутреннего контроля, внутренний аудит, ВУЗ, качество высшего образования, качество обучения и качество процесса обучения.

Key words: system of risks management in the sphere of education, system of internal control, internal audit, higher education institution, quality of higher education, quality of education and quality of education process.

1. URL: www.credonew.ru (12.10.2012).

2. Жанабаев З.Ж., Мукушев Б.А. *Синергетика в педагогике. Монография.* - Алматы: Изд-ский центр ОФ «Достижения молодых», 2002. - 128 с.

3. Хакен Г. *Информация и самоорганизация.* - М.: Мир, 1991. - 240 с.

4. *Управление организацией. Энциклопедический словарь.* / Под ред. Поршнева А.Г., Кибанова А.Я., Гунина В.Н. - М.: Издательский Дом ИНФРА-М, 2001. - 822 с.

5. Веснин В.Р. *Основы менеджмента: Курс лекций.* - М.: Общество «Знание» России, Центр. ин-т непрерыв. образования, 1996. - 472 с.

6. Фомичев А.Н. *Административный менеджмент. Уч. пособие.* - М.: Изд-ско-торговая корпорация «Дашков и Ке», 2003. - 228 с.

7. URL: www.kaznu.kz (09.07.2012).

8. URL: www.agtu.kz (01.06.2012).

9. URL: www.kbtu.kz (09.07.2012).

ТҮЛҒААРАЛЫҚ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІК МӘСЕЛЕСІНІҢ ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ПСИХОЛОГТАРДЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ЗЕРТТЕЛІНУ ЖАҒДАЙЫ

М.Қ. Бапаева – п.с.ғ.к., доцент, ҚазМемҚызПУ

Резюме

В статье рассмотрены исследования межличностных отношений в трудах зарубежных и казахстанских ученых. В ходе развития взаимоотношений человек формирует в сознании свое внутреннее «Я» и картину мира, кроме того является основой регулирования действий, поведения человека и процесса обмена информацией, а также восстановления внутреннего мира человека.

Summary

The article deals with the study of interpersonal relations in the works of foreign and Kazakhstani scientists. During the development of relations people creates in minds their inner "I" and a picture of the world, also the basis of regulatory action, human behavior and the process of information exchange, as well as the restoration of man's inner world.

Адамның қоршаған әлеммен өзара әрекеттестігі қоғамдық өмірде адамдардың арасында қалыптасатын объективті қатынастардың жүйесінде жүзеге асырылады. Объективті қатынастар мен байланыстар кез келген шынайы топта міндетті әрі заңды түрде қалыптасады. Әлеуметтік психология зерттейтін субъективті тұлғааралық қатынастар топ мүшелерінің арасындағы объективті өзара қатынастардың бейнеленуі болып табылады.

Тұлғааралық өзара әрекеттестікті және топтың ішіндегі өзара әрекеттестікті зерттеудің негізгі жолы бұл – әртүрлі әлеуметтік факторларды, сондай-ақ аталмыш топтың құрамына кіретін адамдардың өзара әрекеттестігін терең зерттеу болып табылады. Қоғамдағы адамдардың арасында қатынас орнамаса ешбір адамдар қоғамдастығы толыққанды бірігіп іс-әрекет ете алмайды, олардың арасында қажет түсіністік орнамайды [1, с. 56].

Қарым-қатынас- қоғамның мәдени деңгейін көрсететін, оның терең негізгі және даму құралы болып табылатын қоғамдық тарихтың даму нәтижесі. Қарым-қатынастың кез-келген түрі қарапайым болып көрінгенімен, объективті және субъективті сипаттағы күрделі заңдылықтарға бағынады. Кең мағынада қарым-қатынас дегеніміз – адамдардың жеке және әлеуметтік өмірінің міндетті шарты болып табылады. Адамның бірлескен іс-әрекет ету үрдісінде адамның белгілі мінез-құлық үлгісі мен түрі қалыптасады. Бірте-бірте олар тұлғаның құрылымымен астасып кетеді. Қарым-қатынас үдерісі барысында адам өзінің ішкі «Менін», сонымен қатар әлемнің бейнесін санасына қалыптастырады.

Кеңестік психология ғылымында тұлға аралық қарым-қатынас мәселесінің түрлі аспектілері В.Н. Мясищев, Б.Г. Ананьев, Б.Ф. Ломов, Г.М. Андреева, А.В. Петровский, А.А. Бодалев зерттеулерінде қарастырылған. Қарым-қатынас адамдар мен тұлғааралық ақпараттарды тасымалдайды, ақпарат алмасу және адам іс-әрекеті мен мінез-құлықтарын реттеу болып табылады, адамдардың ішкі дүниесінің қайта жасалуына негіз болады.

Психологиялық сөздікте қарым-қатынасқа мынадай анықтама берілген. «Қарым-қатынас – бірлескен іс-әрекеттегі қажеттіліктерден туындаған адамдар арасында ақпарат алмасу, байланыс орнату және оны

дамытудың күрделі, көп жоспарлы үрдісі. Мұнда ол қарым-қатынас бойынша серіктердің өзара әрекет, қабылдау және түсінудің бірдей стратегиясын жасау болып табылады. Сондықтан қарым-қатынас біріншіден, бірлескен іс-әрекеттегі қажеттіліктерден пайда болатын адамдар арасында бірнеше жоспарлы байланыстарды орнату мен дамытудың күрделі үрдісі. Ол ақпарат алмасу, өзара әрекеттердің бірыңғай стратегиясын өңдеу, серіктесті қабылдау және түсінуден тұрады. Ал екіншіден, бірлескен іс-әрекет қажеттіліктерден туындайтын күй және мінез-құлық пен серіктестің тұлғалық-мәндік құрылымдарына бағытталған екі немесе одан да көп субъектілердің өзара әрекеттесуінің белгілі құралдарымен жүзеге асырылады. Мұнда ол заттық және эмоциялық аспектілерде өзара хабарлама алмасудан тұрады» [2. 24].

Қ.Б. Жарықбаев «Адамның психологиялық ерекшеліктері, оның өмір сүретін ортасына қоғамдық тікелей әсер етуінен қалыптасып отырады. Жеке адам қоғамнан тыс өмір сүре алмайды. Өйткені оның психикасы тек айналасындағылармен қарым-қатынас жасау үрдісінде ғана қалыптасады, қоғамдық тәрбие арқылы адам белгілі мазмұнға ие болатындығын» атап көрсетеді [3, 66 б]. Сондықтан адамның жеке басының психологиясын ұғынуда оның бағытын көрсететін компоненттермен қатар әлеуметтік орта, білімі, нақтылы кәсібі және т.б. танымдық ерекшеліктерін де толық меңгеруді талап етеді.

Н.Қ. Токсанбаева «Қарым-қатынас, бұл белгілі бір өзара қатынас қалыптастыру мақсатындағы мазмұны мен идеялармен, қызығулармен, көзқарастармен, көңіл-күйлермен және т.б. өзара әрекеттермен дамиды. Қарым-қатынасты зерттеуде мына нәрселерге сүйенеміз:

- біріншіден, қарым-қатынас – кез-келген іс-әрекеттің ерекше типі – коммуникациялық іс-әрекет;
- екіншіден, қарым-қатынас – кез-келген іс-әрекеттің іске асырылу шарты;
- үшіншіден, қарым-қатынас – арнайы берілген іс-әрекеттің нәтижесі» деп, қарым-қатынасты зерттеуде іс-әрекеттің маңыздылығына түсініктеме берген [4].

Қарым-қатынас үдерістерін әрдайым әрі барлық жағдайларда тегіс жүріп, ішкі қарама-қайшылықтардан ада деп елестетуге болмайды. Кейбір жағдайларда бірін-бірі өзара жоққа шығаратын құндылықтардың, мақсаттардың, міндеттердің орын алуын сипаттайтын ұстанымдардың антагонизмі анықталып, кей жағдайларда өзара өшпенділікке ұласады – тұлғааралық қақтығыс туындайды. Қақтығыстың әлеуметтік маңызы әрқилы болып, тұлғааралық қатынастардың негізінде жатқан құндылықтарға байланысты болады.

О.Мёде және Ф.Олпорт бірінші реттегі топтардың нақты іс-әрекетті орындау барысында мүшелеріне ықпалын (жағымды немесе жағымсыз) анықтау жөніндегі зерттеулерге себепкер болды. Оларды индивидуалдың топқа жағымды әрі жағымсыз қатынасы да қызығушылық тудырды. Топ іс-әрекетінің жалпы әсерінің олардың нақты тапсырмаларды орындауда «жақын» немесе «бірге» әрекет еткендеріне тікелей байланысты екендігі анықталды. Топ үшін беделді тұлғалардың бақылаушы ретінде қатысуының тұтастай топтың өнімділігін арттыруға әкелетін ахуалды қалыптастыратыны анықталды.

Бүкіл әлемде тұлғааралық қатынастардың еңбек өнімділігінің артуына, еңбекке қатынасына, еңбек тәртібіне қаншалықты дәрежеде ықпал ететіндігіне қатысты зерттеулер біршама зор қызығушылық тудырды. Хотторндық (Хотторн – АҚШ-тағы қала) эксперименттердің барысында Э.Мейо болашақта қазіргі заманғы өндірістегі психологиялық факторлардың рөлін зерттеулердің негізіне айналатын қорытындыларды жасады. Әр жұмысшы еңбегінің өнімділігі оның топтағы жай-күйіне байланысты болып, көп жағдайда оның мүмкіндіктеріне емес, топта қалыптасқан құнды бағдарлардың, нормалардың, ұстанымдардың жүйесіне сәйкес келетіндігі, еңбек жағдайлары мен қаржылануына емес, орын алып, нығайған биресми қатынастардың сипатына да байланысты екендігі де анықталды. Биресми құрылым шағын топтар деңгейінде басқару үдерістерін тежеуге немесе керісінше қамтамасыз етуге қабілетті.

Биресми қатынас сипатының барлық өндірістік көрсеткіштерге, соның ішінде еңбектің өнімділігі, жұмыс күшінің тұрақсыздығы, сондай-ақ жұмысшылардың нормалардың, бағалаудың өзгерісіне қатынасына да ықпал ететіндігі анықталды [5, с. 53].

Бірқатар батыс психологтарының (Ф.Олпорт, Н.Триплета, Е.Катрелла) еңбектерінде іс-әрекеттің жетістігі мен басқа адамдардың қатысуының арасындағы байланыс зерттелінген. Мұндағы бірмағыналы тәуелділік жоққа шығарылғанымен, нәліктен кейбір жағдайларда өзге адамдардың қатысуы іс-әрекеттің тиімділігін арттыратынын, ал басқаларында керісінше төмендететініне түсініктеме берілген жоқ. Жақсы деген жағдайда іс-әрекет субъектісі мен ортадағы әрбір жеке-дара адамның арасында қалыптасқан жеке өзара қатынастарға іс-әрекеттің тиімділігінің тәуелділігі сөз етілді (Б.Коллинс). Нұсқалған байланыстың бір мағыналылығын өзге қырынан бағалауға болады. Өзгелер қатысуының ықпалы сірә, іс-әрекет мүшелері мен қатысушылардың бір ұжымға немесе диффузды топқа бірігуіне қарай әрқилы ықпал етуі мүмкін. Шынайы топтық іс-әрекет жағдайында дамуы жоғары топтағы және оның болмауында (немесе аз дәрежедегі айқындылығында) және кездейсоқ қоғамдасуында жағымды өзара байланысты орнауының негізі бар [6, с. 130].

Топтық динамика құбылыстарына деген дәстүрлі тұрғы шенберінде жұмыс жасаған зерттеушілердің қол жеткізген нәтижелерінің қарама-қайшылығы жоққа шығарылмай, ереже ретінде қабылдануда. Психологтың зерттеуші ұстанымы топтарды іс-әрекетке қатынастарының даму деңгейлері бойынша ажыратпағанымен, топтардың өзі объективті түрде ол айырмашылықтарға ие болып, оны эксперимент барысында айғақтатуда. Дәл сол соңғы жағдай, әсіресе экспериментші лабораториялық емес, шынайы топпен жұмыс жасағанда қорытындылардың қарама-қайшылығына әкелуде [6, с. 26-27]. Іс-әрекеттің психологиялық түсініктемесін беруде оның анықтамалары мен категориялы-ұғымдық аппаратының негізін көбінде адамның әлеуметтік болмысының бір қырын ғана қамтитын «субъект-объект» қатынасының құрайтынын ескеру қажет. Соған байланысты адамның әлеуметтік болмысының маңызы үлкен келесі быр қырын, атап айтқанда «субъект-субъект (лер)» қатынастарын ашатын қарым-қатынас категориясын құрастыру қажеттігі туындайды. Осы тұста қарым-қатынастың категориясы туралы қазіргі заманғы психологияда түсінігін сипаттайтын В.В. Знаковтың пікірін келтіруге болады: «Бастапқыдан-ақ субъектілердің бір-бірінің психикалық қасиеттерін анықтау ұмтылысымен ынталандырылатын өзара әрекеттестіктерінің формасын мен қарым-қатынас деп атаймын...». Біріккен іс-әрекет турасында ары қарай адамдардың тұлғаралық қатынастары ортақ мақсатқа – нақты міндетті шешуге бағынған жағдаят сөз етіледі.

Қарым-қатынас пен іс-әрекеттің өзара байланысы мәселесіне қатысты субъект-субъектілі тұрғы іс-әрекеттің тек субъект-объектілі қатынас ретінде бір жақты түсінідірілуінен бір адым артық тұрады. Психологияда бұл тұрғы теория және эксперимент жүзінде құрастырылған субъект-субъектілі өзара әрекеттестік ретінде қарым-қатынастың әдіснамалық қағидасы арқылы жүзеге асырылады.

Қарым-қатынас – адамның басқа адамдармен өзіндік өзара әсерлесуі және біріккен іс-әрекетте өзара қатынасының даму ретінде көрніс береді. Қарым-қатынас – адамзат қатынасының күрделі түрі. Кез-келген қарым-қатынас адамдардың арасындағы жай баланыс қана емес, біріккен іс-әрекет үдерісінде адамдардың бірін-бірі қабылдауы және ақпарат алмасуы болып табылады. Сондықтан қарым-қатынас үдерісінде тұлғаралық өзара байланыстар анықталады.

Қарым-қатынас – адамзат үшін әртүрлі деңгейде, әртүрлі кезеңде қалыптастыруды қажет ететін құбылыс. Қарым-қатынасты білім мен біліктілік, дағды мен адамның ішкі құндылықтарына негізделген мәдени сауаттылық, танымдық іс-әрекет дамуының деңгейі ретінде қарастыруға болады.

Жалпы алғанда, ресейлік әлеуметтік психологияда қарым-қатынас қағидасының теория және эксперимент жүзінде негізделуі жоғарыда баяндалған еңбектерде, сондай-ақ «Қарым-қатынастың психологиялық зерттеуі» және «Таным және қарым-қатынас» ("Психологические исследования общения", "Познание и общение") еңбектерінде кеңінен қарастырылған.

А.В. Брушлинский және В.А. Поликарповтың еңбектерінде (1990) аталмыш әдіснамалық қағида сын тұрғысынан ойластырылып, ресейлік психологиялық ғылымдағы қарым-қатынастың сан қырлы проблематикасы талданады.

Б.Ф. Ломов (1984) және оның қызметтестерінің тұрғысында қарастырылған қарым-қатынас субъект белсенділігінің ерекше дербес формасы ретінде анықталады. Оның нәтижесі – өңделген затпен (материалды немесе идеалды) шектелмей, адамның адаммен және басқа адамдармен қатынастарымен де анықталады. Қарым-қатынас барысында іс-әрекетпен ғана емес, сонымен қатар түсініктермен, идеялармен, сезімдермен өзара алмасу жүзеге асырылып, «субъект-субъект (лер)» қатынастарының жүйесі де дамуын табады.

Қарым-қатынас құрылымының ерекшеліктері ресейлік әлеуметтік психологияда маңызды орын иеленіп, аталмыш мәселенің зерттеулі қарым-қатынастың құрылымы жайында жеткілікті дәрежеде жалпыға бірдей мойындалған түсініктердің жиынтығын іркіп алуға мүмкіндік береді. Қарым-қатынастың құрылымын талдау деңгейлерін бөліп алу, әрі оның негізгі қызметтерін тізбектеу арқылы зерттеушілер ол құбылысты әрқилы қарастыруда. Б.Ф. Ломов талдаудың үш деңгейін көрсетеді [6]:

Бірінші деңгей – *макро деңгей*: индивидтің өзге адамдармен қарым-қатынасы оның өмір салтының аса маңызды қыры ретінде қарастырылады. Бұл деңгейде қарым-қатынас үдерісі индивидтің психикалық дамуын талдауға баса назар аудару арқылы адам өмірінің ұзақтығына пара-пар уақыт интервалдарында зерттеледі.

Екінші деңгей – *мезо деңгей* (орташа деңгей): қарым-қатынас адамдардың өз өмірлерінің нақты уақыт аралықтарында ағымдағы тіршілік әрекетіндегі өзара әрекеттестіктің жағдаятымен немесе мақсатты түрде қисынды қорытындысын тапқан аяқталған қатынастардың бірін-бірі алмастырып отыратын жиынтығы ретінде қарастырылады. Қарым-қатынастың аталмыш деңгейде зерттелуінде қарым-қатынас жағдаятының мазмұнды компоненттері – «нені» және «қандай мақсатпен» орындалуына баса назар аударылады.

Үшінші деңгей – *микρο деңгей*: қарым-қатынастың қарапайым бөлшектерін түйіндес актілер немесе

транзакциялар ретінде талдануына баса назар аударылады. Қарым-қатынастың қарапайым бірлігі – мінез-құлық актілерінің, қатысушы әрекеттерінің кезектесіп алмасуы емес, олардың өзара әрекеттестігі. Ол серіктестердің бірінің ғана әрекетін емес, онымен байланысты серіктесінің жәрдемін немесе қарсылығын қамтиды (мысалы, сұрақ – жауап, «әрекетке ынта-әрекет», «ақпаратты хабарлау – оған деген қатынас» және т.с.с.

Тарихи тұрғыда психологиялық-педагогикалық әдебиетте тұлғааралық өзара қатынастың: ақпараттық (ақпаратты жеткізуге және қабылдауға бағдарланған тұрғы), интернационалды (өзара әрекеттестікке бағдарланған тұрғы), реляциялық (қарым-қатынас пен өзара қатынастың өзара байланысына бағдарланған тұрғы) үш тұрғысын қарастыруға болады [7].

Тұлғааралық өзара әрекеттестіктің зерттелуі және тәжірибелік бақылаулар тұлғааралық қатынастағы адамдардың жауап беруінің барлық ықтималды тәсілдерін тиімді-тиімсіз өлшемі бойынша, қарым-қатынас мақсаттарын жүзеге асыру тұрғысында шартты түрде екі топқа бөлуге мүмкіндік береді: біріншіден, қандай тәсілдер тиімді әрі серіктесімен жағымды өзара қатынастары мен өзара түсіністікте жеке-дара қатынастарын дамыту үшін қай кезде қолданған орынды; екіншіден, тікелей психологиялық ықпал ету үшін (қарым-қатынас мақсаттарына толыққанды қол жеткізу үшін) қандай тәсілдерді және қашан қолданған тиімді [8].

Адамның қарым-қатынастың екі техникасы (жоғарыда көрсетілген қарым-қатынастың екі мета мақсаттарына сәйкес): түсінетін қарым-қатынас техникасы мен бұйрықшыл қарым қатынас техникасын қолдану іскерліктері мен дағдылары өзара әрекеттестік тиімділігінің негізгі өлшемдері болып табылады.

Адамның түсінетін және бұйрықшыл қарым-қатынасты орынсыз алмастырушы ретінде мінез-құлықтың төмендетуші-көнгіш және қорғаныс-агрессивті түрлерін қолдану бейімдігі мен әдеті практикалық қарым-қатынас тиімсіздігінің өлшемдері болып табылады.

1. Знаков В.В. *Понимание в познании и общении*. - М.: ИП РАН, 1994.

2. *Краткий психологический словарь / Под общ. ред. А.В. Петровского*.

3. Жарықбаев Қ.Б. *Психология*. – Алматы: Мектеп, 1970.

4. Тоқсанбаева Н.Қ. *Психологиядағы қарым-қатынас мәселесі // Білім беру жүйесінде адам ресурстарын басқарудың қазіргі тенденциялары: Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Материалдары*. - Алматы, 2005.

5. Леонтьев А.А. *Деятельность и общение // Вопросы философии*. 1979. - №1. - с. 121-132.

6. Ломов Б.Ф. *Проблемы общения в психологии: сборник статей*. - М.: Наука, 1981. - 196 с.

7. Петровский А.В., Шпалковский В.В. *Социальная психология коллектива*. - М., 1978. - 176 с.

8. Ломов Б.Ф. *Общение: понятие, формы // Психологический журнал*. 2002. - №6. – С. 26-27.

АРАБ ЕТІСТІКТЕРІНІҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Г.Абдрахманова – ф.ғ.к., доцент, Абай атындағы ҚазҰПУ

Резюме

На основе источников по арабскому языкознанию в статье делается попытка рассмотреть точку зрения арабских средневековых и современных лингвистов относительно возникновения и распространения масдара в арабском языкознании.

Resume

On the basis of sources on the Arab linguistics in article attempt to consider the point of view Arab medieval and modern linguists on emergence and distributions masdara in the Arab linguistics becomes.

Жалпы қай тілде болса да етістік категориясы сөз таптарының ішіндегі ең күрделілерінің бірі болып есептеледі. Етістіктің ең күрделі сөз табы екендігі оның лексика-семантикалық ерекшелігінен, түбір тұлғасы мен оған үстелетін грамматикалық формалардың қат-қабаттылығынан, грамматикалық категориялардың әр-түрлілігінен, жаңа сөз жасау жүйесінен, қолданылу аясынан, сөйлемде атқаратын синтаксистік қызметінен және тағы басқа лексика-грамматикалық қасиеттерінен байқалады. Етістіктің осындай әртүрлі қырларын зерттеуге арналған еңбектер, ғылыми мақалалар көп жазылғанымен, оның грамматикалық категория ретіндегі ерекшелігі толық танылып, жан-жақты зерттелді деген тұжырым айтуға болмайды. Себебі, етістіктің лексика-семантикалық сипатын, грамматикалық ерекшеліктерін зерттеуде толықтыра түсуді қажет ететін мәселелер, кейбір етістіктің жекеленген бөлімдеріне арналған ғылыми-іздену жұмыстарының төңірегінде әртүрлі пікірлер де кездеседі.

Араб етістігі – өте күрделі сөз табы және жаңа сөз жасаудың негізі. Араб тіліндегі етістіктер – біреудің немесе бір нәрсенің қимыл-әрекетін, жай-күйін білдіретін сөз табы.

Араб тіліндегі етістіктерге араб лингвист ғалымдары мынандай анықтамалар береді: «белгілі-бір уақытта іс-әрекеттің өту барысына негізделген сөз» [1, 18], «жеке лексикалық мағынасы және баяндауыштың синтаксистік функциясы бар сөз» [2, 25], «лексикалық мағынасы нақты уақытты білдіретін мағынасымен сәйкес келген сөз» [3, 46].

Араб етістіктерінің тұйық рай формасы жоқ, сондықтан түбір етістік делініп шартты түрде өткен шақтағы ер тегі (музәккар) тұлғалы етістіктің жекеше түрінің 3-жағы қабылданған [4, 156]. Түбір – сөздің әрі қарай бөлшектеуге келмейтін мағыналы түпкі бөлшегі екені белгілі. Араб тілінде түбір етістікке қарақаттардың (қысқа дауысты дыбыстардың қызметін атқаратын белгілер) қолданысы жатпайды. Себебі қарақаттар дауысты дыбыстардың таңба арқылы емес, диакритикалық белгілер арқылы беріледі. Үш әріпті түбір сөздердің ішіндегі өткен шақ формасындағы үш әріпті түбір етістіктер ғалымдар тарапынан жан-жақты зерттеліп, бірнеше ғылыми еңбектер жазылған. Өйткені, осы формадағы етістіктер араб тілі грамматикасында негізгі *сөз тудырушылар* және етістіктің осы – келер шағы мен бұйрық райының жіктелуінің *түбірі* болып саналады. Олардың өткен шағы үш түрлі формада жасалады: (فَاعِلٌ) *фаала*, (فَاعِلٌ) *фаила*, (فَاعِلٌ) *фаула*. Араб тілі грамматистері түбір етістіктерінің бірінші буынын *فَاء الفعل* – фау л-фиыл, екінші буынын *عَيْن الفعل* – айну л-фиыл, үшінші буынын *لَام الفعل* – ламу л-фиыл деген терминдік атау берген. Фаала (فَاعِلٌ) формуласымен жасалған етістіктер іс-әрекетті білдіреді, фаила (فَاعِلٌ) формуласымен жасалған етістіктер іс-әрекеттің жай-күйін білдіреді, фаула (فَاعِلٌ) формуласымен жасалған етістіктер іс-әрекеттің сапасын білдіреді. Мысалы: (كَاتِبٌ) *катаба- жазу*; (فَاحِشٌ) *фахима – түсіну*; (سَازٍ) *сазура – кішірейту*.

Араб етістіктерінің морфологиялық белгілері:

- *етістік шақ категориясына (өткен шақ, осы шақ, келер шақ және т.б.), жақ категориясына (I – жақ- аль-мутакаллим, II-жақ- аль-мухатаб, III-жақ- аль-зайб) және уақытқа бағынады;*
- *етістік тек категориясында өзгереді;*
- *етістік «септеледі» (раф- атау септігі, насб – табыс септігі, жар-ілік септігі);*
- *етістік соңына التَّوِين (тануин) жалғанбайды;*
- *етістікке ال (аль) артиклі жалғанбайды;*
- *етістік тамарбутаға (әйел тегінің белгісі) аяқталмайды;*
- *етістік алдына көмекші сөздер тіркеспейді;*
- *етістік алдына қаратпа сөздер келмейді.*

Араб тілінде етістіктер *құрылысы жағынан* толымды *الفعل الصحيح* (ал-фиылу ас-сахих) және толымсыз *الفعل المعتل* (ал-фиылу ал-муатал) болып екіге бөлінеді:

1. *الفعل الصحيح* (ал-фиылу с-сахих) *Толымды етістіктерде* түбір құрамындағы дауыссыз дыбыстар өзгеріске түспейді және тиянақсыз дыбыстар (ا،و،ي) кездеспейді. Мысалы: *катаба, фахима, дараса* және т.б. Олар іштей үш түрге бөлінеді:

- *الفعل السالم* (ал-фиылу с-салим) **дұрыс етістік**. Бұл етістіктердің құрамындағы дыбыстар дауыссыз, қайталанбайтын, тұрақталған дыбыстардан құралған. Мысалы: *فَتَح* (фатаха) -ашу, *رَسَم* (расама) -сурет салу, *فَهَم* (фахима) -түсіну;

- *الفعل المهموز* (ал-фиылу л-махмуз) - **хамзалы етістік**. Түбірі үш дыбыстан құралған бұл етістіктің құрамындағы дауыссыз дыбыстардың біреуі хамзалы болып келеді. Хамзалы дыбыс етістік сөзінің басында *أَخَذ* ахаз-а(алу), не болмаса ортасында *سَأَلَ* – са‘ла(сұрау), *قَرَأَ* - қара‘а (оқу) не аяғында келеді.

- *الفعل المضعف* (ал-фиылу л-мудааф) – **қосарланған етістік**. Бұл етістіктің құрамындағы екінші және үшінші дауыссыз дыбыстар қайталанып келеді.

شَدَّ – шадда (күшті болу), *رَدَّ* - радда (жауап беру), *هَزَّ* - хазза (сілкілеу);

2. *الفعل المعتل* (ал-фиылу л-муатал) – **толымсыз етістік**. *Толымсыз етістіктерде* түбір құрамындағы дауыссыз дыбыстардың біреуі, не болмаса, екі дыбысы тиянақсыз дыбыстардан құралады. Олар перфект, имперфект, императив формасында жіктелгенде құрамындағы тиянақсыз дыбыстар өзгеріске түсіп отырады. Мысалы:

<i>Перфект</i>	<i>имперфект</i>	<i>императив</i>
<i>وصل</i> – уасала	<i>يصل</i> – иасилу	<i>صل</i> – сил
<i>وجل</i> – уажила	<i>يوجل</i> – иаужалу	<i>يجل</i> – ижал
<i>قال</i> – қала	<i>يقول</i> – иақулу	<i>قل</i> – қул
<i>رمى</i> – рама	<i>يرمي</i> – иарми	<i>ارم</i> – ирми
<i>وفى</i> – уафа	<i>يفى</i> – иафи	<i>ف</i> – фи

Бұл етістіктер өз алдына төрт түрге бөлінеді:

а) *الفعل المثال* (ал-фиылу л-мисал) – **ұқсас етістік**. Бұл етістіктерге I-ші түбірі (*فَاء الفعل* – фау л-фиыл) әлсіз

(و) уау немесе (ي) йай дауыссыздарынан басталатын етістіктер жатады. Мысалы: وجد – уажада (табу), يبس – иабиса (кебу), وضع – уадаа (қойу).

Ал енді олардың ұқсас етістік деп аталу себебі, перфект, имперфект, императив формасында жіктелгенде дұрыс етістік формасының жіктелуінен көп алшақтап кетпейді. Бұл жөнінде Б.М. Гранденің айтуы бойынша, бастапқы түбірі әлсіз дыбыстан құралған етістіктердің II, III, V және VI баб формасы және олардың осы бабтарда жіктелуі түбірі дұрыс етістіктердің II, III, V және VI баб формасы мен жіктелуінен еш айырмашылығы жоқ, ал, басқа бабтарда ұқсас етістіктер өзгеріп, түрленеді деген пікір айтады [5, 25].

б) الفعل الاجوف (ал-фиылу л-ажуаф) – бос етістік. Бұл етістіктің 2-ші түбірі (عين الفعل – айну л-фиыл) әлсіз а формасында (алиф арқылы көрінеді) беріледі. Мысалы: قام – қама (тұрды), باع – баа (сатты); نام – нама (ұйықтады);

в) الفعل الناقص – нақыс етістік 3-ші түбірі әлсіз алиф немесе йа дауыссыздарына аяқталатын етістіктер. Мысалы: دعا – даа (шақырды), رمى – рама (лақтырды), رضى – радиа (риза болды);

г) الفعل اللفيف *Мүлде толымсыз етістік* 1-ші және 3-ші түбірлері әлсіз дауыссыз дыбыстардан тұратын етістіктер. Мысалы: ولي (жақын болу, басқару), نوى (ыңғайлану), وفى (істеу);

Сол секілді араб тілінде етістік *түбір етістіктер* الفعل المجرد (ал-фиыл ал-мужаррад) және *туынды етістіктер* الفعل المزيد (ал-фиыл ал-мазид) болып екіге бөлінеді.

الفعل المجرد (ал-фиыл ал-мужаррад) түбір етістіктер өз ішінен тағы да екіге бөлінеді. Олар құрамы үш дауыссыз дыбыстан тұрады, не болмаса, төрт дауыссыздан тұратын түбір етістіктер жатады. Мысалы: عمل (амила), وعد (уаада), نال (нала), رمى (рама), دحرج (дахража), زلزل (залзала).

Үш дауыссыздан тұратын түбір етістікке бір, екі не үш аффикстердің жалғануы арқылы туынды етістік бабтары жасалады. Олар:

Төрт әріпті туынды етістік формалары الفعل الرباعي المزيد فيه үш дауыссыз етістікке бір әріп қосылуы арқылы жасалады.

Бес әріпті туынды етістік формалары الفعل الخماسي المزيد فيه үш дауыссыз етістікке екі әріп қосылуы арқылы жасалады.

Алты әріпті туынды етістік формалары الفعل السداسي المزيد فيه үш дауыссыз етістікке үш әріп қосылуы арқылы жасалады.

Төрт әріпті туынды етістік формалары الفعل الرباعي المزيد فيه

الفعل الرباعي المزيد فيه (ас-суласи ал-мужаррад) түбір етістігінің алдына фатхалы алифтің *أ* қосылады. Түбірдің бірінші буыны *الفعل* *فاء* сукундалады, ал екінші *الفعل* *عين* және үшінші *الفعل* *لام* буыны фатхамен харакаттану арқылы жасалады. Ол мына формаға сәйкес келеді: *فَاعِلٌ يَفْعَلُ* (афала – йуфилу) мысалы: *كْرَمٌ يَكْرُمُ* (қрама – йукриму) сыйлады, *حَسَنٌ يَحْسِنُ* (ахсана – йухсину) жақсылап жасады, *أَشَالٌ يَشَالُ* (ашала – йушилу) жандырды.

Үш дауыссыз бап формасы, *الفعل* *الثلاثي* *المجرد* (ас-суласи ал-мужаррад) етістігінің түбіріндегі бірінші *الفعل* *فاء* түбірден кейін созылыңқы алиф әрпінің қосылып, ал қалған екінші *الفعل* *عين* және үшінші *الفعل* *لام* түбірлері фатхамен харакаттануы арқылы жасалынады. Ол мына формаға сәйкес келеді: *فَاعِلٌ يَفْعَلُ* (фаала – йуфаилу). Мысалы: *شَاهِدٌ يَشَاهِدُ* (шахада – йушахиду) (көрді), *طَارِدٌ يَطَارِدُ* (тарада – йутариду) артынан қуды, *سَامِيحٌ يَسَامِيحُ* (самаха – йусамиху) кешірді.

Екі дауыссыз бап формасы, *الفعل* *الثلاثي* *المجرد* (ас-суласи ал-мужаррад) етістігінің түбіріндегі екінші *الفعل* *عين*-дің шаддалануы арқылы жасалады, ал қалған түбірлері фатхамен харакатталады, мына формаға сәйкес келеді: *فَاعِلٌ يَفْعَلُ* мысалы: *قَادِمٌ يَقْدِمُ* (қадма – йуқаддиму) берді, *عَلَّمَ يُعَلِّمُ* (аллама йуаллиму) үйретті, *بَدَّرٌ يَبْدُرُ* (барраба – йударрибу) дайындалды.

Бес әріпті туынды етістік формалары *الفعل* *الخماسي* *المزيد* *فيه*.

Үш дауыссыз бап формасы, *الفعل* *الثلاثي* *المجرد* (ас-суласи ал-мужаррад) түбір етістігінің алдына *إن* қосылып, түбірдегі бірінші *الفعل* *فاء* сукундалуы, ал қалған екінші *الفعل* *عين* және үшінші *الفعل* *لام* түбірлері фатхамен харакаттануы арқылы жасалып, мына формаға сәйкес келеді: *إِنْفَاعِلٌ يَنْفَعِلُ* (инфаала – ианфаилу). Мысалы: *إِنْتَظِرْ يَنْتَظِرُ* (инталақа – ианталику) алыстады, *إِنْسَارِفٌ يَنْسَارِفُ* (инсарафа – иансарифу) кетті, *إِنْدَفَعَ* (индафаа – иандафиу) итерілді.

Екі дауыссыз бап формасы, *الفعل* *الثلاثي* *المجرد* (ас-суласи ал-мужаррад) түбір етістігінің алдына кәсралы алифтің *أ* бірінші *الفعل* *فاء*-дан кейін фатхалы *ت* қосылады әрі сукундалады, ал қалған екінші *الفعل* *عين* және үшінші *الفعل* *لام* түбірлері фатхамен харакаттанады, ол мына формаға сәйкес келеді: *إِفْتَعَلَ يِفْتَعِلُ* (ифтаала – йафтаилу). Мысалы: *يَجْتَمِعُ يَجْتَمِعُ* (жтамаа – йажтамиу) жиналды, *يَقْتَرِبُ يَقْتَرِبُ* (иктараба – йактарибу) (жақынданды), *يَنْتَصِرُ يَنْتَصِرُ* (интасара – йантасиру) жеңіске жетті.

Үш дауыссыз бап формасы, *الفعل* *الثلاثي* *المجرد* (ас-суласи ал-мужаррад) түбір етістігінің алдына кәсралы алифтің *أ* қойылуы және үшінші *الفعل* *لام* түбірдің шаддалануы арқылы, бірінші *الفعل* *فاء* сукундалады, ал

қалған екінші *الفعل عين* және үшінші *الفعل لام* түбірлері фатхамен харақаттанып, мына формаға сәйкес келеді: *يَفْعَلُ* (ифалла – йафиллу). Мысалы: *يَحْمَرُّ* (ихмарра – йахмирру) қызарды, *يَعُوجُ* (уажжа – йауижжу) қисық болды, *يَبِيضُ* – *ابيض* (ибиадда – йабиаддуғарды) және т.с.с.

Алты әріпті туынды етістік формалары *الفعل السداسى المزيدي فيه*.

الفعل туынды бап формасы, *الثلاثى المجرد* (ас-суласи ал-мужаррад) түбір етістігінің алдына фатхалы алифтің *است* қосылып, түбірдегі бірінші *الفعل فاء* сукундалуы, ал қалған екінші *الفعل عين* және үшінші *الفعل لام* түбірлері фатхамен харақаттануы арқылы жасалып, мына формаға сәйкес келеді: *يَسْتَفْعَلُ* (истафала – йастафилу) мысалы: *يَسْتَغْفِرُ* – *استغفر* (истағфара – йастағфиру) кешірім сұрады, *يَسْتَقْبَلُ* – *استقبل* (истакбала – йастакбилу) қарсы алды, *يَسْتَخْرِجُ* (истахража – йастахрижу шығарды).

الفعل туынды бап формасы *الثلاثى المجرد* (ас-суласи ал-мужаррад) етістігінің түбіріндегі бірінші *فاء* етістігінің алдына хамзалы алиф қойылады да өзі сукундалады, екінші түбір *الفعل عين* шаддаланып уау әрпінің қосылуы арқылы жасалады: *يَفْعُولُ* – *يفعول* (бір нәрсеге шаншылу), *يَعْلُودُ* – *اعلود* (ауыр салмақты болды). *الفعل* туынды бап формасы, *الثلاثى المجرد* (ас-суласи ал-мужаррад) етістігінің түбіріндегі бірінші *الفعل فاء* етістігінің алдына хамзалы алиф қойылады да өзі сукундалады, екінші түбір *الفعل عين* дан кейін уау әрпі сукундалады, одан кейін тағы бір *الفعل عين* қосылуы арқылы жасалады: *يَفْعُوْعَلُ* – *يفعوعل* (суландырды), *يَخْشَوْشِنُ* – *اخشوشن* (опасыз болды), *يَحْدُودِبُ* – *احدودب* (бүкірейді) мағыналарына сәйкес.

Бұл жерде араб сөздерінің морфологиялық құрылымының ерекшеліктеріне тоқталып, мүмкіндігінше түсінікті етіп көрсету мақсат етілді. Қазақ тілінде сөздер бағынатын формалық көрсеткіш болмағандықтан араб тіліндегі сөз құрылымдарының өзі бізге жаңалық болып табылады. Бұл жұмыста етістіктің құрылымдарын көрсетумен ғана шектелмей, олардың өзара ерекшеліктері мен айырмашылықтарын талқылап, әрбір формаға қатысты мысалдар келтірілді.

Мақалада араб тіліндегі етістіктердің бөлінуіне зор мән бере отырып, олардың мағыналық өзгерімділігін (дұрыс етістікті баптар көлемінде) нақты мысалдармен көрсетуге тырыстық.

1. Фуад Наама. Араб тілі ережелерінің қысқаша баяндамасы. Каир, аль-Мақтабу ль-ыльми ли т- таалиф уа т- таржама.

2. Амин Али Ас-Саид. Грамматика 2 томдық. - Каир. Дар аль-Маариф, 1994.

3. Аббас Хасан. Толық грамматика. 4 том. - Каир. Дар аль-Маариф, 1999.

4. Тасымов Б.С. Араб тілі. I-том. - Алматы, 1988.

5. Гранде Б.М. Курс арабской грамматики в сравнительно-историческом освещении. - М., 1963.

УДК 378.147

А 39

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ЖАҢА ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ҚҰРУДА КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ МАҢЫЗЫ

Ұ.Н. Алашабаева – магистр, оқытушы, ҚазМемҚызПУ, Алматы қаласы

Түйін

Бұл мақалада кәсіптік білім жүйесінің қолданыстағы инфрақұрылымы мен материалдық-техникалық білім жүйесінде кадрлар даярлаудың сапасы мен жастар үшін келешекте қоғамның әлеуметтік дамуына себепкер болатын мамандардың біліктілігін жаңғырту қарастырылады. Мақаланың мақсаты экономиканың индустриялық-инновациялық даму сұраныстарын ескере отырып, кәсіптік білім беру мазмұнының құрылымын жаңарту.

Резюме

В данной статье рассматриваются повышение престижа обучения в профессиональном образовании и развитии инфраструктуры подготовки кадров для отраслей экономики. Целью статьи является обновление структуры содержания в профессиональном образовании с учетом запросов индустриально-инновационного развития экономики.

Summary

In this article is considered the development and prestige of training in professional education and the development of the infrastructure of group teaching for the branches of economy. Purpose of the article is to update the structure of the technical and vocational training to satisfy needs of industrial-innovative development of the economy.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2030» Даму стратегиясында білімді дамытуды ерекше атап көрсетті. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің 2030 жылға дейінгі кезеңіне арналған даму стратегиясы және әрбір білім дамуының кезең-кезеңін қамтитын стратегиялық жоспарлары дайындалды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2009 жылдың 6 наурызындағы «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» деген халыққа Жолдауында: «Біздің жастарымыз оқып үйренуге тиіс, бүкіл әлемде өмір бойы оқумен өтеді. Мына жағдайда қайта оқуға, сөйтіп бүгін қажет болып отырған мамандықты игеруге мүмкіндікте бар, қажеттілікте бар». Бүкіл әлемдік дағдарыс жағдайында қазіргі оқу орындарының базасында сұранысқа ие мамандықтарға адамдарды қайта даярлау қажеттілігін баса айтты [1].

Соңғы жылдары қабылданған реформаларын көптеген білім беру мекемелері бағдарламаларды таңдауда еркіндік алады, білім беру үрдісіне әр түрлі инновациялық тәсілдер мен әдістер енгізілді, сондықтан қазіргі кезде дәстүрлі емес әдіс-тәсілдерді пайдалану мен жаңа инновациялық технологияларын пайдаланудың қажеттілігін өмір өзі дәлелдеп отыр.

Толығырақ айтқанда, инновация – жаңалық, жаңашылдық, өзгеріс деген ұғымды білдіреді. Инновация құрал және процесс ретінде әлдебір жаңалықты ендіру деген сөз. Кәсіптік білім беру процесінде инновация оқыту мен тәрбиенің тәсілдері, түрлері мақсаты мен мазмұнын, оқытушы мен оқушының бірлескен қызметін ұйымдастыруға жаңалық енгізуді білдіреді. Білім берудегі инновациялық процестердің мәнін кәсіптік білім беруде маңызды екі проблемасын құрайды. Олар – озық білім беру тәжірибесін зерттеу, жинақтау және тарату проблемасы және педагогикалық-психологиялық ғылымдардың жетістігін практикаға енгізу проблемасы. Соған сәйкес, инновациялық процестердің мазмұны мен механизмі осы кезге дейін бір-бірінен оқшау қарастырылып келген өзара тығыз байланысты екі процестің тұтастығы тұрғысынан қарастырылуы тиіс.

Бұның барлығы кәсіптік білім беруде жаңалықты жасау, игеру және пайдалануда басқару қызметінің маңыздылығына көз жеткізе түседі. Өйткені, оқытушы жаңа білім беру технологияның, теория мен концепцияның авторы, талдап жасаушысы, зерттеушісі, тұтынушысы және насихатшысы қызметін атқарады. Осы процесті басқару оқытушының өз қызметінде әріптестерінің тәжірибесі немесе ғылымындағы жаңа идеялар, әдістемелерді дұрыс тандап, бағалау және қолдануын қамтамасыз етеді. Ал кәсіптік білім беру қызметінде инновациялық бағыттылықты қазіргі заманғы білім беру, қоғамдық және мәдени даму жағдайында оқытушылық қызметтің инновациялық бағыттылығының қажеттілігі бірқатар жағдайлармен айқындалады.

Біріншіден, қоғамда жүріп жатқан әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар білім беру жүйесін, әдістемесі мен түрлі типтегі оқу орындарының оқу тәрбие процестерін ұйымдастырудың технологиясын түбірінен жаңартуды талап етуде. Кәсіптік білім беру саласында жаңалықты жасау, игеру және пайдалануға негізделген оқытушы мен тәрбиеші қызметінің инновациялық бағыттылығы білім беру саясатын жаңартудың құралына айналуға.

Екіншіден, білім беру мазмұнын ізгілендірудің күшеюі, пәндерінің көлемі мен құрамының үнемі өзгеріске ұшырауы, жаңа оқу пәндерінің енгізілуі жаңа ұжымдық формалар мен оқыту технологиясын үздіксіз іздестіруді талап етуде. Осы жағдайда оқытушы арасында педагогикалық білімнің рөлі мен беделі арта түсіп отыр.

Қазақстан Республикасының инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау заңнамасына сәйкес мынадай негізгі бағыттар жүзеге асырылады (сур. 2) [2].

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында инновациялық кәсіптік білім беру жүйесінің басты міндеті – білім беру сапасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің қажеттіліктеріне сәйкестігін белгілеудің инновациялық құрылымдары, рәсімдері, нысандары мен әдістерінің жиынтығы.

Сурет 2 – Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес негізгі нысандары

Осы тұрғыда жоғарыда айтылғандай, жастарға сапалы білім, саналы тәрбие бүкіл оқу орнындарында білім беру ісін оқытудың озық инновациялық қызметтің жаңа инфрақұрылымын құру, толықтыру, оқытудың жаңа технологияларын іздестіру, ақпараттық технологияларды болашақ мамандарды оқыту ісінде тиімді пайдаланып, оны келешекте қоғамның әлеуметтік дамуына себепкер болатын мамандардың біліктілігін жетілдіру.

1. Н.Назарбаев 2009 жылдың 6 наурызындағы «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» Қазақстан Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. - Астана қаласы.

2. Қазақстан Республикасының Ресми сайты, <http://www.government.kz/about/news/2422/43257/>

THE EUROPEAN EXPERIENCE ON IDENTIFICATION OF THE EDUCATIONAL PROGRAMS: TUNING

M.Yeseyeva, N.Anarbek – *Kazakh State Women's Pedagogical University*

Түйін

Бұл баяндамада халықаралық Tuning educational structures in Europe жобасының негізгі қағидалары берілген. Жобада әр түрлі мемлекеттен 200-ден астам университет қатысады. Берілген жобаның басты мақсаты Болон процесін дамыту мен аяқтау (сәйкес және салыстырмалы оқу жоспарларын өңдеу, білім берудің ашық жүйесін қамтамасыз ету, университет арасында сенімді қарым-қатынас орнату және т.б.) болып табылады. Сонымен қатар, баяндамада жоғары білім беру жүйесінің негізгі жетістіктері қарастырылады. Қазақстан Республикасы болондық процеске қосылу ағымында.

Резюме

В данном докладе изложены основные положения международного проекта Tuning educational structures in Europe, в котором участвует около 200 университетов из разных стран. Главной целью данного проекта является развитие и завершение Болонского процесса: выработка подходящих и сопоставимых учебных планов, обеспечение открытости образовательной системы, построение доверия между университетами и т.д. Также в докладе рассмотрены основные достижения системы высшего образования Республики Казахстан в русле присоединения к болонскому процессу.

Summary

The main provisions of the international project “Tuning Educational Structures in Europe” which involves about 200 universities from different countries are set forth in this report. The main goal of this project is the development and completion of the Bologna Process: development of appropriate and comparable curricula, ensuring the openness of the education system, building of trust between universities, etc. The report also describes the main achievements of the higher education system in the Republic of Kazakhstan within the framework of joining the Bologna Process.

The Bologna ideas have been nurtured in European higher education for decades. Many of its parameters existing at present appeared in the national systems of higher education in Europe long before the signing of the documents taken as the basis of the Bologna Process. In some European countries there were the independent levels of higher education leading to bachelor's and master's degrees. Various types of academic credits were also used for decades. The mobility of students and mobility of teachers were becoming more and more popular.

The international project “Tuning Educational Structures in Europe” involving about 200 universities from different countries [1] has been implemented for harmonization of educational programs since the year 2000 within the framework of the Bologna Process. The main goal of this project is the development and completion of the Bologna Process. The project does not consider the education system, but its structure and content. While the education systems are the responsibility of the state, the structure and content are the responsibility of the universities and professors.

A new methodology has been created within the framework of the project “Tuning”, which enables the development of curricula, making them comparable. Five approaches have been pointed out:

- 1) General academic competences;
- 2) Specific competences for a particular sphere;
- 3) The role of the European Credit Transfer System as an accumulation system;
- 4) Approaches to teaching, learning and assessment;
- 5) The role of quality improvement in the education system.

Let's reveal shortly the essence of each approach.

1) The competences, which a graduate should have, were divided into *the general* and *subject*, or *subject-oriented* ones. **30 general competences** (that are meaningfully divided into *the instrumental*, *interpersonal* and *systemic*) were pointed out.

1. *The instrumental competences* mean the ability to understand the environment and manage it; the ability to organize and plan; basic computer skills and linguistic skills.

2. *The interpersonal competences* mean the individual abilities such as the social skills, teamwork and cooperation.

3. *The system-based competences* mean a combination of understanding, attitude and knowledge which allows to perceive how the parts of a whole relate to each other and to evaluate the position of each component in the system.

2) **Special parameters-descriptors** should be worked out by the relevant professional communities. The

special competences on the basis of seven professional fields: the business administration, management, pedagogy, geology, history, mathematics, physics have been developed within the framework of the international project “Tuning Educational Structures in Europe”.

Consideration of competences includes five areas or aspects: *knowledge and understanding, application of knowledge and understanding, judgment, information interaction, study skills* (Table 1).

- A graduate is awarded the qualification on the basis of the obtained competencies. The concept of **qualification** has narrow and wide interpretation [2]. The narrow qualification is almost equal to the level and degree. When it is referred to a wide interpretation, a *level* is only the part of qualification, and the qualification is generally defined by a set of the following characteristics:

- *Load* is understood as the total number of “earned” credits;

- *Level*: the adoption of three levels (cycles) of higher education (bachelor, master, doctor) by all countries is emphasized in all the basic documents of the Bologna Process;

- *Acquired results* are the definitions of what a learner should know, understand and demonstrate after completion of the learning process. They can relate to the course or module, and any period of the learning process. The learning outcomes indicate the requirements of credits. They are formed by the academic teaching staff;

- *Competence* is a dynamic combination of world-view, knowledge and skills. The development of such competence is the problem of educational programs. The competence is formed in various disciplines and at different stages of learning. Distinguishing of the acquired results and competencies is somewhat artificial as the competences are the results. The main characteristic of the program is, first of all, the planned results (learning outcomes), i.e. actually the competences plus the amount of credits. Students receive the competences.

The learning outcomes are expressed in terms of competences. The competences may be higher than the desired learning outcomes;

- *Profile* is developed by teachers of an institution and approved by the relevant government authorities; is as a kind of response to a specific need that society recognizes as a current.

Cycle	Knowledge and understanding	Applying of knowledge and understanding	Judgment	Information interaction	Study skills
The first cycle: Bachelor	Provision with the enhanced study textbooks, including the elements of the most advanced knowledge in the area of study.	[Through] working out and justifying arguments.	[Includes] the collection and interpretation of information (usually within the study area).	Exchange of information, ideas, problems and solutions.	Acquisition of the skills necessary to continue education with a high degree of independence
The second cycle: Master	The basis or the possibility for the unique development or applying ideas, often in the context of scientific research.	[Through] problem solving in new or unfamiliar situations and contexts within the broader (or multidisciplinary) areas.	[Shows] the ability to integrate knowledge, cope with the complexities and make judgments based on incomplete information.	Informing specialists and non-specialists about own findings and basic knowledge	Studying in a greater or lesser degree independently or fully independently.
The third cycle: Doctor	[Include] the systematic understanding of study area, mastery of skills and research techniques used in a specific area.	[Demonstrates abilities] to plan, develop, implement and update a comprehensive process of research with academic integrity. [In the context of] the ability to make contribution with own original research to expansion of the frontiers of knowledge, some of which may merit publication in a national or international level.	[The need for] the skill to critically analyze, evaluate, and synthesize new and complex ideas.	Informing the colleagues, scientific community and the general public about own knowledge and achievements in a general context (dialogue) of study areas (wide range).	The specialist should promote the technological, social and cultural development in the academic or professional context.

Table 1. Characteristics of Competences on Areas and Cycles

The use of the learning outcomes as a key principle of building of the educational programs represents a conceptual shift from an educational model focused on the teacher to a model focused on the educational activities of a student. The acquisition and transfer of knowledge have been focused in the traditional paradigm of education. The European model focused on the student means that exactly the student is in the center of the educational process. Change of the educational paradigm involves not only the change in the role of teacher and teaching process organization, but also the focus on how the educational program is mastered by a student, how his individual learning path can be structured, what should be the study load and how it should be calculated, what ways of teaching should be chosen and how to evaluate their usefulness in terms of the learning outcomes and competences formed by a student. The learning outcomes determined on the basis of social and economic needs of the society determine in many ways the competitiveness of educational programs.

The structure of the educational programs in the framework of the “TUNING” methodology is formed with due consideration of the units of equal size – **the modules** allowing to distribute optimally the study load of students in different phases of studying. A limited number of credits in the standardized (for the program or series of programs) multiple numbers is assigned to each module (e.g. 5, 10, 15 or 3, 6, 12 and so on; the countdown is 60 credits per year). Mastering of each module completes by evaluation of its results. A similar principle of the equality (equal amounts) of the modules makes it easy to relate different educational programs to each other and readopt the modules mastered by the students during the process of academic mobility. The module may include the academic subjects in whole or certain branches of the disciplines. The term “course units” is used to denote them.

European Credit Transfer System (ECTS) is one of the most important means facilitating the mobility of students and comparability of educational programs. ECTS was developed by the European Commission in 1997 on the basis of a comparability of the complexity of the study load provided for a) each subject; b) the total complexity of the study load per a semester; c) the total complexity of the study load per an academic year; d) for the entire period of study. A student’s study load (i.e. the amount of time (in-class learning, self-study, practice, etc.) needed to achieve certain learning outcomes) is taken into consideration in the ECTS credits. Credits are awarded in the case of successful mastering of a certain part of the program by a student (module or course unit) and do not depend on the assigned grades or the degree of importance of the course for professional qualification. One credit is equal to 25-30 hours of study time. Work efforts of a student during one academic year may not exceed 60 credits.

Басқа халықтың ойлау, түйсіну және тұрмыс тіршіліктерінің ерекшеліктерімен танысу білімгерлердің өзін қоршаған әлемнің көпжақты, сан-салалы екені жайында ұғымдары қалыптасуына септесе отырып, басқа әлеуметтік-мәдени бірлестік өкілдерімен сөйлесуге дайын, ашық-жарқын әрі шыдамдылықпен, байыппен қарым-қатынас жасай алатындай жеке бас қасиеттерін тәрбиелеуді, сонымен қатар мәдениет-аралық қарым-қатынасқа үйретуді де көздейміз.

Шетел тілі пәні білімгерлердің тұлғалық, мәдени, кәсіби қалыптасуына үлкен мүмкіндіктер беретін пән. Шетел тілін меңгеру тұрғысынан жақсы оқып білуді талап етеді. Сабақты ұйымдастыру проблемасы отандық сонымен қатар, шетелдік әдебиетерде аз жазылмаған. Ғалымдардың пайымдауынша, сабақтың нәтижелі болуы үшін қойылған оқу мақсатын шешуші білімгерлер тобын құру керек.

Сыныптық сабақ түрлеріне: фронталдық, топтық, жұптық, жеке жұмыстар жатады.

Топтық және жұптық бұл білімгерлердің коллективті оқу қызметі. Отандық педагогикалық ғылымда коллективтік оқу қызметіне толықтай анықтама берген Т.Е. Конникованың:

1. Ортақ мақсатқа жету үшін бірге әрекет жасау іскерлігі;
2. Өзара қойылатын талаптардың болуы;
3. Әр білімгердің өз жұмысына ортақ топтың жұмысы ретінде қарауы;
4. Өзінің жетістіктерін және кемшіліктерін ортақ жұмыс нәтижесінен бағалау, сонымен қатар нәтижесіне қызығушылық білдіру;
5. Өзіне сын көзбен қарау іскерлігі [44].

Үш немесе оданда көп адамнан тұратын топта коллективті оқыту іс-әрекетінде шетел тілін оқытуда білімгерлер әртүрлі қарым-қатынас жағдаяттарында бұрын соңды меңгерген білімдерін тасымалдап, өз сөзіне жаңа тілдік материалды белсенді түрде қосуға мүмкіндік алады. Оқыту егер коллективті оқу қызметінде білімгердің қызығушылығы, қажеттіліктері және жеке психологиялық ерекшеліктері ескерілген жағдайда ғана тиімді болмақ. Осы жерде, әдіскер-психолог У.Литлвуд коммуникативтік сабақтардың психологиялық факторларына жататын: білімгерлерге жеке тұлға ретінде құрметпен қарау, әр қатысушының жұмысының қайталанбауын қарау, әр білімгердің жеке тұлғалық автономиясын сақтау, тұлға аралық қарым-қатынасты жетілдіру деген болатын [45].

Дәстүрлі оқыту моделі бойынша, спонтанды, белсенді, аутентті құрылған жаңа оқу моделімен алмастырылады. Оқу процесінің тиімділігі жобаға қатысушылардың барлығының тілдік қарым-қатынасқа белсенді түрде қатысуына. Білімгерлер қатарларымен бірігіп жұмыс істеуге деген қызығушылықтары артып, тиімді және нәтижелі қарым-қатынасқа деген талпыныстар пайда болады.

Ресей психологы, А.А. Леонтьевтің айтуынша:

Білімгерлердің әлеуметтік тәжірибені, яғни білім, дағды және іскерлікті қалыптастыруға ат салысуы;

Білімгерлерді еркін және креативті ойлауға қабілеттендіруі;

Білімгердің дүниеге көзқарасын қалыптастыру;

Білімгердің бойына тұлғалық қабілет пен сапалық жүйесін жетілдіретін: мотивация, рефлексия, жүйелі білімдер қалыптастыру қажет деген пікірмен толық келісеміз. Яғни жоба технологиясымен жұмыс жасауда жан-жақты білімдер алады, еркін және сын тұрғысынан ойлайды, берілген тапсырманы орындауға деген ішкі құлшыныс (мотивация) пайда болады және тұлғалық қабілеттері жетіледі [46].

Психологиялық көзқарас бойынша, жеке тұлғаға бағытатып оқытуда, «өз бетінше» танып білуі дайындығын ескеруіміз керек.

Жоба технологиясы бойынша өз бетінше танып білуге деген дайындығы екі аспектіде қаралады:

а) мотивациялық және интеллектуалды дайындық компоненттерінен тұратын психологиялық дайындық;

б) методикалық және лингвистикалық компоненттерінен тұратын қарым-қатынас дайындықтары.

Мотивациялық дайындық бұл білімгердің сабақта шетел тілінде сөйлеу қызметіне талпынысы. Мотивация проблемасымен айналысқан, зерттеп, оны қалыптастырудың жолдарын іздестірген психологтар мен педагогтардың пікірінше: «жұмыс барысында өзара түсініспеушіліктің болмауын алдын алу қажет», – деген [46].

Мотивацияны қалыптастыру – оқуға деген ішкі құлшыныстың пайда болуы. Сондықтан да тілмен жұмыс жасағанда, яғни, қарым-қатынасқа түскенде білімгерлердің коммуникативті жағдаятты жасап шығару, интеллектуалды белсенділіктерін қалыптастыру өте маңызды [47].

Қазіргі психологияда шетел тілін меңгеру процесінде мотивация қажетті компонент ретінде оқу қызметінің ішкі құрылымына кіреді яғни, мотивация үйренудің қозғалыс күші болып табылады.

Шетел тілінде қарым-қатынас жасау процесінде салыстыру-болжау, жүйелендіру-нақтылау, дәлелдеу-қорытынды жасау білімгердің интеллектуалды дайындығы болып табылады.

Лингвистикалық дайындық бұл тілдік құралдармен қамтамасыз етілген деген мағынада болса, ал методикалық дайындық меңгерген тілде қарым-қатынас жасау барысында тәсілдерді қолдана білу [48].

Педагогика білімгердің өзіндік жұмысы және қызметі деп ажыратылады. Педагогикалық көзқарас бойынша бұл түсініктер. Өзіндік жұмыс білімгердің шығармашылық қабілетін жетілдіруде үлкен үлес қосады. Осы орайда білімгерлердің шығармашылық өзбеттілігі көрінісі ретінде қаралады.

Ғалым М.Уэста «тіл үйренуге болатын пән емес, үйренуге қажетті пән» деген болатын [49].

Білімгердің танымдық белсенділіктері үш негізгі компонентті қосатын жүйелі білім болып табылады:

Мазмұнды жағы;

Оперативті жағы (түрлі іс-әрекеттер, дағды, іскерлік);

Нәтижелі жағы (білім, идея, көзқарастар мен өмірлік тәжірибелер, жаңа тұлғалық сапалар, танымдық белсенділікті жүзеге асыратын бірден бір шарт). Білімгердің қызметін белсенді етудің мақсаты тілдік материалды меңгеру тиімділігін жоғарылату және олардың шығармашылық ойлауын жетілдіруге ат салысу.

Қарым-қатынасты психологиялық тұрғыдан алып қарасақ бұл коммуникативті тапсырмаларды шешу процесі. Бұл процесс өз кезегінде бірнеше кезеңге бөлінеді. Ол коммуникативті тапсырма негізінде бағытталады.

Психолог А.А. Леонтьев [45] өзінің кітабында шетел психологтарының еңбектерін зерделей отырып, топтық қарым-қатынастағы әрбір қатысушының қызметін кең түсіндіреді. Топтық сөз қарым-қатынасында әрбір қатысушы әлеуметтік роль атқарады. Бұл рөлдерді ойнау үшін үш шарттың орындалуын талап етеді. Біріншіден, берілген рөлді жетік білу керек, екіншіден, сол рөлге сәйкес мотивацияны көрсете білу керек, үшіншіден, рөлді орындауға қажетті дағды мен іскерліктерді көрсете білу керек.

Топтың құрамында топқа әсері бар екендігін автор бөліп айтады. 4-6 адамнан құралған топ аралас болса, дау болуы ықтимал, бірақ аралас топ мүшелерінің әректі кері әсер бере отырып, қарым-қатынастың тиімділігін арттырады.

Ресей психологы И.А. Зимняя топтық қарым-қатынас мұғаліммен бірге тең серіктес қарым-қатынасты жүргізе алатын ұжымның тұтас субъект ретіндегі топты қалыптастырады деп ұйғарады. Осындай қарым-қатынас ұжымның коммуникативтілігін дамытады. Ұжымның коммуникативтік әректің ұстанымы ұжымның шығармашылығын басты мақсат ретінде қолға алса, әркім өзінің белсенділігін көрсете және өзіне маңызды деп санайтын пәнді дұрыс таңдаса ғана жүзеге асады дейді автор [51].

Бүкіл топтың оқу әрекетінің ұжымдық жұмысына қатысуы әр адамның рахат сезіміне бөленуіне, өзінің сөз әрекеті қажетті, пайдалы, дұрыс екендігін сездіруге, шетел тілінде сөйлеуде сенімділікке ие болуына жалпы алғанда әркімнің бойында кісілік қасиеттерінің қалыптасуына ықпал етеді. Сонымен бірге И.А. Зимняя шетел тілінде топтық жұмысты табысты өткізу үшін біріншіден әр қатысушының теориялық білімі терең болуы, екіншіден, шетел тілін жеткілікті меңгеру деңгейі, үшіншіден, тілдік сананың толық қалыптасқан деңгейі болуы керек деп шешеді.

Психолог А.В. Петровскийдің пікірі бойынша қарым-қатынас деп бірлескен іс-әрекеттің қажеттілігін білдіретін адамдар арасындағы байланысты көп жоспарлы түрдегі даму процесін атайды. Ғалым қарым-қатынастың үш жағын көрсетеді. Қарым-қатынастың бірінші коммуникативті жағы адамдардың хабар алмасуы арқылы жүзеге асады. Қарым-қатынастың екінші интерактивті жағы адамдардың сөзбен ғана емес іс-қылықтары арқылы өзара әрекеттесуін көрсетеді. Қарым-қатынастың үшінші перцептивтік жағы қарым-қатынасқа қатысушы адамдар арасындағы өзара түсіністікті қамтиды [52].

Бірнеше психологиялық еңбектердің авторы, психолог А.А. Леонтьевтің пайымдауы бойынша қарым-қатынас деп бір бірімен психологиялық қарым-қатынаста қосылған адамдар арасындағы бағытталған тікелей немесе жанама байланысты орнату және оны белгілі бір құралдар арқылы қолдап отыратын процесті айтады. Автордың тұжырымы бойынша, қарым-қатынас адамдар тобының ішінде болады және сол адамдар өздеріне тән белгілері арқылы сөз қарым-қатынасына түседі. Бұл белгілер қатысушылардың ортақ мақсаты, мотивтері, бірдей қызығушылығы, әлеуметтік білімдері арқылы көрінуі мүмкін [53].

Жоғарыда аталған психологтардың топқа берген анықтамаларын жүйелесек, білімгерлер тобында алға қойған мақсатқа жететін жолдары мен құралдарын жоспарлайтын, топ мүшелері арасындағы атқарылатын іске жауапты қарайтын, қоғамдық белсенділікті дамытатын, топтың ішінде психологиялық үйлесімділікті қамтамасыз ететін лидер болуы қажет деп табамыз. Оған қоса пікірталасты өткізу барысында топтың әр мүшесі берілген рөлді жетік білуі, сол рөлге сәйкес мотивацияны білдіруі, рөлді орындауда қажетті іскерліктерді, шетел тілінде жеткілікті меңгерген білім деңгейін, өзіндік шығармашылығын, тілдік сананың толық қалыптасқан деңгейін белгілі дәрежеде көрсетуі пікірталас үшін маңызды екендігін атап өтеміз.

Аталған авторлардың пікірлерін жинақтасақ, қарым-қатынасты анықтайтын сипаттар пәні, мақсаты, мотивтері, әрекеттері, тәсілдері және нәтижесі дұрыс айқындалып іске асқанда, қарым-қатынас жасаушылар хабар алмасады, өзара әрекеттесе отырып, өзара түсіністікке ие болады деп қорытынды жасай аламыз.

Қазіргі кезде коммуникативті компетенция немесе қарым-қатынас жасау қабілетін қалыптастыру шетел тілін меңгертуде негізгі мақсат болып отыр.

Қазіргі мүмкіндіктердің арқасында білім беру коммуникативті тұрғыда қарастырылуда. Егер біз дәстүрлі оқытуды қажетсіз санап ысырып тастасақ өте қатты қателескен болар едік. Яғни, дәстүрлі оқыту-

дың мазмұнға ғана құрылып, ал нәтижеге жету мақсатын нақты қоя алмайтын кемшілігін жоюға бағытталуында. Яғни, ағылшынша: Communication, Cultural, Connection, Comparison, Communities; Қарым-қатынас, Мәдениет, Байланыс, Салыстыру, Қоршаған орта дегенді білдіреді [57]. Бұл элементтер шетел тілін оқытудағы жоба технологиясында өз орнын табууда. Осыған орай қарым-қатынас жобаның барлық кезеңінде жүзеге асырылады: бірінші кезеңде тақырып талқыланады, мақсаттары мен тапсырмалар және жоспар бойынша білімгерлер өзара шетел тілінде қарым-қатынас жасайды. Өз елінің мәдениетін басқа ел мәдениетімен салыстыра отырып, білімгерлердің көзқарастары кеңейеді.

Қазіргі кезде жоба технологиясы шетелдік сонымен қатар отандық ғалымдар мен толық зерттелуде: И.Л. Бим, И.А. Зимняя, Т.Е. Сахарова, О.М. Моисеев, Е.С. Полат, Hutchinson, L.Fried booth, P.Philips.

Соңғы уақытта пайда болған «жоба технологиясына» Дж.К.Джос мынадай анықтамалар береді:

Толық соңғы нәтижесі шыққанға дейінгі іс-әрекетті модельдеу;

Интуицияның ең қиын актісінің жүзеге асырылуы;

Фактіден болашаққа нақты мүмкіндіктерге қадам [59].

Е.С. Полат технологияның анықтамасына сүйене отырып жоба технологиясын былай қарастырады: «Проектная технология как совокупность поисковых, проблемных методов, творческий по самой своей сути, представляющих с собой дидактическое средство активизации познавательной деятельности, развития креативности и одновременно формирование определенных личностных качеств учащихся в процессе создания конкретного продукта» [56].

Бұл жоба технологиясы – алынған білімнің интеграциясына бағытталған емес, білімгерлердің өз бетінше алған жаңа білімдерін қолдану қызметі.

Жоба технологиясының бір тиімділігі тұлғалық маңызды проблеманың қойылуында және оның шешімінің табылуында. Егер ол теориялық проблема болса, жоба технологиясы процесі нақты шешімі болып табылады. Проблеманың шешімін шешуде зерттеушілік әдістер, іздеу және оқыту құралдары қолдануды қажет етеді. Жоба технологиясы шетел тілдік коммуникативті біліктілігінің барлық компоненттерін тиімді қалыптастыратын, соның ішінде екінші тілдік тұлға дамытатын жаңа тәсіл. Жобалау тәсілі дәстүрлі оқыту әдісіндегі қолданылатын түрлі жаттығуларды орындаудың білімгердің белсенді коммуникативті ойлау қызметімен ауыстырылады. Яғни, оқулықта берілген жаттығуларды орындап қана қоймай білімгер өз бетінше шығармашылықпен ойланып, бір проблеманың шешімін шешетіндей қабілетке ие болады.

Әр кезеңде мұғалімнің қызметі өзгеріп отырады. Дайындық кезеңінде мұғалім жобалық идея табуға жағдай жасайды, бастапқы кезде жоспарлауға көмектеседі. Бұл кезеңде жобаны жасауда мұғалім көмекші ролінде, кеңесші, қосымша ақпарат көзі қызметін атқарады. Яғни, бұл кезеңде мұғалім кеңесші-координатор қызметін атқарады. Қорытындалау кезеңінде нәтижесін шығаруда мұғалім тәуелсіз сарапшы ретінде қатысатын болғандықтан бағалаушы қызметін атқарады.

Жоба – бұл шешім, белгілі проблеманы зерттеу, оның практикалық жүзеге асуы. Жобалау технологиясы қиын және бірнеше шығармашылық кезеңдерден және зерттеу жұмыстарынан тұрады. Осынысымен жоба технологиясы рольдік ойындардан, дискуссиядан басқаша, жұмыс барысында топтық жұмысқа білімгерлерді бөлуде келесі әдістемелік мақсаттар жүзеге асады:

а) материалдарды жақсы меңгеру қажеттілігі;

б) қызығушылықты стимулдау;

в) білімгерлердің танымдық іс-әрекетін ынталандыру. Яғни, егер білімгер тақырып бойынша қажетті материалдарды жетік меңгермесе, ол атқарылатын жұмысқа қызығушылық танытпаса, ынталанбаса ол жақсы, жемісті нәтижеге жетуі екі талай. Жоба білімгерлердің өз бетінше жасалатын жұмысы болғандықтан, білімгер өзі ізденіп, қажетті ақпараттар жинап, топпен бірлікте жұмыс атқара білуі қажет. Яғни, осы көрсетілген әдістемелік мақсаттар жоба әдісінде кездеседі [62].

Дегенмен жоба жұмысы барысында белгілі қиындықтар кездеседі. Барлық кезде білімгерлер жоба дайындауға және шетел тілінде сөйлеп, жобаны іс жүзіне асыруға қабілетті емес: талқылау, дискуссия жүргізу, ұйымдастыру жұмысын талқылау, ойларын құрастыру және т.б. Басты қиындықтың бірі тілдік қателер, ақпараттың белгілі көлемі таныс болмауына байланысты тілдік қиындықтар кездеседі. Жобалық тапсырмаларды орындау кезінде білімгерлер шетел тілін меңгерудің, оқудың практикалық пайдасын көре алады. Пәнге деген қызығушылық артады, білімгерлердің коммуникативті біліктілігі дамиды, олардың тілдік тұлғалары қалыптасады.

Қорыта келе әр сабақты түрлендіріп өткізу студенттердің білім деңгейін көтереді, қажетті білім алуға, біліктерді қалыптастыруға жағдай жасалынады. Шетел тілін оқытуда міндетті түрде әр білімгердің қажеттілігін ескере отырып, шетел тілін үйрету процесін міндетті түрде жеке тұлғаға бағыттап оқыту керек.

Шетел тілін оқыту процесінде маңызды шарттардың бірі ретінде білімгерлердің мотивациясын (ынтасын) жоғарылататын материалдарды қолдану қажет. Сапалы білім беру шарты бойынша шетел тілін оқыту интеллектуалды, шығармашылық және коммуникативті іскерліктерін меңгеруді ұйымдастыруы тиіс. Жоба жұмысы барысында кезеңдер саты бойынша жүзеге асуы тиіс. Шетел тілін оқытуда білімгерлерге шетел тілін сабақта және сабақтан тыс уақыттарда меңгеруге болатындай жағдай жасауымыз керек.

1. Гальскова Н.Д. *Современная методика обучения иностранным языкам. Пособие для учителя.* – М.: АРКТИ, 2000. – 165 с.
2. Әлсейіт Д.А. *Жоба технологиясы* Маг. Дис. 2005.
3. Щукин А.Н. *Обучение ИЯ. Теория и практика.* – М., 2004 г. – 416 с.
4. Тер-Минасова С.Г. *Язык и межкультурная коммуникация.* – М.: Слово/Slovo, 2000. – 624 с.
5. Полат Е.С. *Метод проектов на уроках ИЯ // ИЯШ-2001.* – №1.
6. Леонтьев А.А. *Основы теории речевой деятельности.* – М.: “Наука” 1974.
7. Alan Maley, Diana L.F.V. *Projekt work. // Resource book for teacher -Oxford. Oxford University Press. 1993, 85-89 с.*
8. Зимняя И.А. *Психология обучения ИЯ в школе.* – М.: Просвещение, 1991.
9. Полат Е.С. *Метод проектов на уроках ИЯ//ИЯШ-2000* – №3.

ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДА СТУДЕНТТЕРДІҢ КОММУНИКАТИВТІК БІЛІКТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Л.Ә. Бөлекбаева – оқытушы, ҚазХҚжәнеӘТУ, Алматы қ.

Резюме

В данной статье рассматриваются вопросы формирования коммуникативной деятельности студентов на уроке иностранного языка.

Также данная статья рассматривает формирования диалогической речи в коммуникативном плане.

Summary

The article deals with the forming of students' communicative competence in teaching foreign language. This article also deals with the interrelation between the components of dialogue and the functional-communicative skills.

Коммуникативтік біліктілік дегеніміз – шетел тілінің грамматикалық құрылымы мен тілдік бірліктердің қызметін толық білетін, тілді жақсы меңгерген, яғни лингвистикалық білімі сөйлеу әрекетінен жоғары деңгейде көрінетін шетел тілінде еркін қарым-қатынас жасайтын адамның қабілеттілігі. Коммуникативтік дағды белгілі бір тілдік ортада немесе арнайы ұйымдастырылған оқу процесінде қалыптасады.

Тілді үйрену барысында адам жетістігіндегі қандай да бір әрекеттің нәтижелі жүзеге асуы қалыптасқан белгілі бір коммуникативтік мәдениеттің деңгейімен байланысты. Ол деңгейлер: тілдік біліктілік, коммуникативтік біліктілік және кәсіби-сөйлеу біліктілігі.

Коммуникативтік акт – бұл коммуниканттардың интенциясына бағынатын интенциялық акт. Адамдар қатысымға тек сұхбаттасу үшін ғана түспейді, олар әрекет етеді. Олардың әрекет етуі, яғни, сөйлеу әрекеті сипаты мақсаттарын айқындап, сыртқа шығарады. Бұл дегеніміз қандай да бір ашық (эксплицитті) немесе жасырын (имплицитті), кейде тіпті көмескі ниетпен сөйлеуші қашанда өз мақсатына жету үшін бір нәтижеге ұмтылады.

Коммуникативтік актіде уәждемелік мәнбірлер маңызды роль атқарады. Себебі сөйлеу әрекеті сөйлеушінің сөйлеу мақсатына, демек коммуникативті ниетіне негізделеді. Сөйлеу интенциясы – бұл белгілі психикалық жағдай: уәж және сөйлеу актісінің мақсаты. Уәжді – сөйлеу актісінің басты себебі, ықпал етуші күші деп түсінуге болады. Ал, мақсат – әрекеттің қалаулы нәтижесін ойша сезіну. Интенцияның қалыптасуы қарым-қатынаспен байланысты және сөйлеушілердің қатысым жасау қажеттілігіне тәуелді. Сондықтан зерттеушілер макроинтенция ұғымын енгізеді. Макроинтенция диалогте объективті түрде көріну себебі, ол әлеуметтік уәждемелерге бағынады.

Интенциялардың өзара ықпалдасуын, яғни бірін-бірі тудыратын өзара байланысын Л.П. Чахоян мен Ш.А. Паронян интеракция деп атайды. Зерттеушілер мақсаттардың мұндай байланысы адамдар арасындағы қатысым түрлерін белгілейтінін жазады. Себебі қарым-қатынасты анықтайтын психологиялық мәнбір – қатысымның мақсаты мен қатысым тапсырмасы екені анық [1].

Сонымен коммуникативті интенция факторы – бұл коммуниканттың алдына қойған қатысым мақсатына жету үшін қолданатын қатысымның коммуникативті стратегиясы мен тактикасына жоспарланған сөйлесімнің коммуникативті мақсаты. Сөйлесім – әрекет, сөйлеу актісі өнімі, ол тыңдаушыға әсер ету үшін пайдаланылады. Сөйлеу актісі – тыңдаушының бақылау нысаны, сондықтан, ол осының негізінде сөйлеу-

ші жоспарына қорытынды жасайды. Басқаша айтқанда, сөйлеушінің тілдік құрылымдары сөйлеу жағдаятының көрсеткіштерін дұрыс ескере отырып таңдауына тәуелді, ал сөйлеу актісінің ықпал ету күшінің сипаты көздеген мақсаттың орындалуы – орындалмауына байланысты. Бір пропозицияның әртүрлі берілуі сөйлесімнің құрылымы мен мағынасы арқылы берілген ықпал етуші күшін де өзгертеді. А.Бежбицканың пікірінше, сөйлесімнің мазмұны мен оның сөйлеушіге қаншалықты қатысты екендігіне тікелей байланысты мәнбірлер сөйлеу актісі – кеңесті ме, талапты ма және т.б. әр түрлі ниеттерді жеткізумен қатар, басқа да мақсаттарды жанама түрде беруі мүмкін. Тыңдаушы бақылай отырып, оның кеңес пе, әлде мысқыл ма, болмаса т.б. ма екенін түсініп, айырып, қабылдауы керек.

Сонымен коммуникативтік интенция – сөйлеушінің мүддесі мен қажеттігіне сай сөйлеу әрекетін қалыптастырушы шарт екені анықталды. Ол – сөйлеу әрекетінің қозғаушы күші, оны қалыптастырушы негіз. Кез келген сөйлеу актісі сөйлеушінің тіл арқылы өз мақсатын жеткізуі болып табылады. Өз тілегін жеткізе отырып, сөйлеуші белгілі бір мәдениеттің өкілі ретінде өзінің тілді қаншалықты білетіндігін, өз білімін көрсетеді. Сондықтан, коммуниканттар біріншіден, интенцияны белгілей, таба, сипаттай алуы, екіншіден, олардың (интенциялардың) қолдану аясын, тілдік құрылымын білуі, үшіншіден, әр түрлі рольдік позицияда, әр түрлі коммуникативтік жағдаятта интенцияның қызметін айыра алуы керек.

Жалпы коммуникативтік біліктілік ұғымының мағынасы не және ол қандай түсінік береді, сондай-ақ оның шетел тілін оқыту әдістемесіндегі алатын орны мен маңыздылығы қандай деген сұрақтар туындайды. Бүгінгі таңда шетел тілін оқытудың негізгі мақсаты коммуникативтік біліктілікті қалыптастыру болып табылады. Осы негізде «коммуникативтілік» ұғымының мағынасын қарастырамыз. Мұндай мәселелі сұрақтарға танымал әдіскер ғалымдар пікірлері мен ұсынған ұстанымдарына тоқталатын болсақ, И.А. Зимняяның айтуынша, тілдік құбылыс жеке тұлғаның сөйлеу әрекеті бойынша оқытудың басты объектісі ретінде қарастырылады [2]. Ең алдымен адамның коммуникативтік әрекетте сөйлеу әрекетінің орны мен рөлі анықталады.

И.А. Зимняяның пікірінше, адам әрекетінің жалпы құрылысы өзіне тек қана қоғамдық-өндірістік пен танымдықты ғана қабылдап қоймай, сонымен қатар сөйлеу әрекетін оқытудағы ортақ білік пен ережені қабылдай отырып, қоғамдық коммуникативтік әрекетті де іс жүзіне асырады.

Шетелдік әдістемеде коммуникативтік деген сипаттамаға үш талап қойылады. Олар: біріншіден, бұл әрекет түрін ұйымдастыру барысында қарым-қатынас процесіне ерекше мән беріліп, сөйлеушінің білім деңгейі қатар қолданылуы қажет. Екіншіден, сөйлеушінің тілдік форманы немесе арнайы ақпарат тарату үшін тілдік құрылымды таңдауға мүмкіншілігі болуы керек. Үшіншіден, қарым-қатынастың өз мақсатына жетті ме, жоқ па, соны талдау керек, яғни байланыстың болуы. Сондай-ақ коммуникативтік әдістеме материалдың түпнұсқасын, әртүрлі әдіс-тәсілдермен тапсырмаларды қажет деп санайды.

Коммуникативтілік-әңгімелесушіге бағытталған амал. Қазіргі кезде коммуникативті амал шетел тілін оқыту барысында шетел тілінің негізгі мақсаты – коммуникативтілік біліктіліктің қалыптасуын талап ететін мәдениетаралық қарым-қатынастың дамуында қабілеттілікті арттыру болып табылады. Сөйлеу – оқытудың мақсаты. Сөйлеу – өте көп аспектілі және күрделі құбылыс. Біріншіден, ол адам өмірінде қарым-қатынас құралының қызметін атқарады. Оқытушыға ең алдымен оқытуда табысқа жету үшін оның қалайша жүзеге асатынын түсінуі қажет. Екіншіден, сөйлеу – бұл қызмет, адам қызметінің бір түрі. Үшіншіден, сөйлеу қызметінің нәтижесінде оның өнімі – пікір айту пайда болады. Сөйлеу – қарым-қатынас құралы. Қарым-қатынас ауызша, жазбаша түрде де жүзеге асырыла береді. Бірінші жағдайда сөздік қызметтің түрлері ретінде адам қарым-қатынастың екі құралын, сөйлеу мен тындап түсінуді, екінші жағдайда жазу мен оқи білуді меңгеру қажет. Сондықтан, сөйлеу – сөздік қызметтің түрі ретінде қарым-қатынастың құралдарының бірі болып табылады. Көптеген шетел әдіскерлерінің пікірінше бұл әдіс қазірге дейін көптеген елдерде ағылшын тілін оқыту жүйесінде басым болып есептеледі. Осы тәсілге орай үйренушілер әртүрлі күрделіліктегі мәтіндерді оқуға, жаттығулар орындауға, тестер мен эсселер жазуға көп көңіл бөледі. Сөйлеу тілін дамытуда үйренушілер диалог-үлгілерді тындап, оларды қайталауға, жаттауға ыңғайланады.

Тілдегі болып жатқан өзгерістерге сәйкес тілдік материалды оқыту да өзгерді. Ағылшын тілін оқытудың дәстүрлі түрлері аясында оны шетел тілі ретінде қарастыруда «контексті тәсілді» атауға болады. Мұнда барлық грамматикалық ережелер нақты контекстерден алынған – ауызша және жазбаша әртүрлі қызметтік түрлерде мысалдармен безендіріледі. Мысалдардан берілген тілдік құбылыс әртүрлі контексте, тіл иелерінің сәйкес коммуникативті жағдайларда тіл бірліктерін қалай қолдануына байланысты алынғанын көруге болады. Бұл контекстер тіл үйренуші берілген форма қашан және қайда қолдануы туралы өзі қорытынды жасай алатындай таңдалуы тиіс.

Қазіргі таңда «қарым-қатынас» ұғымы бір-біріне арнайы белгі арқылы сөйлеу әрекеті барысында

адамдардың өзара бірлескен әрекеттерінің белсенділігі деп түсіндіріледі. Осы жағдайда қарым-қатынас арнайы мақсатқа жету үшін бағытталған қарапайым ақпарат алмастыру ғана емес, көбінесе тілдік емес сипатқа ие болған сөйлеу әрекетіне қатысушылардың өзара белсенді әрекеті.

Сонымен қатар әдістемеде күрделі міндеттердің бірі коммуникативтік біліктіліктің компоненттерін анықтау болып табылады. Оқытуда коммуникативті біліктіліктің бірнеше тәсілдері пайдаланылады. Г.П. Мильруд пен И.К. Максимова коммуникативтілік біліктілік грамматикалық, әлеуметтік-лингвистикалық, дискурсивтік және стратегиялық біліктерді құрамына енгізеді деп көрсетеді. П.Г. Козлов өз мақаласында коммуникативтік белсенділіктің лингвистикалық, әлеуметтік-лингвистикалық, дискурсивтік, стратегиялық, әлеуметтік-мәдени және әлеуметтік компоненттеріне назар аударады.

Г.П. Мильруд пен И.К. Максимова өз зерттеулерінде коммуникативтік біліктіліктің негізгі компоненттері деп шетел тілінде сөйлейтін сөйлеу-ойлау әрекетінің қаруы болып табылатын біліктілікті санайды [3].

Ал Е.И. Пассов өз зерттеу жұмысында коммуникативтік біліктілікті арнайы ұйымдастырған оқу үрдісіндегі жеке тұлғаның сөйлеу әрекетінің нақты сапасы деп көрсетеді [4]. Е.И. Пассовтың пікірінше, біріншіден, коммуникативтілік оқыту үрдісінде сөйлеу бағытын болжайды. Екіншіден, коммуникативтілік сөйлеу әрекетін оқытудың жекелігін қарастырады, яғни кез-келген студентті жеке тұлға ретінде қарай отырып, сөйлеу әрекетін оқытады, әрі оның сөйлеу дағдысын қалыптастыра отырып, оқуға деген қабілеттілігін арттырады.

Қазіргі кезде тілді меңгеруде тек теориялық емес, сол сияқты әрекетшілдік білім қажет екенін жаңашыл заман ғылымы көрсетіп отыр, оның астарында қоғамдағы адамдардың әлеуметтік жағдайдағы қызметі формальды емес жеке қатынасы адамдардың бір-бірімен өзара әрекеттесе алатын қабілеттілігіне байланысты. Шетел тілін дамытуда коммуникативті бағытталған міндеттерді шешу барысында тіл білімінің әрекетіерекше мағынаға ие. Коммуникативті мәдениет тануға бағытталған міндеттерді шешу барысында тіл білімінің әрекеті ерекше мағынаға ие. Коммуникативтік мәдениет тануға бағытталған оқып-үйренудің мақсаты – лингвистикалық (тілдік), дискурсивтік (сөйлеу), мәдени-әлеуметтік және стратегиялық компоненттерден тұратын күрделі интегративтік тұтастық болып табылады.

Лингвистикалық компоненттің мазмұны – оқып үйренетін тілдің лексикалық, грамматикалық құбылыстары және сол тілдің заңдылықтарын студенттердің кәсіби коммуникативтік әрекетінде қолдана білуі.

Дискурсивтік компоненттің мазмұны – нақыл мәдени-әлеуметтік контексте тауып айтылған тілдік және тілдік емес құралдармен берген нақтылы серіктес, өзге мәдениет өкілімен коммуникативті ниетті іске асыра білудің іскерлігін болжайды.

Коммуникативтік стратегия – нақтылы сөйлеу жағдаятында сөйлеу- ойлау үрдісінде бейімделу. Бұл стратегияға төмендегілер кіреді:

- әңгімелесушінің көңілін аулау;
- әңгімелесушіні түсінуге жағдай жасау;
- сөз қорын байыту, тіл байлығын жетілдіру;
- грамматикалық жетіспеушілік мәселелерін шешу, қателерін дер кезінде өзі түзету;
- сөйлеу барысында тақырыпқа байланысты қарым-қатынас жасап отырған адамға қолдау көрсету.

Коммуникативтік біліктілік – коммуникативті сөйлеу әрекетінде дайындықты көрсетеді, яғни ойлау құралы болып табылады.

Ағылшын тілін қарым-қатынас тілі ретінде барынша ерте қолдану “Community Language Learning” нұсқасында ұсынылады. Бұл тәсіл ағылшын тілін үйренуші ересек адамға тән барынша аз қобалжу мен тынышсыздықты туғызбай, кез-келген тақырыпта қызығушылық тудыратын әңгіме жүргізуде қолданылады. Үйренушілер бір-біріне қарама-қарсы отырады да оқытушы олардың артында тұрады. Егер үйренушінің бірі бірнәрсе айтқысы келсе, ол оқытушығы белгі беріп шақырады да оған өз ойы туралы ана тілінде жәй айтады. Оқытушы ол фразаны ағылшын тіліне аударып, сыбырлап айтады. Үйренуші фразаны бірнеше рет қайталайды да, оны дұрыс айтуға машықтанады. Аз уақыттан кейін, яғни сөйлем жеткілікті дұрыс айтылғанда, үйренуші оны дауыстап айтады. Бұл сөйлем бір уақытта, мысалы, таспаға жазылып отырады. Араға аз уақыт салып талқылауға үзіліс жасалады да, осы диалогта кездесетін тілдік құбылыстарды түсіндіру басталады, оның ішінде грамматикалық ереже және құрылымдар, лексикалық бірліктер талданып, қарастырылады.

Коммуникативті-бағдарлы білімі жоғарырақ деңгейдегі үйренушілер үшін “Task Based Learning” тәсілі қолданылады, яғни, күнделікті өмірге керек және қажетті етілікті қамтитын жұмыс түрінің негізінде оқыту тәсілі алынуы мүмкін. Коммуникативті міндеттер осындай тапсырмаларға дайындық кезінде, оларды орындауда және оны жан-жақты талдауда шешіледі. Сырттай қарағанда бұл тәсіл жобалы әдісте-

мені еске түсіреді, бірақ мұнда шешілетін міндеттер барынша қарапайым – мысалы, балалар мерекесін ұйыдастыру және т.б. [5].

Дәстүрлі оқытудан кейін ілесе пайда болған «Коммуникативті оқыту» тәсілі ағылшын тілін оқытуда маңызды орын алады. Үйренушілерге тиімділігі жөнінен бұл тәсіл барлық сөйлеу әрекеті түрлерінде қатынас дағдыларын игеру туралы мақсатты көздейді. Білімді, ептілік пен дағдыны анықтауды, қалыптастыру әдістерін, бақылау мен бағалауды қамтиды. Шетел тілдерін оқытудағы бұл жетілген жүйе бұрын да педагогикалық қоғамдастықпен қабылданған болатын және қазір де оның бір бөлігі болып саналады [6].

Ағылшын тілін үйретуде коммуникативті- бағдарлы оқыту тәсілін тәжірибеге енгізу қарқынды хабарламалармен алмасуға, ғылым мен техника саласындағы жаңа ойлар мен пікірлерді қарастыруға, мәдениет саласындағы үлкен жетістіктермен алмасуға әкелді. Сондай-ақ әр түрлі іс-әрекет өрісіндегі мамандармен алмасу қарқыны өсті.

1. Пассов Е.И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению. - М.: Просвещение, 1991. - 22 с.

2. Зимняя И.А. Психологические аспекты обучения говорению на иностранном языке. – М.: Просвещение, 1978.

3. Мильруд Г.П., Максимова И.К. Современные концептуальные принципы коммуникативных обучения иностранному языкам // ИЯШ. 2000 - №4.

4. Пассов Е.И. Основы коммуникативной методике обучения иноязычному общению. - М.: Русский язык, 1989.

5. Scrivener J. Learning Teaching. A Guidebook for English Language teachers.

6. Мирлобов А.А. История отечественной методики иностранным языкам. - М.: СТУПЕНИ, ИНФРА-М., 2002. – 448 с.

МӘДЕНИАРАЛЫҚ ДИАЛОГТЫҢ ТІЛДІК ҚҰЗЫРЕТІ

Г.А. Болтаева – Шет тілі: екі шет тілі магистрі, Абай атындағы ҚазҰПУ

Резюме

В данной статье рассматриваются межкультурная коммуникация этносов в любой сфере нашей общественной жизни. Принимая во внимание религиозно-бытовые или социально-политические факторы того или иного этноса, межкультурная коммуникация определяет основной уровень его мобильности в развивающемся глобальном мире.

Summary

Intercultural communication of ethnic groups in any area of our public life is considered in the given article. Taking into account the factors of religious spheres and everyday life or socio-political factors of a particular ethnic group, intercultural communication defines the basic level of its mobility in the developing global world.

Қазіргі қоғамда адамдар арасындағы қарым-қатынас олардың ұлтына, сеніміне, діліне, қай мәдениеттің өкілі екендігіне қарамастан диалогтық тілдесім арқылы жүреді. Мұны халықтар арасындағы өзара түсіністікті талап ететін мәдениеттер диалогы дейді. Қазіргі адамзат баласы мыңдаған халықтардың жүздеген мемлекеттеріне біріккен миллиардтаған саны бар жұртшылық. Олардың бәріне ортақ не болуы мүмкін? Олардың бәріне ортақ нәрсе – мәдениет, адам баласының саналы іс-әрекетінің жемісі ретіндегі мәдениет, жасампаздық рухының көрінісі ретіндегі мәдениет. Бұл әлемде абсолютті бірдей екі адам болмайтыны сияқты егіздей ұқсас екі мәдениет те болмайды. Алуан түрлі мәдениеттер арасында қандай қарым-қатынас болуы мүмкін? Оларда өзара түсіністік бар ма?...

Көптүрлі мәдениеттер, олардың өзіндік құндылығы, бірегейлігі, бағалылығы және өзара қарым-қатынасы, байланысы мәдениеттану негізінде жатыр. Сондықтан мәдениеттер диалогы мәдениеттанудың басында тұр десек, артық айтпаған болар едік. «Диалог» ұғымы «екі адамның әңгімелесуі, сырласуы» деген тікелей бастапқы мағынасының тар шеңберін бұзып шығып, қазіргі заман талабының, мәдени-әлеуметтік контекстінің негізгі ұғымына айналып отыр. Бүгінгі таңда диалог адамның және адам іс-әрекетінің жемісі мәдениеттің болмыстық сипаты ретінде кең мағынада қарастырылуда. Жалғыз басты, өзімен-өзі ғана шектелген адам баласының болуы мүмкін емес. Адам жасампаздығының қайнар көзі – адамның басқалармен бірлесе өмір сүруінде жатыр. Сондықтан мәдениет те тек мәдениеттер диалогы ретінде тіршілік ете алады.

Әрбір мәдениет басқа мәдениет тәжірибесін өзіне пара-пар, лайықты деп қарастырмай, өзіндік болмысты кеңейту, ұлғайту мүмкіншілігі деп те қарастырғаны жөн. Мәдениеттер диалогі мәдениеттерді байытады, өйткені «Басқа» – менің шегім емес, менің басқа мүмкіншілігім. Мұндай қағида қандай да болмасын мәдени-әлеуметтік өзіншілдікке жол бермейді. Олай болатын болса, бүгінгі таңда өркениетаралық, халықаралық, ұлтаралық және т.б. шиеленістерді тежеудің бірден бір пәрменді құралы – мәдениеттер диалогі болып отыр [1, 33 б.].

Мәдениеттер диалогі ұғымын біз тар мағынада да, кең, көлемді мағынада да қарастырамыз. Диалогтың тілшілердің кәсіби еңбектерінде термин ретінде қаралатыны, сонымен бірге оның өзінше жеке ұғым екендігі де қазіргі күні белгілі құбылыс. В.Г. Костомаров: «Диалог понимается в широком смысле – это беседа, взаимный разговор, то есть обмен сведениями, мнениями. Без желания понять друг друга диалог немислим, без взаимного обогащения он бессмыслен», – деп жазды [2, 9-11 б.].

Мәдениеттер диалогі адам баласының жалпы дамуы үшін де өте маңызды. Біз бұл маңыздылықты адамдар арасындағы ғылым мен мәдениеттің кез келген саласына қатысты өткен сұхбаттардың қызығушылық пен ынтымақ жағдайында жүргеніне қарап, адамзаттың қалыпты өмір сүруінің, ең соңында тіршілік етуінің шарттарының бірі екендігін растайтын шындық ретінде қабылдаймыз. Мәдениеттер диалогі қоғамның барлық мүшелері үшін олардың өзара түсіністігі мен ынтымағын қалыптастыру үшін де өте қажет. Е.И. Пассов былай дейді: «Только подлинный диалог культур способен обеспечить «культурный запас» учащихя, и только благодаря диалогу культур происходит формирование человека духовного, человека культуры» [3, 439 б.].

Мәдениеттер диалогі әртүрлі мәдениеттер өкілінің бірін бірі түсінуге тырысуы деп қарапайым түрде түсіндіруге де болады. Алайда түсінісу мен түсінуге қол жеткізу үшін тілдік, психологиялық, мәдениеттану бағытындағы толып жатқан кедергілерден өту керек. Олай болмағанда мәдениеттер диалогінде диалогке қатысушы адамдар тарапынан наразылыққа тап болуыңыз ықтимал. Мұндайда: «Мы интересны друг-другу, потому что мы разные», – деген Костомаров пікіріне жүгінген дұрыс сияқты [2, 9 б.].

Мәдениеттер диалогінде зерттеушілер екі үлкен мәселеге ерекше назар аударады. Олар: ұлттық мінез-құлық және ұлттық діл. Ұлттық мінез-құлық – адамдардың психикасындағы ұлттың өмір сүруіне қажет өзіндік шарттарды бойына жинаған ерекшелік, әрбір ұлтқа тән психологиялық айырмашылықтар мен қасиеттердің жиынтығы. Бұл мінез-құлық белгілі бір ұлтты басқа ұлт өкілдерінен айырып көрсететін сол ұлт өкілдерінің басым көпшілігінің бойынан табылатын қасиеттер. Ұлттық мінез-құлыққа осы көзқараспен келгенде С.М. Арутюнянның берген анықтамасы өте әділ көрінеді. Ол: «Бұл дегеніңіз әрбір ұлттың тарихи даму ерекшеліктеріне, материалдық тұрмыс-тіршілігіне қарай қалыптасатын және ұлттық мәдениет сипатында көрініс беретін адам бойындағы сезім мен әсердің, бейнелі ой мен әрекеттердің, тұрақты әдет-ғұрыптардың өзінше ұлттық бітім болмысы», – дейді [4, 271 б.].

Кез келген диалогік тілдесім адамды әлеуметтендіру мәселесімен тығыз байланысты. Мұның ішіне оқу үрдісіндегі, сабақ кезіндегі тілдесім де кіреді. Педагогикалық жағынан дұрыс ұйымдастырылған тілдесім қазақ тілі сабағында үйреніп жатқан тіл қазақ тілі болғандықтан, қазақ халқының әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерімен таныстырудан басталуға тиіс. Осылайша өзге ұлт студенттерін екінші, үйреніп жатқан тіл халқының, әлеуметтік өміріне тартудан басталады. Бұл жөнінде тіл мен мәдениет мәселесін зерттеп жүрген ғалымдар Е.М. Верещагин, В.Г. Костомаровтар былай дейді: «В процессе ценностного соизучения социально-культурного опыта народов стран родного и изучаемого иностранных языков происходит формирование личности на рубеже культур, для которой характерно сложное взаимодействие общечеловеческого, национального и социально-классового в бикультурном механизме ценного восприятия мира» [5, 36 б.].

Қарым қатынасқа түсуші әріптестердің әлеуметтік-рухани және ұлттық ерекшеліктердің мәнін білудің маңызды екеніне дау жоқ, осы этнос мәдениетіндегі қайталанбас ерекшеліктердің тіл өкілінің сөзінде бейнеленуі тілді мәдениет аралық қарым қатынас құралы ретінде қолдануы мүмкіндік береді және ол мәдениет өкілдері мен қоғамның бірін-бірі түсінуінің алғышарттары болып табылады. Бұдан шығатын нәрсе, тілге, тілдің мағаналық мазмұнына үйрету керек деген пікірмен келіспеуге болмайды, тіл мәдениетті толық түрде көрсететін бірден-бір құбылыс. Тілдер мен мәдениеттер арасында қаншалықты айырмашылық болса, шетел тілін қарым-қатынас құралы ретінде меңгеру соншалықты күрделі екені аян. Әртүрлі мәдени-тарихи бірліктерге тән болудың әсері оқыту ерекшеліктерін де анықтайды, сондай-ақ ол шетелдік ғылым мен тәжірибеде жаңа әдістемелік бағыттық кескініне ие болып отырған, сонғы уақытта өз үстемдігін ала бастаған шетел тілін оқытудағы мәдениет аралық әдіс деп аталатын дидактикалық тұғырнаманы тандауда да өз септігін тигізеді.

Адамды, оның жан дүниесін тілінен тыс зерттеуге болмайды. Сондай-ақ тілді де адам арқылы, адамның жан дүниесі арқылы зерттемей болмайды. Адам өз сөзінің иесі, өз сөзінің қожасы болса, тілдің иесі де, қожасы да халық. Дәлірек айтқанда, тілдің субъектісі біріншіден, тілдік тұлға (жеке адам, тілді тұтынушы), екіншіден, халық, ұлт (тілдік ұжым).

Тілді халық арқылы, халықты тілі арқылы, сондай-ақ адамды тілі (сөзі) арқылы, сөзі арқылы адамды тану идеясы әр дәуірдегі ұлы ойшылдарда да айтылған. «Адамына қарап сөзін алма, сөзіне қарап адамын ал» дейтін Абайдың философиялық ойы осыған дәлел секілді.

Тіл – өмірдегі жаратылыстардың ішіндегі ең күрделі құбылыс. Оны тек лингвистер ғана емес, барлық ғылымның мамандары айрықша атап көрсетеді. Қазіргі халықаралық байланысы күшті барлық елдерде тілдік қатынас мәселесіне ерекше назар аударылуда.

1. *Ғабитов Т.Х., Мутәліпов Ж.М., Құлсариева А.Т. Мәдениеттану. - Алматы: Раритет, 2005. - 33 б.*
2. *Костомаров В.Г. Роль русского языка в диалоге культур // РЯЗР, - № 5/6. 1994. - С. 9-11.*
3. *Пассов Е.И. Коммуникативное иноязычное образование как развитие индивидуальности в диалоге культур. // Материалы IX международного конгресса МАПРЯЛ: Доклады и сообщения российских ученых.-М., 1999.-с.422-439.*
4. *Арутюнян С.М. Нация и ее психологический склад. – М.: Краснодар, 1966. – 271 с.*
5. *Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Лингвистрановедческая теория слова. – М.: Русский язык, 1980. - 320 с.*
- Селиванова С.И. Обучение пониманию художественных произведений с учетом национальной культуры учащихся (на материале русских сказок): дис. ... канд.пед.наук - М.: МГУ, 1993. - 241 с.*

ӘӨЖ: 378.121

КӘСІБИ ҚҰЗЫРЛЫЛЫҚ ПЕН БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

К.М. Беркімбаев, Ж.К. Оңалбек – п.ғ.д., профессор, Академиялық инновациялық институт,

Б.Қ. Мұхамеджанов – п.ғ.д., профессор, Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ,

Т.Ә. Данияров – п.ғ.к., доцент, Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ

Түйін

Бұл мақалада кәсіби құзырлылық пен бәсекеге қабілеттілік көрсеткіштері туралы айтылады. Бір мезгілде әлемдік және Қазақстанның ішкі талаптарына сай мамандарды даярлау жүйесіне сәйкес келтіруге бірқатар қайшылықтар кедергі жасайды. Кәсіби құзырлылық пен бәсекеге қабілеттілік көрсеткіштерін келтірген үлгілеріне сүйене отырып дене мәдениеті және спорт мамандарының бәсекеге қабілеттіліктің параметрлерін нақтылауға болады. Соңдықтан, акмеологияда “кәсібилік” ұғымына сипаттама беру үшін екі өзара байланысқан және өзара келісілген категорияларды ескеру керек. Олар “тұлғалықтың кәсібилігі” және “қызметтің кәсібилігі”.

Резюме

В статье рассматриваются показатели профессиональной компетентности и конкурентноспособности. В свое время некоторые противоречия мешали привести систему подготовки специалистов в Казахстане в соответствие с мировыми требованиями. Опираясь на приведенные примеры показателей профессиональной компетентности и конкурентноспособности можно конкретизировать параметры конкурентноспособности специалистов в области физической культуры и спорта. Далее, с целью описания характеристики акмеологического понятия «профессионализм», необходимо учесть взаимосвязанные и согласованные между собой две категории: «личный профессионализм» и «должностной (функциональный) профессионализм».

Summary

The article deals with indicators of professional competence and competitiveness. In due time some contradictions prevented to bring system of training of specialists in Kazakhstan into accord with world requirements. Leaning on the given examples of indicators of professional competence and competitiveness it is possible to concretize the parameters of competitiveness of specialists in the field of physical culture and sport. Further, for the purpose to describe the characteristic of the akmeological concept "professionalism", it is necessary to consider two categories interconnected and coordinated among themselves: "personal professionalism" and "official (functional) professionalism".

Бүгінгі таңда жалпы орта білім беруді жетілдірудің негізінде құзыреттілік тәсілді алу ұсынылып жүр. Қазақстан Республикасы 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында да білімге бағытталған мазмұнды құзыреттілік, яғни нәтижеге бағдарланған білім мазмұнына алмастыру қажеттілігі көрсетілген [1].

Әлемдік дамудың жалпы тенденцияларымен, Қазақстанда білім беру жүйесін модернизациялау Концепциясында келесілер атап көрсетілген:

- қоғамның даму қарқындарын жеделдету: саяси және әлеуметтік таңдау мүмкіндіктерін кеңейту, сол сияқты қазіргі таңда Қазақстанда тек декларацияланып, жатқан экономикалық іс әрекетті таңдау;
- мәдениетаралық өзара әрекеттестіктің ауқымын (масштабын) елеулі дәрежеде кеңейту – бұған сәйкес мүмкіндіктерді Қазақстанда жүзеге асыруға азаматтардың шектеулі тобының ғана шамасы келеді;
- тек халықаралық ынтымақтастық қарым-қатынас шегінде ғана шешілуі мүмкін глобалды мәселелердің өсуі – жалпы шешімге келуді талап ететін мәселе сипаты төңіретіндегі қатынастағы пікірлер арасында қайшылық туғызады;
- экономиканың өсу динамикасы және бәсекелестіктің өсуі барысында әлемдік алдыңғы қатардағы ірі мемлекеттерге қарағанда Қазақстан көрсеткіштерінің елеулі төмен екенін көрсетті;
- адам капиталы рөлінің өсуі, – деп атап көрсетілген [2].

Бір мезгілде әлемдік және Қазақстанның ішкі талаптарына мамандарды даярлау жүйесінде сәйкес келтіруге бірқатар қайшылықтар кедергі жасайды, атап айтқанда: бұған кедергі болатын білім дамуының және кейбір мемлекеттік мәселелердің алдын орайтын мәселелер (басымырақ экономикалық сипатта); қажеттілік арасында жалпы әлемдік білім беру стандартына және өзіндік ерекшелігін, отандық білім беру дәстүрлерінің сақтау тілегіне сәйкес келу.

Нақтылы кәсіби қызмет, оның мазмұны мен ерекшеліктері мамандарға олардың жалпы салалық және арнайы біліктіліктері тұтынушыларға кәсіби қызмет көрсетуге, кейбір сипатымен қатар мазмұнын анықтайды. Дене мәдениеті мен спорт бойынша мамандар үшін бұл келесілерде көрінеді:

- тұрғындардың денсаулық жағдайының нашарлауы, жастардың төменгі мәдени деңгейі, бос уақытын тиімді ұйымдастырудың “үйлесімсіз” формалары дене мәдениеті мен спорт бойынша мамандарды психологиялық-педагогикалық даярлаудың жоғары деңгейінің қажеттілігін айқындайды;

- кәсіби спорт пен рекреациялық дене мәдениетінің (бос уақытын тиімді өткізудегі дене мәдениеті-спорттық бизнестің дамуы) коммерциялануы, салауатты өмір бейнесінде өмір сүруге деген қажеттілік мамандардың экономикалық – басқару, әлеуметтік және құқықтық даярлығына жоғары талаптар қояды.

Дене мәдениеті мен спорт бойынша мамандар педагогикалық, рекреациялық және басқару қызметтерін қызмет ерекшеліктері аясына сәйкес жүзеге асыруға дайын болуы тиіс. Дегенмен, дене мәдениеті мен спорт саласындағы кәсіби қызмет келесі ерекшеліктерімен айырмаланады: маман қандай да бір нақтылы қызмет атқармасын, ол міндетті түрде педагог ретінде (өйткені дене тәрбиесі міндеттерін шешуге, тұрғындарды сәйкес құралдарымен дене мәдениетіне қалыптастыру оның бейімділігі) және менеджер ретінде (дене мәдениеті мен спорттық қызметті ұйымдастыру мен басқару және әртүрлі ресурстармен қамтамасыз етуді жүзеге асыру), алға шығады.

“Дамып келе жатқан, қоғамға қазіргі заманғы білімді, адамгершілігі мол, өнегелі, тапқыр адамдар қажет, яғни олар туындаған күрделі таңдау жағдайында, оның мүмкін болатын салдарлары мен зардаптарын алдын ала болжалдап өздігінен жауапты шешім қабылдай алатын, бірлесіп ынтымақтастықпен қызмет жасауға қабілетті, шапшаңдығымен, әбжілдігімен, конструктивтілігімен ерекшеленетін, отан тағдыры үшін дамыған жауапкершілік сезімі бар адамдар қажет” (концепция). Мемлекет пен, әлеумдік даму тенденциясынан келіп бәсекелестікке қабілетті жас мамандарға қойылатын келесі талаптар анықталған:

1) Потенциалды мүмкіндіктері жайлы мағлұмат алдын ала болжалданған таңдауға дайын болу, мұндай таңдау тәжірибесі және жасалған таңдауға сәйкес келетін кәсіби білім, құзырлылық, дағдылар; 2) Коммуникативтілік және толеранттылық, яғни конструктивтік қарым-қатынасқа қабілеттілік кіретін өзгеше ойлаушыға төзімділік, басқа мәдениеттен хабардар болу, басқаның тәжірибесін қабылдай білу; 3) Дамыған шығармашылдық ойлау қабілетімен және космополиттік таныммен ынтымақтастық қарым-қатынасқа дайын болу; 4) Экономикалық білімдарлық, оқытып, үйретуге қабілеттілік, кәсіби дамуға, өз біліктілігін арттыруға (жеке тұлғаның акмеологиялық бағыттылығы) ұмтылу.

Әлемдік даму тенденциясының ара қатынасын жас мамандарға қойылатын мемлекеттік талаптармен (Қазақстандық қызметтің қолданысқа оларды нақтылап) біздер мамандардың бәсекеге қабілеттілік көрсеткіштерін айқындадық (1 кесте).

№1 кесте. Салыстыру

Әсемдік даму тенденциясы	Мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық процестер	Бәсекелестікке қабілетті мамандарға талаптар	Бәсекелестікке қабілеттілік көрсеткіштері
Қоғамның даму қарқының үдеуі	Экономика мен саясат тек динамика емес, бірақ тұрақты даму бағытын іздеуде мақсаттың анық еместігі	Алдағы өзгеріс сипатын болжалдау қабілеттілігі, оған барабар және жедел реакция беру өзінің дамытуға өзін білімін көтеруге қабілеттілік	Бағдарлау қабілеттілігі, ойлау тапқырлығы, акмеологиялық бағдарлама
Саяси және әлеуметтік таңдау мүмкіндіктерінің кеңеюі	Көптеген ескі әлеуметтік экономикалық байланыстар және қоғамдық институттар жойылған, жаңалары әлі жеткіліксіз дәрежеде тиімді әсер етеді	Таңдауға даярлық: мүмкіндіктерді және таңдау варианттарын, ұғыну, қажетті білім мен біліктілік, таңдау тәжірибесінің болуы	Акмеологиялық және аксеологиялық бағдар алу, қалыптасқан мен концепциясы
Мәдениетаралық өзара әрекеттестіктің масш-	Егеменділігін және өзіндік ерекшелігін сақтап	Коммуникабельділік және толеранттылық, бөгде ойлылар-	Жалпы және кәсіби мәдениет, білімдарлық, коммуни-

табының кеңеюі	әлемдік қоғамдастыққа кіруге ұмтылу	ға сыйластық қарым-қатынас, бөтен мәдениет мәселелерінен хабардар білу	кативтік шет тілдерін және мәдениеттануды білу
Ұлтаралық өзара әрекеттестікті талап ететін глобалды мәселердің саны	Тұрғындар үшін қазіргі бағытпен қажетті ішкі мәселелер саны	Шығармашылықпен ойлау, космополиттік өмір таным және сана	Азаматтық және субъектілік ұстаным, патриоттық және космополитизм, кәсіби таным және ойлау
Экономиканың динамикалық дамуы, бәсекелестік күрестің өсуі, жұмыспен қамтылу аясындағы құрылымдық өзгерістер	Базар заңдарының аясына Ұлтық ерекшеліктерімен ену. Қызмет көрсету аясының дамуындағы оңды динамика	Біліктілікті тұрақты арттыруға және біліктілігін ауыстыруға, кәсіби іс-әрекетке қабілеттілік	Кең жалпы кәсіби даярлық, шығармашылық ойлау, кәсіби бағыттылық, танымдылық қажеттіліктері
Адам құндылығы (адам факторы) рөлінің өсуі	Дүниетанымдық және өнегелілік орта	Қызметтің және тұлғалықтың жоғары кәсібилігі	Арнайы білімділік пен іскерлікті нақты меңгеру, кәсіби-шығармашылық тәжірибесі, тұлғалық сапасының кәсіби маңыздылығы

Кәсіби құзырлылық пен бәсекеге қабілеттілік көрсеткіштерін келтірген үлгілеріне сүйене отырып дене мәдениеті және спорт мамандарының бәсекеге қабілеттіліктің параметрлерін нақтылауға болады. Сондықтан, акмеологияда “кәсібилік” ұғымына сипаттама беру үшін екі өзара байланысқан және өзара келісілген категорияларды ескеру керек. Олар “тұлғалықтың кәсібилігі” және “қызметтің кәсібилігі”. Соған орай, дене мәдениеті және спорт мамандығының кәсіби құзырлығының екі компонентін бөліп алуға болады, олар құзырлылықтың тұлғалылық-кәсібилігі және қызметтік-кәсібилігі [3].

Құзыреттілік тәсіл бірінші орынға маманның хабардарлығын емес, нақты құбылыстарды танып білу мен түсіндіруде; қазіргі заманғы техника мен технологияны игеруде; практикалық өмірде; мамандық таңдау кезінде өзінің кәсіби білім алуға дайындығын бағалауда; еңбек нарығын бағдарлау қажет болғанда; өмірден өз орнын анықтауға; өмір салтын, кикілжіңдерді шешу тәсілдерін таңдауға байланысты мәселелерді шешу қажет болғанда туындайтын өмірлік мәні бар мәселелерді шешу біліктілігін шығарады.

Б.А. Тұрғанбаева: «Құзырлыққа бағытталған оқыту үрдісінде тәжірибелік жолмен мәселені шешу мүмкіндігі молаяды. Осы жағдай біліктілікті арттырудағы екінші үлгіге көшірудің негізі бола алады», – десе, К.Құдайбергенова: Тұлға құзырлығын қалыптастыру жолдары:

- білім беру жүйесіндегі жүйеге кіретін бала жүйеден шыққанда түлек болады;
- тұлғаның ұжымға енуі арқылы әлеуметтік-психологиялық сипаты көрінеді, – деп тұжырымдайды.

Құзыреттілік тәсіл білімдік парадигмадан біртіндеп мектеп бітірушінің қазіргі көпфакторлы әлеуметтік-саяси, нарықтық-экономикалық, коммуникациялық және ақпараттық қаныққан кеңістік жағдайында тіршілік ету қабілетін көрсететін құзыреттер кешенін игеруге жағдай жасау дағдыларын қалыптастыруға қарай бет бұруды білдіреді [4].

Қазіргі уақытта ақпараттық қоғам – физика пәнінің оқытушысына, оның кәсіби құзырлығына ерекше талап қойып отыр. Оның кәсіби құзырлығының маңызды құраушысының бірі – ақпараттық құзырлық болып табылады. Заманның талабы оқу-тәрбие үрдісіне АКТ ендіруге мәжбүрлейді, ал ол оқытушылардың ақпараттық құзырлығын қалыптастыру қажеттілігін тудырады. Осы мақалада осындай ақпараттық құзырлыққа ие болашақ физика мұғалімі ақпараттық телекоммуникациялық технологияларды өз жұмысының барысында пайдалану ерекшеліктері туралы айтылады, ақпараттық құзырлық терминіне анықтама беріліп, ақпараттық құзырлықты қалыптастырудың кейбір жолдары көрсетілген.

Резюме

Сегодня информационное общество ставит перед учителем физики и его профессиональной компетентности особые задачи. Важным компонентом профессиональной компетентности является – информационная компетентность. Современные реалии диктуют необходимость внедрения информационных и телекоммуникационных технологий в учебно-воспитательный процесс, что влечет за собой необходимость формирования информационной компетентности преподавателей, являющейся его профессиональной характеристикой, составляющей педагогического мастерства. В данной статье рассматриваются особенности применения информационных и телекоммуникационных технологий будущими учителями физики в своей педагогической деятельности, дается определение понятию информационная компетентность, а также показаны некоторые пути формирования информационной компетентности.

Summary

Today information society puts singular problems to the teacher of physics and his professional competence. Important component of professional competence is – information competence. Modern realities dictate need of introduction information and telecommunication technology in teaching and educational process that involves need of formation information competence of the teachers being its professional characteristic, a component of pedagogical skill. In this article it is considered features of application information and telecommunication technologies by future teachers of physics in the pedagogical activity, definition is given to concept information competence, and also shown some ways of formation of information competence.

Қазіргі кезде біздің қоғамымыз дамудың жаңа кезеңіне көшіп келеді, бұл кезең ақпараттық кезең, яғни компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар педагогтар қызметінің барлық салаларына кірігіп, оның табиғи ортасына айналып отыр.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін ақпараттандыру еліміздің даму стратегиясының негізгі бағыттарының бірі, себебі ХХІ ғасыр – білім беру жүйесін ақпараттандыру ғасыры.

Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын арттыруды көздейді.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Біздің жастарымыз оқуға, жаңа ғылым-білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануға тиіс. Біз бұл үшін барлық мүмкіндіктерді жасап, ең қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етуіміз керек»- деп атап көрсетілген [1].

Қазіргі таңда білім беру үдерісінде ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды пайдаланудың мүмкіндіктері зор. Ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар ресурстары білім беру үдерісінің мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асырудың елеулі құралдарының бірі болып табылады. ХХ-ғасырдың екінші жартысында белсенді дамыған ақпараттық технологиялар – ақпарат алудың жаңа тәсілін ұсынды, коммуникацияның жаңа түрлерін – электрондық пошта, чаттар, конференциялар және т.б. Компьютерлер тұрмысымыздың барлық саласына енді. Ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар оқу үрдісін өзгертіп жатқаны сөзсіз факт.

Қазіргі таңда кез-келген оқытушы ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың алуан түрлі құралдарын оқу үдерісіне енгізуге мүмкіндігі бар. Оларға ақпараттар банкі, Интернеттен алынған ақпараттар, көптеген электрондық оқыту құралдары, сөздіктер мен анықтамалар, дидактикалық материалдар, презентациялар, білім бақылауға арналған автоматтандырылған бағдарламалар (MS Excel, MS PowerPoint және т.б. бағдарламалау тілдерінде жасалған тесттер, бақылаулар), тілдесу форумдары және т.б. жатады. Осыған байланысты білім мазмұны өзгереді және байланыс жасау қарқынды ақпарат алмасуға мүмкіндік береді [2].

Сонымен қатар, оқытушы студентке тек білім беріп, тәрбиелеп және дамытып қана қоймай, жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларын ендіре отырып, өз бетімен білім алуға, кәсіби өсуіне және шығармашылық дамуына ынталанады. Болашақ мамандарды даярлауда ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларға ие бола отырып және оларды оқыту үдерісіне ендіріп оқытушы білім сапасын, мамандар даярлаудың деңгейін арттырады, сонымен қатар өзінің кәсіби және педагогикалық шеберлігін жетілдіреді.

Педагогикалық шеберлік дегеніміз педагогикалық іс-әрекетті жоғары деңгейде меңгеру; педагогқа оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін тиімді басқаруға және мақсатқа бағытталған педагогикалық әсер мен әрекеттестікті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін арнайы білімдердің, икемдер мен дағдылардың, тұлғаның маңызды кәсіби қасиеттерінің комплексі [3].

Педагог үшін кәсіби шеберлік – педагогикалық шеберлік болып табылады. Қазіргі білім кеңістігінде ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялары кәсіби шеберлікті жетілдіру құралы болып табылады. Студенттердің ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды пайдаланудағы әрекетін тиімді басқару үшін оқытушы ақпараттық құзырлыққа ие болуы тиіс. Ол өз алдына заманауи оқытушының кәсіби шеберлігінің бір құраушысы болып табылады.

Қазіргі уақытта ақпараттық қоғам – физика пәнінің оқытушысына, оның кәсіби құзырлығына ерекше талап қойып отыр. Оның кәсіби құзырлығының маңызды құраушысының бірі – ақпараттық құзырлық болып табылады. Ақпараттық сауаттылық пен ақпараттық құзырлықты ажырата білу маңызды. Ақпараттық сауаттылық – бұл «тетіктерді баса білу», дербес компьютер, бағдарламалық өнімдер, компьютерлік желілер туралы және олардың қызметі мен мүмкіншіліктері туралы білу, ал оқытушының

ақпараттық құзырлығы – оқытушы өзінің педагогикалық іс-әрекетінде заманауи ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды өз бетінше пайдалануын, кең ауқымды білім саласының мәселелерін шешуге дайындығын және осы салада кәсібін жетілдіру жолдарын жобалау дегенді білдіреді [4]. Осындай ақпараттық құзырлыққа ие оқытушы ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды өз жұмысының барысында пайдалануға ұмтылып қана қоймай, ақпараттық-білімді әрекетті модельдеп және жобалауға тырысуы қажет.

Ақпараттандыру жағдайында студенттер меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Жоғарғы оқу орнының білім беру саласында ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін интенсификациялау мен модернизациялаудың тиімді тәсілдерін іздестіру жұмыстары көптеп жүргізілуде.

Физика оқытушылары да өзінің пәнін оқытуда ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларын әдістемелік тұрғыда сауатты пайдалану үшін терең пәндік ақпараттық құзырлыққа ие болуы тиіс.

Заманның талабы ақпараттық қоғамға көшуді талап ететіндіктен физика оқытушысы осы қоғамға енуге дайын маманды дайындауы қажет. Қоғамды ақпараттандырудың негізгі мақсаты – «оқушыларды ақпараттық қоғам жағдайында тұрмыстық, қоғамдық және кәсіби салалардың іс-әрекетіне толық тиімді араластыру» болып табылады.

Бахтиярова Л.Н., Викулина М.А., Кручинина Г.А., Кулик Е.Ю., Маркова С.М., Майорова С.Н., Шевцова Л.А. және т.б. педагогикалық зерттеулері студенттердің ақпараттық мәдениетінің дамуы тек қана физика пәнінің мұғалімі ғана емес, барлық пән мұғалімдеріне қажет болып саналады.

Ақпараттық мәдениет дегеніміз ақпараттық процестердің ұйымдастырылу деңгейі, адамдардың ақпараттық тілдесумен қамтамасыздандыру дәрежесі, ақпаратты құру, жинақтау, сақтау, өңдеу, ұсыну мен пайдалану деп түсінеміз.

Физика пәні оқытушысының ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды оқу процесіне ендіруге деген ынтасы мен ықыласы болу үшін және өзінің ақпараттық мәдениетін көтеруге деген ынтасын арттыру үшін ЖОО-да «ақпараттық және телекоммуникациялық құралдары арқылы ақпараттық және бағдарламалық құралдар ортасын» тудыру қажеттілігін айқындайды [5].

Сонымен қатар, өзге ғылыми көздерге сүйенсек, *ортақ ақпараттық-білім беру ортасы ұғымы аясында оқушылардың, педагогтердің, ата-аналардың, оқу орындары әкімшіліктерін және қоғамды ақпараттық қамтамасыз етудің ортақ технологиялық құралдарымен қамтамасыз ететін, компьютерлік техниканы қолдануға негізделген бағдарламалық-телекоммуникациялық ортаны түсінуге болады.* Соңғы анықтамаға сәйкес, бұндай орта оқу үрдісін қолдауға және оқу мекемесін басқаруға, білім беру үрдісінің барлық қатысушыларын оның барысы мен нәтижелері, сондай-ақ оқудан тыс шаралар туралы ақпараттандыруға бағытталған.

Физика пәнінің оқытушысы осы ортаның мүмкіндіктерін студенттердің ақпараттық құзырлығын және ақпараттық мәдениетін дамыту үшін пайдалануы тиіс. Бұл өте маңызды, себебі оқушылардың ақпараттық құзырлығы жоғарғы оқу орны қалыптастыратын басты құзырлықтардың бірі болып табылады. Қазіргі таңда оқытушылардың ақпараттық құзырлығын қалыптастыру бойынша белсенді жұмыстар жүргізілуде. Ақпараттық құзырлықтың қалыптасуының бір жүйесі туындап, қойылған мәселені шешу үшін алуан түрлі жұмыстар жүргізіледі: курстық дайындық, әдістемелік бірлестіктер жұмысы, мастер-класстар, Интернет олимпиадаларға, Интернет конференцияларға қатысу, студенттермен ынтымақтастық, әдістемелік құжаттарды толтыруда ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды қолданып жасау, және т.б. Осы технологияларды пайдалану оқытушыларға заманауи білім ақпараттарымен жұмыс істеуді ұйымдастыру стратегиялары мен тәсілдерін меңгерумен қатар өзіндік ақпараттық мәдениетін дамытуға мүмкіндік береді.

Ақпараттық білім ортасының басты тұлғасы оқытушы болып табылады. Ақпараттандыру құралдарын оқу процесіне қандай сапада, қандай көлемде және қандай мақсатта пайдалану крөктігін тек қана оқытушының өзі ғана анықтайды.

ЖОО-дағы ақпараттық білім беру ортасының дамуы және де оқытушының осы ортаға енуі қазіргі таңда жоғарғы білім берудің дамуына қажетті үдеріс болып табылады. Шынымен де, бүгінде біліктілік арттыру жүйесінде оқытушылардың компьютерлік технологияларды игеруге ынталандыратын маңызды қадамдар жасалып жатыр: педагогикалық кадрларды аттестациялауда сұрақтар тізімінде сабақта компьютерлік технологияларды қолдану туралы сұрақтар қарастырылған; әдістемелік құралдар мен элективті курстарының бағдарламалары, курстық жұмыстарды баспа түрінде электрондық нұсқасымен жасау қарастырылған. Осылайша мұғалімдердің ақпараттық құзырлығы біртіндеп қалыптасады. Осы жүйенің

функциясы тек қана үйретуші, әдістемелік, түсіндіруші емес, сонымен қатар педагогтың психологиялық қолдау функциясы болып табылады [6].

Ақпараттық білім беру ортасының мүмкіндіктерін тиімді пайдалану үшін педагог келесі талаптарды орындау қажет:

компьютермен жұмыс істеу негіздерін меңгеріп, соның ішінде ақпараттық білім беру ортасын пайдалана алуы керек;

мультимедиялық ақпараттық ресурстарды және олардың бағдарламалық қамсыздандыруын білуі тиіс; Интернетпен жұмыс істеу негіздерін меңгеру керек.

Ақпараттық технологиялардың қазіргі дамуы оқытушыға оқу процесінде тек қана кітап, журналдар ғана емес, мультимедиа ресурстарын - электронды тасымалдау құралдарына жазылған немесе Интернеттегі білім серверлерінде сақталған электрондық оқулықтар мен энциклопедияларды пайдалануға мүмкіндік береді.

Жаңа талаптарға сай кез-келген педагогтың кәсіби біліктілігі оның оқу процесінде жаңа ақпаратты уақытылы тауып, пайдалануына байланысты. Ол үшін оқытушы оқу процесін өз бақылауында ұстай алу қабілетін дамытып, алынған ақпаратты өз бетінше бағалай білуі керек.

Ақпараттық білім беру ортасының дамуы және педагогтың осы ортада табысты жұмыс істеуі кәсіби дамуына бағытталған жеке ақпараттық әрекетінің жүзеге асуын, яғни кәсіби шеберлігінің дамуын қамтамасыз етеді. Қоғамның ақпараттануы және жаңа технологиялардың дамуы жағдайында білім жүйесінің ғылыми тұжырымдамасы жоғары білімді және аса білікті мамандар дайындауды қамтамасыз етуі тиіс. Ақпараттандыру мәселесі білім беруді барлық деңгейлерін модернизациясы үшін басым бағыттарына жатады. Білімді ақпараттандыру – әлеуметтік және педагогикалық қайта құрулар комплексі. Олар білім жүйесін қайта құрулар арқылы ақпараттық және телекоммуникациялық құралдармен байланысты және электрондық-есептеуші техника көмегімен локальды және глобальды жүйелерге шапшаң қол жеткізуге мүмкіндік береді. Білімді ақпараттандыру жоғары оқу орындарында ұйымдастырушылық және педагогикалық, қаржылық және экономикалық, бағдарламалық және әдістемелік жағдайлар жасалуын қажет етеді. Дағдыланып қалған оқыту әдістемесін өзгерту қажет. Педагогикалық кадрлардың ақпараттық құзырлығының қалыптасуы мен дамуы олардың кәсіби педагогикалық құзырлығының дамуына мүмкіндік туғызатын жағдайда жүзеге асырылуы тиіс.

Кәсіби құзырлық – кәсіби оқытатын педагогтың кәсіби іс-әрекетке дайындығының теориялық және практикалық жағын көрсететін өзара байланысқан құзырлықтардың жиынтығы екенін айта кету керек.

Заманауи физика мұғалімінің кәсібилігі - өзінің пәні мен оны оқыту әдістемесін білумен ғана шектелмейді, сонымен қатар ақпараттық құзырлыққа ие болу мен ақпараттық мәдениетке ие болу қажеттіліктерінен тұрады.

Қорыта келгенде, ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың оқыту процесіне белсенді ендірілуі педагогикалық іс-әрекеттің жаңа сапалы деңгейіне жалғасуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, оқыту процесінің дидактикалық, ақпараттық, әдістемелік және технологиялық мүмкіндіктерін біршама арттыра отырып, мамандарды даярлау сапасын және оқытушылардың кәсіби шеберлігін арттыруға себебін тигізетіні анық.

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы (14.12.2012ж.) // www.akorda.kz

2. Berkimbaev K.M., Kerimbaeva B.T., Meyrbekova G.P. Using of information communicative technologies in making electron books. *Bulletin of Peoples' Friendship University of Russia. Series Informatization of education.* 2012, № 1. p. 84-89.

3. Коджаспирова Г.М., Коджаспиров А.Ю. Педагогический словарь: для студ. высш. и сред. пед. учеб. заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2000, с.176

4. Урсова О.В. К вопросу о формировании и развитии ИКТ-компетентности учителя-предметника // Развитие региональной образова-тельной информационной среды "РОИС-2006": Материалы межрегиональ-ной научно-практической конференции – Санкт-Петербург, 2006, с. 51-53

5. Ильина Т.С., Шилова О.Н. Опыт развития информационной культу-ры учителей средствами образовательных технологий // Развитие регио-нальной образовательной информационной среды "РОИС-2006": Материалы межрегиональной научно-практической конференции (<http://rois.loiro.ru>) – Санкт-Петербург, 2006, с. 120-123

6. Berkimbayev K.M., Sarybayeva A.Kh., Usembayev I.B., Ramankulov Sh.Zh. Teaching of using information and computer technology for preparation of competitive specialists // Materials of the ii international «Research and practice conference» (<http://science-canada.com/04-2013-2.pdf>), Vol. II, Westwood, Canada, April 17th, 2013, p.425-429.

ҰЛТТЫҚ САНА – ҰЛЫ ҰСТАЗ
Халық психологиясы мен педагогикасының негіздері
(Ұрпақ тәрбиесіне жаңа көзқарас)

С.-Х. Ғаббасов – Жазушы-дәрігер, фантаст, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, медицина және педагогика ғылымдарының докторы, Махамбет сыйлығының лауреаты, Профессор

Сөзбастау

Алдымен бүгінгі таңдағы «халық педагогикасының», немесе «ұлттық тәрбиінің» жай-күйі қалай еді дейтін заңды сұрақ туындайды. Бұл сауалға жауап беру үшін, бүкіл Кеңес педагогикасы бағдар етіп ұстаған Г.Н.Волковтың “Этнопедагогика” атты ғылыми еңбегіндегі тұжырымға еріксіз тоқталуға тура келеді. Оның пікірі бойынша: “...Халық педагогикасы - ғылым емес, тек ғылыми педагогикаға шикізат, материал, өмірлік фактілер ғана бере алады. Оның біртұтас жүйесінің жоқтығын былай қойғанда, алымды идеяларды жетілдіріп отыратын қорытынды теорияларының болуы да мүмкін емес...” - деп тұжырымдайды.

Міне, бұдан халық педагогикасының ғылыми жүйеленбегендігін былай қойғанда, тіпті оның мазмұны мен мәніне, болмысы мен негізіне ешуағытта да көңіл бөлінбегендігі анық байқалып тұр. Ендеше халық педагогикасының осыншама өгейлікке ұшырауының себебі не? Оның басты себебі, халық педагогикасы - ғылыми пән ретінде танылмады. Ал ол - империялық саясаттың - тікелей әсері еді. Мәселен, көне Грек мәдениетінің соңғы екі ғасыры мен біздің эрамыздың сегіз ғасырын қамтитын Рим империясының әсерімен - Еуропа елдерінің халық педагогикасы ғылыми жүйеленбей, оның орнына “классикалық педагогика” дейтін жасандылық дүниеге келді. Екінші, өзімізге тікелей қатысы бар орыс империясының әсерінен оның қоластында бодандықта болған жүздеген халықтың Ұлттық тәлім-тәрбиелері ғылыми дамудан мақұрым қалды. Сондықтан да ғылыми педагогика делінетін жасандылық қолдан жасалып, Адам баласы ең әуелі биологиялық индивид, сонан кейін ғана қоғамдық тұлғаға ауысатындығын даралауға рұқсат етілмеді. Себебі, генетика ғылымдарының заңдылықтары империялық саясатқа қайшы келетін еді. Жалпы Империя атаулы бағынышты елдерінің ұлттық тарихын да.. халықтық педагогикасында... табанының астына салып, оның бой көтеруін ешуақытта қаламады. Өйткені, бұл екеуінен де, қай халықтың болмасын ұлттық санасы оянады. Ал Империя атаулыны күйрететін күш тек ұлттық сана екендігі дәлелдеуді қажет етпейтін аксиомалық заңдылық..

Ендеше, уағыт талабы мен жаппай қаулап өмірге ене бастаған халық педагогикасын ғылыми түрде дамыту, оның қадау-қадау негіздерін айқындау қажет. Сол арқылы оның теориясын жасау, ғылыми байыптау, жинау, ғылыми жүйелеу де кезек күтіп тұрған жұмыс екені белгілі. Ең бастысы мәселенің негіздерін айқындау арқылы методологиясын да өзгерту қажет. Осылайша, ұлы педагог К.Д.Ушинскийдің: “Халық педагогикасы жоқ жерде, педагогика ғылымы да жоқ, педагог та жоқ”, - деген тұжырымын есте ұстаған жән.

Халық педагогикасының бастауы

Шын мәнінде адам ғұмыры - бір-бірінің міндеттері екіншісіне жүктелмейтін - физиологиялық кезеңдердің тізбегінен тұратындығы анық. Ол кезеңдерді шартты түрде:

1. Отбасын құруға дайындық және ұрық тазалығы;
2. Ана құрсағындағы тоғыз ай...
3. Нәресте кезеңі;
4. Балбөбек кезеңі;
5. Сәбилік кезең;
6. Балиғат кезеңі;

7. Кәмелеттік кезең, - деп міндетті түрде бөле-жара қарастырмаса болмайды. Өйткені, әр кезеңнің өзіне ғана тән заңдылықтары бар. Бұл заңдылықтар ешуақытта басқа кезеңдерге ауыспайды да және екінші бір кезеңге жарамайды да?! Міне, адам тәрбиесінің биологиялық индивид ретіндегі құдіреті күшті тылсым жұмбағы да оның өзіне тән сипатында жатыр.

Отбасын құруға дайындық немесе, халық педагогикасының I-ші негізі

Отбасын құруға дайындық кезеңінде екі жастың өздері, сондай-ақ, олардың туыс-туғандары мен ата-аналары үш түрлі мәселеге ерекше көңіл бөлулері қажет.

Ата-баба дәстүрлерін қадағалау арқылы халқымыздың генофонын көздің қарашығындай сақтау. Қандай да ағаттықтармен бұзып алмаудың қамы.

Отбасын құруға саналы түрде дайындалу арқылы ұрық тазалығын сақтау. Өйткені, ұрығында уланып туған ұрпақты түзеп алудың мүмкіншілігі жоқ. Оны адам түгіл, ғұдайдың өзі де жөндей алмайды.

Ата-ана мен бала арасындағы сыйластық.

Міне, осы үш мәселені қазіргі уақыт жағдайларымен салыстыра отырып талдау жасап көрелік. Бірінші мәселені яғни, ата-баба дәстүрлерін қадағалау арқылы халқымыздың генофонын сақтаудың жай-күйі “қызыл империяның” саясатымен шын мәнінде құрдымға құлдырап бара жатқан еді. Дәстүр атаулының ішіндегі ең ұлттық ерекшелігі бар құндысы болып табылатын “...Жеті атаға дейін қыз алыспау...” өз мәнінен айырыла бастаған болатын. Қазір халық бұл дәстүрді сонау Фараби мен Қорқыт замандарынан, яғни, IX - X ғасырлардан қалыптастырғандығы белгілі. Халқымыздың бұл дәстүрді ұстанғанына... мінеки, он екі ғасырдай уақыт өткен екен. Сонда, бұл дәстүрдің құндылығы неде?.. Бұл сауалға жауап бергенде, ең әуелі салыстырмалы түрде XIX ғасырдың бастапқы кезінде ашылған... бүкіл адамзат қауымының үлкен жаңалығы деп есептелінетін “Дарвинизм” ілімін еске алуға тура келеді. Оның ашқан “...табиғи сұрыптау...” атты жаңалығы, осынау халқымыздың “...жеті атаға дейін қыз алыспау...” дәстүрі мен тікелей сабақтасып жатқандығын ашып айтқан жөн. Оның үстіне басқа жер бетінде тұратын халықтарда мұндай дәстүрдің аса сирек кездесетіндігін айтпағанның өзінде, тіпті бір туыстас Түркі халықтары да “...жеті атаға дейін қыз алыспау...” дәстүрлерін қолданбайды. Қазақ халқына ең жақын деген қарақалпақ пен қырғыздар да ең ұзағанда, үш-төрт атадан аса алмайтындығы белгілі...

Міне, халқымыздың көптеген қасиеттерінің ішіндегі ең ұлағаттысының бірі - осы. Оның мәнін ұқпағандықтан өзінің ұлттық тарихы мен халықтық педагогикасынан айырыла бастаған жұртымыз, бірте-бірте мәңгірттену жолына ауысқандығын қадап айтқан жөн. Ана тілін білмейтін жұртымыздың 40 пайызы, сөз жоқ, “...жеті атаға дейін қыз алыспау...” дәстүрін олар не қажетіне жаратпақ. Тек ерекше атап айтуға тұрарлық жағдай, кең байтақ өлкеміздің шығысы мен батысы, түстігі мен терістігінің жіті араласуынан біздің халқымыз аса бір қолайлы жағдайда отыр. Егер осыны саналы түрде дамытып, “қыз алып, қыз берісуді” осындай кең өріске шығарсақ, онда жұртымыз бұрын-соңды көрмеген жаңғырудың құдіретін сезінеді. Халқымыздың генофоны мүлдем жаңғырудың жаңа биіктігіне көтерілер еді...

Екінші үлкен мәселе, яғни, отбасын құруға дайындық немесе ұрық тазалығын сақтау - аса қиын күйге душар болып отыр. Бұл халқымыздың дәл осы мәселені тереңдей түсініп мән бермеуінің салдарынан у ішкендей болып отырғанын батыл түрде айтуымыз қажет. Олар бүгінгі таңда отбасын құруға дайындық дегенде, тек материалдық жақтарын ескереді. Той жасарда арақ-шарап, ішімдіктің мол болуын қарастырады. Отбасын құру қуанышына жиналған жұрт есінен танғанша арақ-шарап ішуді қызық көреді. Бұл сәтте үй болғалы тұрған екі жаста құр алақан қалмайды. Олар да ішеді.

Той тарқағаннан кейін арақ ішкен екі жасты күтіп тұрған ақ төсектен уланған ұрпақ туады. Өйткені, күллі наркотикалық заттардың, соның ішіндегі арақ-шараптың адам ағзасындағы бірден барып уландыратын мүшелері ми қабаттары мен ұрық бездері екендігі ғылыми түрде дәлелденген нәрсе. Адам ағзасына түскен арақтың 100 грамы ағзадан 7-күнде еркектің бойынан, 28-күнде әйелдің ағзасынан, әрең шығып тазарады екен. Ал ЗАГС-ке тіркелгеннен кейінгі ай бойы ішілетін ішімдіктің зияндылығын немен салыстыруға болар екен? Ендеше ертеңгі өмірге келетін ибасыз қыздар... қатыгез ұлдардың көбеюіне кім кінәлі болады?!

Біздің ойымызша, келер ұрпақ алдында қауым болып қателесіп жүргендігімізді дер кезінде, уақыт өткізбей мойындағанымыз жөн. Өйткені, тіршілік заңы өте қатал. Оны нәпсісіне еріп бұзғандар, түбінде бір жапа шекпей қалуы мүмкін емес. Сондықтан да табиғат қойнауларында тіршілік ететін күллі жан иелері, ұрпақ қамына кірісерде, тек судың тұнығын ішіп, шөптің асылын жеуге тырысады. Тіпті, олар өз бойларындағы арам тер мен артық майынан да арылуға арнайы уақыттарын жібереді. Ал пендешілікпен шырмалған адам баласы, керісінше, ақылы мен парасатын әдейі уландыратындығын қалай түсінеміз? Біздің ойымызша, бұл маскара халден ел-жұрт болып тез арада тыйылуымыз керек.

Қазіргі дүниеге келіп жатқан нәрестелердің кейбірі ұрығынан бұзылып туатындықтан, көпшілігі жарық дүниені көрмей-ақ, өлі туып жатса, бірсыпырасының жаны шықпағанымен жарымжан күйінде тіршілігін бастаған болады. Ал қалған дұрыс туды дегендердің өздері де зейіндері мен зерделері таяз болып туатындықтан, олардың да жай-жапсарларын оқу-ағарту жүйелерінде істейтіндер жақсы біледі. Ендеше, бұл індеттен құтылудың жолын халық педагогикасының негіздерін де, ел болып еркін шешіп алудың жолдарын қарастырған жөн.

Үшінші мәселе, яғни, Ата-ана мен Бала арасындағы сыйластықтың қазіргі кездегі жай-күйі қалай екенін айтсақ, бұл мәселе де қатты дағдарыста екендігін аңғару қиын емес. Бұрынғы ата-бабаларымыздың салып кеткен жолы бойынша, Ата-ана мен Бала арасындағы сыйластық үлкен этикалық заңдылықтарға бағынатындықтан, өзара үндесіп жататынды. Ал қазір ол үндестіктердің бұзылуының салдарынан, ата-ана баланы, бала ата-анасын түсіне алмайтын күйге ұшырап отыр. Соның кеселінен үлкен трагедияларға жиі ұшырап отырғанымызды жасыра алмаймыз. Жастардың бойындағы өзім білемдік ешбір сын

көтермейтін жағдайларға жетіп отыр. Ендеше, ел басына түсіп, еңсесін езген осы кінәраттың түп-төркінін анықтауға тырысып көрелік.

Халқымыздың өзі өмір сүрген ұзақ тарихында небір кезендерді бастарынан өткізіп, заман дауылдарының аяздай қарыған үскіріктеріне ұшыраған сәттері көп. әсіресе, соңғы үш ғасырға жуық уақыттың ішінде, аса күрделі аласапыран кездерді бастарынан өткізді. өз билігінен ажырап қалған халықтың азып-тозып кетуіне көптеген себептер ықпал етті. Енді сол себептерді іріктеп, жұптап қарасақ:

1. Өз еркіндігі жоқ, басқа жұрттың боданы болып келген елдерде ғана қалыптасатын, топастана бастайтын тоғышар орта;

2. Тағдыр тауқыметінің салдарынан ата-баба дәстүрлерінен адасып,оның үстіне арақкештікке салынғандықтан - адамдық парасаттарынан айырыла бастаған ата-аналардың бой көрсете бастауы;

3. Ата дәстүрінің құндағында өспей, ана тілінде тәрбиеленбеген жаңа буын жас ұрпақтың есер қылықтары... - деп шартты түрде топтастыруға болатын тәрізді. Оның үстіне халқымыздың ежелден келе жатқан дархан мінездерін - дарақылыққа, жомарт пейілдерін - ысырапшылдыққа айырбастай салатын пендешілігіміз де жетіп жатыр.

Міне, 1990 жылы 25 қазан айында, халқымыз ғасырлар бойы аңсаған арманына жетіп, өзінің дербес мемлекет ретіндегі декларациясын дүние жүзіне паш етті. Енді өзін-өзі билейтін ел болмақ?! Олай болса, жоғарыдағы айтылған - топастана бастаған тоғышар орта да жөніне келіп, ата-баба дәстүрінен ажырап қалған қауым да... ана тіліміздің қасиеттері де қайтып оралғалы отыр. Бірақ бұл қасиеттер аспаннан өзі келе салмайтындығын ел болып ұғынуымыз керек. Сондықтан, егеменді елдігімізді толық меңгеруіміз үшін, “еңбектеген жастан, еңкейген қарияға дейін” намыстарын қайрап, жігерлерін жанитындай белсенділікке ауысуымыз ауадай қажет. Сөйтіп, тіршілік-тұрмысымыздағы белең алып отырған ата-ана мен бала арасындағы қайшылықтарда жойылып, адамшылықтың ақ босағасын аттаймыз деген үмітіміз мол. Ол үшін үзіліссіз ұрпақ тәрбиесін халық педагогикасының құндағында, ерекше жігермен ел болып қолға алатын мезгілді өткізіп алмауымыз керек.

Ана құрсағындағы тәрбие,немесе халық педагогикасының II-ші негізі

Ана құрсағындағы тоғыз ай - Адам құмырының ең ұзақ, ең күрделі кезеңі. Оның ұзақтығын - түйсіну мен сезінуге ақыл күшін қосу арқылы байқасақ, Жер бетіндегі тіршіліктің сатыларын қамтуға кеткен 500 миллион жылмен пара-пар. Міне, мұны түсіну үшін, тіршілік құпияларына тереңдей толғап үнілмей болмайды.

Қазіргі ғылыми дәлелдерге сүйенсек, Ана құрсағындағы өсіп жатқан Жан иесі өзіне берілген тоғыз айдың ішінде, табиғатта кездесетін барлық тіршіліктің әр деңгейдегі сатыларын басып өтеді де, “...он сегіз мың ғаламның...” сипаттарын түгелдей қайталап шығатындығы белгілі. Былайша айтқанда, бір клеткалы “қарапайым” тіршілік көзінен бастап, хайуанат әлеміндегі омыртқалыларға дейін, тіпті оның ең шырқау биігі болып саналатын Адам бейнесіне де біртіндеп ауысып жетіледі. Сөйтіп, табиғаттағы әр тіршіліктің өз аты-жөндерімен атасақ, бір клеткалы амебадан... құрт-құмырсқа, бақа-шаян, жан-жануарлардың саты-сатыға бөлінетін баспалдақтарын басып өтеді екен.

Бұл күллі табиғат жаратылыстарының ішіндегі аса күрделі, әлі де тылсымы ашылып бітпеген, құдіретті құбылыс екендігінде сөз жоқ. Қысқа ғана ескерте кетсек, Жанның - ОН ЕКІ АРНАСЫ – түйсік, сүю, ұят, мінез, жігер, зерде, табиғи қабылет және ішкі бес сезім де – осы Ана құрсағында ғана ашылатынын ұғынған жөн. Әрине, мұндай құдірет табиғат шебердің ғана қолынан келмек.

Міне, осынау айтуға ғана жеңіл, ал өсу жолындағы әрбір сәті күрделі сан алуан құбылыстарға жіктеле отырып, тек биология мен физиология заңдылықтарына ғана бағынып дамитын тоғыз торқаның ішіндегі жан иесі - жүрек тәрбиесі - атты жүйенің әліппесін парақтап та кетеді екен. Егер әл-Фараби тұжырымына жүгінсек: “...Адам мүшелерінің ішінде ең алдымен жүрек пайда болады, сонан кейін ми, одан кейін бауыр, бұдан кейін көк бауыр... сосын басқалары пайда болады. Бәрінен соң ғана қимылға келетіні - “жыныс мүшелері” - дей келіп, жүрек басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да - басты мүше, бірақ мұның үстемдігі бірінші емес, екінші, өйткені, ол ағзадағы барлық басқа мүшелерді билейтін болса, оның өзін жүрек билейді”, - деп таңғажайып тамаша тұжырым жасайды.

Фараби өзінің осы тұжырымдарын ары қарай ғылыми жетілдіре келіп, түркі халықтарының тәлім-тәрбиесінен (халық педагогикасынан) негіздерін алатын үш түрлі ілімнің - хауас, хауас салым, хауаси хамса заһириди (түйсік, ішкі бес сезім және сыртқы бес сезім), екінші - Имани гул (үш сүю), үшінші – Жәуанмәртлік (ақыл, әділет, рақым) мәнін түсіндіреді. Бұл ілімдер – өз топырағына түспеген дән сияқты - араб елдерінде өзінің өркендей даму жолдарына түсе алмайды. Бірақ түркі халықтарынан шыққан ғұламалар ғұламахи Дауани, Жүсіп Қарабағи, Жүсіп Баласағұн, Әлішер Науаи... бұл жайында көп

енбектер жасайды. Жүсіп Баласағұн осының негізінде дүние жүзін тамсандырған “Құтты білігін” поэзия тілімен өмірге әкеледі. Бұл айтылған үш ілімді ары қарай жетілдіріп ерекше биіктікке көтерген ұлы Абайдың орыны жеке-дара бір бөлек.

Мінеки, қазақ жұртының ұлттық педагогикасының тамыры тым тереңде жатқанын осыдан-ақ анық аңғаруға болады. Бұны ғылыми негіздерде дамыту болашақтың ісі. Біз көтеріп отырған адам тәрбиесінің алғашқы екі кезеңі ұрық тазалығы мен ана құрсағындағы тәрбие бүгінге дейін ғылыми педагогикадағы тәрбие жүйелерінен мүлдем тыс қалған. Сондықтан да адам тәрбиесіндегі орны толмас кемшіліктер қатпар-қатпар күйінде жалғасып жатыр.

Біздер ұсынып отырған - жүрек тәрбиесінің жүйесі - адам бойындағы күллі имандылықпен, инабатты мінез-құлықпен, табиғи қабілеттің негіздерін, жаратылыс заңдылықтарымен үндестіре дамыта қалыптастырып, жарық дүниеге іштен жетілдіріліп тудырады. Бір ерекше даралай атап таң қалатын нәрсе, осы құбылысты біздің ата-бабаларымыз білген. Сондықтан да олар: “...Алып - анадан туады...” - дейтін ұрпағына тұжырымды бағдарлама қалдырған.

Құрсақтағы жан иесінің бір жарым айдан кейін-ақ бармақтай ғана жүрегі мен қан тамырлары жүйесі қалыптасып, бірден қозғалысқа түседі. Сөйтіп, анасының түйсігі мен сезімдері арқылы жүрек тәрбиесі қалыптаса бастайды. Бұл күллі тәрбие атаулының алтын арқауы болып саналатын - жүрек тәрбиесінің мәні мен мазмұны тек ана құрсағында қалыптасады деген сөз.

Ана атаулы екіқабат кезінде айналасынан сезінген қым-қиғаш әсерлерді көңіл-күйлерімен әлдилей аялап... құрсағында өсіп жатқан тіршілік иесіне, алпыс екі тамыры арқылы ықпал етуін бірде-бір сәт тоқтатпайды. Ол өзі сезінген жайлы да жайсыз тітіркендіргіш әсерлерді, үнемі ішінде жатқан Жан иесінің жүрек қылын күйге келтіруге жұмсайды. Сөйтіп, оның жүрек тәрбиесін қалыптастыру арқылы, келешекке келер адамның аса елгезек әсерленгіштігімен қоса, оның табиғи қабілетін жетілдіре отырып, мінез-құлғының парасаттануына ықпал етеді. Міне, осындай жүкті кездеріндегі бойына бітетін аса құдіретті құбылысты дұрыс пайдалануды, бұрын парасаты мол, түйсігі терең аналар ғана аңғара алды. Ал көпшілік аналар мұндай қасиетті біле бермеген. Сондықтан да бұл жағдайды “...Мыңнан бір ана ғана білген...” десек асыра айтқандық емес.

Егер біз ЗАГС және басқа да қоғамдық ұйымдармен бірлесе отырып, осынау ғажайып құбылыстардың сырларын әрбір жас анаға үйретсек, біздің болашақ ұрпағымыз ғана үлкен сапаға ауысып қоймайды. Сонымен қоса, күллі ел-жұртымызды да бірте-бірте сауықтыра алған болар едік. Біздер күні бүгіннен бастап, осыншама ұлы арманды жүзеге асыруды бастап кетсек, бекер құмыр кешпегендігіміздің айғағы болар еді.

Ұлы Абайдың - Жүрек тербеп оятар баста миды” - деп тұжырымдауында телегей-теңіз ғұламалық жатыр.

Жалпы, құрсағындағы Жан иесінің болашағын болжалдай білген аналар көп. Солардың бірі - Тобықтының анасы Айпараның мынау бір ауыз сөзін еске түсірелік.

Шынжыр балақ, шұбартөс Ырғызбайым.

Тоқпақжалды, торайғыр Көтібағым,

Әрі де кетпес, бері де кетпес Топайым,

Сірә да оңбас Торғайым... - деген сөздерін осы күнгі ұрпақтары үнемі таңырқай еске алып отырады. Анасының осы айтқанындай, төрт ұлынан тараған ұрпақтарының сипаттары тура келгенін ешкім жасыра алмайды.

Осы тектес мысал, бес қыпшақтың анасының айтқанынан да байқалады. Ол былай айтады:

1) Бұлтың бітті бойыма, ұрлық кірді ойыма; 2) Торы бітті бойыма, билік кірді ойыма; 3) Ұзын бітті бойыма, ерлік кірді ойыма; 4) Көлденең бітті бойыма, сауда кірді ойыма; 5) Қарабалық бітті бойыма, байлық кірді ойыма, - деген екен.

Ананың құрсағында жатқанда тәрбиелеу, адамзаттың ашатын ала бөтен жаңалығы болары қак...

Нәресте кезеңі немесе,

халық педагогикасының III-ші негізі

“...Ал, қазақ, мешел болам демесең, бесігінді түзе”

Мұхтар Әуезов

Бесік - адам баласы игерген игіліктердің ішіндегі ең парасаттысы. Ол үй шаруасында пайдаланатын заттардың ешқайсысымен де салыстыруға болмайтын мүлік. Тіпті, оның өзіне тән қасиеттерін кең түрде тарата алсақ, күллі адамзаттың игілігіне айналдыруға да болар еді. Сондықтан да бесікті ғасырлар бойы пайдаланып келе жатқан Орта Азия мен Қап тауының қойнауын мекендейтін алуан тілдегі толып жатқан жұрт, Таяу Шығыс пен Кіші Азия елдері... бүкіл жер бетіндегі Түркі халықтарының өмір тәжірибелеріне

ерекше көңіл аударған жөн. Өйткені, бесік жана туған бала үшін де, онан да бетер, жас босанған Ана үшін де қажет. Оның атқаратын биологиялық және физиологиялық қызметтерінің теңдесі жоқ. Тіпті, оның кейбір өміршең қасиетін басқа еш нәрсемен алмастыруға болмайды. Себебі, бұл қасиеттер тек Бесікке ғана тән.

Ұрпақ тәрбиесінің негізгі бір тірегі - бесік. Кешегі халқымызды мәңгірт етуге тырысқан зобалаң жылдар бесік тәрізді қасиетті мүлкінді де күресінге лақтырды емес пе? Бас пайдасы үшін арын сатқан ғалымсымақ эзәзілдердің азғыруымен, қалың қауым ата-баба қасиеттерін тепкендей болды. Соның әсерінен қаншама жылдар бойы ұрпақ тәрбиесінің құтынан айырылды. Бесіксіз өскен баланың сағат сайын шырқырап, мазасыздануынан, жас босанған талай ананың түн ұйқысы төрт бөлінуінен жүйкесі тозып, олардың омырауларынан сүт шықпайтын ауыр халге ұшырады. Қазір бұл әлеуметтік мәселеге айналып отыр. Осыған орай, тек бесікке ғана тән Бала мен Анаға берер қасиеттерге тоқталып көрелік. Барынша ойымызды топтастырып айтсақ:

біріншіден, бесік - әмбебап тазалық,

екіншіден - терең ұйқы,

үшіншіден – сәби үшін теңдесі жоқ микроклимат.

Мінеки, бесік беретін осындай үш түрлі қасиеттің арқасында, дүниеге жаңа келген сәбилердің дендері сау болып қана қоймай, сонымен қоса, олардың дене мүшелері мен жұлын-жүйкелері табиғи үндестікте өсіп жетілмек.

Бесікті күстәнәлаған қазіргі таңдағы жағдайымыз қалай?

Ашығын айтсақ, бесіксіз тәрбие жас босанған анаға да, жаңа дүние есігін ашқан сәбиге де оңай тиіп отырған жоқ. Сәбидің сағат сайын дәретімен асты суланып, ұйқысы қашып, жүйкелері тозып, өзінен-өзі әлсірейді. Бұл жағдайды түсіну үшін аса үлкен ғұламалықтың қажеті жоқ. Өйткені, жаңа туған жас сәбидің денесіне тиген дәреті оның балғын терісін тітіркендіріп қоймай, тіпті тұз құйғандай ашытады. Бөленбеген аяқ-қолдары ербеңдеп, терең ұйықтап тыныстауға мүмкіндік бермейді. Осының салдарынан, жас нәрестелер аз ғана уақыт ішінде, шала ұйқыдан асқынған невроз дертіне шалдығады. Бебеу қаққан ана да, күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан қалатындықтан оның да жұлын-жүйкесі тозып тынады. Оның үстіне тәулік бойы таудай болып үйіліп қалатын зәрмен шыланған жаялықтарды жуып-ақ жас босанған аналардың күш-қуаттарынан ештеме қалмайды.

Міне, халқымызды бесігінен бездіріп, қолдан жасалынған есуас әрекеттермен ұйқысыз түндер, жаялық жуумен өтетін күндер, жас тума аналардың жұлын-жүйкесін тоздырып тынады. Осындай күйге ұшыраған аналардың сәбилеріне деген сезімдері қалай болмақ?..

Жүйкесі тозған нәрестенің тәрбиеге икемділігінен не қалады?.. Міне, бұл сауалдар... сөз жоқ, кезек күттірмей шешетін мәселелер екендігі даусыз? Ендеше, бүкіл халқымызды азапқа салып аздырған заманның лаңдарын тез арада танып қана қоймай, оны бірден пәрменді тәсілдермен күнделікті тұрмысымыздан аластауымыз керек. Бұл мәселеде де, біздерге қолұшын берер халқымыздың қасиетті дәстүр-салттары болмақ. Ендеше бесіктен безінуіміздің салдарынан жас босанған ананы да, дүниеге жаңа келген жас нәрестені де қолдан невроз жасап отырғанымызды мойындауымыз керек.

Міне, осынау зауалдың ықпалымен тұмса аналар исінуден қалып отырса, нәрестелеріміздің психикалары дұрыс жетілмеумен қоса, балалардың шығыны да аса көп. Өйткені, жөргегінде дұрыс ұйықтаудан айырылып, ана сүтіне жарымай өскен баланың дене құрылыстары түгіл, оның енді ғана, ояна бастаған психикасының да орасан ауыр зардаптарға ұшырайтындығы белгілі. Оның үстіне бесікке бөленіп тәрбиеленбеудің салдарынан, жас нәрестенің бесік жырымен жетілетін, Жүрек тәрбиесі де, өз бетіне әдірә қалады. Бұл ойланбасқа болмайтын аса ауыр ахуал. Себебі, жүрек тәрбиесі - күллі адам тәрбиесінің іргетасы екені белгілі. Олай болса, еліміздің ежелгі мүлкі Бесікке жаппай қайта оралудың мәні ешқандай үгіттеуді көтермейтін шындық. Ол ұрпақ тәрбиесінің де алтын дінгегі болып қала бермек...

Жалпы, бесікке бөлеп өсірген балалардың... асты құрғақ, үсті жылы болғандықтан, өзіне қажет мөлшердегі ұйқысын да дұрыс пайдаланады. Жас нәресте алғашқы айларында, нақтырақ айтсақ, сәби қырқынан шыққанша, тіпті үш айға дейін, кем дегенде 18-20 сағаттан аса уақыт ұйықтаулары ауадай қажет. Ол үшін оған тек астының құрғақтығы ғана емес, сонымен қоса, айналасындағы дыбыстармен ауа қозғалыстарының екпінін де қағып қалатын бесіктің шымылдығының да маңызы зор. Ол тіпті бұдан басқа да толып жатқан тітіркендіргіштерден сақтай алатын - микроклимат - екендігін де ерекше ескергеніміз жөн.

Осындай аса үлкен мәні бар жағдайларды қамтамасыз ететін бесік, жас сәбидің жан жайлауындай қасиет берер күдіретті мүлік. Тек, бесік ішінде ғана ұйқысы қанып, тән рахатына кенеле алатын болғандықтан, бала оянған сәттерінде жадырай езу тартып, бесіктен босанысымен-ақ керіле-созылып,

кереметтей ләззатқа бөленеді. Осы сәтте ұзақ уағыт сәбиін қолына алмаған ана да... бар мейірімімен емірене толғанып, нәрестесін сылап-сипаған алақанының табымен де таңғажайып әсер етпек. Мұндайда халқымыз “...Бала сылаумен, қар қылаумен өседі” дейтін тамаша тұжырымдарын қалдырған.

Айта берсе, бесіктің сыры тым тереңде жатыр.

Ана тәрбиесі. Баланың ана құрсағындағы өсетін тоғыз айы мен қырқынан шығару және үш айға дейінгі нәресте тәрбиесіндегі анаға тиісті сыбаға тым ерекше ауқымды екендігі баршамызға аян. Ол нәрестесінің құрсақтағы кезінде оған өзінің түйсігін, ішкі жан сезімдерін және сыртқы бес сезімін, алпыс екі тамыры арқылы жеткізіп, әсер етсе, енді сәбидің дүниеге келген алғашқы айларында жағымды әуен, аялы алақан, сөз, дыбыс, аналық мейірім, бәрі-бәрі де ана тәрбиесінің пәрменді құралдарына айналады.

Ата-бабамыздың дәстүрінде жас босанған ананы ауыл-аймағы болып қастерлеп, оны қол-аяғын бауырына алып сергігенше ерекше күтімге алады. Алғашқы сәттен-ақ, жайлы да таза төсек-орынға орналастырып, арнайы күтімде қалжалаумен қоса, өмірге жаңа адамның келгенін паш ететін шілдехана тойының бел ортасында жас босанған ананың болуына жағдайлар жасалынады. Бұл қуанышты жас босанған ана ерекше көтеріңкі көңілмен қарсы алатыны айтпаса да түсінікті.

Халқымыздың ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан өмір-тәжірибесінде, дүниеге жаңа келген нәрестенің кіндігін кесіп, орап-қымтап алғаннан кейін-ақ, көп кідіртпей анасының омырауына салады. Баланы, алғашқы сәтінен-ақ, анасының уызына қандыруға тырысады. Қазіргі кезде бұл тәртіп те бұзылған күйде екендігін ескертеміз? Бұл анаға да, жас нәрестеге де қиянат. Өйткені, уызға тоймаған нәрестелер қашанда аурушаң болып келеді. Бәрінен де қиыны, сәбилердің аллергиялық және басқа дерттері - диатез, есек жемі, құрқұлақ, бұлақ ағу тәрізді көптеген сырқаттардың белең алуларының негізгі бір себебі, оны анасының уызына қандырмаудан шығатындығын ашып айтқан жөн. Ананың уызында нәрестенің бүкіл иммунологиялық жүйесін қалыптастыратын белокты заттар көп болады. Мұндай заттар ана сүтінде неқұрлым алғашқы тәуліктерде жеткілікті болатынында ескертеміз. Олай болса, нәрестені анасының омырауына ерте беру сәбидің болашағы үшін ересен үлкен биологиялық мәні бар нәрсе екендігін түсінуіміз керек. Міне, бұдан кейінгі бір атап өтетін сәт - баланың кіндігі қатып үлгіретін жетінші күннен бастап-ақ, бесікке салу рәсімі. Ол аса білімдарлықпен жасалынады...

Бесіктің құрылысы. Бесік түп-түгел ағаштан жасалынады. Қазақ халқы негізінен - тал бесікті ерекше қадір тұтқан. Себебі, талдан жасалынатын бесікке иіс-қоңыс көп сіңбейді және әр түрлі кішігірім жәндіктер де жоламайтындығы ескерілген. Бесікке қажетті баланың “жөргегінде” мыналар болады:

1. Түбек. 2. Шүмек. 3. Бесіктің жазғы жабуы. 4. Бесіктің қысқы жабуы. 5. Қолбау. 6. Тартпа бау. 7. Баулар байланатын бел ағаш. 8. Бас жастық. 9. Екі бел жастық. 10. Аяқ жастық. 11. Бел көрпеше. 12. Аяқ көрпеше. 13. Арқалық ағаш. 14. Бесіктің басы. 15. Бесіктің аяғы. 16. Арқалыққа ілінетін жез қоңырау.

Баланы бесікке салу өнер деп қабылданған. Сондықтан да бесік тойы жасалынады. Бесікке салуды аса тәжірибелі, парасатты әжелерге табыстайды...

Баланың балбөбек кезеңі немесе,
халық педагогикасының IV-ші негізі

Ұрпақ тәрбиесінің бұл кезеңі, яғни, балбөбек пен балабақша дәуірінің де ұлттық үлгілері жасалынып көрген емес. Сондықтан да, қазіргі ұрпақ тәрбиесі ұлттық психология мен халықтық педагогиканы пайдаланудан мақұрым қалып отыр. Ұрпақ тәрбиесінде осы күнге дейін қолданылып отырған оқу-ағарту жүйесі тәрізді сырттан таңылған көшірме мазмұн мен формалар үстемдігін жүргізуде. Былайша, үнемі еліктеушілікпен тәрбиеленген ұрпақтан өзінше ойлауды, халқының табиғатына лайық жетілуді күтпек түгіл үміттенудің өзі мүмкін емес.

а) Бала екі жаста. Бұл жаста баланың дене бітімдері балғадай болып, өте ықшам да сергек күйге ауысады. Оның ойлау қабілеттері күшейіп, тыным таппай айналасындағы заттарды түсінуге, олармен қатынас жасай отырып, тілдесуге талпынады. Оған арнар уақыт мөлшерлері де (5 сағ.) көбейеді. Тіпті, өздері жасайтын қимыл-әрекеттерін өз еріктеріне бағындыра алатындай халге де жетеді. Бұл кезде олар өз ойыншықтарын өздері жинастырып, тіпті қуыршақтарын киіндіріп-шешіндіруге де жарап қалады. Олар үйренгендерін ұмытпауға тырысады...

ә) Баланың ақыл-есі. Қозғалыс қуаттары артқан сайын, баланың ойлау қабілеттері де күшейе береді. Күннен-күнге қиялдары қанаттанып, ішкі түйсігі мен сезіну қасиеттері тереңдейді. Екі жасқа толған баланың миы... бұрынғысынан әлдеқайда алғырлана түседі. Оның тіл үйренуге деген ынтасы артып, 200-ден 500-ге дейін сөз тіркестерінің қоры қалыптасады. Ал олардың әлі де айта алмағандарымен, түсінетін сөздері мұнан да көп болатыны белгілі. Сондықтан да естігендерін жылдам түсініп, дереу орындауға тырысады. Өйтсе-дағы балалар бұл жасында... қат-қабаты мол, күрделі ойларды дәл түсіне қоймайды. Тіпті, күрделілікті ғана емес, жалпылама айтылғандарға да онша көңіл бөле қоймайды.

Мәселен, “...балалар, асқа отырындар...” деген жалпылама шақыруды түсінбейді. Өйткені, олар әлі де қарапайым қысқа сәйлемдермен нақты өз аттарын атап шақырғаннан аса қойған жоқ. Бұл тұста олар өздерінің қиялы мен ойларына келгендерін, тек ойын арқылы айқындауға бар күштерін салады. Сыртқа шықса, айналасындағы табиғатқа таңырқаудан танбайды. Олар үшін көріп-сезгендерінің барлығы да жаңалық? Сондықтан да жанындағы үлкендерге: “...Бұл не? Ол не? Мынау кім? Анау кім?” - дейтін толып жатқан сұрақтарды төпеп қоя береді. Көбінесе, олар далада естігендерін жадында ұстап қалып, үйге келгеннен кейін ойнап отырған сәттерінде өзімен-өзі сәйлесіп, үйренгендерін пысықтауға кіріседі. Мұндай әрекеттердің барлығы да... ішкі түйсіктерімен байып, ойынның мазмұнымен астасып кетеді. Олар өздерінің кез келген ойындарын мазмұнға құруға тырысады. Мұндай сәтте баланың беріле ойнайтындығы соншама, тіпті атын атап шақырғанның өзін елемейтін кездері болады. Олар үшін бұл үлкен жұмыс. Көп қуат-күштерін жұмсайды. Бірақ соншама мол ләззат та алады.

Осы кездің өзінен бастап филогенетикалық ата-баба зерделерін оятуды ескерген жөн. Ол үшін ұлттық ойындар - санамақ, жұмбақ, ән-күй, шағын ертегілерді айту артық емес. Кезінде бесік жырымен үндесе дамыған - Жүрек тәрбиесі мен Ақыл тәрбиесі - енді саналы түрде жүргізілетін ойындармен тереңдей түседі.

б) Иmandылыққа ұмтылу. Бала екі жастан бастап, өзінің жайсыз істеріне ұялатын қылықтар көрсете бастайды. Сондықтан, барынша өзін жағымды жағдайларда ұстауға тырысады. Ол осы сәттен бастап үлкеннің тілін алу, кішіге мейірім көрсету тәрізді, имандылық қатынастарды меңгере бастайды. Өзімен ойнап жүрген құрбыластарымен есептесіп, олардың да айтқандарын тындап, өзінің де өтініштерін орындатып, бір-бірімен сыйластық қарым-қатынастардың әліппесін парактайды. Кейде олар өзара беріп және алғанның қуаныш сезімдеріне кенеледі.

Жоғарыда айтылған, негізін әл-Фараби салған - хауас, хауас сәлим, яғни, түйсік және ішкі бес сезім - ілімдерінің жемісін, халық педагогикасының екінші негізі болып саналатын ана құрсағындағы тәрбиеге пайдалансақ, ал оның - хауаси хамса заһириди - делінетін сыртқы бес сезімінің беретін мүмкіншіліктерін барынша үндестіре жетілдіретін тұс балбөбек кезеңі екенін естен шығармауымыз керек. Осы жастағы сәбилердің жүрек тәрбиесінің тереңдігін аңғартатын бір жәйі, ол өзі ренжіткен балаға жаны ашып, олармен бірге жылайтын сәттері де болады. Сыртқы бес сезім – көру, есту, тұшыну, тән сезімі - арқылы ғажайып тәрбие нышандарының үрдістеріне қол жеткізуге болады. Балбөбек немесе халық педагогикасының төртінші негізінде еңбекке баулу, сұлулыққа сүйсіну процестері де басталады.

Сәбилік кезең немесе,

халық педагогикасының V-ші негізі

“Көру оңай, болжау қиын”

В.Франклин.

Жас баланың 4 пен 7 жас аралығында - оның ғұмырына қажетті адамшылық қуатының қайнар көзі, осы кезеңде қалыптасады. Адам тәрбиесінің бұл кезеңінде халық педагогикасының қайнарында, тіпті тіршілік-тұрмысымыздың сан түрлі салаларында қолданылатын дәстүр-салттарымызды да, мейлінше жан-жақты игеруге үлгірген жөн. Ғасырлар бойы қалыптасқан ата-баба дәстүрлерінің кейбір күрделі де қиын сәттерінен жасқанбай, лапылдап тұрған жас жүректің отты сезімдерін парасатпен үйлестіріп, зергелікке де, суретшілікке де, жыраулыққа да, термешілікке де, қиялшылық пен салыстырмалы танымға да, тіпті жүйелі ойлауға да батыл түрде баулудың мәні зор. Дәл осы тұс, баланың танымы мен саналы көзқарастарын жан-жақты етіп, тереңдете дамытуға аянбайтын сәт. Тіпті, аса айқын байқалған дарындыларды арнайы лицейлік мектептерге топтастырып, оның қабілеттерін ерекше ашудың маңызын ұлттық қажеттілікке дейін көтерген жөн. Тек дарыны мен талантын қастерлеген халық қана адамзаттық қазынаға өз үлесін қоса алмақ.

Адам ағзасында сонау жаратылыстың арғы тегінен, атап айтқанда, ана құрсағындағы кезеңде басып өтетін күллі тіршілік иелерінің сипаттары мен қасиеттерінің сақталатындығы белгілі. Осынау жаратылыс зерделерін де барынша ұтымды пайдаланудың сәтті тұсы – балбөбек пен сәбилік кезеңдері. Әл-Фарабидің тңісік пен ішкі бес сезім (хауас, хауас сәлим) ілімінің заңды жалғасы - үш сүю (имани гүл) ілімін жіті қолданудың берері көп. Жас балаға өзін жанындай жақсы көріп жаратқан жаратушысын (табиғатты) сүюді, одан кейін күллі адамзатты сүюді жетілдіре түсіп, үшінші бір құдірет ретінде де әділетті сүюді үйретуден үлкен парыз болмаса керек. Үшінші ілім деп қарастырылатын Жәуанмәртлік (ағыл, әділет, рахым) те үзіліссіз берілетін тәлім ретінде өзінің жалғасын тапқаны жөн. Баланың түйсігі мен ішкі сезімдері үндесе жетілетінінің мысалы ретінде, ұйықтап жатқан адамның өзіне қажетті уақытта, ешбір қоңыраусыз-ақ оянып, “уақыт мезгілін” ұйықтап жатып-ақ сезуін айтуымызға болады. Алайда, осынау физиологиялық ерекшелікті әзірге беймәлім құбылыстардың қатарына қосып жүргені, адам

тәрбиесінің бастапқы екі кезеңіне мән бермей келгеніміздің жанды мысалы деуімізге болады. Әйтсе де, бұл айтып отырған қасиет, адам миының ең алғашқы қатпарларында (подкорка) сақталған сонау ықылым замандардағы тіршілік тектерінің зердесі, солардан қаған түйсік екендігінде еш күмән жоқ. Осынау құдіреті мол түйсіктік ақыл қазіргі кездегі адам тәрбиесінен мейлінше шет қалып отырғандығын барынша ашып айтуымыз керек. Міне, бұл сәбилік кезеңінде өте қатты қадағаланса, адам тәрбиесіндегі көп игілікке қол жетеді.

Мынандай бір аса сирек кездесетін қасиеті бар адамның аты тарихта қалыпты. Оның аты-жөні - Жан Шевалье... Ол XVIII ғасырда Швейцарияда өмір сүрген. Жалпы, жұрт оны “сайтанмен қарым-қатынасы бар” деп сескенетіндіктен, оған көп үйір болмаған екен. Жан Шевальенің адам таңырқарлықтай ерекшелігі сол - уақыт сұраған жандарға кез келген сәтте сағатына қарамай-ақ, дәл уағытты кідірместен айтып бере салады екен. Оның осындай ала бөтен ерекше қасиетін адамдар өмір бойы ұғуға талпынып ештеңе шығара алмапты.

Жан Шевальенің бүкіл ғұмырын өзінің шағын диірменінің басында, жұпыны ғана тіршілігімен жападан-жалғыз ғұмыр кешіпті. Алайда, оның “уағыт мезгілін қателеспей дәл айтатын қасиеті” бүкіл ел ішіне, неше түрлі қауесет болып түрлене түлеп тарап кетіпті. Жан Шевальеге оның өмірінің соңғы шағында Шаван деген ғалым келіп жолығады. Зерттеуші онымен жақынырақ таныса келе оның ешқандай сиқыршылық та, әулиелік те қасиетінің жоқ екендігін аңғарады. Тек оның аса көп оқыған, неше алуан әңгімелерді көп білетін адам екенін түсінеді. Әйтсе де, зерделей қараған адамға, Шевальенің сыры тым қарапайым да емес, сонымен бірге, таңырқауға да тұрарлық қасиеті бар екені рас болып шығады. Өйткені, ол өмір бойы ояу кездерінде үнемі ішінен уағытты секундтап, минуттап, сағаттап есептеуге әдеттенген. Ол жұмыс істеп жүрсе де, кітап оқып отырса да, өзге жұртпен әңгіме үстінде де ішінен уақыт санауды тоқтатпайды екен. Солай болған күннің өзінде де, оның уақыттан ешбір жаңылмайтындығы ақылға сия қоймаған. Сондықтан да жұрт онымен әдейі дауласып, жарыса есептеп, жамырай сөйлеген сәттерді пайдаланып, кенет “уақыт қанша болды? - деп те сұрап көрген. Бірақ Шевалье сол сәттің өзінде де еш кідірместен, дұрыс уақытты... секунд-минутына дейін айтып беретін болған.

Бұл тәріздес өмір ритмдерін сөз еткенде, еріксіз белгілі физиолог Н.Пэрнаның жеті жылдық психологиялық ритмдер жайындағы зерттеулерін ескерген жөн. Оның болжамдары бойынша, адам ғұмырының ұзақ жолдарында бірнеше ауысып отыратын «бетбұрыс» кезеңдері болады екен. Олар 6-7 жаста, 12-13, 18 бен 19, 25 -26, 31 мен 32, 37-38, 43 пен 44, 49 бен 50, 56 мен 57, 60 пен 61, тағы осылайша жалғаса береді.

Ғалымның пікірінше, бұл жылдары адамдардың “рухани өсуі” мен “сана-сезімдерінің ашылуы” үндесе дамидығын сипаттайды.

Бала мектепке дейінгі 4-5 жасар кезеңінде немесе балабақша тәрбиесі тұсында сан-салалы танымдарды игеріп, неше алуан қиындықтарға толы, аса күрделі құбылыстарды да ұғына алатын жағдайға жетеді. Бұл кезде мидың үстіңгі жарты шарлары (кора) баланың бүкіл мінез-құлықтары мен іс-әрекеттерін басқара отырып, өзінің күллі нерв талшықтары мен жұлын-жүйкелерінің тереңдей жұмыс істеу қабілеттерін күшейте береді. Міне, осыған байланысты күн өткен сайын балалардың дене құрылысы мен психикасы үндесе тереңдей жетілуінің ықпалында болады. Төрт-бес жасар балалардың ақыл-есі, салыстырмалы ойлай алатын қабілеттері күшейіп, барынша ерекшелене түседі. Санамақтарды игеріп, аздық пен көптікті, қалың мен жұқаны ажырата алатын халге жетеді. Айналасындағы заттардың жоғары-төмен сатыларын, уақыт мезгілдерін түсінумен қоса, жыл мезгілдерін де жақсы ұғынып, ажырата бастайды. Жалпы адамның ақыл-есінің қайнар көзі болып табылатын, оның ми қабаттарының жұмбағы әлі шешіле қойған жоқ. Әсіресе, ми қабаттарының күрделі құбылыстары мен құрамдық сипаттарын тек қана космоспен салыстыруға болар. Мәселен, аспандағы жұлдыздар дүниесі қаншалықты шексіз, көз жеткісіз шетсіз болса, адам миының жұмбақтығы онан да күрделі екендігі дәлелденді. Бірақ осы күнге дейін мидың ашылған сырынан гөрі ашылмаған жұмбақ қасиеттері, әлі де сол тылсым күйінде қалып отыр.

Бала тәрбиесінің жаңа тәсілдерін іздестіргенде, сөз жоқ, мидың ерекше қасиеттерін ескермей болмайды. Әлі ештеңемен былғана қоймаған сәбилердің ми қабаттарының тіршілік ырғақтарын (биоритмін) ғылыми негізделген жүйемен пайдаланғанның жетістіктері әлдеқайда мол болмақ.

Ойын. Төрт-бес жастағы балалардың ойындарын өткен жастағы кезеңдерімен салыстыруға еш келмейді. Бұл жастағы ойындардың әрбір әрекеттері мазмұнға айналып, белгілі бір мақсаттарды орындауға ұмтылыс жасайды. Мұндай талап баладан үлкен қуат, күш-жігермен қоса белгілі бір мөлшерде зейін зердесінде қалыптасқан білім қоры мен жинақталған іс-тәжірибелерін де пайдалануды қажет етеді. Осының бәрі бірте-бірте баланы табанды еңбек етуге баулиды. Осындай еңбекке үйренудің үстінде, оның инабатты тәлімі мен мінез-құлқының төзімділігі де қалыптаса түседі. Бұл жастағы балалар топ-топ болып,

бірігіп ойнағанды жақсы көреді. Олар кейде белгілі бір мазмұнға құрылған ойындарын қатарынан бірнеше күнге созып жіберетін сәттері де жиі кездеседі. Бірақ одан өздері кереметтей ләззат алады. Бірінің қиялын екіншісі дамыта түсіп, ойындарын ерекше мазмұндандырып аса қызықты етіп жібереді. Жалпы, нағыз тәрбиеші баланың 4-5 жастағы кезеңдеріндегі іс-әрекеттерінен ешуақытта шаршамаса керек. Өйткені, не істемесе де олар барынша саналы түрде жасауға тырысады. Міне, баланың осы жасында қысқа-қысқа уақыттарға ықшамдап ән-күй, домбыра мен қобызда ойнау, шағын ертегілер тыңдатумен қоса, неше түрлі ұлттық ойындарды қызықты етіп үйрету керек. Оларды неге тәрбиелесең де ойын тәріздендіріп әекізудің қызықты да тиімді болары қақ.

Инабат. Төрт-бес жасар балалардың үлкенге деген ізеті мен кішіге деген мейірімділігі күннің шуағындай әсерлі де жан-дүниеге рахат сезімдер ұялатады. Оның бұл қылықтарын үлкендер ешуақытта қағаберіс қалдырмай мадақтап отырғандары жөн. Сонда мұндай қылықтарының дұрыс екендігін бала жақсы түсінеді. Үлкеннің тілін екі етпей алып, бірден тындыруға тырысудың жөні ерекше дамытын кез. Олар бұл жастарында әділеті мол, мейірімді жандарға аса ынтық болады. Осылайша жүрек тәрбиесі мен ақыл тәрбиесінің үндесе жетіліп, саналылық әліппесі парақтала бастайды.

Сана - ой елегінен өткен - білім десек те, немесе болып жатқан оқиғаларды ой елегімен іріктеп, талғап қабылдау деуге де болады. Оуелі санаға ең алдымен ой келетіндігі, сонан кейін ғана ойланудың басталатындығы түсінікті. Бірте-бірте ой үстіне ой қосылып, санаға ырық, мақсат көздеу, талап-тілек, сонымен қоса сезімдердің үндесуінен әсер алу, ренжу, қуану, қайғыру тәрізді көңіл күйлері араласады. Бала кезден бастау алатын күнделікті тәрбиенің бұл тектес тәлімдері, адамдардың ұзақ ғұмырында бір сәтке де толастамай, үнемі жалғаса береді. Ақырында бала кәметтік жасқа жеткенде, тіршіліктегі көптеген әрекеттерді сараптай пайдалануға да шамасы жететін кезеңге шығады. Баланы 4-5 жасында еңбекке баулу, сұлулыққа сүйсінуді де бөлек-бөлек әңгіме.

“Жеті атасын білген ұл - жеті ру, елдің қамын ойлайды” - дейді халқымыз. Балалар бақшасындағы соңғы екі жылды тәрбиелік қуаты мен санадағы өзгерістердің өлшемін еш кезеңдермен салыстыруға келмейді. Бұл шақ адам ғұмырындағы ең алғашқы сана көзі мен сезім түйсіктерінің ағарып атқан ақ таңы тәрізді. Бүкіл адамшылық негіздерінің қайнар көзі де осы тұста ерекше ашылуымен қоса, мінез-құлықтың қалыптасуы да қауырт жүреді. Олар осы жастарында негізі мектепке әзірленеді.

Баланың мектепке жеті жасқа толғаннан кейін баруы өте орынды. Өйткені, адам ең алдымен жаратылыс заңдылықтарына бағынатын биологиялық индивид екенін ешуақытта естен шығармаған жөн. Бала осы жасында физиологиялық бір кезеңінен оның екінші кезеңіне ауысады. Ол сәбиліктен өтіп жас бала сипатына ауысады. Бұл сәттен бастап жыныс бездерінің гармональдық әсерлері өз қызметіне кіріседі. Осылайша адам санасы мен мінез-құлықтарына әсер ететін үш бірдей жүйенің үндестігі басталады. Оларды біздер адам тәрбиесінің үш жүйесі: жүрек тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, жыныс тәрбиесі - деп жіктей саралап, ықпалы мол жүйе ретінде ұсынамыз. Осы үш жүйенің үндесе қызмет істеуінен, бүкіл адамдық темпераменттердің негіздері қалыптасып қана қоймай, сонымен қоса, әр адам өзі тіршілік етіп отырған әлеуметтік ортаның әсерімен қоғамдық тұлға ретінде қалыптаса бастайды. Бұған әр халықтың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын тектік қасиеттерінің әсерлерін де қосқан жөн. Бала тәрбиесіндегі ата-баба зердесі де, оята білсек, олардың ішкі қуат көздерін ашпақ. Жеті жасарлардың ойлауы мен ойнау тәрбиесіне де көптеген өзгерістер енеді. Балаға тәрбие сабақтары I, II, III және IV тоқсандарға жіктеліп өткізіледі және бұл сабақтардың өзіндік бағыт-бағдары мен әдістері болады.

Балиғат кезеңі немесе,

халық педагогикасының VI-ші негізі

“Құпиялы құбылыстарды ғажайып екен дей салуға болмайды”

И.Герге

Баланың мектепке жеті жасында баруы негізінен биологиялық және физиологиялық заңдылықтарды басшылыққа алудан деп түсінген жөн. Өйткені, дәл осы жастан бастап “шабалдың үшінші бұтағы” деп бейнеленетін жыныс жүйесі біртіндеп бүршік жара бастайды. Бұрынғыдай емес, ұл балалар қыздарға, қыз балалар ұлдарға мүлдем жаңа көзқараспен қатынас жасауға ұмтылады. Осы кезеңнен бастап, жыныс безі мен жұлын-жүйке сөлдерінің үндесе қызмет атқаруының арқасында, адамның мінез-құлықтары мен темпераменттері ғана қалыптасып қоймай, әр тұлғаның өз ерекшеліктерінің даралай дамуының ең күрделі сатыларына ауысады. Олай болса, табиғат қашанда заңдылықты сүйетінін ескергеніміз жән.

Адам тәрбиесінің ең алғашқы екі кезеңі, яғни, ұрық тазалығы мен ана құрсағындағы тоғыз ай кезеңінде ойдағыдай жетіліп туған жас балалар әрқашанда алғыр да зерек болып келеді. Олар айналасындағы құбылыстарды тез ұғынып, қабылдауға бейімділік танытумен қоса, түсінгендерін өмір бойы ұмытпайтын зерделіліктің де сапасын байқатады. Баланың осындай ерекше қасиеттері жайында

Н.К.Крупская: “оның ала бөтен ерекше әсерленгіштігі - жеделқабыл танымдылығын да күшейтеді” - деп тұжырым жасайды. Мұны Я.Корчак та: “Бала - сезімділіктің Тәңірі, - деп құптайды. Міне, осы тұжырымдарды жоғарғы нерв жүйесінің ілімдеріне сүйеніп, түсінгіміз келсе, И.П.Павловтың мына сөзіне көңіл аударалық: “Жан-жануарлар әлемінің жетіле өсуінің адамдық фазасында оның жоғарғы нерв жүйелерінің қызметінде қосымша өзгерістер пайда болады. °уелден бар бірінші әсер (сигнал) қабылдау жүйесі жетіле келіп, екінші әсер (сөз) қабылдау жүйесімен үйлеседі. Бұл табиғат шебердің жасаған тіршілік әлемінің шырқау шыңы еді...” - дейтін ғылыми жаңалығының маңызы зор. Сонымен қоса, бұл екі жүйе тепе-теңдік заңдылығын үнемі сақтауға тиіс.

Біз халық педагогикасының негіздері туралы осы еңбегімізде, ұрпақты үзіліссіз тәрбиелеудің кестесін жасап, біртұтас үзіліссіз қазақ мектебінің болашақ құрылымының сызбасын ұсындық.

Жалпы адам ғұмырындағы ең бір жауапты кезең ол мектеп қабырғасында өтетін тәрбие мен тәлімнің дұрыс ұйымдастырылуы болып табылады. “ұйымдастыру - деген сөз XX ғасырдың ең ұлы ұғымына айналып отыр. Оны терең түсініп дұрыс жолға қоймайынша адамзат қауымының үндестікке толы өркенін көз алдына елестетудің өзі қиын. Өйткені, әрбір жеке адамның іс-әрекетінен бастап мемлекеттік басқару жүйелеріне дейін, тіпті, ғылым мен творчествоның да ерекше жемістілігіне, тек дұрыс ұйымдастыру шеберлігін игергенде ғана қолымыз жетпек. Олай болса, адам баласының шыр етіп дүниеге келгеннен кәмелетке жеткенге дейін өтетін сан алуан тіршілік сабақтары барынша дұрыс ұйымдастырылуы қажет. Өйтпесе, ұрпақтарымыздың тәрбиесі мен тәлімі жанбай жатып сөнуге де, ақпай жатып іркілуі де ғажап емес. Ол үшін биологиялық индивид ретінде, ең әуелі адамның табиғаты мен жан-дүниесін түсініп алған жөн. Міне, осынау күрделі құбылыстың жауабын адам жаратылыстарын терең зерттеген ғұламалар - әл-Фараби, ибн-Сина, Ф.Энгельс, И.В.Павлов пен А.А.Ухтомскийдің - еңбектерінен байғауға болады.

Мәселен, баланың биоритмдерін салыстыра келіп (тамыр соғуы, тыныстауы, жүйкенің қозуы мен саябырлауы және т.б.), оның ойлау қабілетінің белсенділігін анықтай келгенде, қазіргі біздердің мектептерде пайдаланып жүрген 45 минут уақыт - мидағы биоритмді ескермейтін ұзақтығын байқатады. Ендеше, тіршілік ырғақтарын бұзу арқылы, әсіресе, бастауыш сыныптың оқушыларын тез шаршату оңай екен. Биоритмді ескермей жүргізілетін сабақтардың сапасы да нашар, оның үстіне баланың ынта-жігерлерін де әлсіретіп, бірте-бірте бейтараптық мінезге үйретеді екен. Сондықтан, әсіресе, бастауыш сыныптардың сабақтары 30-35 минуттан аспағаны ғылыми негізделген. Белгілі гигиена маманы Р.Г.Сапожникова, өзінің көп жылғы зерттеулерін қорытындылай келіп: “кез келген сабақтардың соңғы 10-15 минуттары баланы қатты шаршататындықтан, оның тақырыпты игеруі мен қабылдауында өте көп кемістік бар” - деуінде үлкен шындық жатыр. Осыны қуаттай пікір айтқан А.Н.Кабанова: “Сабақтардың уақыт мөлшерлерін қысқарту арқылы ми қабаттарының тез сергіп, жаңа қуаттылыққа ауысуына жағдай жасалынып, сонымен қоса, оның қабілетін арттырумен жоғарғы деңгейдегі биоырғаққа жетілдіреді, - деп тұжырымдайды.

Кәмелеттік кезеңі, немесе,

халық педагогикасының VII-ші негізі

Жаппай міндетті білім беретін негізгі мектептің (7-8-9) оқу көлемі мен мазмұны тоғызыншы сыныппен аяқталуы керек. Осы кезде мектеп бітіретін қыз бен жігіттер 15-тен 16-ға шығады. Бұл жастар азаматтық жауапкершілікке жетіп, қолдарына куәліктерін алады. Міне, осы сәттен бастап еш зорлықсыз әр адам өзінің келешегін, табиғи қабілеттеріне орай таңдауы қажет. Сонда ғана тіршілік үндестіктері өз орындарында болмақ. Біз ұсынып отырған оқу жүйесінің құрылысы негізінен физиологиялық заңдылыққа бағынса, сонымен қоса, қоғамдық өзгерістердің ішкі қатынастарын да ескеретіндігімен құнды. Өйткені, он алты жасқа толған жігіттер мен қыздар өз мүмкіндіктерін, басқаға қарағанда өздері әлдеқайда жақсы білетіндігін ұғынуымыз керек.

ТҮЙІН ОЙ

Осынау барынша түйіндей қысқартып жазылған «Адам тәрбиесінің жаңа ілімінің» - Жеті түрлі негіздері, немесе Физиологиялық кезеңдері бұрын-соңды бүйтіп жүйеленбегенін ұққан дұрыс. Байқасаңыздар әр кезеңнің Басы мен Аяғы бар екендігімен қоса, тек сол кезеңдердің өзіне ғана лайықты ТӘРБИЕ ТӘСІЛДЕРІ болатындығы да алғаш рет айтылып отыр. Осылайша, адамдағы Тән құрылысы мен Жан дүниесінің тәрбие тәсілдері өзара үндеспей, Абай ғұлама аңсаған «толық адам, нұрлы ақылдың» шұғылалы сәулесіне шомыла алмайтынымыз анық. Бұл ілімнің иновациясы мен технологиясын, «Педагогика мен психология негіздері» (2008) атты оқулық-монографиядан жан-жақты танысып, тіпті оның екі сатылы МЕТОДОЛОГИЯСЫ мен ЖҮРЕК ТӘРБИЕСІ және АҚЫЛ ТӘРБИЕСІ делінетін екі жүйесін де зерделеуге болады. Мұнан да мол бұрындыры педагогика ғылымдарында айтылмаған ұсыныстарға ой жүгіртетіндеріңізге сенемін. Әділетті түрде талқылау мен талдауға алынғаны жөн болар еді.

ЖАРЫЛҚАСЫН АМАНҰЛЫ
ақын, сазгер, күйші.

Совет-Хан Ғаббасовқа.
Қаз дауысты Совет-Хан !
Қаз дауысты Қазыбектей – үндісің ?!
Байтұрсынов Ахметпен – ойың бір,
Ахметтей білімдісің., тілдісің.
Ұрпақ үшін...
Түн ұйқыңды – төрт бөліп,
Көкірегің - өрт болып,
Қайран Ерім – жүрмісің ?..

- «Жаның таза, тәнің таза болмаса,
Жойылады Рухың» - деп,
- «Егер Рухың болмаса,
Жойылады тілің, дінің, ғұрпың» - деп,
Шыбын жаның шырқырап жүр Ерім-ай,
- «Бірте-бірте жойылып,
Кетер ме екен – Ұлтым» - деп !

- «Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тіліңді құрметте»- ...
Деген ақын кім екен ?
Кезі кеп бір тілдессе.
- Өз тілімді білемін,
Ұмытпаймын өлгенше.
Жалау ету – жат тілін,
Дерем – саған міндет пе ?
Сақта Алла тағы да,
- «Үш тұғырлы тіл» - деген,
Ұшырадық – індетке ?!

Саналы да - санаулы,
Сөз астарын – түсінер.
Тілін білмей өзінің
- «Өзге тілді – білем» - деп,
Қандай адам – күпінер.
Біз секілді – Ұрпақ та,
Мәңгүрттеніп кетпесе,
- «Сатқындар» - деп, бәрі де,
Бетімізге – түкірер...

Қайран – Сәкем,
Тіл мен Діннің, Діл мен Тіннің,
Тазалығы - қамы үшін,
Қайнап жатыр көкірегің де,
Болат, құрыш – намысың.
Ұрғындағы қан мен майды,
Айырмайтын топастар,
Ұстап берген жауыздарға,
Алаштың -
Әлихан мен Ахметтей арысын.

- “Заман солай болды ғой, - деп,
Айтатында бар шығар.
Қиянатты көріп тұрып,
Оған қалай жан шыдар.
Қаз дауысты Совет-Ханым,
Ауыр жүк бар мойның да
Ердің Ері – нар шыдар.
Байтұрсынов Ахметтей бір тумам,

Сөйлеп кетсең – тіліңнен бал тамшылар.
Құтты болсын – **Жетпіс** жасқа келгенің,
Әлі талай ақыл кенің,
Бұлақ көзің - аршылар.

24. 01. 2009ж.

1. *Әбу Насыр әл-Фараби, Таңдамалы трактаттары, «Арыс», 2009.*
2. *Совет-Хан Ғаббасов, Педагогика мен психология негіздері, А. 2008.*
3. *Ибн Сина, Избранные философские произведения, М. 1980.*
4. *Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы, Шипагерлік баян, А. 1996.*
5. *Аристотель, Сочинения 4-х томах, Т-2, М. 1978.*
6. *Воспоминания о К. Марксе и Ф.Энгельсе, Т-1-2, М. 1983.*
7. *Е.П. Блаватской, Раоблаченная изида, Т-1-2. М. 1999.*
8. *Ж. Баласағұн, Құтадғу біліг, А. 2006.*

УДК 378.1 (574)

РОЛЬ РЕФЛЕКСИИ В САМОРАЗВИТИИ ЛИЧНОСТИ СТУДЕНТОВ

М.А. Абсатова – д.п.н., профессор, КазНПУ им. Абая,

Д.Д. Тектибаева – докторант КазНПУ им. Абая специальности 6D010300 – педагогика и психология

Түйін. Болашақ оқытушының құндылықты-мағыналық саласының қалыптасуы, өмірлік кәсіби тәжірибесінің жоспарлануы, іс-әрекеттің және де өзін-өзі дамыту үрдісіндегі рефлексия қазіргі таңдағы педагогикалық әрекеттестіктің аса өзекті мәселелері болып саналады. Сондықтан осы мақалада өзін-өзі дамыту үрдісіндегі рефлексияның маңыздылығы қарастырылған. Өзін-өзі дамыту және рефлексия ұғымдардың түсініктемелері мен түрлері қарастырылған.

Annotation. The problems of future teacher's valuable-meaningful sphere formation, development of life professional experience, the reflection of activity and of the availability of inclusion into the self-development are relevant in contemporary pedagogical cooperation. These are the reasons why in this article we distinguish the role and the meaning of the reflection in the process of self-development. Here we investigate the notions of "self-development" and "reflection" and its types.

Важность и социальная значимость педагогической деятельности, а также роль педагогов и учителей в деле формирования и воспитания будущих поколений казахстанцев отмечается во всех основных законодательных и нормативных актах. Так, в Законе «Об образовании» Республики Казахстан предусмотрено, что государство признает особый статус педагогических работников в обществе и создает условия для осуществления профессиональной деятельности. В свою очередь, обязанностью педагога является постоянное совершенствование своего профессионального мастерства, интеллектуального, творческого и общенаучного уровня. Подобного рода требование обосновано современными реалиями и необходимостью подготовки конкурентоспособных профессионалов, готовых к условиям постоянного совершенствования деятельности во всех сферах.

Проблема формирования будущими педагогами ценностно-смысловой сферы, проектирование жизненного профессионального опыта, рефлексия деятельности и возможности включения в саморазвитие актуальна в современном педагогическом взаимодействии. На современном этапе образования педагогическая наука и практика решают проблемы реформы и обновления содержания, методов и форм учебно-воспитательной деятельности, реализации инновационных педагогических технологий, способствующих успешному творческому и осмысленному саморазвитию обучающихся. В связи с этим, существует необходимость научного осмысления, теоретического обоснования продуктивных способов формирования ценностно-смысловых ориентаций будущих педагогов на саморазвитие.

Традиционно исследования рефлексивных процессов проводят в разных областях как педагогики, так психологии. Для раскрытия психологического содержания различных феноменов рефлексия рассматривается в рамках подходов к исследованию сознания (Выготский Л.С. и др.), мышления (Алексеев Н.Г., Давыдов В.В., Зак А.З., Рубинштейн С.Л., Семенов И.Н., Степанов С.Ю. и др.), творчества (Пономарев Я.А. и др.), общения (Бодалев А.А. и др.), личности (Абульханова-Славская К.А., Анцыферова Л.И. и др.).

Анализ психолого-педагогической литературы показал, что саморазвитие личности – это интегративный процесс. Существуют разные подходы к структуре саморазвития. Одни авторы, например Д.Ю. Ануфриева, считает этот процесс трехкомпонентным, включающим рефлексию, саморегуляцию, компонент развивающего взаимодействия, «находящего свое выражение в умении личности находить условия для собственного развития» [1].

По мнению Н.И.Куликовой, Н.М.Борытко и Л.В.Шелестовой, процесс саморазвития личности снабжен «уникальными самоусиливающимися механизмами» - антиципацией, интроверсией, рефлексией. Без механизмов рефлексии не мыслится становление личностной и профессиональной позиции будущих специалистов [2, с. 266-268].

Личностное саморазвитие будущих специалистов через механизм рефлексии изучали Л.Н. Борисова и Н.Г.Пешков. Они утверждали, что только рефлексирующий человек обращен к культуре, способен на преобразующую деятельность и на саморазвитие. Рефлексия в педагогическом процессе выступает механизмом самоанализа, самоконтроля, осмысления своей деятельности [2, с. 291-292].

Теоретически роль рефлексии в психическом развитии учитывается Л.С. Выготским, считающим, что «новые типы связей и соотношений функций предполагают в качестве своей основы рефлексию, отражение собственных процессов в сознании» [3; 141], и С.Л. Рубинштейном, подчеркивающим, что «возникновение сознания связано с выделением из жизни и непосредственного переживания рефлексии на окружающий мир и на самого себя» [4; 260].

Как известно, рефлексия является одной из форм самосознания человека, и занимает важную роль в саморазвитии личности.

Необходимо отметить, что когда человек выступает субъектом своей деятельности, он может объективно проанализировать свои действия и поступки, может продуктивно разрешить назревшие противоречия, может осмыслить свою жизнь, мы говорим о нем как о человеке с высоким уровнем рефлексии.

В каждом творческом акте человек понимает и познает себя, выходя за пределы автоматически текущего процесса или состояния. Обеспечить выход за эти пределы помогает рефлексия. Опыт рефлексии как компонента саморазвития личности бесспорно важен для дальнейшего самостроительства личности студента: именно рефлексия помогает эмоционально пересмотреть, «пережить» осознаваемые достоинства и недостатки собственной личности, адекватно самоопределяться в обстоятельствах и программировать свои изменения, соответствующие этим отношениям. В процессе рефлексии происходит осознание своего отношения к собственной учебной деятельности, ее результатам, это несет особое удовлетворение – от своей неуспокоенности, осознанного выбора [5].

Как правило, когда рассматривают механизмы деятельности человека, то больше внимания уделяют организационно-формальным механизмам, основанным на внешней мотивации, это приводит к умалению значения личностного смысла и внутриличностных сил человека.

Как отмечают ученые, самосознание позволяет интегрировать внутриличностные особенности и социальные позиции (внешние, по отношению к личности) в деятельности субъекта. Этим самым обеспечивается личностный рост, в ходе которого человек постоянно связывает себя с тем, что его окружает (проблемы, ценности, задачи). Иначе говоря, самосознание позволяет осмысленно выстраивать пространство и перспективы своего движения. Способы самосознания определяются структурой деятельности. По определению Ф.Энгельса, «...никак не избежать того обстоятельства, что все, что побуждает человека к деятельности, должно проходить через его голову... Воздействие внешнего мира на человека запечатлевается в его голове, отражается в ней в виде чувств, мыслей, побуждений, проявлений воли, словом - в виде «идеальных стремлений» [6, с.290].

В качестве исходного момента в самосознании, предполагается наблюдение человека за самим собой, за своей деятельностью и способами ее осуществления. Такая позиция личности по отношению к своему «Я» и особенностями его реализации в предметной деятельности через средства деятельности, в научной практике определяется понятием «рефлексия».

Итак, *рефлексия* - это «форма теоретической деятельности общественного развития человека, направленная на осмысление собственных действий и законов, деятельность самосознания, раскрывающая специфику духовного мира человека» [7, с.55], а так же «процесс самопознания субъектом внутренних психических актов и состояний; это форма осознания действующим индивидуальным или совокупным субъектом (человеком или общественностью) того, как он действительно воспринимается и оценивается другими субъектами» [5].

Хотелось бы подчеркнуть, что рефлексия в познавательной деятельности позволяет учащемуся встать

на позицию активного субъекта собственной деятельности. Рефлексия помогает реализовать потребности к самоотчету об испытываемых переживаниях, сознанию и самоанализу собственных действий.

Рефлексивный компонент выражается в умении учащегося переосмысливать отношение к собственной деятельности, который выражается (компонент), с одной стороны в построении новых образов себя, его различных подструктур (Я-реальность, Я-будущее, Я-идеальное и т.д.), реализующихся в виде соответствующих поступков, а с другой - в глубоком понимании смысла связи своей личности и познавательной деятельности.

Рефлексия проявляется и функционирует как обращенное на самое себя осознание, как сознание о сознании. В рефлексии как акте самосознания осуществляется переход от индивидуально заданного к общественно заданному и обратно. Если сознание изучает внутренние структуры и закономерности их функционирования, то процессом рефлексии «интимные» механизмы субъективной деятельности объективируются, фиксируются в качестве самостоятельного объекта рассмотрения [8]. Категоризация рефлексии как одного из принципов мышления соотносит ее с процессом познания. В последнее время в научных исследованиях К.А.Абульхановой-Славской, А.В.Брушлинского, В.К.Зарецкого, Jn.Natsaulas, O.Selz, J.Radford, посвященных проблеме рефлексии, все чаще обращаются к личностному аспекту [8, 9, 10].

Личностная рефлексия обращена на самого человека и приводит к переосмыслению всей его деятельности. Категория «рефлексии», как наивысший уровень самосознания, в научной литературе описывается в терминах самопознание, самоанализ, самооценка, самосовершенствование [8,9,11].

Самосознание личности, в форме рефлексии составляет ядро личности, в котором ведущие структуры личности приходят к взаимному согласованию и определяют направление деятельности. К таким структурным компонентам относятся мотивы, установки, ценности, убеждения. В связи с этим анализ процесса рефлексирования личностью своей деятельности, отвечает на вопросы, отражающие сущность личностной рефлексии: что Я думаю, для чего, как, правильно ли Я думаю, что Я при этом чувствую, как к этому относятся другие, для чего и как Я это делаю, как должно быть в идеале.

Анализ научной литературы показал, что развитие рефлексии - это внутрилличностный процесс, который определяется динамикой ценностно-смыслового образования в ходе субъективной деятельности. С помощью рефлексии внешние объективные обстоятельства интериоризируются в психике и экстериоризируются в изменении ею своего «Я», а через него и в новых способах деятельности. Рефлексия, по мнению К.А.Абульхановой-Славской, Г.Алимухамбетовой, В.Г.Куценко, В.А.Сластенина, выполняет регулирующую и управленческую функции в деятельности субъекта. На основе этих функций строится «самопроектирование» субъекта, усвоение и присвоение того, что он считает необходимым иметь в своем «Я» [9].

Ученые Степанов С.Ю., Семенов И.Н. выделяют наличие типов и видов рефлексии, в частности, интеллектуального и личностного типов рефлексии. Интеллектуальная рефлексия включает в себя такие виды, как экстенсивный, интенсивный, конструктивный, а личностная — ситуативный, ретроспективный, перспективный. [12,13]

Также, исследователи выделяют следующие роль и место рефлексии в мышлении:

рефлексия есть проявление высокого уровня развития мыслительных процессов (Н.Г.Алексеев, В.В.Давыдов, А.З.Зак, Ж.Пиаже, С.Л.Рубинштейн);

рефлексия позволяет человеку сознательно регулировать, контролировать свое мышление как с точки зрения его содержания, так и его средств (Л.Н.Алексеева, И.Н.Семенов, Д.Дьюи);

рефлексия есть фактор продуктивности мыслительной деятельности (И.С.Ладенко, Я.А.Пономарев);

рефлексия помогает "войти" в ход решения задачи другого человека, осмыслить его, "снять" содержание и, в случае необходимости, внести необходимую коррекцию или стимулировать новое направление решения (Ю.Н.Кулюткин, С.Ю.Степанов, Г.С.Сухобская).

в личностной сфере человека рефлексия охватывает как коммуникативные процессы, так и процессы самоосмысления, самосознания:

рефлексия является гарантом позитивных межличностных контактов, определяя такие партнерские личностные качества, как пронизательность, отзывчивость, терпимость, безоценочное принятие и понимание другого человека и др. (С.В.Кондратьева, В.А.Кривошеев, Б.Ф.Ломов);

рефлексия обеспечивает взаимопонимание и согласованность действий партнеров в условиях совместной деятельности, кооперации (В.А.Лефевр, Г.П.Щедровицкий);

рефлексия как способность человека к самоанализу, самоосмыслению и переосмыслению стимулирует процессы самосознания, обогащает "Я-концепцию" человека, является важнейшим фактором личностного самосовершенствования (А.Г.Асмолов, Р.Бернс, В.П.Зинченко);

рефлексия способствует целостности и динамизму внутренней жизни человека, помогает стабилизировать и гармонизировать свой эмоциональный мир, мобилизовать волевой потенциал, гибко управлять им (В.В.Столин, К.Роджерс). [14]

Однако, выделение указанных сфер существования рефлексивных процессов в значительной степени условно. В психологической реальности бытия человека его мышление не изолировано от его личностных особенностей. Напротив, как показывают результаты экспериментальных исследований, продуктивность мышления в значительной мере зависит от реализации личностной позиции субъекта мышления, от глубины его "личностных смыслов" (А.Н.Леонтьев), вовлеченных в решение проблемы. Механизмом, опосредующим и связывающим операционально-предметную сторону мышления и личностные смыслы субъекта, включенные в мыслительный процесс, является рефлексия (А.В.Брушлинский, Ю.Н.Кулюткин, Г.С.Сухобская, И.Н.Семенов).

Таким образом, достаточно развитая рефлексия позволяет личности оценить свою деятельность, а потом в целом жизнедеятельность взглядом как бы «со стороны». При этом раскрываются способы различных уровней деятельности и их связи, осуществляется самооценка деятельности и выявляется ее субъективный, индивидуальный характер («почерк»)

По мнению К.А.Абульхановой-Славской, когда рассматривается деятельность, обращают внимание на то, что она ведет к изменению объекта или предмета, совершенно выпуская из виду то, что одновременно она и есть изменение самого субъекта. Иначе говоря, изменение качества деятельности неизбежно влечет за собой изменение качества ее субъекта. Следовательно, повышение качества деятельности обуславливает саморазвитие личности, как субъекта, в основном благодаря его развитой рефлексивной способности.

Основная роль рефлексии в творческой, мыслительной деятельности состоит в целеполагании, установлении и регулировании адекватных требований к себе на основе соотнесения предъявляемых извне требований, ситуационной специфики самого субъекта. Поскольку главным в педагогическом процессе на сегодняшний момент определяется развитие личности субъектов процесса, а развитие является процессом внутренним и судить о его прохождении доступно, прежде всего, самому субъекту, то оценку такого развития и позволяет совершить рефлексия, как акт самонаблюдения, самоанализа, саморазмышления. В педагогическом процессе рефлексивные умения позволяют его субъектам организовывать и фиксировать результат состояния развития, саморазвития, а также причин положительной либо отрицательной динамики такого процесса. [14]

Обобщение вышесказанного позволяет выделить еще одну особенность процесса саморазвития личности: саморазвитие личности - ведущая интегральная функция самосознания, предполагающая достаточно высокий уровень его сформированности, рефлексии.

Таким образом, *саморазвитие* - это процесс, в ходе которого у человека развивается опыт внутреннего взаимодействия с самим собой, предполагающий соответствие, согласованность внешних воздействий (педагогических) с внутриличностным потенциалом.

Неоднозначность понимания процесса саморазвития отражается в том, что саморазвитие - это процесс, обусловленный природно, то есть предопределен биологически, генетически, осуществляемый благодаря природной активности индивида. В тоже время, это процесс, детерминируемый воздействиями среды развития - воспитанием и образованием. И наконец, саморазвитие реализуется внутриличностными факторами: ценностями, целями, волей и рефлексией.

1. Ануфриева Д.Ю. *Саморазвитие учителя в процессе подготовки к педагогической деятельности: Дисс... канд. пед. Наук* – М., 1996. – 153 с.
2. Сергеев Н.К. *Самоорганизация личностного пространства педагога. // Материалы IX международной конференции «Современные технологии обучения».* – СПб., 2003. – С.266-268
3. Выготский Л. С. *Динамика и структура личности подростка.* – В кн.: *Хрестоматия по возрастной и педагогической психологии.* М., 1982, с. 138-142.
4. Рубинштейн С. Л. *Бытие и сознание.* – М., 1957. – 328 с.
5. Куликова Л.Н. *Проблемы саморазвития личности.* – Хабаровск. ХГПУ, 1997. – 315 с.
6. Энгельс Ф. *Людвиг Фейербах и конец классической немецкой философии // Маркс К., Энгельс Ф., Соч. – Т.21. – С.290*
7. БСЭ. – М., 1975. Д.22. – С.55
8. *Диалектика рефлексивной деятельности и научное познание. Отв.ред. Е.Я.Режабек.* – Ростов, 1983. – 240 с.
9. Абульханова-Славская К. А. *Психология личности и деятельность.* – М., 1980. – 334 с.
10. Зарецкий В.К., Семенов И.Н., Степанов С.Ю. *Рефлексивно-личностный аспект формирования решения творческих задач // Вопросы психологии.* – 1980, №5. – С.112-117

11. Огурцов А.П. Рефлексия. // Философская энциклопедия. – Т.4, 1967. – С.499-504.

12. Зарецкий В.К., Семенов И.Н., Степанов С.Ю. Рефлексивно-личностный аспект формирования решения творческих задач // Вопросы психологии. - 1980, №5. - С.112-117

13. Степанов С. Ю., Семенов И. Н. Проблема формирования типов рефлексии в решении творческих задач. – Вопросы психологии, 1982, № 1, с. 99-104.

14. Рефлексия. Педагогическая рефлексия. [Электронный ресурс] // сайт «Ваш психолог. Работа психолога в школе». URL: <http://vashpsixolog.ru/lectures-on-the-psychology/134-other-psychology/792-reflection-teacher-reflection> (Дата обращения: 11.06.2013).

СТУДЕНТТІК КЕЗЕҢДЕГІ ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУҒА ОРТАНЫҢ ӘСЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.

Ұ.Б. Ағыбаева – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің психология кафедрасының п.ғ. к., доценті,

Қ.Б. Қойшыбаева – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті психология кафедрасының п.ғ. магистрі,

Л.Б. Қожахметова – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті психология кафедрасының магистранты

Резюме

В статье рассматриваются некоторые психологические особенности влияния окружающей среды на самопознания и развития личности студенческого возраста.

Summary

The article discusses some of the psychological characteristics of environmental influences on self-knowledge and personal development of college-age

Студенттік кезең тұлғаның қалыптасуындағы күрделі және маңызды кезеңдердің бірі, себебі осы кезеңде адам балалық шақтан ересектік тәуелсіз өмірге қадам жасайды.

Белгілі бір жастық кезеңнің даму ерекшеліктерін кеңестік психологияда дамудың әлеуметтік жағдайы түсінігімен байланысты талдайды. Л.С.Выготскийдің пікірінше, әрбір жас кезеңнің басына қарай бала мен орта арасында сол жасқа тән жалғыз және қайталанбас қарым – қатынас орнайды. Бұны ол «берілген жастағы дамудың әлеуметтік жағдайы» деп атады. Осы терминмен Л.С.Выготский дамудың ішкі процестері мен сыртқы орта жағдайларының ерекше үйлесімін белгіледі. /1/

Ол әрбір жастық кезеңге тән және осы жастық кезеңде психикалық дамудың динамикасы мен жастық кезеңнің аяғына қарай пайда болатын жаңадан пайда психологиялық түрді қамтамасыз етеді. Осылайша, тұлға дамуының бір кезеңі ретіндегі студенттік шақтың нақты мазмұны, бірінші кезекте, әлеуметтік жағдаймен анықталады. Жастардың қоғамдағы орны мен басқа да көптеген факторлар әлеуметтік жағдайға тәуелді.

Студенттердің өзін-өзі тануға қабілеттері де түрлі болып келеді. Өзін-өзі тануға қабілет – бұл адамның өзін-өзі тез, сапалы, жан-жақты, адекватты тануына мүмкіндік беретін тұлғалық сапалар. Осындай қабілеттердің түрлі даму деңгейлеріне байланысты студенттер бір-бірінен ерекшелінеді: кейбіреулер үнемі өзін-өзі танумен айналысады, өздерін жақсы, жан-жақты біледі және осы білімдерін өмірі мен іс-әрекет барысында пайдалана алады; өзгелері өзін-өзі танумен сирек айналысады, олардың өзі туралы үзілді-кесілді және ең маңыздысы олардың өзі туралы түсінігі адекватты емес, яғни шындыққа сәйкес келмейді. Біз өзін-өзі бағалауы төмен немесе жоғары адамдармен жиі ұшырасамыз, олар осы себептерге байланысты әлеуметтік орта мен, әлеммен қарым қатынас орната алмайды.

Алайда, кез-келген қабілет секілді өзін-өзі тану қабілетінде дамытуға болады. Ол үшін өзін-өзі танудың жағымды мотивациясын қалыптастыру қажет; идентификация және рефлексия өзін-өзі танудың негізгі механизмдерінің потенциалын толығымен пайдалану қажет; өзін-өзі бақылау, өзін-өзі талдау, өзін-өзі моделдеу және т.б. сияқты өзін-өзі танудың спецификалық тәсілдерін үйрену қажет; көркем әдебиеттерді оқу, психологияны оқу, күнделік жүргізу сияқты өзін-өзі танудың түрлі құралдарын пайдалану қажет.

Өзін-өзі танудың ең кең таралған тәсілдеріне өзін-өзі бақылау, өзін-өзі талдау, өзін қандайда бір «өлшеммен» салыстыру жатады.

Өзін-өзі бақылау. Бұл өзін-өзі, өз жүріс-тұрысын, әрекеттерін, ішкі әлемінің оқиғаларын бақылау арқылы өзін-өзі тану тәсілі. Бір кездері психологияның негізгі әдісі ретінде болған және «интероспекция»

деп аталған өзін-өзі бақылаумен адамзат бұрынан таныс. Кейінен бұл әдістен негізгі әдіс ретінде бас тартты, себебі ол өте субъективті және адам психикасының нақты бейнесін бере алмады, алайда өзін-өзі танудың тәсілі ретінде үлкен мәнге ие.

Өзін-өзі бақылау мақсатқа бағытталған және мақсатқа бағытталмаған болып бөлінеді. Мақсатқа бағытталмаған ретінде өзін-өзі бақылау үнемі жүзеге асып отырады және сананың қызмет атқаруына ұқсас. Біз қандайда бір әрекет үстінде өзімізді-өзіміз бақылап отырамыз, өзін-өзі бақылауды жүзеге асырамыз. Жүріс-тұрысымыз өзгелер немесе өзіміз белгелеген нормативтен ауытқып кеткен сайын біз оған түзетулер енгізіп отырамыз. Мақсатқа бағытталмаған өзін-өзі бақылаудың барысында фактілер жинақталады, олардың кейбіреулері маңыздылығына немесе қайталануына қарай біздің санамыздың объектісіне айналады, яғни анықталады, белгіленеді, талданады.

Мақсатқа бағытталған өзін-өзі бақылау біз өзімізден қандайда бір тұлғалық қасиетті немесе сапаны анықтау және көздеген кезде орын табады. Ол үшін адам өзін жиі сәйкес жағдайға қояды немесе сол жағдайды өзі жасайды, яғни өзін-өзі өзіндік эксперимент жүргізеді. Адамның өзіндегі белгілі бір қасиетті немесе сапаны анықтауға және белгілеуге мүмкіндік беретін арнайы ұйымдастырылған психологиялық тренингтер жүргізілетін мұндай экспериментке жақсы мүмкіндік туғызады.

В.Г.Мараловтың пікірінше, мақсатқа бағытталған және бағытталмаған өзін-өзі бақылау да тұлғаның қасиетін, мінез-құлық ерекшеліктерін, қарым-қатынас ерекшеліктерін және т.б. анықтап белгілеуге мүмкіндік береді.

Өзін-өзі талдау. Өзін-өзі бақылау арқылы анықталған қасиеттер талдауға ұшырайды, яғни талдаудың барысында анықталған тұлғаның қасиеті немесе мінез-құлық сипатының себеп-салдар байланыстары анықталады, адамның өзі туралы, берілген нақты қасиеті туралы ойлану процесі жүреді. /2/

Өзіндік сана мәселесімен айналысатын барлық зерттеушілер оның құрылымының күрделі екендігін айтады және оны көптеген компоненттерден тұратын жаратылыс ретінде қарастырады. Әдетте, өзіндік сананы екі құрылымдық компонентін бөледі: өзін-өзі білу және өзіне қатынасы (М.И.Лисина). И.И.Чеснокова өзіндік сана құрылымының үш компонентін бөледі: танымдық (өзін-өзі тану), эмоционалды (өзіне қатынасы), еріктік (өзін-өзі реттеу).

Л.Д.Олейник өзіндік сананың құрылымының алты компонентті үлгісін ұсынады: өзін-өзі сезіну, өзін-өзі тану, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі сынау, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі реттеу.

Өзін-өзі танудың дамуымен, оның ерекшеліктерімен байланысты мәселелер өте аз зерттелген. Осы бағытта А.Г.Спиркиннің, М.И.Лисинаның, И.И.Чеснокованың жұмыстарын атап өту қажет.

И.И.Чеснокова өзін-өзі тануды процесс ретінде қарастыра отырып, оның когнитивті, эмоционалды-бағалау және жүріс-тұрыс сияқты үш құрамдас компоненттерінің өзінің ішкі процестерінің бірлігі арқылы өмір сүретіндігін бөліп көрсетеді. Автордың пікірінше, өзін-өзі тану өзіндік сананың тіршілік етуі мен көрінуінің негізі. Адамның өзін-өзі тануы арқылы алған білімі өзіндік сананың орталық ядросы болып табылады./3,4/

Кеңес психологиясында тұлғаның өзін-өзі анықтауы адамның қоғамдық қатынастар жүйесіндегі өз орнын белсенді түрде анықтауы ретінде түсіндіріледі.Л.И.Божович, И.С.Кон осы құбылыстың негізгі белгісі ретінде жасөспірімдердің ересек адымның ішкі позициясын ұстануға, өзін қоғамның мүшесі ретінде сезінуге, өзінің өмірдегі орнын анықтауға, яғни өзін және өзінің мүмкіндіктерін тануға қажеттілігін көрсетеді. Субъектінің тұлғалық өзін-өзі реттеуі өзін-өзі анықтауының механизмі және оның процессуалды жағы болып табылады.

Өзін-өзі тануға өзіндік сананы талдау контекстінде де, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі тәрбиелеу мәселелерін өңдеу кезінде де «философиялық әдебиеттерден де лайықты орын берілмесе де, дегенмен бізге белгілі барлық еңбектерде тұлғаның өзіндік санасының жетекші қызметі ретінде мойындалады. Және ол кездейсоқ емес, себебі кез-келген құбылыс санада ол білетіндіктен пайда болады. Білім сананың жалғыз заттық қатынасы».

Ал өзін-өзі тануды процесс ретінде адамның өзі туралы бір білімінен екінші біліміне, оны анықтауға, тереңдетуге, кеңейтуге және т.б. үздіксіз қозғалуынан көруге болады.

Өзін-өзі тану тек өзі туралы білім жинақтау ғана емес. А. Н. Леонтьевтің айтуынша, өзіндік сананың негізі ретінде, білім «индивидтегі негізі қаланған әлемді, «өзін-өзі өзекті етуге» қажеттілігін түсінуге ұмтылысы түрінде мәлімделуі қажет.

Бір жағынан, «... өзін-өзі бақылау, өзін-өзі тану- бұл шынайы индивидтің өзіндік санасы» болса, екінші жағынан, өзін-өзі тану мәселесі өзіндік санаға келмейді, себебі, өзіндік сана тұлғанның бір қалыптылығын сақтап қалуға жалпы ұмтылысынан көрінеді, сондықтан қоршаған шындықтың тұрақсыз жағдайларына бейімделуіне жауап беретін салыстырмалы түрдегі тәуелсіз құрауыштарына үнемі қажеттілік туып отырады. Осындай өзіндік сананы құрайтындардың болып өзін-өзі тану процесі табылады.

Өзін-өзі тануды қоршаған орта туралы ақпарат өзін-өзі қабылдаудың пәндік аймағы және адамның іс-әрекеті субъектісі ретіндегі өзі туралы ақпараты спецификалық түрде араласып жатады. Екінші типтегі ақпараттандыру когитация процесінде жүзеге асады. Когитацияның мәні- индивид өзін белгілі бір нақты жағдайдан және оның қызметінің өрістеуіне себеп болатын қатынастар жүйесінен тыс сезіне алмайды. Алайда, сонымен қатар әр сәтте оның зейіні не өзіне, не өз қызметінің мазмұны мен жағдайына бағыттталып отырады. Бірінші жағдайда–ол когитация, екіншісінде-рефлексия. Яғни, бұл жерде рефлексияның мәні менің өзіме және қызметіме қатысты не сезінетінімде, когитация – менің жалпы не сезінетінім. Осы екі процесс өзін-өзі танудың екі жақты мәнін құрайды, яғни менің өзім туралы қандай да бір мәліметім бар.

Өзін-өзі танудың жалпы екі түрін бөледі; еріксіз өзін-өзі тану және мақсатқа бағытталған өзін-өзі тану немесе өзін-өзі талдау.

Өзін-өзі танудың құрылымы адамның өзін-өзі таныуының элементтері немесе тәсілдерінен тұрады деуге болады,яғни өзін-өзі қабылдаудан, өзін-өзі бақылаудан, өзін-өзі талдаудан, өзін-өзі бағалау мен оның даму деңгейінен тұрады.

П.Р. Чаматаның айтуынша, адам өзі туралы негізгі білімді өз мінез- құлқына өзгелердің берген бағаларын саналауы нәтижесінде алады.

Өзіндік сана мен өзін-өзі танудың қалыптасуы – интерактивті процестер екенін ескере отырып, біз В. С. Мерлиннің пікірімен келісеміз. Оның пайымдауынша, тек іс - әрекеттің жемісті болуына септігін тигізетін психикалық қасиеттерді ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік бағалауға жиі ұшырайтын психикалық қасиеттерді де жақсы саналауға болады.

Кеңестік психологияда өзін-өзі бағалауды тұлғаның өзіндік сана формаларының бірі ретінде (Б. Г. Ананьев, М. И. Лисина, И. С. Кон, В. В. Сталин, И. И. Чеснокова және т.б.), тұлға ядросы ретінде (А. В. Захарова, А. И. Липкина) қарастырған.

Сонымен, өзін-өзі тану процесс ретінде адамның өзі туралы бір білімінен екінші білімге үздіксіз жылжып отыруынан, жеке ситуативті бейнелерден адамның өзі туралы тұрақты түсінігінің қалыптасуынан көрінеді. «Мұндай білімдер өзіндік сананың мазмұнына оның өзегі ретінде кіреді».В. В. Столиннің айтуынша, өзін-өзі танудың, соңғы нәтижесі болып мен бейнесі табылады. Демек, өзін-өзі тану іс-әрекет пен қарым-қатынас процесінде адамның өзі туралы объективті білімге қажеттілігінен пайда болатын өзін-өзі бағалауға қатысты да осындай қызмет атқарады.

1. *Выготский Л.С. Собрание сочинений в 6-ти томах. М.: Педагогика, т.3, 1983, 368 б., т.4, 1984 - 432 б., т.6 1984 - 400 б.*

2. *Маралов В.Г. Основы самопознания и саморазвития. М.: 2002, 189 б.*

3. *Чеснокова И.И. Проблема самосознания в психологии. М., 1977, 144 б.*

4. *Олейник Л.Д. Индивидуальное самосознание и пути его формирования. Автореф. дис. канд. психол. наук. Л., 1975, 16 б.*

УДК: 159.9

СТУДЕНТТЕРДІҢ ЕРІК-ЖІГЕР САПАЛАРЫН ДАМУДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Ж.Қ. Адасқанова – Абай атындағы ҚазҰПУ магистранты

Резюме

В статье рассматривается проблема формирования волевых качеств студента в процессе учебно – познавательной деятельности, характеризуется понятие «волевые качества студента», выявляются ее основные компоненты и делается анализ научно – теоритическим исследованиям. На основе анализа литературных источников определяются пути развития волевых качеств в образовательном процессе, а также перечисляются виды учебного труда, затрудняющие развитие волевых качеств студента, перечисляется мотивы, которые являются побудителями волевой активности студента в учебно – познавательном процессе.

Summary

In this article is described the problems of the student's will-power features which are formed during the study process, characterized the definition of students will-power features, described its main components and it was done the analysis of the scientific and theoretical research. On basic of analys of bibliographical sources it as determined the ways of will-power features in educational system, as considered the types of education work, which are detained developing of student's will-power features.

Елбасы, Н.Назарбаев, жолдауында: «Мен сіздер, бүгінгі жастар, ерекше ұрпақ екендеріңізді қайталаудан жалықпаймын. Сіздер тәуелсіз Қазақстанда өмірге келдіңіздер және сонда ержетіп келесіздер. Сіздердің жастық шақтарыңыздың уақыты – біздің еліміздің көтерілу және гүлдену уақыты. Сіздер осы жетістіктер рухын және табысқа деген ұмтылушылықты бойларыңызға сіңірдіңіздер», - деп пайымдаған. Сондықтан, Қазақстанның жаңа даму кезеңі – тікелей жастардың қолында. Демек, қазіргі адам жауапкершілігінің жоғары болуы, шешім қабылдауға икемі болуы, белсенділікке, нысаналыққа икемді болуы, мақсатқа жетуде адамның ерік сапаларын қалыптастыру және ішкі сыртқы кедергілерді жеңе білуі қажет. Сондықтан, студент қандай болу керек? Оларды болашақтың ісіне, еңбегіне тиімді дайындау үшін не істеу керек? Қандай жекелік қасиеттерді біршама маңызды деп санауға болады? Оларды анықтау және оқып білу үшін қандай әдіс қолдану керек? Міне, бұл психологтар мен педагогтар үшін шешімін таппай келген күрделі, көкейтесті мәселенің бір бөлігін құрайды. Әр студенттің бойында сыры ашылған-ашылмаған көптеген қабілеттері, шамасы келетін, я келмейтін тұстары, яғни белгілі бір потенциал күші болады. Бұл күш қаншалықты пайдаланылса, адам соншалықты жетістіктерге жетеді. Тек соның көзін таба білу керек. Сократ: «Өзіңді өзің таны, сол арқылы әлемді танысың», десе, Қожа Ахмет Яссауи: «Өзіңді танығаның - Алланы танығаның»,- депті.

Жаңа ғасыр толқыны әкелген жаңалықтарға сәйкес қазіргі заманда адамның тұлғалық дамуына баса назар аударылып, жас жеткіншектерге берілетін білім негіздері олардың жеке даралық қабілеттерін жетілдіруге қызмет етеді. Әр баланың ішкі мүмкіндігі мен өзіндік қарымын дамытуға әсер ететін рухани адамгершілік қағидалары жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуының, өзін-өзі жүзеге асыруының аса қажетті шарты болып табылады.

Сол себепті мектепке дейінгі білім беру ұйымдарынан бастау алып, үздіксіз білім беру жүйесін тұтас қамтитын және болашақ 12 жылдық білім беру жүйесі тиімді деп санауға болады.

Қазақстан қоғамындағы мұндай жағдайда өзекті мәселелердің бірі — өзгермелі әлеуметтік және экономикалық жағдайда өмір сүруге дайын ғана емес, айналасындағы шынайы өмірге белсенді қатынасын байқатып, оны жақсартуға ықпал ете алатын, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Осыған байланысты жеке тұлғаға қойылатын мынадай талаптар алдыңғы орынға шығады: креативтілік, белсенділік, әлеуметтік жауапкершілік, ерік-жігер, ой-өрісінің кеңдігі, жоғары кәсіби деңгейлі сауаттылық, танымдық әрекетке қызығушылығының басымдығы.

Қабілеттер, мүмкіншіліктер, күш-жігер пайдаланылмай құр іште қалып кетсе немесе аз мөлшерде қолданылса, ол қазынаны таппағандығы, өз-өзін тізгіндегені, тұншықтырғаны болып табылады.

Түрлі тәсілдер арқылы студенттердің танымдық үрдісінің даму деңгейін анықтауды барша психолог-педагогтардың - негізгі міндеті деп есептейміз.

Студенттік жастық кезең еріктік сапаларды қалыптастыруда және кәсіптік - тұлғалық қалыптасуында ерекше орын алатын кезең. Студенттердің жеке дамуын көптеген зерттеушілер атап айтсақ , М.Г.Дзугтоев, А.И.Дмитриева, В.Т.Лисовский, А.А.Еромасов, И.А.Монахова, Н.И.Протасова, Б.В.Кайгородов сынды ғалымдар зерттеді. [1]

Жалпы ерік-жігерге тоқталып өтетін болсақ, ерік-жігер - адамның өз мінез-құлқын саналы түрде меңгере алу қабілеті, оның белгілі бір мақсатқа жету, іс-әрекетті орындап шығу жолында қиыншылықтарды белсенділікпен жеңе білуінен байқалатын ішкі қуаты. Адам өзінің ерікті әрекетінің алдымен мақсатын белгілейді, бұл тілек немесе ниет түрінде болады. Тілек — келешекте істейтін істің ойға бекуі. Алдындағы мақсаты айқындалған соң, ол әрекеттің орындалу жолын қарастырады, жоспарын сызады. Жоспар жасау — белгілі білімді, өмір тәжірибесін, ой орамдылығын қажет ететін күрделі процесс. Адамның тілегі кейіннен қалауға ауысады. Тілек пен қалау ерік-жігерді толық көрсете алмайды, өйткені бұлар бір-бірімен үйлеспеуі де мүмкін. Осындай жағдайда түрткілер күресі туындайды да, бұлардың нақты жағдайға сәйкес келетін біреуі жеңіп шығады. Содан кейін ғана адам белгілі бір тоқтамға (шешімге) келе алады. Сөйтіп, алға мақсат қою, тілек пен қалау, осы екі түрткінің өзара күресі, тоқтамға келу — бәрі-бәрі жиналып келіп, еріктік амалдың бірінші басқышы — “даярлық кезеңін” құрайды. Ерік әрекетінің негізгі кезеңі — қабылдаған шешімді орындау, жүзеге асыру. Өз шешімін қайткенде де іске асыратын, оны орындамай қоймайтын адамды ерікі жетілген адам деп айтуға болады. Кейбіреулер алдына бұлдыр, көмескі мақсаттар қояды да, оларды орындай алмайды. Ерік сапалары мен қасиеттері адамның іс-әрекетінде қалыптасады. Әрбір адамның өзіне тән ұнамды және ұнамсыз ерік сапалары бар. Еріктің ұнамды қасиеттері: дербестік, батылдық, табандылық, өзін-өзі меңгере алуы мен ұстамдылық. Мысалы, дербестік — адамның алға қойған мақсатын орындау жолында ешкімнің жетегінде кетпей, өз ойымен, сенім-қабілетімен әрекет етуі. Оның қарама-қарсы ұнамсыз түрі — өзгенің сөзіне еріп, иланғыштығы.

Батылдық — өз шешімін именбестен ашық білдіруден байқалады.

Қорқақтық — батылдыққа қарама-қарсы ұнамсыз сапа.

Табандылық — қабылдаған шешімді жүзеге асыру үшін ұзақ уақыт бойы қажымай, талмай әрекет етуден көрінетін қасиет. [2]

Еріктік әрекеттер табиғатын түсіну үшін бұл жөніндегі ғылыми көзқарастар өрісіне зер салған жөн. Ерік ұғым ретінде де, нақты болмыстық құбылыс ретінде де тарихи сипатқа ие. Ежелгі және орта ғасырлық дүние ерік құбылысын бүгінгі біздің түсінігіміздей танып білмеген. Мысалы, ежелгі қоғамда адам еркі жөнінде тіпті сөз болмаған, оның орнына «даналық мұраты» ұғымын қолданған. Адамның қылық әрекеттері табиғат пен өмірдің ақыл бастауларына және логика қағидаларына бағынады деп түсінген. Осыдан Аристотельдің пайымдауынша, әрқандай әрекет логикалық қортындылардан туындайды. Ал өзінің «Никомахов этикасы» еңбегінде «дәмдінің бәрін жеу керек» және «бұл алма дәмді» деген пікірлер санада «бұл алманы жеу керек» деген қорытынды ой пайда етпейді, адамды бірден сол алманы жеп қою әрекетіне келтіреді деп жазған. Ерік табиғатына болған мұндай көзқарас қазіргі күнде де жоқ емес.

Ш.Н Чхарташвили мақсат пен саналы тану интеллектуалды әрекеттер категориясынан туындаған деумен, еріктің өзіндік сипаты барлығына шек қояды, сондықтан ғылымға жаңа бір «ерік» терминін ендірудің қажеті жоқ екенін дәлелдеуге тырысады. [3]

Жеке адам қасиеті сипатында ерік ортағасырлықтарға да таныс болған. Мұны сол уақытта қоғамда орын алған экзорис – жын-шайтан қуу үрдісінен көруге болады. Бұл үрдісте адам ылғи да енжар астама күйінде танылып, сыртқы әсерлер жинайтын, «ұя» ретінде бағаланған. Ол заманда ерік дербес жасайтын, нақты қайырымды не жауыз құбыжық күштер түріне енген құбылыс деп есептелген. Бұл тылсым күштер қандай да мақсаттар белгілеуші ақылға ие деп түсінілген. Ол күштерді танудан адамның «шын» қылық-әрекетінің мәнін түсінуге болады.

Ерік табиғатын бұлай түсіндірудің себебі сол заманда қалыптасқан қоғамның адам әрекет-қылығының негізі оның өзінде екенін мойындамаудан. Әр адам бабалардан жеткен нәсілдіктің ізі ғана деп қабылдаған. Мұндай сипаттан қауымның кейбір мүшелерінің ғана ажыратылуға құқы болған, мысалы, бабалар әруағы және ол дүниемен тілдесетін бақсы-балгер, от пен металды бағындарған темірші, өзін қоғамға қарсы қойған қарақшы-қанішер т.б.

Мүмкін, ерік түсінігінің жаңа «Қайта тіктелу» заманында жеке адам проблемасымен бірге ғылым аренасына келуі осы адамның қалыпты жағдайдан ауытқуларын мойындаудан болар. Осыдан адам шығармашылыққа қабілетті, «тіпті қателер жіберуге де бейім» дегендей тұжырымдар жоққа шығарылмады. Қалыптан шығып, тек ортасымен бөлінуімен адам жеке адамдық кемелденуге жетіседі. Мұндай тұлға үшін ең мәнді нәрсе - ерік бостандығы.

Ерік бостандығын бір жақты асыра дәріптеу нәтижесінде экзистенциализм немесе «тіршілік философиясы» пайда болды. Экзистенциализм ерікті тәуелсіз, тысқы әлеуметтік әсерлерге қатысы жоқ құбылыс деп таниды. Мұндай пайымның негізі қоғамдық байланыстар мен қатынастардан, әлеуметтік мәдеи ортадан бөлек, дерексізденген адам. «Дүниеге қандай да бір күшпен келіп қалған» бұл адамның өмірі мағынасыз «қым қиғаш оқиғалар» жиынтығы да, адамның өзі – «пайдасыз құмарлық». Мұндай адамның қоғам алдында ешқандай инабаттылық міндеттері мен жауапкершілігі жоқ. Осыдан да ол адамгершіліктен жүрдай, намыссыз, өз бетімен кеткен, тартыну дегенді білмейді. Қандай да қалып тәртіп ол үшін жойылу, басыбайлыққа түсу көзі. Ж.П.Сартр пікірінше, нағыз адамгершілік – бір ғана рет көрінетін, реттестірілмеген, қандай да қоғамдық мекемелер талаптарының шеңберімен оқшауланбаған, өздігінен туындайтын, себепсіз «әлеуметтенуге» қарсылық әрекеті.[4] Ерік бостандығын асыра мақтаудан экзистенциалистер адам болмысының жалпы негіздері жөніндегі ойларына дәлел айта алмай, адамды өз өмірінің мәні, мақсаты және жауапкершілігінен айыратын, қоғам, тарих, мәдениетке қайшы келетін кездейсоқ, жауыздық, ақылдан аулақ бастаулар тұңғиығына бір-ақ түсіреді.

Қылық иесі – адам қалыптасқан тағылым - талаптарды жоққа шығара отырып, міндетті түрде қандай да басқа, өзіне ұнаған құндылықтарға ауысады. Егер адам бір мәдени қалыпты мойындағысы келмесе, онда оның бұл әректі екінші бір, қыр-сырлары танылып болмаған қажеттікті көздегені. Осыдан ежелден бүгінге дейін баршамыз қоғамға жат деп есептейтін паракорлық пен нашакорлықтың бір жағы мәдениеттіліктен шыққандығы ғажап нәрсе. Бұл қоғамға ерсі болып көрінген қылықтардың өздері де қандай да ұйымдасу негізіне ие, өздеріне сай талап, ережелері, мақтан тұтатын қырлары мен ғұрыптары баршылық. [5]

Бұл тұрғыдан Е.Л.Тульчинскийдің пікірінше, жеке адамның психологиялық болмысының барша деңгейлерінде көрінеді, бір қажеттіліктерді басып, екіншісіне ынталандырады, өз міндетін танытып, жеке адамдық қадірін қорғау мен өз мұраты үшін жан пидалыққа дейін апарады. [6]

Біз жоғырыда айтып кеткендей ерік әрекеті сонымен қатар түрлі амал кезеңдерден тұратынын білдік. Ерік пайда болу үшін, ең алдымен, оны тудыратын себеп, түрткілер болу керек. Бұлар адамның мұқтаждықтарынан туындайды. Кісінің күн көруі, тіршілік ету үшін оған өзінің табиғи және рухани мұқтаждықтарын қанағаттандыру керек. Ол мақсат қоюдан басталады. Ал мақсат адам мұқтаждықтарын өтеу үшін пайда болып отырады. Қорыта айтқанда амал кезеңдері мынадай сатылардан өтіп отырады. Алдымен адам мақсат қойып соған жетуге ұмтылады. Мақсатқа жету барысында түрлі мүмкіншіліктерді түсіну қажет. Осыдан келіп түрлі ниет-тілектер пайда болады. Ниет-тілектер арасында өзара тартыс болып, қалау туындайды. Қалау мүмкіншіліктерін пайдалана отырып адам бір тоқтамға келіп, ақыр соңында шешім қабылдайды. Міне, сонда ғана адамның қалауы толығымен орындалып, мақсаты жүзеге асады.

Оқыту процесі екі жақты процесс болғандықтан, тек мұғалім өзінің ғана іс-әрекетінің дұрыс болуына қанағаттанып қоймай, студенттердің де танымдық әрекеті мен ерік-жігер сапаларын дамытуға ерекше назар аударуы тиіс. Мұның өзі оқыту ісі мен бала дамуының заңдылықтары туралы өте күрделі психологиялық және педагогикалық мәселе. Сондықтан, студенттердің оқу танымдық іс - әрекетіндегі ерік-жігер сапаларын қалыптастыру мәселесі толықтай зерттелмегені зерттеу тақырыбымыздың өзектілігін айқындайды.

«Тартыспен түскен, бейнетпен келген жақсылық – шын мәнінде қымбат табыс», - деп, қазақ жазушысы М.Әуезов айтқандай, жетістікке жету жолы психолог мұғалімдерден көп ізденуді талап етеді.

1. Т. Тәжібаев «Жалты психология» Алматы 1993
2. Бапаева М., Әбеуова И., Бапаева С., «Тұлға психологиясы», Алматы-2010
3. Г.У.Тұрарова, Ерік сапаларын зерттеудің ерекшеліктері, Қазақстан кәсіпкері №10, 2009, 14 бет
4. Қ. Жарықбаев «Психология» Алматы 1970.
5. Б.Б.Атабекова, Жасөспірімдердің ерік сапаларының психологиялық ерекшеліктеріне шолу, ҚазҰПУ Хабаршы, №2, 2010, 55-59 бет

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІН АРТТЫРУ АРҚЫЛЫ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ МАМАНДАРЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАЯРЛЫҒЫ

А.Аяпбергенова – Абай атындағы ҚазҰПУ Магистратура және PhD докторантура институтының 2-курс докторанты

Резюме

В статье говорится о психологической подготовке будущих специалистов-педагогов к педагогическому общению через развитие культуры общения. Культура общения в поведении педагога одно из главных качеств компетентности. Педагог соблюдая культуру в общении с обучающимися, развивает между ними это качество. Так же, в статье педагог определяется как субъект, и это берется в основу качественной деятельности будущих специалистов. Приводятся требования к личности педагога.

Resume

In the article talked about psychological preparation of future specialists-teachers to pedagogical communication through development of culture of communication.

Culture of communication in behavior of teacher one of main qualities of competence. Teacher observing a culture in intermingling with student, develops this quality between them. Similarly, in the article a teacher is determined as a subject, and it undertakes in basis of quality activity of future specialists. Requirements over are brought to personality of teacher.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев 2012 жылғы Қазақстан халқына арналған Жолдауында: «Кез-келген қоғамда білім беру саясаты өмірлік ұстанымдарды, сұраныстарды, қажеттіліктерді ескеріп, білім беру мазмұны соған сәйкес құрылғанда ғана ұтымды, тиімді, өнімді болады. Қазіргі адамзат баласы бастан кешіріп отырған тез арадағы өзгермелілік, ғаламдану, коммуникациялық құралдардың қарқынды даму дәуірі өмір салтын, қарым-қатынас пен ойлауды өзгертуге әкелді. Ал мұның өзі игіліктерге қол жеткізудің жаңаша әдіс-тәсілдерін ашуға мүмкіндіктер береді. Мұндай жағдай адам интеллектісін, оның қабілетін қайта жасаушы, жасампаздық әрекеттерге бағыттайды. Ендеше жеке тұлға өзгермелі әлеуметтік және экономикалық жағдайларда өмір сүруге бейімделіп қана қоймай, шынайы өмірге белсенді ықпал ете алатын, өмірді жақсартуға, кемелдендіруге атсалысатын тұлға болуы тиіс. Қазірде біздің қоғам үшін көкейкесті мәселе – бәсекеге қабілетті жеке тұлға қалыптастыру» - деп көрсеткен/1/.

Заман талабына сай болашақ мамандардың кәсіби даярлығын жетілдіру мақсатында жоғары оқу

орындарының оқу-тәрбие үрдісінің мазмұнын жаңғырту қажеттілігі нақтылана түсуде. Осыған байланысты қазіргі кездегі оқытушылар мен студенттердің, магистранттардың педагогикалық қарым-қатынасын қалыптастыру, олардың педагогикалық қарым-қатынасқа психологиялық даярлығы мәселелерін зерттеу – әлеуметтік-психологиялық және мәдени дағдарыспен қатар көтерілген өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Педагогикалық қарым-қатынасты білім мен біліктілік, дағды және адамның ішкі құндылықтарына негізделген ұстаздар қауымының мәдени сауаттылығы ретінде қарастыруға болады. Қарым-қатынас – білім мен мәдениеттің бір бөлігі, оның бөлінбейтін бөлшегі іспетті адамзаттың дүниетанымы мен сана-сезімін жетілдірудің ерекше жолы. Ұлттық құндылықтарға негізделген педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті магистранттардың саналы көзқарасын, ізгілікті қарым-қатынас орнатуына, рухани-адамгершілік құндылықтарының қалыптасуына, жүйелі іс-әрекет жасауына мүмкіндік береді.

Қазақ жазушылары М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов және т.б. еңбектерінде педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті жөніндегі маңызды пікірлері көрініс тапқан. Ал қарым-қатынастың психологиялық мүмкіншілігі жайлы пікірлерді Қ.Б. Жарықбаев, Ә.Алдамұратов және т.б. зерттеген /2/.

Білім беру субъектілері, оның ішінде педагогикалық мамандыққа болашақ мамандардың психологиялық даярлығы мәдениеттану, философия, педагогика ғылымдарында және әсіресе қазіргі кездегі психология ғылымында да өзіне үлкен назар аудартуда. Білім беру іс-әрекетінің, яғни, өзінеоның екіжақты өзара байланысын - педагогикалық және оқуформаларын қамтитын педагогикалық іс-әрекет субъектілерінің, әсіресе магистранттардың педагогикалық қарым-қатынас орнатуға психологиялық даярлығын психологиялық тұрғыда талдау - психологиялық және нақты педагогикалық міндеттер арнасында жатыр.

Жалпы педагогикалық сөздік бойынша субъект – басқа адамдарда және өзінде өзгеруді қамтамасыз ететін, заттық-тәжірибелік белсенділік пен танымды тасымалдаушы. Адамның субъектілігі оның өмір іс-әрекетінде, қарым-қатынасында, өзіндік санасында көрінеді.

Бұл жерде сөз болып отырған дәстүрлі «оқытушы-студент», «студент-мұғалім» және қазіргі кезде «магистрант-оқытушы» субъектілер қарым-қатынасы өзгеше сипатқа ие болып отыр. Оқытушы мен магистранттың педагогикалық қарым-қатынас мәселесі дәл қазіргі уақытта психологиялық-педагогикалық зерттеу нысанына айналуға басты жолы психологиялық кадрларды даярлайтын жоғары оқу орындарының қабырғасында ескерілуі тиіс. Сондықтан студенттер мен магистранттардың педагогикалық қарым-қатынас дағдылары мен икемділігін қалыптастыру, яғни, магистранттардың педагогикалық қарым-қатынас кезіндегі әртүрлі жағдайларға бейімделуі, тез меңгеру қабілеттеріне ие болуы, магистранттармен жағымды қарым-қатынас позициясын құруға ұмтылу, мотивациясы мен білімін заманның талабына сай жетілдіру аса маңызды болып табылады. Білім беру үрдісіне қатысатын субъектілердің әрқайсысының өзіндік міндеттері мен құқықтары бар. Оқытушының міндегі – оқыту технологиясын іріктей отырып, студенттердің, магистранттардың білімге құштарлығын ояту, өзіндік икемділіктерін ашу, шығармашылықпен айналысуын ұйымдастыру негізінде білім беру сапасын көтеру. Студенттер мен магистранттардың міндегі – оқуға, сабаққа кешікпей келу, тәртіп ережелерін сақтау, білім беру үрдісі мен білім мазмұнына қойылатын талаптарды орындау және т.б. құқықтары бар.

Оқытушының әлеуметтік тұлға бейнесінің қалыптасуы педагогикалық қарым-қатынас мәселесіне келіп тіреледі. Жеке адамның әлеуметтенуі өзінің қоғамына тиесілі өзара қатынастар, кәсіби әлеуметтік талаптарға байланысты болады. Демек, педагогикалық қарым-қатынас – студенттің, магистранттың тұлға ретінде жетілуіне пайдасын тигізетін құбылыстардың бірі, яғни, қарым-қатынас барысында өзге тұлғаларды қабылдап, олардың сөйлеу мәдениетіне бейімделеді /3/.

Педагогикалық қарым-қатынас орнату барысында магистранттардың қоғамдық рухани және материалдық құндылығы қалыптасады, жеке тұлғалық ерекшелігін көрсетеді, өзі үздіксіз қарым-қатынаста болатын қоғамға енеді. Коммуникация әрбір адамның әрекет барысындағы субъектісіне айналады, табиғат пен дүниені таниды, олармен қарым-қатынасын дамытады.

Қазіргі қоғам өмірінің өзгерістеріне орай педагогикалық қарым-қатынас механизмдері, оны жетілдіру амалдары қызығушылық туғызып, зерттеудің қарқынды саласына айналуға болашақ педагог мамандардың барлық қадір-қасиеті білім беру үрдісіндегі басқа да субъектілермен қалай қарым-қатынас жасағанынан байқалып тұрады. Оның ой-өрісі, бағыт-бағдары, білімді меңгеруі, есте сақтауы, эмоциясы мен қызуқандылығы қарым-қатынас жасау барысында көрініс береді. Адамның қарым-қатынасына ұлттық ерекшеліктерінің әсері де зор. Олардың психологиялық, педагогикалық алғышарттарын ашу педагогикалық қарым-қатынасты қалыптастыруға ықпал етеді.

Педагогикалық қарым-қатынастың кәсіби маңызды қасиеттері болып, төмендегілер саналады:

- 1) адамдарға және олармен жұмыс жасауға ықыласпен қарау, қарым-қатынас жасай алу және оны қажет ету, көпшілдік, коммуникативтік қасиеттер;
- 2) эмоционалдық эмпатия және адамдарды түсіне алу қабілеті;
- 3) қарым-қатынастың ауыспалы жағдайларында шапшаң және дұрыс бейімделуді, қарым-қатынас жағдайына, магистранттардың жеке ерекшеліктеріне байланысты сөзбен әсер етуді жылдам өзгерте алуын, қамтамасыз ететін оперативтік-шығармашылық ойлау, икемділік;
- 4) қарым-қатынаста кері байланысты сақтай алу және сезіне білу;
- 5) өзін-өзі қолда ұстай алу, өзінің психикалық жағдайын, өз тәнін, даусын, мимикасын басқара алу, өзінің көңіл-күйіне, ойларына, сезімдеріне ие болу, бұлшықет қысымдарын түсіре алу;
- 6) аяқасты (дайындықсыз) коммуникацияға қабілеттілік;
- 7) болуы мүмкін педагогикалық жағдайларды, өз ықпалының нәтижелерін болжай білу;
- 8) жағымды вербалды қабілеттер: мәдениет, тілдің дамығандығы, лексикалық қоры мол, тіл құралдарын дұрыс таңдау;
- 9) педагогтың өмірлік, табиғи күйзелістер жиынтығын білдіретін және талап етілетін бағытта магистранттарға әсер ете алатын тиісті педагогикалық күйзелістердің өнерін меңгеру;
- 10) педагогикалық тапқырлыққа деген қабілеті, әсер етудің алуан түрлі құралдарын қолдана білу (әсер етудің түрлі тәсілдерін, «тетіктерін» және «құрылғыларын» қолдану арқылы сендіру, иландыру, еліктіру).

Педагогикалық қызметте осы аталған педагогикалық қарым-қатынастың кәсіби маңызды қасиеттері магистранттармен жақсы меңгерілген жағдайда, қазіргі заман талаптарына сәйкес білім беру үрдісіне жүктелген көптеген міндеттер шешімін табатыны сөзсіз, ең алдымен білікті педагог мамандар саны көбейетін еді.

Қазіргі жоғары оқу орындарында оқытушылардың рөлі артып және де студенттерге, магистранттарға психологиялық, педагогикалық әсер ету арқылы кеңейіп келеді. Оқытушы білім мен ақпараттың бағыттаушысы болып қана қоймай, сонымен қатар ол педагог, психолог, психотерапевт болуы керек. Бұған оның педагогикалық қызметінің жетістігі мен беделі тәуелді. Оқытушының беделі – оқу-тәрбиелеу үрдісінің жетістігіне әсер ететін ұжымдастар, магистранттар, студенттер және өзара қатынас барысында білінетін, ұйымдағы оның кәсіби, психологиялық, тұлғалық сипаттамасы. Оқытушының беделі - оның білімділігіне, адамгершілігіне байланысты болып келеді. Қазіргі таңда болашақ педагог мамандарға оқытушының жеке тұлғасы, оның ашық, қайталанбас дербестігі тәрбиеленуші және психотерапевт ретіндегі беделі әсер етеді /4,5/.

Сонымен, білім алуға деген қызығушылық пен жаңаны білуге деген талпыныс адамға ғана тән. Оны байқау және дамыту оңай жұмыс емес. Егер оқытушы студентпен, магистрантпен дұрыс педагогикалық қарым-қатынас орната алмаса, қызықтыра алмаса, оның болашақ мамандығына деген қызығушылығы төмендей береді. Ал егер жоғары оқу орындарының педагог мамандары өз жұмыстарын қазіргі білім беру жүйесіне қойылатын талаптарға сәйкес құрып, болашақ педагог мамандарын яғни магистранттарды педагогикалық қарым-қатынасқа психологиялық даярлауға барынша көңіл бөліп, психология ғылымының педагогикалық қарым-қатынасқа қатысты мәселелерін толық қамтып, оның қыр-сырын меңгертетін болса, білім беру субъектілерінің жұмыс нәтижелері сапалы болуы әбден мүмкін.

Педагог мамандар тек өзінің коммуникативтік шеберлігін дамытып қана қоймай, студенттер мен магистранттарға педагогикалық қарым-қатынас мәдениетін үйретулері қажет. Оқытушыға олардың психологиялық ерекшеліктерін білгенімен қатар, қазіргі жастардың құндылық бағдары мен әлеуметтену ерекшеліктеріне байланысты мәліметтерді үнемі есепке алып отырғандары жөн. Әлеуметтанушылар да буын ауысуының өсу қарқынына назар аудартады. Бүгін буын ауысуы (әлеуметтену, құндылық бағдар) әрбір бес жылда жүріп отырады. Осы орайда бірінші курс студенттері және бітіруші курс студенттері әртүрлі буындарды құрайды. Біздің еліміздегі әлеуметтік және экономикалық өзгерістер динамикасымен және жалпы әлемдік қоғамдастықтың даму қарқынымен байланысты олардың көзқарастары бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленеді.

Жоғарыда айтылғандармен байланысты қазіргі кезде педагогикалық қарым-қатынастың жетістікке жетуі немесе, керісінше, сәтсіздікке ұшырауы педагогтың жеке тұлғасына байланысты болып келеді.

Педагогтың жеке тұлғасына қойылатын ең басты міндеттердің бірі балаларға, білім алушыларға, педагогикалық іс-әрекетке деген сүйіспеншілік және білім беретін саласы бойынша арнайы білімінің болуы. Кең білімді, педагогикалық сезгіштік, жоғары жетілген интеллект, мәдениет мен адамгершіліктің жоғары деңгейі, білім беру мен тәрбие берудің түрлі әдістерін меңгеру – осы аталған қасиеттердің

барлығы педагогтың бойына туа бітпейді, ол педагогтың өз-өзімен талмай еңбек етуінің нәтижесінде пайда болатын қасиеттер. Тағы да қосымша, алайда тұрақты талаптар ретінде коммуникативтілік, әртістік қабілеттері, жағымды талғампаздық, тартымды сырт келбеті және т.б. саналады. Педагогтың осы аталған негізгі және қосалқы қасиеттері бірігіп келіп, оның дара тұлғасын құрайды. Соның нәтижесінде әрбір жеке мұғалім теңдессіз тұлғаға айналады.

Педагогикалық мамандықтағы магистранттардың психологиялық даярлығына байланысты қойылатын талаптар:

1. мұғалімге оқу материалын түсінікті жеткізуге, оқытудың әдіс-тәсілдері мен мазмұнын табысты түрде іріктеуге мүмкіндік беретін, *дидактикалық қабілеттер*;

2. материалды білім алушыларға тиімді жеткізудің ең жақсы эмоционалдық формасын табуға мүмкіндік беретін *экспрессивтік қабілеттер*;

3. педагогтың психологиялық байқампаздығын, оның оқушылардың ішкі жан дүниесіне ене білу қасиетін білдіретін *перцептивтік қабілеттер*;

4. *ұйымдастырушылық қабілеттер* – сыныптағы немесе аудиториядағы тәртіпті қамтамасыз етуге және сабақтағы әрбір сәтті тиімді пайдалануға мүмкіндік береді;

5. *өктемшілдік қабілеттер* – қатты эмоционалдық әсер беру мен иландыру арқылы білім алушылардың арасында беделге ие болуды білдіреді;

6. *академиялық қабілеттер* – тиісті бір ғылым саласы бойынша білім, білік, дағдыларды меңгеру.

Сонымен қатар, педагогикалық мамандықты меңгерудің арнайы педагогикалық қабілеттеріне педагогикалық әдеп те жатады.

Педагогикалық әдеп – кез келген жағдайларда балалармен жұмыс істеудің мейлінше дұрыс тәсілдерін таба білу болғандықтан, ол «тактика» деген сөзбен білдірілетін ұғымға жақындайды. Педагогикалық әдеп, егер оның мәніне қысқаша анықтама беруге тырысып көрсек, үш нәрсені қамтиді: мұғалімнің терең түсінігін, сезімтал қарым-қатынас орната білу, ілтипаттылық, сыпайылық көрсету, оқушыларға тіл қатқанда дұрыс дауыс ырғағын таба білу, оларға ақылға сиымды талаптар қоя білу, балалардың бойындағы адамдық қадір-қасиеттерді құрметтей білу. Мінез-құлықтың икемділігі, жұмыс жағдайларына бейімделе білу қабілеті, дұрыс педагогикалық қарым-қатынас орната білу – педагогикалық әдептің бар екендігінің көрсеткіші болып табылады /6/.

Осыған орай қалың жұртшылықтың мұғалімнің жеке басына, оның тек кәсіби сапасына ғана емес, сонымен бірге адамгершілік қасиетіне, дайындығына, оның моральдық бет-бейнесіне ден қойып, көңіл аударуы тіпті де тегін емес.

Түптеп келгенде, қоғам мұғалімге ерекше жауапкершілік жүктейді. Мұғалімге үйретуге адам ең көнгіш кезінде сеніп тапсырылады. Мұғалім баланың, білімін, икемділігін, әдетін, мұратын және өмірлік тағдыры тұр.

Себебі, ең бастысы, мұғалімнің әдептілігі білім алушылармен дұрыс педагогикалық қарым-қатынас орнату арқылы өскелең ұрпақты заман талабына сай тәрбиелеуге және білім беруге мүмкіндік береді. Педагогтың әдептілігі оның педагогикалық мамандыққа жоғары моральдық тұрғысынан психологиялық даярлығының көрсеткіші болып табылады.

1. *Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2012.*

2. *Мәмбетов М. Педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті //Қазақстан мектебі. 2008, №12.*

3. *Рубинштейн С.А. Проблемы общей психологии. Москва: Педагогика.1976. -140б.*

4. *Kelman H.C., Hamilton V.L. Grimes of obedience: Toward a social psychology of authority and responsibility– N.Y., 2000.*

5. *Мұхамеджанова Ә. Оқытушы мен студенттің өзара қарым-қатынасын басқару //Білім. №10 - 2006. 18 б.*

6. *Жігітбекова Б.Д. Психологиялық жаттығулар жинағы. Алматы, 2007*

СТУДЕНТТЕРДІҢ ЛИДЕРЛІК ҚАБІЛЕТІН ДАМУ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ РЕТІНДЕ

А.А. Бағыбаева – Магистратура және PhD докторантура институтының I курс магистранты, Абай атындағы ҚазҰПУ

Түйін

Бұл мақала студенттердің лидерлік қабілетін дамыту мәселесіне арналған. Мақалада автор ғылыми педагогикалық – психологиялық әдебиет көздерінқолдана отырып қабілет, лидерлік қабілет ұғымдарын қарастырады және студенттердің лидерлік қабілетін дамытудың педагогикалық – психологиялық ерекшеліктерін көрсетеді. Автор Жоғары оқу орындарында оқу – тәрбие үрдісін студенттердің лидерлік қабілетін дамыту ерекшеліктеріне сай тиімді ұйымдастыруды ұсынады.

Резюме

Эта статья посвящена для развития лидерских качеств студентов. В данной статье автор рассматривая понятия как навык, лидерское качество, указывает педагогическую - психологическую важность развитию этих качеств. Так же автор предлагает в ВУЗах велась такого рода обучения.

Resume

This article is dedicated to the development of leadership skills of students. In this article the author considering the idea as a skill, leadership qualities and points pedagogical - psychological importance of the development of these qualities. The author also offers universities conducted this type of training.

Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы нәтижесінде бірнеше әлеуметтік - экономикалық тиімділіктер қамтамасыз етіледі деп күтілуде. Соның бірі: «Жаңа формация мұғалімдерін қажетті санда және тиісті біліктілікте қалыптастыру. Еңбек нарығының сұраныстарына сәйкес келетін, азаматтардың кәсіби, қызмет жолында және жеке өсуіне ықпал ететін адами сапаларын дамыту қажет» делінген. Яғни, оқытушылар алдына қоғам талабына сай қабілеттерге ие азаматтар тәрбиелеу міндетін қойып отыр. Сондықтан аталған міндетке қол жеткізу үшін бүгінгі таңда болашақ маман, бүгінгі студенттердің бойындағы лидерлік қабілеттерін дамыту маңызды болып табылады [1].

Педагогикалық - психологиялық әдебиеттерге жасалған талдаулар негізінде лидер болуға деген қызығушылық ерте заманнан бастау алған ұғым екендігін анықтадық. Дегенмен қазіргі қоғам жағдайына дейін лидерлік мәселесі аз зерттелгендіктен лидерлік мәселесі жайындағы көптеген еңбектер, ғылыми жұмыстар батыс ғалымдарына тән. Алдымен қабілет ұғымының мәніне тоқталар болсақ, ол жеке адам туралы ілімнің құрамды бір бөлігі болып табылады. Адам әрекеті неғұрлым белсенді болса, соғұрлым шыңдала түседі. Іс-әрекетсіз, белсенділіксіз, еңбексіз, ізденіссіз адам қабілетінің жетілуі мүмкін емес.

Қоғам өмірінің негізі –материалдық өндіріс. Оның даму дәрежесі белгілі бір тарихи кезеңге қатысты анықталады. Ендеше біздің бүгінгі экономикаға негізделген дәуіріміз жаһандану, адам ресурстарын арттыру және шығармашылық әрекет тұрғысынан талдану керек. Олай болса, еңбек құралдарының жетілуіне байланысты адам қабілеттері де кемелденіп, оның іс-әрекеті белсенді әрі жасампаздық сипатқа ие болып келеді. Қазіргі әлемдік бәсекеге қабілетті экономиканы дамыту, өркениетке өрлеу кезінде адамның сапалық қасиеттері, оның бәсекеге қабілеттілігіне қатысты бағаланбақ.

Қоғамның дамуы прогрестің жоғарлауына байланысты, ал прогресті жаңа сатыға көтеруде бұқараның әлеуметтік белсенділігі мен жеке адамдардың жоғары саналылығы, дарындылығы ерекше роль атқарады. Психологиялық теория тұрғысынан адам тұлға болып туылмайды, оның тұлғалық қасиеті әрекет негізінде дамытылады. Адамның тұлғалық қасиеттері оның шығармашылық қабілетімен, яғни әлеуеттік мүмкіндігімен анықталады. Сондықтан да, лидерлік қабілет ұғымы экономика, гуманитарғылым салаларында да қарастырылып келеді.

Б.М. Тепловтың анықтамасы бойынша, қабілет дегеніміз - қандай да бір іс –әрекетті жақсы, нәтижелі орындауында бір адамды екіншісінен ерекшелендіретін жеке дара психологиялық ерекшеліктер болып табылады [2]. М. Мұқанов: «Қабілеттілік, шынмағынасында, әркімнің қолынан бірдеңе келуінің мүмкіншілігі, оның белгілі істерді орындап үлгеруге бейімделген психикалық қасиетінің ерекшелігі» - дей келе мынадай мысалдар келтіреді, суреталу, домбыра тартып үйрену қабілеттіліктің жекетүрі. Бірақ суретші немесе музыкант дегенатқайе болу үшін сурет салып, домбыра тартып үйрену жеткіліксіз. Себебі оған осыдан басқа білім мен икемділік те керек делінген [3]. Білім, ептілік және дағдылардың игерілуінен олардың қабілетпен тікелей байланысы көріне бастайды, яғни іс – әрекетті игеру барысына қатыса отырып, қабілет одан әрі дамиды, іс –әрекетке жаңа мазмұн мен сипат береді. Мысалы, математиканы оқымаған адамның математикалық қабілеті ешқашан жарыққа шықпайды: оны тек сандарды танып, олармен есеп құрып, мәселе шешу барысында ғана қалыптастыру мүмкін. Бұл келтірілген мысал қабілет жүре қалыптасып, дамитын адами қасиет екендігін айқындайды. Сонымен, қабілет дегеніміз – белгілі бір әрекетті нәтижелі орындайтындай тұлғаның жеке дара ерекшелігі. Қабілет қарекеті жылдам, тұрақты, сапалы орындаудың әдіс –тәсілдерімен сипатталады [4].

Сондықтан қабілет жайлы сөз қозғағанда төмендегі жағдайларды ескерген жөн:

- қабілеттер адамды бір – бірінен ерекшелейді. Б.М.Тепловтың пікірінше қабілеттің маңыздысы белгісі өнімді әрекеттің өзіне тән жеке даралығынан, тәсілдердің айқын болуынан көрінеді.

- қабілеттер әрекетті сәтті орындауға ықпал етеді. Кейбір ғалымдар қабілетті оқыту туралы білім, білік, дағдыны меңгерудің нәтижесіндегі жетістік деп қарастырады.

- қабілеттің көмегімен қалыптасқан білік пен дағдыны жаңа жағдайға ауыстыруға болады. Сондықтан жаңа міндет адамның психикалық қасиеттерінің талабына сай, іс-әрекеттің тәсілдерін ұқсас болуы керек.

Жалпы қабілеттерге:

-құзырлылық- адамның лидер ретінде көрінетін саласына байланысты меңгерген білімі.

-белсенділік - адамның қажымай қарқынды әрекет ете білуі.

-бастама жасау (инициатива) - адамның шығармашылық белсенділік көрсетуі, идея (жаңа ой) және ұсыныстар жасауға дайындығы;

-жатырқамау – адамның басқа адамдармен ашық қарым- қатынас жасауға бейімділігі;

-табандылық – адамның еркіндік күшінің айқындығы, бастаған істі соңына дейін жеткізе білуі;

-өзін ұстай білуі- адамның қиын жағдайларда сезімі мен әрекетін басқара білуі;

-жұмысқа қабілеттілігі – адамның шиеленіскен істерді алып жүруде шыдамды болуы;

-байқампаздық - адамның бөлшектерді байқау, көре білуі;

-дербестік- адамның өзіне жауапкершілік ала білуі, пікірлерге тәуелсіздігі;

-ұйымдастырушылық – адамның өз әрекетін жоспарлап, адамдарды жанына жинай білуі, жинақылығы жатады.

Арнайы қабілеттерге:

-ұйымдастырудағы зеректік – басқа адамды түсіне білуі; әрқайсысына жеке қабілеті мен ерекшелігіне байланысты жол таба білуі;

-психологиялық әсер етудегі белсенділігі- үдерісте туындаған жағдаятқа байланысы жеке қабілетін ескере отырып, әртүрлі жолмен әсер ете білуді игеруі;

-ұйымдастырушылық жұмысқа икемділігі- өзіне жауапкершілік алу қажеттілігі, лидерлік позициясы жатады [5].

Бұл аталған қасиеттер адам бойынан көрінуі лидер болады дегенге кепілдік бере алмайды. Дегенмен бұл қасиеттер тұлғаның қабілеті және бұл қасиеттер дамытылатын және қолданылатын жиынтық ретінде қарастырылады. Еш шүбәсіз бір ғана лидерлік ұғымы әлеуметтік құбылыс ретінде кез келген қоғамда маңызды орынға ие бола алды. Себебі, лидерлік қабілеті басым тұлғалар қоғамдық дамуды алға жылжытушы күш болып саналады.

Ғалымдардың зерттеу үдерісінде бұл мәселені қарастыра келіп лидерлік қабілеттің төрт тобын бөліп көрсетті: физиологиялық, психологиялық, интеллектуалдық және жеке- іскер. Ал, Р. Столдилл осындай ерекше бес қабілет сапаларын бөліп көрсетеді [6]. Олар:

- ақыл немесе интеллектуалдық қабілет;

- басқаларға басымдық таныту ;

- өзіне деген сенімділік;

- белсенділік пен алғырлық;

- өз ісін білуі.

Аталған қабілетерді дамыту қажеттіліктен – мотивтен – қызығушылықтан – темпераменттен – мінез – құлықтан- мақсаттан- әрекеттен туындайды. Оның психологиялық танымдық негізі сезіну - қабылдау – елес – зейін – ес- қиял - ойлау- сөйлеу - қарекет сияқты жүйеден түзілетінін ескерсек оқу – тәрбие ісін ұйымдастырушы немесе оқытушы пәнді игертуде немесе қоғамдық жұмысқа араласу шараларын ұйымдастыру барысында мотивациялық ықпал жасауы және бағыт – бағдар ұсынып отыруы аса маңызды болмақ. Себебі, жоғары оқу орнының студенттерінің лидерлік қабілетін жетілдіру – оқытушылар мен студенттердің өзара қатынасына негізделген әлеуметтік мәнді әрекетке мақсатты түрде бағытталған, басқарылатын үдеріс болып табылады. Сондықтан студенттердің лидерлік қабілетін дамытуды көздейтін педагог оқу – тәрбие үдерісін ұйымдастыруда оқытушы – лидер студенттер құрылымын қамтамасыз ететін педагогикалық - психологиялық жағдай құру қажет.

Жоғары оқу орны студентінің лидерлік қабілетін дамытатын психологиялық жағдайлары бөліп көрсетуге болады. Олар:

-студенттердің жеке ерекшелігін тіркеу.

-болашақ мұғалімді лидерлерлікке деген позитивті және мотивациялы дайындау.

-психологиялық кеңдергілерді жою.

-студенттерге психологиялық қолдау көрсету.

Жоғары оқу орны студентінің лидерлік қабілетін дамытатын педагогикалық жағдайларымыналар:

-қойылған міндеттерді шешуде дәстүрлі және инновациялық тәсілдерді үйлестіріп, педагогикалық – психологиялық тәртібінің мазмұнын жаңарту қажет.

-студенттердің белсенді танымдық әрекетін дамыту.

-студенттердің әрекет түрін жетілдіріп, үнемі өзгертіп отыру қажет.

-жоғары курс студенттерінің кіші курс студенттеріне қатысты кураторлық әрекетін ұйымдастыру.

-студенттердің өзіндік басқару ісіне қатыстыру.

- лидерлік жайында зияткерлер клубын құру немесе лидерлік жайында тренингтер ұйымдастыру.

Педагогикалық – психологиялық жағдайларын қарастыра келіп, студенттің лидерлік қабілетін дамытатын ерекшелігінің алғашқы сатысы ынталандыру екендігін айтуға болады.

Топ мүшелеріне әсерлі ынталандырушы әдістерді табу мен қолдану арқылы іс-әрекеттерінің нақты формаларын негіздеуге болады. Ынталандыру бұл – психологиялық өсу мен өзінің құзіреттілігін арттыруға талпындыруға бағытталған және табиғи мұқтаждықтарды қанағаттандыру мақсатында атқарылған жұмыстан рахаттану сезіміне ие болуына мүмкіндік беретін ерекшелік. Ынталандыру үшін оқу – тәрбие үрдісінде жағымды психологиялық орта құрып, өзара ізгілікті әрекеттерге бағытталған топтық жұмыстар, белгілі бір салада лидер ретінде танылып жүрген тұлғалармен кездесулер сияқты шараларды көбірек ұйымдастыру қажет. Осындай шаралардан кейін студенттің еңбекқорлық және табандылықпен білім игеруге, білімін жетілдіруге, оқу және оқудан тыс жұмыстарға қатысуға деген құлшынысы туындайды.

Студенттердің лидерлік қабілетін дамытудың екінші ерекшелігі мазмұндық (психологиялық) ерекшелік. Бұл ерекшелік студентті өзінің қабілеттерін түсіну және қабілеттің болашақ іс – әрекет барысындағы маңызын дәлелдеуге бағытталады. Бұл психологиялық ерекшеліктің басты көрсеткіші лидерлік қабілеттің дамуына кедергі жасайтын келеңсіздіктерді жоюдағы жеке жауапкершілікті сезіну, өзіндік қабілетін түсіну, дербес ойлы болу және жоғары әсершілдік, ішкі күйзелістен арылту болып табылады. Бұл ерекшелік бойынша оқу – тәрбие үдерісінде ойындар, тренингтер қолдануға болады.

Студенттердің лидерлік қабілетін дамытудың үшінші ерекшелігі педагогикалық іс –әрекеттік ерекшелік. Студенттің қабілетінің дамуы мен әлеуметтенуінің әрекет арқылы жүзеге астындығы белгілі. Сондықтан да оқу –тәрбие үдерісінде аудиториялық пәндерді оқытуда интербелсенді әдістерді қолданып, аудиториядан тыс уақытта әрекет етуге бағытталған жоғары курс студенттерін кіші курс студенттеріне қатысты кураторлық әрекетін ұйымдастыру, студенттердің өзіндік басқару ісіне қатыстыру, лидерлік жайында «XXI ғасыр көшбасшысы» тәрізді интеллектуалды жарыстар ұйымдастыру, КВН топтарын құру, «Жоғары оқу орнының Лидер студенті» немесе басқа атаумен аталатын зияткерлер клубын құру шараларын қолдану арқылы жоғары белсенділік таныту, өз ойының көп бөлігін әрекет арқылы іске асыру, өзіндік басқару, бастамашыл, табандылық қабілеттерін қалыптастырып, дамытуға болады. Себебі, оқыту мен тәрбиелеуде әрекет формаларын қолдану маңызды және бұл формалар белсенді өмірлік позиция қалыптасуына ықпал етеді.

Жоғарыда аталған лидерлікке тән қабілеттер мен лидерлік қабілетті дамыту ерекшеліктері өзара тығыз байланысты және осы ерекшеліктердің жүйелі дұрыс қолданылуы студенттердің лидер ретінде қалыптасуында аса маңызды. Аталған ерекшеліктер болашақ мамандардың, яғни студенттердің лидерлік қабілетін дамыту және педагогикалық әрекетін тиімді жүзеге асыруға, жеке әлеуметтік тұлға ретінде сәтті қалыптасуына тиімді мүмкіндік береді деген ойдамыз.

1. Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы- 2010 жжз.government.kz/resources/docs/doc18

2. Теплов Б.М. Проблемы индивидуальных различий.- М., 2002.- с.156

3. Мұқанов М. Қабілеттілік және оны тәрбиелеу.- Алматы, 1960. - 13 б.

4. Құдайқұлов С. М. Творчестволық және бәсекелестік қабілеттілік. Алматы: Школа XXI, 2006.-82б

5. Давлетова А.И. Лидерство как социальное явление: сб. науч. тр. Славянск-на –Кубани: центр СГПИ, 2006.-с. 76

6. Стогдилл Р. Справочник по лидерству. Обзор теорий и исследований.- Р. Стогдилл. -1974

РАЗВИТИЕ АКАДЕМИЧЕСКОЙ МОБИЛЬНОСТИ ОБУЧАЮЩИХСЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Э.Д. Баженова – докторант 3 курса специальность «Педагогика и психология» ИМиД КазНПУ им. Абая

Түйін

Қазақстандық жоғары оқу орындарының еуропалық білім беру кеңістігіне енуі үдерісінде білім алушылардың академиялық ұтқырлығына маңызды орын беріліп отыр. Бұл үдеріс тек Қазақстан Республикасы нарығында емес, сондай-ақ дүниежүзінде елеулі орын алуға мүмкіндік беретін және нарықтық экономиканың талаптарына сай сапалы әрі жаңа еңбек ресурстарын қалыптастыратын болады. Білім беру үдерісі аясында жоғары оқу орындарының арасында тығыз байланысты қамтамасыз ететін академиялық ұтқырлықты дамыту қажеттілігі қазіргі заманғы қоғамдық дамудың ағынымен тығыз байланысты іске асып отыр. Бұл мақалада осындай күрделі мәселелер қарастырылған.

Summary

The article describes and provides a content analysis of the category "academic mobility". Owing to Bologna Declaration signed by the post-Soviet countries, this subject has become topical. Because a person is active and constantly developing, its activities should be directed to creation, search of new non-standard solutions to arising problems, including the professional ones. Thus, human development in the education system requires, above all, the movement and hence, the mobility. Academic mobility as a complex integral education is the ability to quickly change the profile and types of training activities and occupation. Academic mobility, first of all, contributes to formation of basic competencies. Second, a transition to creative, practical and innovative activities occurs. Academic mobility is the basis for formation, development and improvement of professional mobility.

Академическая мобильность обучающихся является в современных условиях дает возможность по-новому осмыслить разнообразие современной системы образования.

В качестве приоритетного направления Болонского процесса в Коммюнике Конференции европейских министров, ответственных за высшее образование, является усиление академической мобильности (г.Левен/Лувен-ля-Нев,2009). Данная Конференция призвала все страны-участниц к расширению академической мобильности и по среднесрочным прогнозам, к 2020 году, по крайней мере, 20% выпускников стран-участниц Болонского процесса должны пройти научную стажировку или период обучения за пределами своей страны[1].

В современных условиях интеграция РК в мировое, в том числе в европейское образовательное пространство становится неизбежным процессом, фактором конкурентоспособности и жизнеспособности казахстанских вузов.11-12 марта 2010 года на II Болонском форуме Министров образования стран-участниц Болонского процесса (в г. Будапешт, Венгрия и г. Вена, Австрия) Республика Казахстан присоединилась к Болонской декларации и стала 47 страной-членом Болонского процесса, первым Централно-Азиатским государством, который удостоился чести присоединиться к Болонскому процессу.

Граждане *Казахстана* обучаются в 35 странах мира и география сотрудничества в области образования и науки с каждым годом расширяется.

Основные направления обучения граждан Казахстана за рубежом:

- международные образовательные обмены;
- стипендии Правительств иностранных государств и международных организаций;
- в частном порядке;
- по международной стипендии Президента РК «Болашак»

Существенным моментом при создании предпосылок для развития мобильности студентов является значительный интерес к обучению за рубежом, который проявляют обучающиеся в вузах Казахстана. Потенциальная аудитория для программ мобильности будет со временем расширяться.

Этому также способствуют возрастающие материальные возможности граждан Казахстана, которые позволяют им финансировать свое обучение за рубежом. Способствует также росту числа обучающихся за рубежом также расширение круга программ, финансируемых как за счет правительства Казахстан, так и международных программ. В рамках второго консорциума стипендий программы ERASMUSMUNDUS за 2009-2010 годы Казахстану присвоено 20 стипендий (бакалавриат – 9, магистратура- 5, докторантура-3, пост докторантура-1, преподавание-2).

Вместе с тем, вузами республики реализуется более 80 меморандумов о сотрудничестве по внедрению совместных образовательных программ с зарубежными университетами Великобритании, Испании, Германии, Чехии, США, Канады и России.

Существенным вкладом в развитие человеческого капитала и академической мобильности обучающихся стала реализация международной стипендии Президента Республики Казахстан «Болашак», дающей возможность одаренным молодым казахстанцам получить образование в лучших университетах мира. За рубежом обучаются более 20 тыс. казахстанцев, около 3000 стипендиатов международной стипендии Президента Республики Казахстан «Болашак» обучаются в 27 странах мира. Это способствует укреплению академической и культурной интернационализации казахстанского высшего и послевузовского образования, улучшению качества образовательных программ и научных исследований.

Академическая мобильность обучающихся важна для личного развития и возможности трудоустройства, и она воспитывает уважение к разнообразию и возможности иметь дело с другими культурами, она стимулирует лингвистический плюрализм и повышает конкурентоспособность высших учебных заведений Республики Казахстан.

В 2012 году МОН РК была принята «Стратегия академической мобильности в Республике Казахстан

на 2012-2020 годы», миссией которой является «Повышение привлекательности казахстанского высшего образования через обеспечение качества образовательных и исследовательских программ, дальнейшую интернационализацию, достижение сбалансированной мобильности, развитие поликультурного общества» [2].

В данной стратегии приведен текущий анализ состояния академической мобильности обучающихся РК на настоящий момент, Третий Форум политики Болонского процесса утвердил стратегию "Мобильность для лучшего обучения" ЕПВО до 2020 года, которая определяет цели мобильности, сформулированные в Коммюнике Левен/ Лувен-ля-Нев: как минимум 20% выпускников высшего образования к 2020 году должны пройти академическую мобильность в ЕПВО и 5% за её пределами[3].

В октябре 2012 года при МОН РК открыт Центр Болонского процесса и академической мобильности. Центром Болонского процесса и академической мобильности осуществляется мониторинг академической мобильности.

По итогам 2011-2012 учебного года мониторинг был проведен в два этапа.

Первый этап мониторинга был направлен на выявление общих тенденций и проблем, в котором приняли участие 98 вузов, из них: 8 национальных, 27 государственных, 15 акционированных, 5 медицинских, 51 негосударственных вузов. На данном этапе были опрошены только ответственные за академическую мобильность в вузах.

Данные этого этапа мониторинга показали, что:

- академическая мобильность студентов бакалавриата составляет 0,7 % от общего числа студентов опрошенных вузов, магистрантов – 22,0% и докторантов – 29,2%;
- из них внутренняя мобильность студентов бакалавриата составила 46,6%, магистрантов – 9,9%, докторантов – 5,4%, что значительно ниже показателей внешней мобильности;
- в большинстве вузов Казахстана созданы предпосылки для нормативно-правового обеспечения академической мобильности: в 49,0% разработаны положения об академической мобильности, в 11,0% из которых дополнительно разработаны положения о переводе и накоплении кредитов по типу ECTS; 15,0% вузов в своих стратегических планах развития отразили вопросы реализации академической мобильности;
- 74% вузов осуществляют институциональную поддержку академической мобильности (функционируют соответствующие структурные подразделения);
- 75% вузов размещают информацию по академической мобильности на сайте вуза;
- 38% опрошенных вузов осуществляют подготовку к сдаче экзаменов по иностранным языкам[4].

Анализ вышеприведенных данных позволил выявить основные проблемы академической мобильности, связанные с:

- финансированием (на это указали 62% респондентов);
- с языковой подготовкой (указали 53% респондентов);
- сопоставимостью содержания и уровня программ (указали 26% респондентов);
- отсутствием четко разработанной системы перевода и накопления кредитов.

Центром Болонского процесса и академической мобильности были приняты меры по реализации целей и задач мобильности

Стратегическое направление 1. Совершенствование инструментов академической мобильности

Реализация совместных исследовательских программ для вхождения в ЕПВО и Европейское исследовательское пространство. Разработка образовательных программ на основе Национальной рамки квалификаций, сопоставимой с Европейской рамкой квалификаций, для повышения трудоустройства и занятости, непрерывного образования (обучение в течение всей жизни), гибких траекторий обучения. Расширение опыта разработки и реализации совместных образовательных программ для лучшего баланса потоков и снижения барьеров и препятствий мобильности. Расширение и реализация многоуровневых модульных образовательных программ в соответствии с Дублинскими дескрипторами и требованиями международного рынка труда для внедрения инструментов мобильности: казахстанская модель перезачета кредитов по типу европейской системы перевода кредитов (ECTS); Приложение к диплому; признание академических степеней, профессиональных квалификаций; признание предшествующего обучения (формального, неформального, информального).

Стратегическое направление 2. Осуществление мониторинга академической мобильности

Создание казахстанской системы измерения (целевых индикаторов) мобильности, отражающей мобильность ученой степени, кредитную мобильность, мобильность начинающих исследователей, преподавателей и административного персонала вузов, социальный аспект мобильности. Участие в

работе Европейской сети национальных информационных центров по академическому признанию и мобильности (ENIC Network). Участие в международном исследовательском проекте «Евростудент» для координации социальных аспектов мобильности. Развитие веб-сайта по информации об академической мобильности. Создание постоянно обновляемой базы данных по образовательным программам казахстанских и зарубежных вузов

Стратегическое направление 3. Содействие развитию академической мобильности в ВУЗах Казахстана

Государственная поддержка академической мобильности. Разработка вузами Казахстана стратегий интернационализации и мобильности. Дальнейшее продвижение академической мобильности студентов внутри страны. Создание схем устойчивого финансирования мобильности при участии работодателей, направленных на развитие альтернативных источников и форм академической мобильности. Расширение прямых связей вузов с зарубежными вузами-партнерами для повышения качества мобильности. Расширение прямых связей вузов с международными организациями, фондами и программами: ЮНЕСКО, ЕРАЗМУС-МУНДУС, ТЕМПУС, ДААД, Всемирным банком и т.д. Позиционирование вузов Казахстана на международном рынке образовательных услуг как равноправных партнеров для повышения их привлекательности. Расширение страновых границ академической мобильности для увеличения потоков мобильности в странах ЕПВО и за пределами ЕПВО. Увеличение количества образовательных программ, аккредитованных агентствами по гарантии качества образования. Рост количества вузов, отмеченных в мировом рейтинге университетов. Создание условий для языковой подготовки обучающихся, ППС и персонала вузов и реализации программ по развитию компетенций по работе в международной среде для снижения препятствий мобильности. Создание совместных процессов внешней гарантии качества для формирования и реализации совместных образовательных программ.

Совершенствование структур управления взаимодействия академических и сервисных служб в рамках мобильности.

Ожидаемые результаты развития академической мобильности обучающихся в РК, согласно «Стратегии развития академической мобильности на 2012-2020 годы» видятся следующими:

К 2020 году 20% обучающихся от общего контингента казахстанских студентов будут мобильными, что приведет к сбалансированной мобильности в ЕПВО.

К 2020 году 5 % всех студентов, обучающихся в Казахстане получают предварительную квалификацию за пределами ЕПВО.

Сформирована методологическая, нормативно-правовая, научно-методическая база академической мобильности на основе совершенствования инструментов Болонского процесса.

Обеспечены гарантии качества, открытость и прозрачность высшего образования Казахстана.

Осуществляется непрерывный мониторинг академической мобильности, способствующий обмену качественной информацией индивидуальных, институциональных о социальных программ мобильности.

Вузы Казахстана интегрированы в Европейское исследовательское пространство.

Снижены препятствия мобильности, обусловленные субъективными факторами.

Сформирована казахстанская модель мобильности, ориентированная на импорт- экспорт образовательных услуг[5].

Представляя очевидным, что академическая мобильность не может ограничиваться лишь возможностью обучаться или работать за границей, а само по себе признание национальных дипломов другими странами еще не является доступом, вне зависимости от географического, образовательного и политического пространства, становится профессиональная компетентность специалиста. Сегодня важно не только и не столько получить доступ к международным образовательным программам, но и уметь использовать полученные знания и опыт в своей профессиональной деятельности.

1. *Болонский процесс 2020- Европейское пространство высшего образования в новом десятилетии: коммюнике Конференции европейских министров, ответственных за высшее образование, Ленева/Лувен-ла- Нев, 28-29 апреля 2009 года//Высшее образование в России.-2009.-№7.*

2. *Стратегия развития академической мобильности в Республике Казахстан на 2012-2020 годы*

3. *Болонский процесс 2020- Европейское пространство высшего образования в новом десятилетии: коммюнике Конференции европейских министров, ответственных за высшее образование, Ленева/Лувен-ла- Нев, 28-29 апреля 2009 года//Высшее образование в России.-2009.-№7.*

4. *Анализ эффективности внешней и внутренней академической мобильности обучающихся и ППС вузов Казахстана . Сайт МОН РК*

5. *Стратегия развития академической мобильности в Республике Казахстан на 2012-2020 годы*

МОРАЛЬДЫҚ-ЭТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕ

Т.Ә. Данияров – Халықаралық қазақ-түрік университеті п.ғ.к., доцент, Түркістан қаласы,
А.К. Бимаганбетова – Халықаралық қазақ-түрік университеті, аға оқытушы Түркістан қаласы,
Қ.Қ. Базарбаев – Халықаралық қазақ-түрік университеті, PhD докторант Түркістан қаласы

Түйін

Бұл мақалада жеткіншектерге моральдық-этикалық тәрбие беру – педагогикалық-психологиялық мәселе қамтылған. Қазақ халқының көне дәуірден бері сақталып келе жатқан салт-дәстүрлері тұлға, әсіресе қыз баланы тәрбиелеуде, оның моральдық-этикалық адамгершілік мінез-құлқын қалыптастыруда үлкен мәнге ие. Қоғамдағы ұлт саясатын жүзеге асыру және жаңаша ойлау мен әлеуметтік-саяси өзгерістерге байланысты жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру ісі – бүгінгі күннің өзекті мәселесінің біріне айналып отыр. Өйткені білім берудің негізгі мақсаты – болашақ ұрпақтың білімін, біліктілігін, дағдысын қалыптастыруға қол жеткізу ғана емес, ұлттық тәрбие негізінде ертенгі қоғамның белсенді азаматтарын – өнегелі тұлға ретінде қалыптастыру болып саналады.

Резюме

В этой статье рассматривается педагогическо-психологический вопрос в свете морально-этического воспитания подростков. Большое значение авторы оказывают традициям, которым казахский народ следовал издревле, особое внимание уделяется воспитанию девушек, формированию в них нравственности и характера. Приоритетным на сегодняшний день является общественно-национальная политика и воспитание молодого поколения, изменение социальной политики, и мышления. Главной целью воспитания является не только образование подрастающего поколения, повышение квалификации, развитие умений и навыков, а также воспитание всесторонне-развитой личности на основе народного воспитания.

Summary

This article deals with pedagogical-psychological aspect within moral-ethical upbringing of teenagers. Of great importance are traditions and customs, which a Kazakh person has been following from ancient times. The special attention is paid to girls upbringing, forming moral qualities of character. Nowadays of great priority is public-national policy and upbringing of young generation, changing social policy, and mentality. The main purpose of upbringing is not only education of the growing generation, skills developing as well as upbringing developed in all spheres person on the basis of public education.

Қазақстан Республикасының егеменді ел болып, өркениетті мемлекеттердің санатына қосылуы жағдайында, гумандық, адамгершілікті-этикалық идеялар көрініс алған қазақ халқының рухани-мәдениетін зерттеу, тәрбиедегі озық дәстүрлерін бүгінгі қоғам талабын ескере отырып зерделеу көкейкесті мәселенің бірі болып табылады. Бұны елбасы Н.Ә.Назарбаевтың біздің бүгінгі қоғамымыз «...арды бағалайтын, белсенді, жоғары моральды, әдепті және рухани байлығы мол адамдардан тұруы керек. Қазақстанның бірегей халықтарының ұлтаралық және мәдениетаралық ынтымағы мен жетілуін қамтамасыз ете отырып, қазақ халқының көп ғасырлық дәстүрлерін, тілі мен мәдениетін сақтаймыз және дамыта түсеміз», - деген Қазақстан халқына арнаған «Әлеуметтік экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыттары» жолдауынан байқауға болады [1]. Ұлттық рухани мәдениеттің адамгершілік тәрбиесіндегі мәні, оны жеткіншектерге «өз Отанына сүйіспеншілігін, халық дәстүрлеріне құрметін тәрбиелеу» мақсатында пайдалану проблемасы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында да жетекші міндеттердің бірі болып отыр [2].

Кейінгі жылдары қоғамда көрініс алып отырған келеңсіз жағдайлар да (оқушы жастардың тәрбиесіндегі кемшіліктер, ересектердің мінез-құлқындағы дөрекі қылықтар, қатыгездік, жауыздық және т.б.), бүгінгі тәрбие саласындағы инновациялық көзқарасты педагогикада жүйелі түрде пайдалануға байланысты тиімді идеяның болмауы да адамгершілік тәрбиесін, соның ішінде моральдық-этикалық тәрбиені дағдарысқа әкелуде.

Бұл мәселенің шешімін, ғасырлар бойы өзінің көкейкестілігін жоғалтпаған, керісінше, әрбір қоғамдық формацияда болған өзгерістерге байланысты жетіліп отырған қазақ халқының озық моральдық-этикалық дәстүрлерінен іздестіру қажет. Өйткені, қазақ халқының озық этикалық дәстүрлерінің негізі болып қаланған гуманистік идеялар, адамгершіліктің басты құндылықтарымен байланысты болады және адамзат моралінің негіздерін мағыналы түрде жан-жақты меңгеруде, адамдар арасында таза адами қарым-қатынасты тәрбиелеуде жетекші құралдардың бірі болып табылады. Моральдық-этикалық дәстүрлерді халық даналығының негізгі бір көрінісі ретінде қабылдау бүгінгі білім беру жүйесі үшін аса маңызды.

Бұның, әсіресе болашақ мұғалімдер үшін пайдасы зор. Олай дейтініміз, оқушылардың моральдық-этикалық мәдени деңгейінің дұрыс қалыптасуы мұғалімнің тұлғалық адамгершілікті моральдық-этикалық қасиеттеріне, осы бағытта меңгерген тарихи-теориялық, практикалық, білім, іскерлік, дағды деңгейіне байланысты айқындалады. Нәтижесінде бұның бәрі, қазақ халқының моральдық-этикалық тәрбиесіндегі озық дәстүрлерін зерделеуге бағыттайды.

Қазіргі таңдағы түбегейлі өзгерістер, яғни нарықтық қатынастардың туындауына байланысты жеткіншектерді шынайы тұлға болып қалыптасу үрдісінде қазақ тәлім-тәрбиесі мен ұлттық әдет-ғұрыптарының асыл мұрасын пайдалану бойынша ғылыми-педагогикалық ізденістер маңызды орын алады. Сондықтан бізге қазақ халық педагогикасында қыздарды моральдық-этикаға тәрбиелеудің тарихи тамырына, яғни теориялық-әдіснамалық негіздеріне халықтың рухани мәдениетімен, халық тәрбиесі дәстүрімен, отбасы тәрбиесімен, ұлттық тәрбие берудегі қоғамдық сананың дамуымен, қоғамдағы әлеуметтік өзгерістер мен өндірістік қатынастардың жаңғырып жанаруымен бірге қарастыруға тура келеді. Ал, ол халық педагогикасындағы жалпы жас ұрпақты моральдық-этикаға тәрбиелеу үрдісінің әмбебаптығын, атап айтқанда, қыз балалардың моральдық-этикаға тәрбиелеу процесінің халық педагогикасындағы барлық тәрбие салаларымен тығыз байланыста екендігін көрсетеді.

Жеткіншектер тәрбиесін ұйымдастырудағы халықтық тәлім-тәрбиенің терең тамырлы мол ықпалына, әсіресе, адамгершілікке, патриоттық сезімге, елжандылыққа, моральдық және этикалық тәрбиеге баса назар аударған.

Адам, тәрбие және гуманизм проблемалары педагогика тарихымен бірге дамып, өз маңыздылығын осы уақытқа дейін жойған емес.

Бүгінгі таңда ұлттық болмыстың көкейтестілігі, оның ішінде халықтың дәстүрлі педагогика мәдениетінің бұрынғы философиялық педагогикалық тарихи тәжірибесіне оралуды талап етеді. Бұл қажеттілік ұлтаралық, толеранттық тәрбиеге, жалпыадамзат идеалдары мен құндылықтардың танылуы, сонымен бірге адамдардың бір-біріне деген түсінушілігі мен сыйластығына керек.

Халық педагогикасын пайдалану мен зерттелуіне басты сөзді, әрине, педагогика ғылымының классиктері халық педагогикасын ғылыми-теориялық педагогиканың қайнар көзі ретінде қарастырған Я.А.Коменский, И.Г.Песталоцци, К.Д.Ушинский болды. Бірақ, ертеректе қайта Өрлеу кезеңінде Томас Мор өзінің әйгілі «О наилучшем устройстве государства и новом острове Утопия» кітабында өз ана тілінде әйелдер мен ер адамдарға бірдей білім беру жаңа адамгершілік түсініктердің қалыптасуына әкеледі деген пікір айтқан [3].

Барлық ғылымның мәдени және ғылыми даму кезеңінде теориялық ілімнің дербес ғылым саласы ретінде педагогика Я.А.Коменский есімімен байланысып, жаңа дәуірде өріс алды.

Я.А.Коменский «Адамзат баласы бірлесе иеленетін жалпыға бірдей даналық қазына» деп бағалаған [4]. Жеткіншектердің тәрбие мәселелерін ұйымдастыру жөнінде өте құнды пікір айтқан алғашқы педагог Я.А.Коменский болды. Ол жеткіншектер тәрбиесін қоғамдық мекемелерде емес, қайта отбасындағы Ана мектебінде ұйымдастырудың жолдарын, мазмұны мен маңызын көрсетіп берген. Өзінің «Ұлы дидактика» деп аталатын кітабының бір саласын «Ана мектебі» деп атап, оны тәрбие жүйесінің алғашқы және маңызды сатысы ретінде қарастырған. Ұлы педагогтың ойынша Ана мектебінде алдымен дене шынықтыру, адамгершілік және ақыл-ой тәрбиесі бірінші орын алуы тиіс. Баланың дене және рухани күштері біртіндеп жетілетіндігін, әр баланың жеке басының өзгешеліктеріне мән бере отырып тәрбиелеу, жас ерекшеліктерін ескеру қажет екендігіне назар аударған. Ол әсіресе жеткіншектердің дене тәрбиесіне көп көңіл аудару маңыздылығын айтқан. Ата-аналардың әсіресе жас аналардың өз нәрестесінің дұрыс тамақтануы, киіндірілуі, ойыны, қимыл іс-әрекеті күнделікті тәрбиелік шаралардың нақты талаптарын сұрыптап көрсеткен. Ананың нәрестесін емізуі, ойнатуы тәрізді мәселелерге жауапкершілікпен қарауға шақырған. Баланың алаңсыз ойынын құптап, ата-анасының оған кедергі келтірмеуін, қайта ойынға араласып, дұрыс бағытқа бағдарлап, әділ бағалауын, мадақтауын жақтаған.

Педагогикалық ықпалды педагогикалық технология қамтамасыз ететін болғандықтан, оның мазмұны педагогикалық ықпал ету құралдарынан тұрады: педагогикалық тіл табысу, педагогикалық баға беру, педагогикалық талант, ақпараттық тілдік және демонстрациялық ықпал. Бұл элементтер атқаратын нақты функциялары мен анықталған кілтті операцияларына сай педагогикалық технологиялардың мәнін құрайды, педагогты тәрбие процесінің субъектісі болатын - тәрбиеленушіге ықпал ету үшін қажетті және жеткілікті кәсіби мәнді білікпен қамтамасыз етеді. Бірақ мұнымен педагогикалық технология мазмұны шектелмейді: қосымша элементтер - психологиялық климат, топтық іс-әрекет, жасаған қылығына педагогикалық реакция, ортаны ұйымдастыру және т.б. жалпылама немесе жеке сипатқа ие болып, ықпал етудің формаларын түрлендіруді және әрбір мұғалімнің дербестігін сақтауды қамтамасыз ететін әрекеттер қатарына жатады.

Біз зерттеу барысында алдымызға оқушылардың салауатты өмір сүру дағдысын жетілдіру барысында инновациялық педагогикалық технологияларды пайдалану мүмкіндіктері мен жолдарын айқындау міндетін қойдық. Педагогикалық технологиялар қолданылу сипатына қарай дәстүрлі және инновациялық болып бөлінеді. Енді осы екеуінің ара жігін ашып көрсетейік.

Инновация («новация» - жаңа, жаңашылдық; «ин» «қайталанатын» процесс, құбылыс, оқиға, т.с.с. білдіретін жұрнақ) бар, әрекет етуші нәрсенің ішінде жаңаның пайда болуын, дамуын білдіреді. Бұл ұғым кейде «жаңалықты енгізу», «жаңашылдық», «жаңаны жасау», «реформалау» ұғымдарымен теңестіріледі, ал кең тұрғыдан алғанда жүйедегі кез келген өзгерісті білдіреді.

Әртүрлі анықтамаларды талдау инновацияға мазмұнды өзгерістер тән деген қорытындыға әкеледі, ал инновациялық өзгерістің басты функциясы өзгерту функциясы болып табылады. Инновация мамандар даярлау міндеттерін дәстүрлі формалар (мазмұн) арқылы шешу мүмкін болмаған жағдайда пайда болып, жаңа мақсат пен міндеттерге сәйкес жаңа технологияларды пайдалану қажеттілігін тудырады.

Дәстүрлі және инновациялық педагогикалық технологиялардың аражігі болғанымен, бұл оларды тұтас бір-бірінен ажыратып алу деген сөз емес. Олардың әрқайсысына тән ерекшеліктерімен қатар бірін-бірі өзара байланыстырып тұратын ортақ сипаттары да болады. Мұғалім білім беру мен тәрбие мақсаты және міндеттерін нәтижелі жүзеге асыру үшін педагогикалық технологиялардың әрқайсысына тән ерекшеліктерді негізге ала отырып, оларды өзара байланыстырып қолданудың мәнін жете түсіну қажет.

Дәстүрлі технологияларды бірнеше жылдар бойы тәжірибеде сыналып, өзінің нәтижелігін дәлелдегенін, сондықтан оларды бүгінде ысырып тастауға болмайтынын, ал инновациялық технологиялардың уақыт ағымына байланысты пайда болып, бүгінгі күннің сұранысына жауап беретінін, сондықтан оларды оқу-тәрбие процесінде пайдалану қажеттілігін көрсетеді.

Инновациялық технологияны іске асырудың қажетті шарты ретінде ғалымдар (Қ.Қабдықайырұлы, В.М.Монахов, т.б.) мынадай әдіснамалық принциптерді міндетті түрде орындауға баса көңіл аудару аса маңызды деп есептейді:

1. Мұғалімнің педагогикалық кәсіби қабілетіне сену принципі. 2. Мектептердегі кері тартпалық пен шек қойып тежеушілікті жойып, бұрынғы дәстүрлі оқыту көздерін дұрыс ара қатынаста үйлесімді пайдалану принципі. 3. Ұйымдастыру мен оқыту технологияларын қолдану мен қалыптастырудағы педагогтік мәліметтердің дұрыстығы мен шындыққа сәйкестік принципі. 4. Мектеп мұғалімдері мен оқушылардың оқу-тәрбие процесіндегі арақатынасының жарасымды даму бірлігі принципі. 5. Жаңа технологияны жобалаудағы мазмұндық, бірізділік, мотивациялық жақтарының бірлігі принципі.

И.Г.Песталоццидің көптеген идеялары белгілі неміс педагогы Фридрих Адольф Вильгельм Дистервергтің педагогикалық көзқарастарында жалғасын тапты. Оның педагогикалық ойларындағы тәрбиелеудің мақсаты – жалпы адами құндылықтар. Дистерверг ұстаздарды жалпы адами құндылықтар мен ұлттық тәрбиені біріктіруге шақырған. Ол, «При воспитании необходимо принимать во внимание условия места и времени, в котором родился человек и где предстоит ему жить, одним словом – всю современную культуру в широком всеобъемлющем смысле слова», – дей келе, жеткіншектер бойында ұлттық дәстүрге, тарихқа сүйіспеншілік пен сыйластық сезімдерін ендіріп, қоғам өмірі, мәдениет пен тәрбие арасында тығыз байланыс орнауын қажет деп есептеген.

М.В.Ломоносов отандық гуманистік педагогикадағы «Мәскеу гимназиясының Регламенттік Жобасында» педагогикалық ойлардың демократиялық дамуының іргетасы қаланған. Ұлттық халық педагогикасы педагогика құралдары арқылы шығу тегіне қарамастан білім беру, жеке тұлғаны тәрбиелеу мен оқыту жүйесінде тектілікті дамыту, отандық ғылым мен мәдениетті қалыптастыру қарастырылды [5].

Ресейде ХІХ ғасырдың ортасынан ХХ ғасырдың басында дарынды педагогтар қатары К.Д.Ушинский, Д.Д.Семенов, Костюк Г.С. өз назарларын білім беру мазмұнын ұлттық негізде құруға аударған. Осы педагогтардың еңбектерінде отандық педагогикалық ойлардың халықтық бағыты бастау алды.

Ұлттық гуманистік бағыттың негізін қалаушы К.Д.Ушинский. «Халықтықсыз – халық», заңды іріп-шіруі ғана қалған жансыз дене дей келе орыс халқының ғасырлар бойы жинақталған тәлім-тәрбие үрдістерін басшылыққа алуды ұсынады. Біздің тәрбиені ойлап тапқымыз келетіні бос әурешілік... тәрбие орыс халқында, халықтың өзі қанша өмір сүрсе, тәрбие де сонша өмір сүрді, онымен бірге өсті, өз тұрпатында бүкіл тарихын, жақсы және жаман қасиеттерін бейнелеген» – дей келіп, «Теорияда да, іс жүзінде де барлық халықтарға ортақ тәрбие жүйесі жоқ. Әр халықтың өзінің тәрбие жүйесін пайдалана алмайды. Соншама тартымды да үлгілі болғанымен бір халықтың тұрмыс тіршілігіндей екінші халық өмір сүре алмайтыны тәрізді жақсы ойластырып ұйымдастырылған бөтен педагогикалық жүйеде басқа халықтың тәрбиеленуі мүмкін еместігі анық» – деп, тұжырымдаған. Қазіргі таңғы халықтардың тәуелсіздікке қолы жетіп, өз ғылымы мен білімін дамуындағы ұмтылыстары тұсында әр халықтың өз

этнопедагогикалық жүйесіне жүгінуі басты қағидалардың бірі болып табылады. Қай халық та өз ұлтының этнопсихологиялық және этнопедагогикалық қазанында қайнап, жетілуі тиіс, ол ұлттық мектептің жаңа үрдістегі оқу-тәрбие процесінде жасалуы қажет.

Қазақ халқы да ұрпақ тәрбиесіне аса ыждағаттылықпен қараған. Мындаған жылдар бойы тарих талқысынан өтіп, елеулі өзгерістерді басынан кешірді. Сан түрлі нәубеттерге мәңгүрттік моральға карамастан қазақ халқы дүниетанымын жоғалтпады. Өзіне ғана тән наным, сенім, әдет, ғұрып, мінез-құлық, салт және дәстүр қалыптасты. Өмірі тұрмыстық және кәсіптік ережелермен, жазылмаған моральдық және заң – құқық кодекстермен реттелді. Қазақи ұлттық ерекшелік оның ұл-қыздарының бойына еркіндік пен тәуелсіздік, қайсарлық пен қайырымдылық, ақниеттілік пен парасаттылық, қажырлық пен төзімділік, ынсапшылдық пен жомарттық, өрлік пен ерлік, сабырлылық пен қайраттылық сияқты асыл қасиеттерді сіңірді.

Мұндай қасиеттер мен ерекшеліктер дала ұрпақтарына ғана тән бай тарихи-әлеуметтік тәжірибелер еді. Сонымен қатар қазақ халқы өзіндік тұрмыс-кәсіп нормаларын, өмір сүру ұстанымдары мен моральдық-этикалық ережелерін қалыптастыра білген халық.

Сондықтан қазақтың халықтық педагогикасы мыңдаған жылдардың тарихи талқысынан өтіп, шындалып бүгінге дейін жетіп отыр. Қазақ этнопедагогикасы саласында 1970-2008 жылдары 100-ден аса зерттеулер жүргізілген.

Қазақ халқының тәрбие тарихында, соның ішінде қыз тәрбиесінде болашаққа үлгі боларлықтай тәжірибе жинақтаған. Мәселен, халықтық педагогика идеяларын жүйелеп, сұрыптап, оқу-тәрбие үрдісіне енгізудің жолдарын ғылыми көрнекті ғалымдарымыз С.Қалиев, Қ.Б.Жарықбаев, С.А.Ұзақбаева, т.б. өз еңбектерінде нақты көрсеткен. Зерттеу нәтижелері ғылыми негізделіп, практикамен тығыз байланыста қарастырылады және одан шыққан тұжырымдарды жоғары оқу орны мен мектепте пайдалануға байланысты қолданбалы әдістемелік ұсынастар жасап, ұсынылымдар ұсынады.

Бүгінгі қазақ қызына моральдық-этикалық тәрбие беру мәселесі қоғамдық сананың дамуы мен қоғамдық-әлеуметтік өзгерістермен тығыз байланысты.

Қазіргі жаһандану заманындағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер тәрбиеге де елеулі әсер етуде.

Қазақ халқының көне дәуірден бері сақталып келе жатқан салт-дәстүрлері тұлға, әсіресе қыз баланы тәрбиелеуде, оның моральдық-этикалық адамгершілік мінез-құлқын қалыптастыруда үлкен мәнге ие. Қоғамдағы ұлт саясатын жүзеге асыру және жаңаша ойлау мен әлеуметтік-саяси өзгерістерге байланысты жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру ісі – бүгінгі күннің өзекті мәселесінің біріне айналып отыр. Өйткені білім берудің негізгі мақсаты – болашақ ұрпақтың білімін, біліктілігін, дағдысын қалыптастыруға қол жеткізу ғана емес, ұлттық тәрбие негізінде ертеңгі қоғамның белсенді азаматтарын – өнегелі тұлға ретінде қалыптастыру болып саналады.

СӨЗДЕР: моральдық-этикалық, қалыптастыру, балалар, тәрбие, педагогикалық-психологиялық мәселе, салт-дәстүр.

КЛЮЧЕВОЕ СЛОВА: морально-этическую, формирование, дети, воспитание, педагогико-психологический аспект, обычай и традиции.

KEY WORDS: moral-and-ethical, formation, children, education, pedagogic-psychological aspect, customs and traditions.

1. *Әлеуметтік экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыттары. ҚР-ның Президенті – Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы // Егемен Қазақстан. 2012ж, 28 қаңтар.*

2. *Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңы //Егемен Қазақстан, 1999 ж., 11 маусым.*

3. *Песталоцци И.Г. Педагогическое наследие. –М.: Просвещение, 1989.*

4. *Джамбинова Т.Н. Воспитание девочек в калмыцкой народной педагогике: автореф... канд.пед.наук. – Чебоксары, 2004. –25 с.*

5. *Дистерверг А.В. Основы этики. //Соч.: В 2 т. –М., 1955. – Т. 1. –395 с.*

ОҚЫТУ ҮРДСІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Ш.А. Убниязова – *Магистратура және PhD Докторантура Институты,
Психологиялық педагогикалық мамандықтар кафедрасының 3-курс докторанты,*

Резюме

В статье рассматриваются пути формирования толерантности у студентов. Автор статьи рассмотрел этот вопрос с точки зрения педагогической и психологической науки. В статье были определены основные черты и отличия толерантности в психологии. А также рассматриваются педагогические технологии в формировании толерантности у студентов.

Summary

This article touches upon the problem of students' tolerance formation. Author gives general characteristics to some ways and psychological peculiarities of forming tolerance. The main traits and differences of tolerance in psychology have been defined. Also pedagogical technologies of tolerance formation have been considered by author.

Толеранттылық тұлғаның өзі өмір сүріп отырған әлемге және еліміздегі, отбасындағы, жоғары оқу орнындағы, сыныптағы келісімге мәдени бағытталу болып табылады. Бұл әркімде болуы тиіс адамдық қасиеттер: жауапкершілік, ақкөңілділік, ұстамдылық, шыдамдылықты болжайды. Толеранттылық және оның өндірушісінде басты орын ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінің дамуы мәселесіне беріледі. ЮНЕСКО бекіткен толеранттылық қағидаларының Декларациясына сәйкес толеранттылық–бұл бейбітшілікке жету мүмкіндігін жасайтын және соғыс мәдениетін бейбітшілік мәдениетіне ауыстыруға қабілетті игі әрекет. Бұл біздің әлеміміздің, өзіндік көрінуіміздің және адамдық даралықтың пайда болуының амалдарының көп мәдениеттілігін тұжырымдау және мойындау [1].

Толеранттылық әртүрлі халықтар, ұлттар және діндер ерекшеліктеріне қарым-қатынас бойынша қажет. Ол өзіне деген және басқа көзқарастармен салыстыруға қорықпайтын және рухани нақтылықтан қашпайтын өзінің жеке көзқарастарына сенімділік санасының белгілері болып табылады.

«Толеранттылық» сөзі әртүрлі тілдерде бірыңғай мағынаны білдіреді; француздарда – адам сенен басқаша ойлайды және әрекет етеді, сол кездегі қарым-қатынас; қытайша – басқаларға қарым-қатынас бойынша өте керемет болу; арабтарда – мейірімділік, төзімділік, бірге күйзелу; орыстарда – басқаларда, ол қалай, солай қабылдау.

Ал, жоғары мектептер толеранттылық сияқты адамгершілік қасиеттерді тәрбиелейтін бірден-бір маңызды институт болып табылады.

Толеранттылық қағидалары

Толеранттылықтың пайда болу ортасы бойынша төмендегідей бағыттарға бөледі:

саяси толеранттылық – басқа саяси көзқарастағы адамдарға шыдамдылық, олардың саяси бағытын құрметтеу, өзінің саяси бағытының болу құқығын мойындау.

ғылыми толеранттылық – ғылымдағы басқа көзқарастардың болуына шыдамдылық, әртүрлі теориялар және ғылыми мектептерге жол беру.

педагогикалық толеранттылық – өз балаларына, білім алушыларға шыдамдылық, олардың жасағандарын түсіну және кешіру шеберлігі.

әкімшілік толеранттылық – қысым көрсетпей және агрессиясыз басқару шеберлігі.

Сондай-ақ заманауи педагогикада, психологияда, әлеуметтанудағы толеранттылық туралы мәселе қозғалады. Психологияда толеранттылық – бұл биологиялық және әлеуметтік жүйелер қасиеті, басқа жүйені немесе оның бөліктерін қабылдау деп есептейді. Әлеуметтануда толеранттылық – негізінде өзінің тобының айрықшалығын түсіну және жеке этномәдени құндылықтарын құптайтын «мәдени» бағыттылық деп есептейді.

Педагогикалық әдебиеттерде – бұл ұлтаралық қарым-қатынастардың мәдениетін дамыту мәселелерін шешу. Мысалы, Б.С. Гершунский «толеранттылық менталитеті», «толеранттылық дүниетанымы», «толеранттылық мінез-құлық» түсінігін енгізген[2]. Ұлтаралық қарым-қатынас мәселелері контекстінде толеранттылық туралы мәселені, «ұлтаралық толеранттылықтың» қажеттілігі туралы айта отырып, алғаш рет академик, РФА этнография және антропология Институтының директоры В.А. Тишков көтерді. Оның анықтауы бойынша толеранттылық – бұл әлем және әлеуметтік орта – көп қырлы және осыған сай осы әлемге көзқарастар әртүрлі және бірыңғайлыққа немесе басқа біреудің пайдасына келуге тиіс еместігін түсінуді болжайтын тұлғалық немесе қоғамдық сипаттама. Ол толеранттылықтың психологиялық

деңгейде (тұлға және ұжымның ішкі құрылымы және қарым-қатынасы) және саяси деңгейін (әрекет немесе жүзеге асырылған қалып ретінде) анықтады[3].

Психологиялық деңгей

- а) өз еркімен дара тандау;
- б) тәрбиелік ақпарат арқылы жинақталады;
- в) жеке өмірлік тәжірибе.

Саяси деңгей

- а) әдейі араласпауға белсенді ұстаным;
- б) субъектінің келіспеушілігіне қарсы әрекет және әртүрлілікке өзара төзімділікке өз еркімен келісу.

Заманауи педагогика қазіргі уақытта шынайы шындық студенттердің мәдени ұлтаралық қарым-қатынасын дамытуға баса назар аударып келеді, осыған орай этникалық толеранттылық қажет, яғни тұлғаның ішкі құрылымына қатысты құндылықтарды, басқа топтардың этникалық ерекшеліктерін қабылдау, этникааралық байланысқа дайындығын білдіреді. Этникалық толеранттылық ұлтаралық қарым-қатынастың басымдық мәдениеті деп есептеледі. Тұлға бағытталуы ретінде оны білім беру үрдісінде, басқа этностар өкілдерімен құрылымдық өзара әрекет үшін жағдай тудыра отырып дамыту керек.

Профессор Т.Д. Дмитриев өзінің «Көп мәдениетті білім беру» деген еңбегінде білім берудегі толеранттылықтың төмендегідей деңгейлерін бөліп көрсетті.

I. Толеранттылықты оқыту.

- Студентте, оқытушыда басқа этностардың мәдени ерекшеліктеріне төзімділікті дамыту.
- Оларды бағалауда қоғамда қабылданған стандарттардан ауытқушылық жіберуге дайындықты қалыптастыру.

II. Басқа мәдениетті зерттеу және құптау.

- Мәдени плюрализмді түсіну және қабылдау жолымен, басқа этникалық топтардың мәдениеті туралы көбірек білу, оны жақсырақ түсіну, яғни оқытушы және студент көп мәдениеттіліктің келесі деңгейіне өтеді.

III. Мәдени айырмашылықты құрметтеу.

- Басқа мәдениетті жоғары бағалауды болжайтын тұлғаны қалыптастыру.

IV. Мәдени айырмашылықты бекіту.

Көпмәдени білім беру және мәдени қалыптасудың деңгейі. Бұл оқытушы мен студенттің іс-әрекет үрдісіндегі бекітілуі. Бұдан толеранттылықты қалыптастырудың өте тиімді тәсілі, яғни студенттерде сыни пікірлер дағдысы және толғамдарды жасауды, тәуелсіз ойлауды қалыптастыруға мүмкіндік беретін тәрбие (егер оны толерантты тәрбие деп атасак) деген қорытынды жасауға болады[4]. Студенттер төзімділік көрсетуге үйренеді – онда адамдар қызығушылықтары, жағдайы бойынша, сыртқы түрлері бойынша ажыратылады және өзінің даралығын сақтай отырып, әлемде өмір сүруге құқығын алады. Бұл жерде толеранттылық және интолеранттылық тұлға туралы айтуға болады. Заманауи психологиялық әдебиеттерде бұл салмақты мәнді, өйткені әрбір адам өзінің өмірінде толерантты және интолерантты қылықтар жасайды. Бірақ өзін солай ұстауға бейімділік немесе басқаша берік тұлғалық нышан болуы мүмкін. Психологияда негізгі нышандар және айырмашылықтар қарастырылды:

1. Өз-өзін тану.

Толерантты адамдар

Өзіне сыни қарайды, өздерінің мәселелерін, өздерінің жетістіктерін және кемшіліктерін өздері шешуге ұмтылады.

Интолерантты адамдар

Өзінде тек қана абыройды көреді, басқаларды кінәлайды.

2. Қорғалғаны.

Толерантты адам өз-өзіне сенімді; барлығын шеше алатынына сенімді. Бұл толерантты тұлғаны қалыптастыру үшін маңызды шарт.

Өзінің әлеуметтік ортасынан және өз-өзінен қорқады; барлық нәрседен қауіпті күтеді.

3. Жауапкершілігі.

Толерантты адам жауапкершілікті басқаға аудармайды, өзінің қылықтарына өзі жауап береді.

Интолерантты адам болып жатқан оқиғалар оған байланысты емес деп есептейді, осыған сай айналадағы болып жатқандардан өзінің жауапкершілігін алып тастайды.

4. Анықтамаға қажеттілік.

Толерантты адамдар жұмысқа, Интолерантты адамдар өздерін екінші жоспарға қояды шығармашылыққа өздері ұмтылады; өзінің (тек мен емес). мәселесін өзі шешуге ұмтылады.

5. Эмпатияға қабілеттілік (басқа адамдар туралы дұрыс пікір қалыптастыруға қабілеттілік).

Толерантты адам өзін және интолерантты Интолерантты адам қоршағандарды өз бейнесінде және адамды дұрыс бағалауы мүмкін. сол сияқты бағалайды.

6. Қалжың сезімі

Толерантты адам өзіне-өзі күле алуға қабілетті. Интолерантты адамның қалжың сезімі жоқ, күңгірт және қатулы.

7. Авторитаризм

Толерантты адам демократиялық, еркін Интолерантты адам авторитарлы қоғамда қатаң билікте қоғамды қалайды. өмір сүргенді қалайды.

Осыған сай, мынадай қорытынды жасауға болады: толерантты жол – бұл өзін жақсы білетін, қоршаған ортада өзін керемет сезінетін, басқа адамдарды түсінетін, көмек беруге әрқашан дайын, басқа мәдениеттерге, көзқарастарға және дәстүрлерге достық қарым-қатынас жасайтын адамның жолы. Ал инвариантты жол – бұл өзінің шектеулігі туралы ойлайтын, тәрбиенің төмен деңгейімен, әлеуметтік ортада өмір сүруде өзін қолайсыз сезінетін, билікті қалайтын, басқа мәдениеттерді көзқаратар және дәстүрлерді қабылдамайтын адамдар жолы.

Бұл жерде оқытушының рөлі өте жоғары. Оқытушы жасай алады және міндетті:

- бейбітшілік рухында тәрбиелеуге;
- әркімнің қабілетін мойындау және әркімнің сезімі мен ұстанымын құрметтеуге;
- балаларға үлгі болу;
- тыңдай алу шеберлігі;
- эмоциялық байланысты құптауға;
- студенттерде өзара түсінушілік сезімін дамытуға;
- студенттердің мәселелерді өзбетімен шеше алуға мүмкіндік беруге;
- қатаң иерархиялық қарым-қатынастан қашуға;
- авторитаризмнің пайда болуына жол бермеу;
- біріккен іс-әрекетті мадақтау.

Толеранттылық нышандар туралы алған білімді бекіту мақсатында толеранттылық бойынша сыныптық сабақ өткізуде, жастарға толеранттылық деңгейін бағалау мүмкіндігін беру үшін біз оларды екі топқа бөлдік. Балалар мынадай нышандарды айта отырып, толерантты және интолерантты адамды дұрыс бағалады:

- қалжың сезімі, түсіне алмаушылық;
- достастық, немқұрайдылық;
- гуманизм; агрессивтілік;
- басқа адамдарға жақсы қарым-қатынас, тәкаппарлық;
- өзін игере алу, немқұрайдылық;
- басқалардың пікірін құрметтеу, тітіркенушілік;
- төзімділік; қарам-қайшылықты түсінбеушілік;
- сенім; көзқарастар, ғұрыптар;
- бірге бірнәрсе істеуге тілек.

Тәжірибеде әртүрлі әдістерді қолдану оқытушының ізгілікті ұстанымының бар екенін, балаларға қарым-қатынас бойынша: қарым-қатынаста үлкен дәрежедегі сенімділік, оларды қабылдау және құптау бар екенін болжайды. Кез-келген педагогикалық жағдай жаңа тәсілдерді туғызады, ал оқытушы өзінің дара стиліне сай келетін тәсілдерді қолданады.

Келесі бағыттар бойынша этникалық толеранттылықтың дамуы бойынша жұмыстар жүргізу ұсынылады :

Сабақтық жұмыстар – этникалық толеранттылықтың дамуын қамтамасыз ететін іс-әрекет және құндылықтар тәсілін, білімдер жүйесін ұсынатын білім беру мазмұнының ұлттық-діни компоненттері;

Сабактан тыс жұмыстар – мамандар сабақтық жұмыстар міндеттерін, ұзақтау уақыт алатын, бірақ одан көлемдірек орындайтын арнайы курстар енгізуді ұсынады.

Осы екі бағытты жүзеге асыруды олар танымал педагогикалық технологиялардың көмегімен жасауды ұсынады:

Қарым-қатынас тренингі. Бұл өмірлік іс-әрекеттің әртүрлі саласында, соның ішінде этникааралық өзара әрекеттегі жемісті қарым-қатынас үшін білім, білік және дағдыны қалыптастыруға бағытталған топтық психологиялық жұмыс түрлері. Топта еске түсірілетін қарым-қатынас жағдайындағы тәжірибелік тренинге қатыса отырып, студент өзінің қабелерін жақсы көреді. Ол студентке көмектеседі:

а) ұлттаралық қарым-қатынас мәдениеті бойынша әлеуметтік-психологиялық білімдерді игеру; ә) әртүрлі ұлттағы адамдардың өзара әрекетінің дара тәсілімен оқыту; б) өзін және қоршағандарды, сондай ақ басқа ұлт өкілдерін дұрыс бағалауға қабілеттілік; в) студенттердің тұлғалық қасиеттері және шеберліктерін түзету және диагностикалау арқылы шынайы этникааралық қарым-қатынасқа кедергі келтіретін тосқауылдарды жою.

Толеранттылықты дамытуға бағытталуды мазмұнды іріктеу есебінен жүзеге асады. «Көп мәдениетті білім беру» теориясын жасаған профессор Г.Д. Дмитриев рөлдік ойындарды ұсынады. Студенттер екі топқа бөлінеді, қатысушылар тек қана әртүрлі тілдерде сөйлеп қоймай, мінез-құлықта, жесттерде, дәстүрлерде, бір-бірімен қарым-қатынасты қиындататын отырыстардың көптеген әртүрлілігі бар. Ойын қатысушыларға:

- басқа этно топқа келгендегі тәжірибелік амал жинақтауға;
- өздерінің стереотиптерін талдауға;
- өзінің толеранттылық деңгейін сыни бағалауға мүмкіндік береді.

Қорытынды жасай келе біз, жоғарғы мектептегі, біздің қоғамымыздағы толеранттылықты дамыту жөнінде бірнеше сөз айта кеткіміз келеді. Толеранттылық – бұл біздің күнделікті өмірімізде айналысатын; оқушыларды әлем рухында, адам құқығы және демократияда тәрбиелеуде бай көп бейнелі әлемдік мәдениетті құрметтеу, қабылдау және түсіну.

1. Декларация принципов толерантности. Утверждена резолюцией 5.61 Генеральной конференции ЮНЕСКО от 16 ноября 1995 // Век толерантности: Научно-публицистический вестник. М.: МГУ, 2001

2. Гершунский Б.С. Философия образования для XXI века. М., 1998.

3. Тишков В.А. Культуры мира. - Москва: Наука, 1993. - 314 с

4. Дмитриев Т.Д. Многокультурное образование М. Народное образование 1999 г.

УДК: 378.015.31.

ТҰЛҒАНЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ДАМУЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

А.И. Еслакова – *Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 1-курс магистранты*

Түйін

Мақалада студенттердің интеллектуалдық дамуының өзекті мәселелері қарастырылған. Студенттің интеллектуалды қабілетінің ғылыми әдебиеттерде зерттелуі, интеллектіні дамытуда инновациялық технологияларды қолдану жолдары қарастырылған. Тиімді инновациялық педагогикалық технологиялар сарапталып, интерактивті оқыту әдісі негізінде студенттердің зияткерлігін дамыту жолдары көрсетіледі.

Резюме

В этой статье рассматриваются интеллектуальное развитие студентов с помощью инновационных технологий. Во-первых, рассматриваются нормативно-правовые акты Республики Казахстан и на их основе определяется актуальность темы. Во-вторых, производится анализ на основные научно-теоретические исследование по этой проблеме и рассматриваются психологические особенности студенческого возраста, определяется уровень интеллектуального развития студентов. В третьих, основываясь на научных исследованиях, выбраны наиболее подходящая инновационно-педагогическая технология для интеллектуального развития студента.

Resume

Summary this article discusses intellektaul development of students by innovative technology. Firstly, we consider the normative-legal acts of the Republic of Kazakhstan and on that basis determine the relevance of the topic. Secondly do analysis on basic theoretical and practical study on this issue and consider the psychological features of college-age, determine the level of intellectual development of students. Thirdly, based on studies we select the most suitable innovative pedagogical technology for the intellectual development of the student.

Бүгінгі таңда әлемде зияткерлік факторының маңыздылығы арта түсуде. Қазақстан білім қоғамына қарай жолда тұлғаның элиталану деңгейін зият (интеллект) анықтайтын даму кезеңіне аяқ басты.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Адамның ақыл-ойы дамуы үшін оның басы үнемі жұмыс істеп тұруы қажет. Бас жұмыс істемесе, басқа органдар да істен шығады», - деп айтуы бекер емес [1]. Демек, жоғары оқу орнында оқу үдерісінің басты мақсаты студент жастардың ақыл-ой мүмкіндіктерін дамыту болады. Ал осы идеяның ілгері нақтылы таратылуы қай бағытта өрбімек? Біздіңше, бәсекеге қабілетті интеллектуалды ұлт келешегін баулуда бүгінгі студенттердің интеллектісін дамыту қоғамның тағы бір өзекті мәселесіне айналып отыр.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылымның, практиканың жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; ...оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп, білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделеді [2]. Бұл міндеттерді шешу үшін педагогикалық ұжымның ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәжірибеге, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындайды. Сол себепті келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде ұстаздардың инновациялық іс-әрекетінің ғылыми - педагогикалық негіздерін меңгеруі – маңызды мәселелердің бірі.

Осыдан жоғары оқу орындарының мынандай негізгі мақсаты туындайды: студенттердің тұлға ретінде қалыптасуына жол ашу, бүгінгі заман талабына сай эрудициясы мен интеллектісі жоғары азамат пен азаматшаларды тәрбиелеуде жас мамандардың инновациялық технологияны қолдануына жол ашу.

Жалпы алғанда, интеллект тұлғаның өмір сүруінде маңызды құрылым бола отырып, мақсатқа бағытты әрекет ету, рационалды ойлау және қарқынды түрде айналасындағалармен өзара әрекеттесу қабілетін білдіреді. Осыған қарағанда, интеллектіні индивидтің қоршаған ортамен өзара әрекеттестігінің көп түрлі формаларынан тыс анықтау мүмкін емес. Бұл өзара әрекеттестік жай икемделу, бейімділік емес, белсенді әрекет ретінде қарастырылады.

Таным – іс-әрекетінің адам мақсаттары мен ұмтылыстарының негізі болатын білімін қалыптастырушы, шығармашылық қызметінің қоғамдық-тарихи процесі. Ой еңбегі мен дене еңбегі арасында қарама-қарсылық бар жерде, шығармашылық, жаңалық ашушы және тудырушы іс-әрекет орындаушылық пен жаттандылыққа әлеуметтік тұрғыдан қарама-қарсы қойылған жерде таным көбінесе, рухани өндірістің түрлі салаларындағы кәсіби мамандардың ерекше функциясы ретінде көрінеді. Таным адамның табиғатқа белсенді түрде әсер етуінен, табиғат заттарын өңдеуден, зат қасиетін өндірісте пайдаланудан бастау алады [7].

Осыған орай қазіргі таңда интеллектуалдық даму мәселесі әлемдік мәдениеттің барлық дәуіріндегі ойшылдардың назарында болғандықтан «интеллектуалдық дамуға» деген көптеген ізденістерден байқауға болады. Бүгінгі заман талаптарынан туындаған, бәсекеге қабілетті, озық ойлы, рухани бай азамат тәрбиелеуде интеллектінің орны ерекше. Сондықтан интеллектуалдылықты дамыту қазіргі қоғамда психология- педагогиканың негізгі мақсаты болып отыр.

Қоғамда орындаушы адамнан гөрі «интеллектуалды» адамға сұраныстың көп екендігін қазіргі өмір талабы дәлелдеп отыр. Қазіргі жоғары оқу орнында интеллект табиғаты арқылы студент қоршаған ортаны динамикалық тұрғыда өзгерте отырып, соған қарай емес, керісінше, қоршаған ортаны өзіне қарай қайта құрады. Дәл осы интеллект деңгейі және оның даму типі тұлғаның болашағын анықтайды [8].

Студенттердің ақыл-ойына келсек, мұның өзі жасөспірімдік кезеңге қарағанда сапа жағынан да, көлем жағынан да біршама қалыптасып қалған. Қалыптасуда мынадай екі тетік бар: біріншіден, бұлар өзі қоршаған әлеумет ортасынан соның ішінде жеке адамдар арасында кездесетін неше түрлі қатынастың мәнісіне түсініп, әр нәрсенің себебіне және одан шығатын нәтиженің мәнісіне түсініп, әр нәрсенің дүниеде себепсіз нәтиже болмайтынын ұғына бастайды.; екіншіден, егер бұл кезеңде ересек уақытының көбін мұң, фантазия сияқты нәтижесіз объектілерге жіберетін болса, енді сол фантазиядан нәтиже шықпайтынын біліп, күші мен жігерін шындық нәрсені меңгеруге жұмсайды. Осының өзі ақыл-ойдың дамуындағы үлкен жетістіктің бірі.

Студенттердің үлгерімді оқуы көптеген факторларға тәуелді. Олардың ішінде ең бір маңыздысы болып табылатын – ақыл-ой әрекетінің көрсеткіші ретіндегі интеллектуалдық дамуы мен таным процесстерін реттеуші қызмет атқаратын – зейін.

Алғашқы курстарда студенттік ұғым пайда болады, ақыл-ой әрекетінің ұжымдастырудың дағды-үйреністері қалыптасады, таңдалған кәсіпке сәйкестік сезіледі, тұрмыстың бос уақыттың және еңбектің оптималды тәртібі жасалынады, жеке адамның кәсіби мәнді қасиеттеріне өзіндік тәрбиелеу мен өзіндік жасалулар бойынша жұмыс жүйелі түрде орнығады.

Студенттердің үлгерімі тек арнайы қабілеттер мен жалпы интеллект дамуына ғана емес, сонымен бірге, қызығушылықтар мен мотивтер, мінез қырлары, темперамент, жеке адам бағыттылығы, оның өзіндік санасына да тәуелді.

Студенттік кезеңдегі интеллектуалдық және физикалық күш дамуының оптимумының көпшілігіне қол жеткізілуімен ерекшеленеді. Бірақ та, осы мүмкіндіктерімен олардың жүзеге асырылуының арасында қайшылықтар кезедісіп жататыны да рас. Осы қайшылықтарды жеңу мақсатында, яғни студенттердің оқу барысында интеллектуалдық қабілеттерін дамытуда инновация жетістіктерін қолданудың маңызы зор [7].

Инновациялық технологиялардың уақыт ағымына байланысты пайда болып, бүгінгі күннің сұраныстарына жауап беретінін, сондықтан оларды оқу үрдісінде пайдалану қажеттілігін көрсетеді.

Инновациялық педагогикалық технологиялар негізінде болашақ мамандар, яғни қазіргі студенттердің интеллектуалдық қабілеттерін, ой - өрісін кеңейту заманның тағы бір талабы болып отыр [10].

Инновациялық педагогикалық технологиялар кез келген пәнді оқу барысында студенттердің ой-өрісін кеңейтіп, шығармашылықпен жұмыс істеуге, жаңашыл тәжірибелер мен әдістемелерді кеңінен пайдалануға мүмкіндік береді. Сондықтан студенттердің интеллектісін дамытуда инновациялық педагогикалық технологиялардың орны зор. Осыған сәйкес алдымен студенттің жоғары оқу орнының оқу процесіне сәйкес келетін интеллектуалдық қабілетін дамытуда тиімді инновациялық педагогикалық технологияларды таңдап алуда мына төменгі талаптар ескерілді:

Технологияның білім беру мақсатына қол жеткізу үшін атқаратын қызметін анықтау;

Студенттердің қабылдау және жете түсіну сияқты оқытудың когнитивтік аспектілерін ынталандыруға бағыттылығы;

Студенттің таным процесін ұйымдастыруды оны жүйелі ойлау жағына жылжыту жолында пайдаланылатын технологиялар;

Оқу процесінде студенттердің танымдық іс-әрекетін қолайлы ұйымдастыруға мүмкіндік туғызатын педагогикалық технологияларды таңдап алдық.

Осы талаптарды негізге ала отырып, біз өз зерттеуімізде студенттердің интеллектісін дамытуда қолданылатын инновациялық технология ретінде интерактивті оқытуды таңдадық.

«Интерактив» сөзі ағылшынның «interact» сөзінен шыққан. «Inter»-бұл өзара, «act»-әрекеттесу деген мағынаны білдіреді. Интерактивті сөзі бұл бір нәрсемен (мысалы, компьютермен немесе біреумен, адаммен әңгімелесу) диалог түрінде өзара әрекет етуге қабілеттілік дегенді білдіреді. Сонымен, интерактивтік оқыту-бұл ең алдымен оқытушы мен студенттердің өзара әрекеті жүзеге асырылатын диалогтық оқыту, танымдық іс-әрекетті ұйымдастырудың арнайы формасы. Оның өзінің нақты және болжаған мақсаттары болады. Оның мақсаттарының бірі – оқыту үрдісін жемісті ететін студенттердің өзінің интеллектуалдық деңгейін, табыстылығын сезінуге және оқытуда жағымды жағдай жасау.

Оқу процесіндегі өзара әсердің жаңа мазмұнын бере алатын анықтаманы іздестіру барысында интерактивті оқыту термині пайда болды. Бұл шын мәнінде педагогикалық қарым – қатынастың мәнін, мазмұны мен құрылымын, оңтайландыруға қабілетті екендігін көрсетті. Интерактивтілік ұғымы «символикалық интеракционизм» (Г.Блоуберг, Дж.Г.Мид, Р.Сирс, т.б.), яғни адамдар арасындағы қарым – қатынасты үздіксіз сұхбат (диалог) ретінде қарастыру деген сөз. Мұндай тікелей диалог бүгінгі күні ерекше мәнге ие болып отыр.

«Интерактивтің» негізгі ерекшеліктері мен мақсаттары қандай? Мысалы, сондай мақсаттардың бірі – студент өзінің жетістігін, интеллектуалдық қабілетін көрсете алатындай жағдай тудыру және бұл оқыту процесінің нәтижелі болуына әсер ету. Оқу процесіндегі интерактивтік әрекет диалогтық қарым-қатынасты ұйымдастыруды және дамытуды көздейді. Өзара түсінісу, өзара әсерге бірлесіп шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Диалогтық оқыту нәтижесінде сыни ойлауға, күрделі мәселелерді талдау негізінде шешуге, балама пікірлер айтуға, дискуссияға қатынасуға, басқа адамдармен қарым-қатынас жасауға үйренеді. Бұл үшін сабақ кезінде жеке, жұптық және топтық жұмыстар ұйымдастырылады, зерттеу жобалары, рольдік ойындар қолданылады, әртүрлі құжаттар мен ақпарат көздері мен шығармашылық жұмыстар жүргізіледі.

Интерактивті оқытудың мәні - оқыту үрдісін барлық студенттер таным үрдісіне тартылып, өздері білетін және ойлайтын нәрселерін қайта қарауға, түсінуге мүмкіндік беретіндей етіп ұйымдастыру.

Интерактивті әдісте, жоғарыда айтқанымыздай, оқытушы ұйымдастырушы, бақылаушы деңгейінде ғана көрінеді де, студент белсенділігі арта түседі. Интеракция кезінде оқытушы жұмысқа тікелей қатысқанымен, ол өз мүмкіндігін шектеп, онда студенттің белсенді болуына жағдай туғызуы қажет. Дәлірек айтқанда, өзге тілді үйренуде маңызды болып табылатын студент пен студенттің арасында болатын интеракция кезіндегі әрекет жүйесін бес сатыға бөлуге болады: мақсат қою, жұмысты жоспарлау, тапсырманы бөлу, студенттер әрекетін бақылау, бағалау.

Ал интерактивті оқытудың мақсаты – оқу процесінің барлық сатысында бірлескен әрекетке жағдай жасау, әр студентті жеке тапсырмамен жұмыс істете отырып, топ мүддесін ойлауға үйрету, әрқайсысын өз міндетін жауапкершілікпен атқаруға жетелеп, ортақ нәтежеге қол жеткізуге ұмтылдыру.

Интерактивті оқыту әдістеріне студенттерді білім алу және оны өңдеуге жағдай жасайтын әдістер жатады. Олардың ішінде белгілілері – «Үлкен шеңбер», «Өзара», «Аквариум», «Ми шабуылы», «Дебат», «Мозаика», «Пікірталас жүргізу әдістемесі», «Рольдік пікірталас», «Психологиялық- педагогикалық консилиум» және т.б. [11].

Үлкен шеңбер әдісін сұрақтың шешімін тез табу керек болған жағдайда қолдануға болады. Осы форманың көмегімен мысалы, заң жобаларын немесе нұсқауларды, нормативті-құқықтық актілерді жасауға болады. Жұмыс үш кезеңнен тұрады.

Бірінші кезең. Топ үлкен шеңбер болып отырғыштарға отырады. Мұғалім мәселені ұсынады.

Екінші кезең. Белгілі уақыт ішінде (10 минут) әрбір оқушы жеке осы мәселені шешудің жолдарын қағаздарына жазады.

Үшінші кезең. Шеңбер бойынша әрбір оқушы өз ұсыныстарын ұсынады, топ бұл ұсынстарды сынамай тыңдайды, және әңгіме бойынша тақтаға жазылып тұратын ортақ шешімге қосу, қоспауға дауысқа салады.

Аквариум әдісі: “Аквариум”– балаларға мәселені “қоғам алдында” талқылауға ұсынғандағы диалог формасы. Шағын топ белгілі бір мәселе бойынша диалогты жүргізуге кімге сеніп тапсыруға болатынын таңдайды. Кейде тілек білдірушілер бірнеше болуы мүмкін. Қалған барлық оқушылар көрермен ролін атқарады. Соныдықтан да мұны аквариум деп атайды.

Сократтық әдіс. Тұлғаның интеллектуалдық әлеуетін дамытуға бағытталған оқытудың белсенді және өнімді формасы. Негізі – баланың өзі араласатын оқыту процесіне белсенді қатыстыруда ақыл-ойдың қозғалысы жайындағы Сократтың ілімі. «Сократтық сұрақтар» көмегімен оқушының іс-әрекетін ұйымдастыру - баланың санасында «шындықтың өз бетімен туындауының» факторы болып табылады. Сократтық әдістің дидактикалық құрылымы білім беру мазмұнының өткеннен келесіге, жақыннан қашықтағыға өту қағидасына негізделеді және «белгілі білім емес» принципі бойынша құрылады. Ерекшелігі – әдіс қарапайым өмірлік ситуациялар негізінде құрылады. Шындықты бірлесе іздеу – оқытудағы ең басты тәсіл [12].

Дебат. Оқушылардың сыни ойлауын, талдау, маңыздысын ажырату іскерліктерін қалыптастыруға бағытталған. Элементтері: дәйектерді құру; проблемаға байланысты түрлі көзқарастарды ашу; проблеманың фактілерін және идеясын көрсету.

Миға шабуыл. Шығармашылық белсенділікті және жаңа идеяларды тез жасау іскерлігін дамытудың әдісі. Қолданылу уақыты: проблеманың шешімін табу үшін; жаңа тақырыпты ұсыну және оқушылардың іс-әрекетін өзектілеу, берілген проблемаға оқушылардың зейінін шоғырландыру үшін. Әдістің басты міндеті – танымдық іс-әрекетті белсендендіру және оқушыларды өнімді оқыту процесіне қатыстыру. Технологиясы: сипаты бойынша әртүрлі сұрақтарды пайдалана отырып берілген сұрақ немесе зерттелетін проблема бойынша көп идеялар жинақтау. Идеялар сыналмайды және комментарий берілмейді.

Миға шабуылды ұйымдастыру ережелері:

Миға шабуыл уақытында сыныптың барлық оқушылары қатысады.

Ұсынылған идеяларларға комментарий берілмейді және сынға алынбайды.

Идеяны нақтылау және дамыту мақсатында сұрақ қоюға болады.

Миға шабуыл барысында аралық бағалар қойылмайды.

Проблеманы талқылау деңгейінде ұсынылатын барлық идеялар қабылданады.

Ойлар нақты және қысқа болуы керек [13].

Инновациялық технологияларды оқу процесінде қолдану негізінде қазіргі таңда студенттің өз бетімен еңбек етуіне, зияткерлік және шығармашылық еркін ой мен іскерлік қабілеттілігін дамытуларына қолайлы жағдай туындайды.

Жоғары білімді дамытудың негізгі үрдісі мамандар даярлау сапасын арттыру, қарқынды ғылыми – зерттеу қызметімен ықпалдастырылған инновациялық білімді дамыту, жоғары оқу орындары – зерттеулерінің әлеуметтік саласы және экономикалық қажеттіліктерімен тығыз байланысты. Яғни, білім беру жүйесінде инновациялық технологияларды қолдану, жетілдіру болып табылады.

Мектепте білім беру сапасын қамтамасыз етіп, оны жүзеге асыратын басты тұлға – мұғалім болса, оқыту теориясы мен тәжірибесінің көрсетіп тұрғанындай болашақ мұғалімдер яғни қазіргі студенттердің кәсіптік және тұлғалық өсуінің едәуір әлеуеті – жоғары мектептің білім беру мазмұнын инновациялық технологиялар арқылы меңгеру нәтижесі. Нәтиже студенттердің белгілі кәсіптік салаға бағытталған білім,

іскерлік пен дағдысының инновациялық мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін жетекші фактор болып табылады. Бұл, әрине, оқытушының студенттермен субъект аралық өзара әрекетін қарастыратын оқыту үрдісінде инновациялық технологияларды тиімді пайдалануына да байланысты.

Қорыта келсек, қазіргі таңда тәуелсіз еліміздің ертеңі жастардың білімінің тереңдігімен өлшенеді. Білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ – ұлтымыздың баға жетпес қазынасы. Бүгінгі күні педагогика ғылымының өзекті мәселелерінің бірі – жеке тұлғаны жетілдіруде, жан-жақты дамытуда, білім беруде ғылымның соңғы жетістіктерін қолданып, шығармашылық жұмыстарды жасауға қабілетті, дүниетанымдық көзқарасы кең, рухани бай азамат дайындау, сол себепті инновациялық технологиялардың тиімді пайдалануы білім мазмұнына әсерін тигізетіні сөзсіз. Себебі оқыту үрдісі білім беру мазмұны арқылы көрініс табады.

Түйін сөздер: интеллект, интеллектуалдық даму, қабілет, инновация, таным, интерактивті әдіс.

1. Назарбаев Н.Ә. *Қазақстан дағдарыстан кейінгі дүниеде: болашаққа интеллектуалдық секіріс.* // «Егемен Қазақстан» газеті, - 2009, №336.-1-2-бб.

2. *Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы*, - Астана, 2007, № 319-III ҚРЗ.

3. Байтемирова К.Б. *Студенттердің оқу процесіне бейімделуінің теориялық негізі.* - *Вестник КАСУ*, - 2008, №1.

4. Алғанова А.Ж. *Интеллектуалдық дамуы мен өзіндік бағалаудың өзара байланысына этнопсихологиялық түсініктердің әсері.* - Алматы, 2009ж.

5. Баширова Ж.Р., Әлқожаева Н.С., Төлешова Ұ.Б. *Жоғары мектептің оқу үрдісінде жаңа педагогикалық технологияларды қолдану. Оқу құралы.* - Алматы, 2008ж.

6. Жарықбаев Қ., Қалиев С. *Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы: Бірінші том (VI ғасырдан XX ғасырдың басына дейінгі кезең).* (ред. Шаяхметов Ш.Ш.), – Алматы: Рауан, 1994 ж.

7. Қожахметова Л.Б. *Студенттік кезеңдегі өзіндік танымға әлеуметтік орта әсерінің психологиялық ерекшеліктері.* Пед. псих. магист. диссер. -Қызылорда, 2012 ж.

8. Қыдыршаев А.С. *Риторикалық мәдениет және иешендіктануды оқытудың кейбір теориялық аспектілері // «Мемлекеттік тіл саясаты және тіл мәдениетінің өзекті мәселелері» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары, - Орал, 2007, - 42-46 бб.*

9. Уразбаев А. *Инновациялық технологиялар // Қазақстан мұғалімі.* - 2012, 6 б.

10. Әбиев Ж. *Жаңа адамды қалыптастыру.* - Алматы, 1988 ж.

11. Сманқұлова, Ж. Е. *Оқытудың интерактивті әдісі // Қазақ тілі.* - 2007, -№6, - 4-9 бб.

12. Алимов А.К. *Интербелсенді әдістемені ЖОО - да қолдану мәселелері. Оқу құралы.* – Алматы, 2013 ж.

13. Абдуллина Г. *Интерактивті оқыту таным белсенділігінің қазіргі бағыты.* –*Ұлт тағылымы*, 2009, №2, 17 б.

УДК: 159.9

ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТИҢ КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ҚАТЫНАСЫ

М.Б. Жапбасбаева – *Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 1 курс магистранты*

Резюме

В данной статье рассматриваются профессиональные отношения педагога-психолога к своей деятельности. Изучены профессиональные качества и пути становление будущего специалиста, а также актуальность и значимость данной профессий в настоящее время. В статье цитируются мысли ученых о профессиональном значении в психологии как науки, отражающей особенности личности педагога-психолога. Они раскрывают такие качества характера как эмпатия, взаимопонимание и высокая нравственность.

Summary

In this article the professional relations of the educational psychologist to the activity are considered. Professional qualities and ways formation of future expert, and also relevance and the importance given professions are studied now. In article thoughts of scientists about professional values in psychology as the science reflecting features of the identity of the educational psychologist are quoted. They open such qualities of character as empathy, mutual understanding and high moral.

Аннотация: Мақалада психология ғылымында педагог-психолог маманның кәсіби іс-әрекетке қатынасы мәселесі қарастырылады. Сонымен қатар, кәсіби іс-әрекет, маманның кәсіби іс-әрекетте табысты болуы, болашақ маманның кәсіптік деңгейі мәселелері қамтылады.

Аннотация: Мы рассматривали отношение профессиональной деятельности педагога-психолога в психологии. В том числе рассматриваются профессиональные деятельности и профессиональные уровни будущих педагогов - психологов.

Елімізде білім беру процесінің ұлттық талап-тілектерге сай тарихи тұрғыдан жанару басталғалы бері жоғары оқу орындарында психологтер даярлауға баса көңіл аударуда.

Болашақ психолог мамандарының тұлғалық дамуы және болашақ кәсіби іс-әрекетке дайындығын қалыптастыру мәселесі қазіргі жоғары оқу орындарының жұмысын кемелдендірудің теориясы мен тәжірибесінде өте маңызды болып табылады. Себебі, болашақ психолог мамандардың тұлғалық дамуы мен кәсіби іс-әрекетке дайындығы іс-тәжірибесінде көрінеді.

Қазіргі кезде психология ғылымында, студенттердің тұлғалық дамуына, олардың кәсіби іс-әрекеті мен тұлғаның әлеуметтендірілуінің түрлі психологиялық жақтары арналған зерттеулер көптеп жүргізілуде. Аталған мәселелер студенттік кезеңнің тұлғалық дамудың кезеңі ретінде, іс-әрекет субъектісі мен маманның қалыптасу процесінің кезеңдері мен анықтаушы факторларын айқындау контекстінде, студенттердің тұлғалық маңызды сапаларын қалыптастырудағы дара-тұлғалық ерекшеліктері мен ондағы қабілеттер, қызығушылықтар мен мотивтердің рөлі мен орнын анықтау, сонымен қатар кәсіби іс-әрекеттің сәтті жүзеге асу жағдайлары мен кәсіби дайындық деңгейін арттыру контекстінде қарастырылған.

Т.В.Кудрявцев[1,177б.] пен В.Ю.Шегурованың[1,177б.] пікірлері бойынша, индивид алғашында оқу-кәсіби, кейіннен кәсіби іс-әрекетке қатыса отырып, таңдаған кәсіби мен өз мүмкіндіктері жайлы лайықты білім алып қана қоймай, соған қоса оларды белсенді түрде дамытады. Кәсіби іс-әрекет субъектісі ретінде қалыптасып, өзіне іс-әрекет етуші ретінде қатынасты қалыптастырумен қоса, ол тұлға ретінде дамиды. Расында, бұл тұжырымдама бірқатар еңбектерде бейнеленген.

М.Р.Битянова[1,178б.] мектеп психологының кәсіби іс-әрекетін зерттеп, бұл жұмыс жоғары кәсіби біліктілікті, эмпатиялық қарым-қатынасқа жоғары деңгейлі тұлғалық дайындықты, дамыған көмек көрсету мотивациясын, жоғары кәсіби және тұлғалық өзін-өзі бағалауы қажет деп атап көрсетеді. Ұйымдасқандық, жақсы құрылған, жаттыққан ойлау, дамыған байқампаздық аса қажет деп көрсетеді. Сонымен қатар, жоғары эмоциялық әлеует, өз мәселелерін проекцияламай, басқа адамдардың мәселелерін шешуге ену мүмкіндігін беретін, өзіндік психологиялық талдау қажет.

Кез-келген тұлға өзінің кәсіби мамандығын бірден қабылдай алмайды, ол осы уақытқа дейінгі білім дәрежесі, мамандық туралы қандай да бір көзқарастың негізінде таңдау жасайды. Олай болса, маман иесінің өзі таңдаған кәсіби жетілуі бірнеше факторларға байланысты шешіледі.

Д.Сьюпердің[2,31б.] көзқарасы бойынша, кәсіби қалыптасу процесінің өзіндік ерекшелігі бар және оның қалыптасу шарттарының қайталанбастығы көрінеді. Д.Сьюпер тұлғаның өзін кәсіби жұмысшы ретінде өзіндік түсіну процесіне ерекше мән береді. Бұл процесс кәсіби әлемде адамның өзін елестетуі және де осы екі образдың арасындағы сәйкестік теңбе-теңдігінен тұрады. Кәсіби өзіндік анықтау тұлғаның жұмыс туралы жан-жақты ойлануы арқылы іске асады, бұл жердегі жан-жақты ойлану тұлғаның қоғамдағы атқаратын рөлімен және де ол нақтылы кім болғысы келетіні туралы объективті қарама-қайшылықтарға байланысты болуы мүмкін. Біздің ойымызша, Д. Сьюпердің пікірі зерттеу жұмысымызға сай келеді.

Маманның кәсіби іс-әрекетте табысты болуы оның даярлығын талап етеді. Даярлық мәселесі бұл, тек іс-әрекет жасауға қажетті білімдер, іскерліктер ғана емес, сонымен қатар, «кәсіби өзіндік сананың» қажетті деңгейі. Яғни, студентте кәсіби іс-әрекет атқаруы үшін қажетті тұлғалық даярлық болуы керек.

Кәсіби іс-әрекет адамның саналы өмірінің 2/3 бөлігін қамтып, сонымен тұлғаның дамуына үлкен әсерін тигізеді. Адамның ішкі құрылымының байлығы көбіне адамның іс-әрекетіне байланысты, ол оның негізгі бағыттылығын анықтайды.

Кез-келген кәсіби іс-әрекет белгілі бір дәрежелер, талаптар негізінде жүзеге асады. Оның нақты жүйесі, құрылымы, негізгі және қосымша элементтері болады және ол белгілі бағытта ұйымдастырылады. Еңбек объектісіне, мақсатына және тәсілдеріне байланысты әрбір мамандық қызметкерге талаптар қояды (оның шеберлігіне, дағдыларына, білімділігіне, іскерлігіне). Әрбір кәсіби іс-әрекет қызметкерден әрекеттерінің біркелкілігін, қиындықтарды жеңу қабілеттілігін, тұлғаның өзіндік психикалық қасиеттерін, еріктік қасиеттерді және өзіне белгілі қатынасты талап етеді.

Кәсіби іс-әрекет субъект қойған мақсатына байланысты мынадай топтарға жіктеледі: танымдық, түрлендіру, іздену. Сонымен қатар олар алдағы ойларды шешетін жаңа тәсілдер мен құралдарды табу процестермен байланысады.

Е.А.Климов[3,25б.] кәсіби іс-әрекеттің бес типін анықтайды: «Адам-табиғат»; «Адам-техника»; «Адам-белгі»; «Адам-бейне»; «Адам-адам».

Е.А.Климовтың жұмысына сүйене отырып, психолог мамандығын іс-әрекеттің «адам-адам» типіне жатқызу дұрыс. Бұл тип өкілдері үшін, бірқатар спецификалық сапалар тән: адамды естумен қатар тыңдай алу, адамның ішкі әлемін түсіне алу маңызды болып табылады; гуманитарлық білім аумағында кең көлемді білімнің болуы қажет; сөйлеуге ерекше мән беріледі-ол анық, байланысы бар, нақты және айтылған ойларының мағынасы түсінікті болуы тиіс. Мұнымен қатар, ақылдың өзіндік жантанушылық

бағыттылығы;аданың мінезі,ақылы мен сезім көріністеріне байланысты байқампаздық және оның ішкі әлемін ойша елестете алуға қабілеттілік те маңызды болып табылады.

Педагог мамандығы «Адам-Адам»(Е.А.Климов бойынша)типіне қатысты.Бұл мамандық адамның келесі қасиеттерін айқындайды:адамдармен қарым-қатынас жасағанда өзін-өзі жақсы сезіну,дұрыс қарым-қатынасты талап ету,өзін басқа адамның орнына ойша қоя алу, жақсы қабілеті,басқа адамдардың ойын, көңіл-күйін,мақсатын тез түсіну,басқалардың жеке қасиеттері жайлы есте қалдыру және ойда ұзақ ұстауы жақсы болу керек және т.б.

Психологтың жоғарғы оқу орнында маман ретінде қалыптасуын зерттеудің бірқатар себептері бар.

Біріншіден, қазіргі қоғам ЖОО қалыптасатын жан-жақты психологиялық білімге жоғары талаптар қояды:жаһандану заманы,технологиялық және ақпараттық құралдардың қарқынды дамуы адамның психикасына ауыр салмақ түсіріп,әртүрлі психологиялық мәселелер тудырады.Бұл мәселелерді шешу маманның білімін,кәсіби шеберлігін және біліктілігін талап етеді.

Екіншіден,психологтің кәсіби әлем бейнесі,мақсаттары мен міндеттері,іс-әрекет объектісі мен субъектісі, амалдары туралы түсініктері кәсіби білім алу барысында қалыптасады.

Үшіншіден,жоғары мектептегі оқу кезінде маманның психологиялық іс-әрекет талаптары мен нормаларын меңгеруімен қоса,оның түсінігінде «табысты психолог бейнесінің» қалыптасуы жүреді. Психолог іс-әрекеті тұлғалық ерекшеліктерге байланысты екені белгілі.Ол бір жағынан мамандық таңдауды себептесе,екінші жағынан білім алу барысында дамып отырады және кәсіби іс-әрекеттің мотивациясы мен табыстылығын қамтамасыз етеді.

А.К.Маркова[1,177б.] кәсіби мотивацияны былай анықтайды: «бұл адамның не үшін өз кәсіби қабілеттерін салып,кәсіби ойларын жүзеге асыратындығы».Кәсіби мотивацияның қалыптасқандығы жайлы адамның өз мамандығына оң қатынасы бойынша,мамандығымен қанағаттану деңгейі бойынша, сонымен қатар,бұл мамандықты таңдаудың жетекші мотивтері мен кәсіби іс-әрекеттің өз мотивтері бойынша бағалауға болады. Яғни, бұл болашақ маманның қалыптасуының ең маңызды критерийлерінің бірі-кәсіби мотивация екенін байқаймыз.

Жоғары оқу орындарында талаптарға сай маман дайындаудың бір сапалық критерийі-тұлғаның қабілеттерін құрайтын кәсіби маңызды сапалардың нақты даму деңгейі болып табылады.Адамның кәсіби қалыптасуының барлық критерийлерін,олардың белсенді түрде қалыптасатын кезеңі,кәсіби оқыту кезеңін де ескеру ерекше маңызға ие болады.

Кәсіби іс-әрекетке бейімделу механизмдерін түсіндіретін маңызды әдіснамалық ой-желісі Л.С.Выготскийдің идеясы болып табылады.Оның пікірінше, «...субъектінің психикалық процестері қоршаған адамдармен біріккен іс-әрекет және қарым-қатынас арқылы берілетін қоғамдық-тарихи қалыптасатын әдістер мен тәсілдерді меңгеру арқылы қалыптасады».

Маманның кәсіби «мен бейнесінің» қалыптасуы,кәсіби дүниетанымы эмпирикалық зерттеуді қажет ететін маңызды сұрақтар.Бұл мәселе төңірегінде Е.А.Климов,[4,270б.] «шынайы қоршаған орта туралы кәсіби өзекті түсініктердің мамандық типіне байланысты айырмалануы маңызды және кездейсоқ емес» және кәсіби біліктілік «адамның өз мамандығының саласындағы білімдері мен іскерліктерінің жоғары деңгейі ғана емес,сонымен қатар,адам санасының,психикасының ерекше түрде,жүйелі ұйымдасуы» деген.

Болашақ маманның кәсіптік деңгейі біздің ойымызша:

- оны жоғарғы оқу орнында даярлаудың мақсаты,мазмұны мен әдістерінен;
- қажетті деңгейде даярлайтын іс-әрекет түрлерінен(оқу бағдарламаларын жасау,оқулықтар жазу,оқу процесінің оқу-әдістемелік жағынан қамтылуы,педагогикалық практика, тренинг, практикумдар өткізу, студенттердің өзіндік жұмыстары т.б.);

- болашақ маманның жеке тұлғасын қалыптастыру жеке тұлғаға тән кәсіби маңызды қасиеттер: кәсіптік сана,кәсіби біліктілік,ұстаздық-тәрбиелік жұмысқа даярлығы,т.б.қасиеттерден құралады[5,13б.].

Қорыта айтқанда, педагог-психолог маманның кәсіби іс-әрекетке қатынасының психология ғылымында анықталуы жайлы мәселе ғылым мен тәжірибеде жеткілікті дәрежеде зерттелінбеген.Кәсіби іс-әрекетті,кәсіби іс-әрекетке деген қатынасты көптеген авторлар түрліше қарастырады.Біздің ойымызша, педагог-психолог маманның кәсіби іс-әрекетке деген қатынасының анықталуын арттыруға бағытталған тренингтер жүргізілсе,студенттердің кәсіби іс-әрекетке қатынасының деңгейін айтарлықтай арттыруға болады,сонымен бірге,тиімді кәсіби қалыптасу мен педагог-психологтың кәсіби маңызды сапаларының өз деңгейінде дамуы үшін, оқыту бағдарламасына кәсіби маңызды сапаны қалыптастыруға бағытталған, студенттердің тұлғалық өсуіне септігін тигізетін тренингтік сабақтар жүйесін еңгізу тиімді болар еді.

Тірек сөздер: педагог-психолог, кәсіби іс-әрекет, ЖОО, кәсіби бейімделу, кәсіби іс-әрекетке қатынас, кәсіби қалыптасу.

1. «Қазақстан жоғары мектебі» 2012ж.№3,176-180 б.
2. «Жантану мәселелері» 2009ж.№3(7),30-33 б.
3. Г.М.Карибаева «Кәсіби іс-әрекеттің мотивациялық құрылымының ерекшеліктері» канд. дисс., Алматы, 2003 ж., 23-31 б.
4. «Ізденіс-Поиск» 2012ж. №2, 270-273б.
5. «Жантану мәселелері» 2009ж.№3(7),13-16б.

СТЕРЕОТИП ЖӘНЕ МӘДЕНИАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР

Т.Н. Калбирова – Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ

Резюме

В данной статье рассматривается взаимодействие понятий стереотип и выявление особенности отражения национальной культуры в стереотипах французского языка, а также, речь идет о выявлении роли стереотипов в межкультурной коммуникации и влиянии стереотипов на процесс социокультурного взаимодействия. В качестве стереотипов могут выступать как образные слова, так и устойчивые фразеологические выражения, представляющие наиболее значимые для нации концепты.

Summary

This article deals with the interaction concepts and determines the characteristics of national culture reflection in the French language stereotype and it is about identifying the role of stereotypes in intercultural communication and the impact of stereotypes on the process of social and cultural interaction. As a stereotype figurative words and idioms can be very important for the national concepts.

Бөгде мәдениетпен танысу аясында, оған деген белгілі бір қатынас қалыптасады. Бөгде мәдениет иегері әдетте бөтен ретінде қабылданады. «Бөтен» түсінігі рецепиенттің аса қарқында қарым-қатынастағы немесе аса маңызды қарым-қатынастағы белгілі бір мәдениет иегеріне байланысты болуы мүмкін.

XIX ғасырдағы орыс мәдениетінде барлық бөтен түсініктерді француздармен байланыстырған, және де француз тілін өнер-білімге жақын элитаға тиесілі болып есептелінген. Тап осы жайындағы тақырыпқа келесі Н.В. Гогольдың «үйлену» комедиясындағы диалог куә: «Сицилияда қай тілде сойлейді? – бәрі айдан анық бәрі француз тілінде. – Бәрінің шешімі бар» [1, 94б.].

XIX ғасырдың соңы және де XX ғасырдың басында бөтен мәдениет өкілі ретінде неміс мәдениеті қабылданады. Қызығы сол көне орыс тілінде «немец» деп кез-келген шетелдік азаматты айтатын.

XII ғасырлардағы орыс мақалдары ағылшындарды былай сипаттайды: «ағылшын немістері пайдақор адамдар емес, алайда төбелесте дес бермес». Ақыр соңы бұл сөзді жат жерлік сөзі алмастырады, ал неміс деп тек Германиядан келген адамдарды атайтын болады. Немец сөзінің түбірі – нем. яғни мылқау, яғни неміс мылқау сөйлей алмайды, біздің тілді білмейді дегеннен шыққан. Шетелдікті анықтау негізінде оның ана тілді білмеу, яғни бұл жағдайда орыс тілін білмеу мәселесі негіз болыр тұр. Чужеземец (жат жерлік) – яғни жат жерден және кейін иностранец (шетелдік) – яғни шет елден сөздері кейіннен тіл білмеу мәселесінен зейінін оның шыққан жеріне, жат жерлік екендігіне мән бере бастады. Бұл оппозицияда туған және бөтен жарығының мәдени аралық қайшылықтары негіз салады. Мәдениаралық қарама-қайшылық терминін түсіну үшін иностранец (жат жерлік) сөзінің мағынасын түсінуге тырысуымыз керек. Сол арқылы бізге тек туған мәдениетіміз адамдарымызды жақындастырып сонымен қатар бөтен мәдениет өкілдерін бөліп тұратыны түсінікті болады. Басқа сөзбен айтқанда туған мәдениет – бұл деген бізді және біздің халықтың өзіндік ерекшеліктерін сақтап және қорғап тұратын қалқан және бізді бөтен халық пен мәдениеттен сақтайтын қоршау ретінде қабылдауымыз қажет. Соған сүйене отырып, біз бүкіл әлемді «біздің» мәдениетпен, тілмен байланысқан және «бөтен» біздің тілді де, мәдениетті де білмейтін адамдар деп бөлеміз.

Туған және бөтен мәдениеттің қарама-қайшылықтары біздің түсінігімізде дұрыс және бұрыс тұсынан қарастырылуы да мүмкін. Рецепиенттің туған тілінде сөйлемейтін немесе түсінбейтін адамдардың болуы бұрыс нәрсе болып қабылдануы мүмкін. (Мысалы: *Сіз менің сөзіме сенбеуіңіз де мүмкін. Алайда біз сонда тұрған отыз төрт күн ішінде мен олардан бірде-бір орыс тілінде сөз естімедім*) [1, 94б.]. Сонымен қатар рецепиенттің туған тілімен мәдениетіндегі адамдардан гөрі өз көңілін басқаша білдірудің өзі бұрыс болып қабылданады.

Өз мәдениетінің дұрыс, ал өзге мәдениетті бұрыс қабылдау бейнелі пішінде болуы да мүмкін: - *Сен неліктен Парижге кетпедің? Сені шақырмаппа еді? - Өйткені мен орыспын... Мен шомырсыз (pena) өмір сүре алмаймын, ал Парижде бақалармен қоректенеді.* [цит. Погодин Н., “Кремлевские куранты”,

М., 1966, б.62; 28] яғни шомыр дұрыс әдеткі орыс асы ретінде және оған қарсы ас ретінде бақаны пайдалану әдеткі емес бұрыс болып қабылданады. Дәл осы жерде лакун тақырыбындағы таптауындарға толығырақ тоқтай кеткеніміз жөн. Өйткені лакун мәселесі мәдениаралық қарым-қатынаста көбіне көп қиындық туғызуы мүмкін, себебі оларды бөтен мәдениет өкілдері қабылдай алмайды.

Лакундардың басты ерекшеліктері олар екі мәдениеттің мәтін алмасу және араласу барысында пайда болуында. Бұл процесс үлгісін келесі суретте көруімізге болады.

→ →
А М Р →
Сурет1

→ → МО}
→ →

А – коммуникацияға қатысушы және мәтін авторы

Р – мәтін реципиенті, коммуникацияға қатысушы

М – мәдениет мәтіні, осы арқылы коммуникация жүзеге асады

МО – мәдени орта, мәдени араласу жүретін орта

АРМ-тізбегі қарым-қатынас барысын түсіндіреді

Егер мәдени мәдениаралық қатынасына жүйелендіретін болсақ, онда барлық белгілі лакундарды төрт топқа бөлуге болады:

Субъекті лакундар

Қызметтік-коммуникативтік лакундар

Мәдени орта лакундары

Мәтіндік лакундар [2, б. 114].

Берілген тақырыпқа бірінші және екінші топты лакундар анағұрлым тығыз байланысты, яғни субъективті және қызметтік-коммуникативтік лакундар, өйткені біріншісі халықтардың ұлттық мінездерінің ерекшеліктеріне сай, ал екіншісі ұлт қызметтік ерекшеліктеріне сай, яғни соған байланысты белгілі таптауыттардың қалыптасуына септігін тигізеді. Ендеше бірінші топтық лакундардан бастаймыз. Оларды субъективті немесе ұлттық-психологиялық лакундар ретінде жіктейді. Бұл лакундар коммуникацияға қатысушылардың ұлттық психологиялық типіне сәйкес келмеген жағдайда пайда болады. Ұлттық-психологиялық құрайтын субъективті лакундарға сәйкес оларды бірнеше топқа бөлуге болады. Характереологиялық лакундардың әр-түрлі жергілікті мәдениет сақтаушылардың ұлттық мінездің ерекше ерекшеліктерімен шартталған. Белгілі мәдениеттің аралық мәдениетпен қарым-қатынасының нәтижесінде басқа мәдениеттегі қарым-қатынаста белгілі стереотиптер қалыптасады, және басқа себептермен әлсіз ұлтта ерекшелігіне тән мінез. Мысалға ағылшындар ұстамды, француздар – қызуқанды, американдықтар – прагматикалық, ал немістерге пунктуалдылық тән болып саналады.

Пунктуалдылықты испандықтарға да тән характереологиялық лакун ретінде де қарастыруға болады және де ол латын американдықтарға бұларды неміс және голанд мәдениет сақтаушыларымен салыстырғанда: пунктуалдылық немістер мен голандықтарда өте жоғары бағаланады, алайда латын американдықтар мен испандықтар арасында түкке де тұрмайды.

Айта кетерлік жайт, барлық характереологиялық лакундар өзара жағдайға қарай пайдаланылады. Бұл жағдайға дәлел болатын әр халықтың ұлттық мінезіне тән еңбекқорлық жайында айта кетуге болады, мысалы, американдық еңбекқорлық пен неміс ұлтының еңбекқорлығы жайындағы түсінігін алып қарауға болады. Неміс ұлтының еңбекқорлығы бұл – негізділік дәлдік, үлгілік, адалдық, тәртіптілік, мұқияттылық құлашсыз және тәуекелшілдіксіз.

Американдық еңбекқорлық бұл – құлаштық, күшті жігерлік, таусылмас іскерлік құмарлық, бастамшылдық... [цит. Н.Ф. Феденко М. 1965 б.38-28] Қорыта келгенде американдықтардың еңбек жайында түсінігіне кіретін белгілердің көбісі немістердің еңбекқорлық жайындағы түсінігіне сәйкес келмейді. Айқын ұйымдастырушылық қабілет, жағдайға қарай лезде икемдену сияқты американдықтарға тән бұл белгілер еңбекқорлықпен тәртіптілігі үйлескен немістер үшін бұл лакундандырылған болып табылады.

Ерекше айта кететін жайт бұл – «өзара рефлексивті» характереологиялық лакундар тобы, олар белгілі бір мәдениет иегерін өзі жайындағы көзқараспен түсініктерін көрсетеді. «Өзі жайындағы» түсінік ұлттың өзін-өзі елестету лакуны басқа ұлт адамының елестете алмайтын халық мінезінің негізін тереңірек түсінуге арналады. Мысалы, шетел азаматына фин ұлтының мінезін толық суреттей алатын «сису» сөзін түсіну қиынға түседі. Бұл сөзді сөздік былайша түсіндіреді: Өмірлік күш қоры, жансебілдік, ұстамдылық,

өзін-өзі билеушілік, ержүректік, батырлық, тапқырлық. [цит. О.Кучкин «Зеленый цвет – цвет надежды.// Театр – 1981 б. 40.28].

Ключевые слова: язык, культура, стереотип, лакуны, межкультурная коммуникация.

Kew words: language, culture, stereotype, lacunae, intercultural communication.

1. Гоголь Н.В. Таңдамалы шығармалар. М., 1984.
2. Текст как явление культуры. Под ред. Антипова Г.А. и др. Новосибирск, 1989.
3. Садохин А.П. Введение в теорию межкультурную коммуникацию. М. 2005ж.
4. <http://www.yandex.ru>
5. <http://www.countries.ru>

УДК 394/395+18

ӨСІМДІКТЕР МЕН ЖАНУАРЛАР БӨЛІМІН ОҚЫТУДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҰҒЫМДАР

Н.А. Бекенова – доцент, б.ғ.к.,

А.Ж. Макеева – аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ

Резюме

Эта статья посвящена актуальной проблеме внедрения достижений этнопедагогической науке в учебный процесс школы (непосредственно на уроках биология). Используя средства народной педагогики можно усовершенствовать и дополнить методику преподавания многих разделов естественного научного цикла.

Summary

It the article is sanctified to the issue of the day of introduction of achievements to the ethno pedagogical science in educational process schools(there is biology directly on lessons). Using facilities of folk pedagogies it is possible to perfect to add methodology of teaching of many divisions of natural scientific cycle.

Қазақстан Республикасының Елбасы Н.Ә. Назарбаев 1999 жылды «Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы» деп жариялауында үлкен мән бар. Өйткені егемен еліміздің әрбір азаматының бойында халқымыздың қалдырған асыл мұраларына деген ынта- жігері ерекше орын алу керек. Ата- бабаларымыздың тағылымы мол өнегелі өсиеттерін, терең даналық ой-пікірлерін, асыл қасиеттерін жас ұрпақтарды тәрбиелеуде үнемі үлгі өсиет етіп пайдалануымыз шарт.

Халқымыздың тағылымы мол мұраларының бірі – ғасырлар бойы жинақталған табиғатты аялау дәстүрі екендігін ерекше атап өткен жөн.

*Бабалар табиғатты аялаған,
Малын бағып, бауырын саялаған.
Табиғатты «Ана» деп ардақ тұтып,
Қамқорлығын ешқашан аямаған...*

(Р. Сәтімбеков)

Әр халықтың өскен ортасы, кіндік қаны тамған туған жерінің барлық қадір-қасиеті оның тұла бойындағы адамгершілік ақыл-ой парасатымен үнемі тамырласып, әрі тағдырласып жатады. Қазақ халқының ұғым түсінігінде ең бір қымбат та қимас сөз – «Туған Жер» деген ұғыммен үндесіп тұрады.

*Туған жерді Анам демей не дейін,
Туған жерді панам демей не дейін.
Туған жермен асқақ менің ән – жырым
Туған жермен асқақ менің мерейім.*

(Ж. Молдағалиев)

Халқымыздың табиғатқа етене жақын болуына тарихи қалыптасқан өмір салты да әсер еткен. Халық өзін табиғаттың бөлінбес бір бөлшегі деп есептеп, оны аялауға, оған мейірімділік көрсетуге ерекше мән берген. Қазіргі кезде өзіміз иелік етіп отырған кең байтақ жерді бабаларымыз аттың жалында, түйенің қомында жүріп білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғауы, сақтап қалуы тарихта теңдесі жоқ ұлы ерліктің белгісі.

Біздің қазіргі кезде ауызымыздан күнделікті тастамай айтып жүрген экологиялық мәселелерімізге қазақ халқы ертеден – ақ ерекше мән беріп, тіршілік – әрекетін соған сәйкес жүргізе білген. Күнделікті тұрмыс – тіршілігінде табиғаттың барлық жанды, жансыз туындыларына қиянат көрсетуге қарсы тұрып, «обал», «сауап» деген ұғымдарды кейінгі ұрпақтарына ұлағат етіп қалдырған.

Әрбір жеке табиғат байлықтарына және оның дара туындыларына да арнайы айтылған экологиялық тыйым сөздер де халық арасында кеңінен таралған. Ондай тыйым сөздердің тәрбиелік мәні өте зор.

Мысалы, күнделікті мұқтаждығымызды өтеп жүрген, ауыз судың тазалығын сақтауға арналған тыйым сөздерге «суға түкірме», «суды ылайлама», «өзің әшетін суға өлген ит тастама», «бұлақ көрсең көзін аш», т.б. жатады.

Жер бетінің сән берер сәулеті мен бағалы байлық дәулеті деп есептелінетін жасыл желекке, орман – тоғайға қатысты тыйым сөздер көп. Мысалы, «көк ті жұлма», «көкті таптама», «құраққа орақ салма», «орманды өртеме», «жалғыз ағашты кеспе», т.б. Жан – жануарларды аялау, қорғау, мейірімділік көрсету жайлы да тыйым сөздер көптеп кездеседі: «құмырсқаның илеуін бұзба», «өрмекшіні өлтірме», «аққуды атпа», «ұларды шулатпа», «жаралы аңға оқ атпа», «ұяны бұзба», т.б.

1998 жылы 17 – наурызда Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың Алматы қаласында өткізген республикамыздың өнер, мәдениет және ғылым саласындағы шығармашылық зиялы қауым өкілдерімен кездесуінде туған жер мен ел тарихына терең мән бергенін еске сала кеткеніміздің артықшылығы жоқ. Ол: «Әрбір азамат тарих қойнауына ойша тереңдеу арқылы өзінің ата – баба қалдырған осындай кең байтақ жердің лайықты мұрагері болуға ұмтылсын», - деген сөзі Қазақстанды туған жерім, өскен елім деп есептейтін аразаматқа бұл терең ой салып, толғандыру қажет.

Халқымыздың біртуар асыл перзенттерінің бірегейі Мұхтар Әуезов өзінің 1918 жазылған шағын мақаласында: «адамға қорек беретін – табиғат; адамның тұрмысын, кәсібін, жан сипаттарын һәм түрлі түрге салатын табиғаттың шарттары; әр халықтың мінезі, қылығы, салты, пейілі, талабы, жігері өз маңайындағы табиғат әсерінен пайда болады» - деп дөп басып айтқан.

Қазіргі қолда өсіріліп жүрген жылқының арғы жабайы тегі – тарпан, керқұлан, құлан деп есептелінеді. Жылқыны алғаш адам баласы жаугершілік заманында мініс көлігі ретінде қолға үйреткен болу керек. Жылқыны ең алғаш қолға үйретілген негізгі отаны – Шығыс Еуропаның оңтүстік далалы аймағы, Орталық Азия мен Қазақстан алқабы деп саналады.

Қазіргі кезде жылқының 250 –ден астам түрлі тұқымы қолда өсіріледі. Мүшелік жыл санауымызда киелі жетінші жыл – жылқы.

*Он екі жыл бір мүшелді құраған,
Бұрынғылар «жылың не?» деп сұраған.
Әрбір жылдың өзіне тән сыры бар,
Зейін қойып білу керек мұны адам.
Жаныма жақын балған бала күннен,
Жылқы сырын ежелден дала білген.
Төрт түліктің төресін таңдап алып,
Елі мен жерін қорғап бабам мінген.*

(Р. Сәтімбекұлы)

Жылқы жайында Қасиетті Құранда да арнайы Ғадият сүресі бар. Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) 399 – хадисінде «қой – береке, түйе – қадірлі, ал жылқының жолына қияметке шейін жақсылық төселіп қойған. Олар – қызметшілерің, достарың. Оларға жақсылық жаса. Егер оларды қиыншылық жағдайда көрсең көмектес!» - деген адамды имандылық пен мейірбандылыққа жетелейтін ұлағатты сөздері бар.

*Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ,
Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ,
Ауыз омыртқа шығыңқы майда жалды,
Ой желке, үңірейген болса сағақ.
Тығылмай, әм сүрінбей жүрдек көсем,
Иек қағып, еріліп жүрсе әсем.
Шапса жүйрік, мінсе берік, жуан жуас,
Разы емен осындай ат мінбесем!*

(Абай)

Жылқыға тікелей қатысты қанатты сөздер, мағынасы терең теңеулер, мағлұматы мол мақалдар, нақтылы айтылған нақылдар халқымыздың сөз байлығында кеңінен орын алған. Батырлардың сенімді серігі, адал ақылшысы, қиындықтан құтқарушы досы ретінде де дастан – қиссаларда жылқы жайлы ерекше атап көрсетіледі. Қобыланның – «Тайбурылы», Ер Тарғынның – «Бозтарланы», Қамбар батырдың – «Қарақасқасы», Төлегеннің – «Бозжорғасы», Ақан серінің – «Құлагері», т.б. Сондықтан да «ат ер жігіттің тербелген бесігі, батырдың ұшар қанаты, мұратына жеткізер асыл арғымағы» ретінде көбірек айтылады.

«Ер жүректісінен, ат жүректісі жақсы», «Тұғырдан тайған тайраңдамас, тұлпарын сатқан сайрандамас», «жабағы – тайды қорлама, жаз шыққанда ат болар», «мінген атың болдырмай, мәрелі жерге жеткізсе, қанат емей немене!», «ер белгісі – құнында, зер белгісі – пұлында, шын сейістер ат қояр, желіде тұрған құлынға», «құлын көбеймей – ұлтың өспес», т.б.

Жылқыны ауызға алғанда халқымыздың жылқымен байланысты ұлттық ойындары – көкпар, қыз қуу, аламан бәйге, т.б. еріксіз еске түседі.

*Бала күннен тартып мінсең ат жалын,
Онда сенің көкірегің от жалын.
Білдің онда не екенін бәйгеңің,
Бұл өмірде жарыс емес қай күнің.*
(Т. Айбергенов)

*Жалындап жүр жанарында от барда,
Бұл өмірде одан артық бақ барма?
Халқымызда азаматтар көп болсын,
Атой салып, ат қосатын көкпарға!*
(Р. Сәтімбекұлы)

Жылқы жылы халық ұғымында елге жайлы, жерге құт әкеледі деген сенімге негізделген. Жылқы жылының жазы ыстық, желді, жаңбырлы, ал қысы суық, боранды болады. Егін бітік өсіп, мол өнім береді, ел молшылыққа кенеледі. Жылқы жылы туғандар өте дарынды болып келеді, бұл жылы туылғандардың мінезі де жайдары бірақ кейде көбірек сөйлегенді ұнатады. Олар өз істеріне тиянақты, әрі ақылды болады. Істейтін істерін алдын ала жоспарлап қояды.

Жылқы малын өсірудің қыр – сырын бабаларымыз өте жақсы білген және өздерінің өмірлік тәжірибесін ұрпақтарына өсиет етіп айтып отырған. Бұрынырақта Албан елінен шыққан Қалыбек деген бабамыз мыңдаған қаракөк, көкшұбар жылқы тұқымдарын сұрыптап өсіріп отырған деген аңыз бар. Абыз қарт жылқыларды түр – түсіне, жас кәрісіне қарай бөліп, іріктеп баққызған. «Мал баққанға бітеді, жылқыны кумай жайып бақ, теріскейді тебіндетпе, күзде жегіз, ойдан бастап қырға шық, күнгейді төлдетуге сақта», - деп үнемі ескертіп отырады екен. Бұл қарттың айтуынша жылқының бес серті бар: «Жабағымда еміз, тайымда тарта мін, құнанымда құрта мін, дөненімде дөңкит, бестімде бәйгеге қос, бәйгеден келмесем басымды кес» - деп үнемі ескертіп отырады екен.

Бабаларымыз балаларын жинап алып айтатын өсиеттерінде:

*Өрендерім естеріңе ұстаңдар;
Бесікте балаң болсын.
Белдеуде бесті атың болсын
Бестіге балаң ие болады,
Есті еліне ие болады – дейді екен.*

Халқымыздың тарихы да, өмір салты да төрт түлікпен тікелей байланысты. Байтақ Сарыарқадай далада төрт түлігі сай, көңілі жай, жегені құрт пен май, халықтың бар дәулеті, даласының сәулеті де – мыңғырған малына сай еді.

Даламызда кейбір ойланбай істелінген істердің жылқыға тигізген кесірі тарихтан белгілі. «Тың игеру» деген жалаң ұранмен төрт түлікке жайлы шұрайлы жерлер тілімденіп жыртылды. Жылқы малына деген немқұрайды қараудың салдарынан даламызда жылқы саны да күрт азайды. Жылқы тағдыры толғантқан ақын Кеішлік Мырзабеков өзінің «Боз бие» деген өлеңінде тың игерудің тбиғатқа тигізген кесірін жылқы мінезі арқылы айқын көрсете білген:

*Нағашы ауылымның арасы бір – ақ қыр,
Қозы – лағы қосылған шүйгін қырат бұл.
Тың көтерген жыл төбенің түбіт көдесін,
Тарап әкетті тарақ табанды – трактор...
...Боз бие біздің қырға өруші еді желдесе,
Қыр беруші еді, құнары тасып селдесе,
Анам айтты: «Іімейді депбұл жануар,
Көдесін қырдың бір мезгіл қажап келмесе».*

Халқымыздың жылқыға деген жүрек жылуын, сүйіспеншілік сезімін, жанашырлық жақындығын ұрпақтардың санасына сіңіріп, ұлтжандылық рухта тәрбие берейік.

Көшпелі халықтардың тұрмыс тіршілігі ежелден – ақ табиғат аясында өткендіктен олардың қоршаған табиғи орта туралы дүниетанымы табиғатпен өте тығыз байланысты екені белгілі. Қазақ халқының табиғат құбылыстары, оның жеке байлықтары, оларды ұқыпты пайдалана білуі туралы тарихи дәуірлерде қалыптасқан қорытынды тұжырымдары мен экологиялық ұғымдары көптеп кездеседі. Осындай танымдық әрі тәрбиелік мәні бар ұғымдардың көпшілігі жабайы сүтқоректі жануарларға арналған. Жабайы сүтқоректілердің кейбір түрлері бағалы терісі және басқа өнімдері үшін ауланса, екінші бір тобынан қорғану қажет болды. Әрбір жануардың қандай табиғи орта жағдайларында тіршілік ететіндіктері, таралуы, көбеюі, табиғаттағы және адам өмірінде қандай маңыз атқаратындығы туралы сан ғасырлар бойы бақылауларынан орынды тұжырым қорытындылар жасап отырды [46,49].

Өлкеміздің кең байтақ аудандарына саяхат жасаған жиһанкездер, ғалымдар және зерттеуші мамандар

өз еңбектерінде қазақ халқының жабайы жануарлар жайлы түйген ой тұжырымдары мен қорытындыларының ғылыми дәлдігіне таңырқап, ерекше атап өткен.

Қазақстанның әртүрлі өңірлерінде арнайы ғылыми зерттеулер жүргізіп, еліміздің солтүстігінен оңтүстігіне қарай 1947 және 1948 жылдары екі рет автокөлікпен аралап, зерттеу материалдарын жинаған орыстың көрнекті зоолог ғалымы Александр Николаевич Формозов (1899 -1973) қазақ халқының жабайы жануарлар туралы ұғымдарының мол екендігіне ерекше мән берген. «В жизни казахского народа дикие животные издавна играли большую роль... Поэтому зоркие глаза казахов всегда внимательно следили за жизнью природы; их народная мудрость накопила много интересных обобщений и выводов... К сожалению, зоологические знания казахов до сих пор использовались недостаточно».

Қазақ халқының өмірінен кейбір жабайы жануарлардың тіршілік әрекеттерінің биологиялық және экологиялық ерекшеліктері жайында көптеген құнды деректерді кездестіруге болады. Мұндай бағалы тұжырым қорытынды ұғымдар көбіне халық өмірінде ерекше орын алған жабайы жануарлар көптеп кездеседі. Осындай түрге кемірушілер отрядына жататын құндызды (бобр) ерекше атап өткен.

Құндық – ерте кездерде Қазақстанның батыс, солтүстік, шығыс, оңтүстік – шығыс және орталық аймақтарында кеңінен таралған. Оны жергілікті тұрғындар өте бағалы терісі мен «құндыз қайыры» үшін көптеп аулаған.

«Құндық» және «құндыз қайыр» деген сөздер XI ғасырда өмір сүрген ғұлама ғалым Махмұт Қашқаридың «Түрік тілінің сөздігінде» кездеседі.

Ертеде Қазақстан аумағына саяхат жасап, ғылыми зерттеулер жүргізген ғалымдар жергілікті тұрғындар «құндыз» - деп орысша «бобр» деген жануарды атайтындығы туралы жазба тарихи деректер көп кездеседі. Мұндай пікір қазақ халқының салт – дәстүрлерін өте жақсы білетін этнограф ғалым Г.Н.Потанин (1835- 1920) еңбектерінде де нақты атап көрсетілген.

«Құндыз – суда, құлан –қырда» деген мәтел әрбір жануардың мекен ететін табиғи орта жағдайын айқын көрсетіп тұр. Қазақстан аумағында 40-қа жуық жер – су атаулары кездеседі және мұндай атаулар өзендер мен көлдерге қатысты қойылған. «Құндызды аулама, аққуды атпа» деген тиым сөз, құндызды көп аулаудың зиян екенін аңғартады. Құндыздың ұрпағы –«құнай» деп аталады.

Еліміздің Каспий теңізінде кездесетін ескекаяқтылар отрядына жататын түр – каспий итбалығы. Оның да тіршілік әрекетіне қатысты ұлттық ұғымдар бар. Табиғаттағы итбалық тіршілігі мен табиғат құбылысының арасындағы мұндай заңды байланыс «итбалықтың кіндік кесері» деп аталады.

Кез – келген жеке мамандықтың шыңына шыққан маман өзінің өмірлік бағыт – бағдарын мектеп жасынан бастап таңдайды да, осыған сай кәсіптік білім алады, маман болады.

Қазақстан Республикасының териофаунасын зерттеу, сақтау мен пайдаланудың зерттеушілері мектепте оқып жатыр. Міне, солардың аңдарды зерттеуге қызығушылығын тудыруда және осы сала бойынша табиғи қабілетін оятуда мектепте биология пәндерін оқыту барысында халықтық педагогиканы, әсіресе жұмбақтар мен мақал – мәтелдерді пайдаланудың мәні зор.

Халық мұрасының бір саласы болып есептелетін жұмбақтар мен мақал мәтелдер ұлттық педагогиканы жүзеге асыруда ауыз және жазба әдебиетінің аса қолайлы жанрының бірі. Өйткені аңдар туралы жұмбақтарда белгілі бір жануар немесе оның әрекеттері астарлы түрде белгіленеді. Сондықтан сабақ үстіндегі оқушылардың назарын жаңа материалға аудару және оны тұрақтандыру, әсерлендіру, сезімдік қабілетін көтеру, байқампаздығы мен қызығушылығын арттыру жаңаны білуге ынталандыру, яғни ақыл – ой қызметінің белсенді қалпын болдыру үшін астарлы сөзжұмбақ айрықша орын алады.

Мысалы: «түйе ерін, есек құлақ, бөкен санды, жылқы құрсақ, бадырақ көзді, жүні жұмсақ, аңыздық аты оның қорқақ», «құрылысы мен тіршілігі әрқалай екі миллион өсімдік пен жануар, бірімен бірін шатастырмай тауып ал», «41 белгіден екеуін таңдаған жыртықшы «ең кіші» ол қандай аң?», «аса күшті, аса мықты жыртықшы, 42 тісі бар, күлкі үшін айтамын ол «ең кіші» аң, ұйқтап жатыр қар жауғалы інінде, ойлап – ойлап оның атын шешіп ал», «терісі бар инелі, балаларға сүймелі қорыққанда доп болады, жегіштерге жоқ болады», «аты жұпар, заты тышқан, бір кезде елімізде көзден ұшқан, терісі оның былғары, жылы киім болды соғыс жылдары», «бармақтай ғана бойы, насекомдар болады оның тойы, бір жарым жыл өмірі, мешкейлікпен көңілді». Міне осындай жұмбақтарды оқу – тәрбие процесінде пайдалансақ, оқыту мен білім беру процесін біршама табысты етеді.

Қазақстан табиғаты алуан түрлі өсімдіктерге бай. Олардың көбі дәрілік өсімдіктерге жатады.

Дүние жүзіндегі барлық дәрілердің шежіресіне көз жүгіртсек, жүрек ауруларын емдейтін дәрілердің - 80%, қақырық түсіретіндерінің - 73%, қан тоқтататын дәрілердің - 60% тек өсімдіктерден жасалады. Соңғы жылдары халықтың мәдениеті артқан сайын жиі қолданылатын дәрілерді дәрігермен келіспей өздігінен алушылар саны көбейіп кетті.

Қазақстанның Оңтүстік өңіріндегі киелі Арыстанбаб жерінде, Отырар ауданының «Шеңгелді» елді мекенінің сортаң топырақты далаларында өзінетән емдік қасиеті бар дәрілік өсімдіктер бар. Қазақстан аумағының көп жеріндегі дәрілік өсімдіктер барынша аз зерттелген. Әсіресе, олар шөлді және шөлейтті жерлерде көп кездеседі. Ол жерлерде басқа ешбір аймақта кездеспейтін құнды дәрілік өсімдіктер бар екені даусыз. Қазақстан аумағында өсетін дәрілік өсімдіктерді дәрігердің бақылауынсыз пайдалану денсаулыққа зиян.

1. Мухамбаева А.Х. *Национальные обычаи и традиции казахского народа и их влияние на воспитание детей и молодежи.* - Москва: 1974. – 182с.

2. Р. Сәтімбеков, Ө. Мұстафаев *Табиғатты ұлы ана деп сана да жүрегіңмен ұл қызыңдай аяла.* – Алматы: Полиграфия сервис и К, 2004.-109 б.

3. Қ.Қайым, Р. Сәтімбеков, Ә. Әметов, Ж. Қожантаева *Биология. Жалпы білім беретін мектептің 7 – сыныбына арналған оқулық.* Алматы: Атамұра, 2003. – 240б., суретті.

4. Измайлов А.Э. *Народная педагогика: педагогические воззрения народов Средней Азии и Казахстана.* - Москва: Педагогика, 1991. – 254 б.

ПОЗНАВАТЕЛЬНАЯ АКТИВНОСТЬ КАК УСЛОВИЕ РАЗВИТИЯ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОГО И ТВОРЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА В ПОДГОТОВКЕ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ

Т.Б. Кенжебаева – докторант КазНПУ им. Абая

Түйін

Бұл мақалада автор педагог тұлғасының интегралды сипаттамаларының бірі ретінде оның кәсіби дамуын негіздейтін-педагогикалық креативтілікті қарастырады. Болашақ мұғалімдерде педагогикалық креативтіліктің даму қажеттігі әлеуметтік өзара әрекет жағдаяттарының күрделенуімен, кәсіби іс-әрекетте мамандарға деген талаптардың жоғарлауымен байланысын сипаттайды.

Зияткерлік және шығармашылық әлеуетін белсенді қолданатын, жана формация мұғалімін даярлау қажеттілігін негіздейді.

Summary

The author substantiates the necessity of teaches training with new formation, using as intellectual and creative potential in professional activity. Future for teachers pedagogical creative necessity development social mutual circumstances of attempt difficult, requirements, that said on professional act to the specialists, characterizes connection to promote.

Activist apply, new teacher of structure Intellectual and creative potency founds necessity cooking.

Современное общество предъявляет к человеку всё более высокие требования. В условиях роста социальной конкуренции молодому человеку необходимо уметь творчески применять те знания и навыки, которыми он обладает; уметь преобразовать деятельность таким образом, чтобы сделать её как можно более эффективной. Для того, чтобы быть востребованным в современном обществе, необходимо превносить в него новое своей деятельностью, т.е. быть «незаменимым». А для этого, что очевидно, деятельность должна носить творческий характер.

Наше время – это время перемен.

Сейчас нашей республике нужны люди, способные принимать нестандартные решения, умеющие творчески мыслить.

Получается, что все должны стать творцами. Пусть одни в меньшей мере, другие в большей, но обязательно все. Природа, все знают, не щедра на таланты. Они как алмазы, встречаются редко. ...

Новое осмысление задач подготовки педагогов выявляет противоречие между существующими традиционными подходами в подготовке специалиста и насущной потребностью развития творческой личности педагога в профессиональном обучении. Глубинные проблемы современного общественного развития не могут затрагивать проблему способностей и творчества. Помимо интеллектуального потенциала педагога особую значимость приобретает его способность решать нестандартные, творческие задачи. Это требует усиления творческой составляющей образовательного процесса в профессиональной подготовке специалиста [1].

Современный специалист, независимо от профиля своей подготовки, должен принимать социально значимые решения, в том числе нестандартных ситуациях, которых с учетом сегодняшних социально-экономических условий становится все больше. Это требует усиления социально-психологической составляющей образовательного процесса.

Обозначенные факторы привели к необходимости замены репродуктивно ориентированного профессионального образования личностно творчески ориентированным. Особую значимость в таком образовании приобретают инновационные подходы, наиболее полноинтегрированные в креативной образовательной технологии.

В рамках личностного подхода профессиональное развитие будущего педагога понимается как рост, становление, интеграция и реализация профессионально значимых личностных качеств и способностей, профессиональных знаний и умений, но главное – как активное качественное преобразование студентами своего внутреннего мира, приводящее к принципиально новому его строю и способу жизнедеятельности - творческой самореализации в профессии [2].

Ведущими психолого-педагогическими деямивучебно-воспитательномпроцессе становятся:

- 1) развитие профессионального мышления будущих учителей;
- 2) ориентация жизнедеятельности высшего профессионального образовательного учреждения на выработку у студентов позиции самостоятельного и ответственного принятия решения в условиях свободы выбора.

Разработка базовой психологической модели человека (Ф.Н. Гоноболин, В.А. Кан-Калик, С.В. Кондратьева, Е.А. Климов, В.А.Крутецкий, Н.В. Кузьмина, Н.Д. Левитов и др.) обосновывает актуальность формирования целостного психологического облика профессионала и его личностного и творческого потенциалов. Однако целостного представления о структуре личностного потенциала и творческих возможностях специалиста, путях и психологических механизмах и хранения в педагогической психологии нет. Исследования интеллектуальной креативности, как известно, имеют большую историю и связаны с именами многих ученых, таких как Б.Г. Ананьев, П.Я. Гальперин, В.Н. Дружинин, А.Г. Ковалев, В.А. Крутецкий, А.М. Матюшкин, Н.С. Лейтес, Я.А. Пономарев, С.Л. Рубинштейн, Б.М. Теплов, О.К. Тихомиров, Н.Б. Шумакова, М.А. Холодная, В.С. Юркевич и другие. Большой вклад в разработку разных аспектов данной проблемы внесли зарубежные психологи М.Воллах, Дж.Гилфорд, С.Медник, В.Смит, Р.Стернберг, П.Торренс, К.Тейлор и другие.

На этом фоне ситуация с исследованием других видов креативности: социальной, личностной, профессиональной оказалась более сложной. В отношении профессиональной креативности исследования практически отсутствуют. Наиболее близкими к профессиональной креативности являются понятия «профессиональный потенциал, личностно-профессиональный потенциал» (М.Л.Воронцов, 2003), «профессиональный потенциал педагога» (И.П. Подласый, 1993), «профессиональная компетентность» (Л.Н. Захарова, Н.В. Кузьмина, В.Н. Куницына, А.К. Маркова), «профессиональная компетенция» (Т.М.Сорокина, 2002), «педагогическая креативность» (Е.Е. Щербакова, 2000) [3].

Отдавая должное накопленным в психологии научным данным, раскрывающим специфику и особенности профессионально-педагогической деятельности, ее структуру и психологические механизмы, мы считаем вполне обоснованным стремление к построению новой системы подготовки современного педагога, в основе которой лежит развитие интегральных характеристик его личности. Одной из интегральных характеристик личности педагога, обуславливающей его профессиональное развитие, является *профессиональная креативность*. От уровня ее сформированности в большей степени зависит эффективное решение педагогом повседневных задачи направление его развития в профессии педагога.

Значимость развития профессиональной креативности будущих специалистов обусловлена усложнением ситуаций социального взаимодействия, повышением их нестандартности, усилением требований к специалистам в рамках профессиональной деятельности. При этом очевидна недостаточная теоретическая разработка вопросов, касающихся понятия профессиональной креативности, ее структуры и этапов развития; налицо недостаточная методическая разработанность данной проблемы; отмечается растущая потребность в новых специалистах, способных активно использовать творческий потенциал в профессиональной деятельности в решении проблем, связанных профессией. Все это определяет высокую социальную, научную и практическую актуальность нашего исследования.

Теоретические положения по проблеме развития творческих способностей выводили в своих трудах ученые: Б.М.Теплов, Р.С.Немов, С.Л.Рубинштейн, А.Н.Лук, Я.А.Пономарев и многие другие.

Особенностям становления личности подростка, их влиянию на процесс развития творческих способностей были посвящены работы И.Ю. Кулагиной, Н.С. Лейтеса, Р.С. Немова, Л.С.Выготского.

С педагогической точки зрения эту проблему исследовали И.Я. Лернер, Н.С. Щуркова, В.А. Левин, А.А. Мелик-Пашаев.

Разные ученые по разному определяют творчество. По мнению известных американских психологов Дороти Сиск и Сандры Кейплан творчество это:

- социальное явление, связанное с преобразованием мира;
 - процесс, направленный на открытие мира и самого себя.
 - преобразующая деятельность, в результате которой создается новое и одновременно ценное;
- ключевое слово – *новизна* [4].

Творчество не дар природы, а приобретенное через трудовую деятельность свойство.

Именно преобразующая деятельность, включение в неё и являются необходимым условием развития способности к творчеству.

Учеными доказано, что любой ученик способен к творческой деятельности, поэтому учителю необходимо уметь организовать такую деятельность, которая побуждала бы каждого школьника к раскрытию своей креативности (творческих способностей).

Основная цель образования сегодня - создание адаптивной окружающей среды для развития природосообразных качеств личности. Результаты академических знаний – все менее и менее важный показатель образования.

Другой способ развития творчества основан на дифференциации по широте и глубине изучаемого материала. Это так называемая обогащенная программа обучения. Однако, лишь повышение уровня сложности и увеличение количества материала не способствует созданию оптимальных условий развития одаренности. Нужно иное, качественно новое содержание образования, специальные программы обучения и развития творческого потенциала, формирование лидерства, умения общаться и других качеств, способствующих в будущем социальной реализации творческой личности.

Обо всем этом говорит нам педагогическая теория, это мы должны знать, изучать, применять на практике.

Как на сегодняшний день на практике реализуется цель – развитие творческого потенциала?

Эта цель на практике реализуется в основном с помощью внедрения в учебно-воспитательный процесс современных технологий обучения, создание дифференцированного, личностно-ориентированного процесса обучения (это и система индивидуальной работы, обучение спецдисциплинам по авторским программам, участие в научно-исследовательской работе с привлечением интеллектуального потенциала лучших преподавателей, ибо воспитать творческую личность может только педагог-творец).

Развитие творческих способностей осуществляется, прежде всего, посредством развития творческого потенциала самого учителя, через совершенствование опыта его творческой деятельности, а также через становление у него личностного смысла по развитию творческих способностей воспитанников.

Еще, одним важнейшим фактором, влияющим на творческое развитие, столь важное для учащегося на любом этапе, является творческий подход самого преподавателя, в том числе и к процессу общения и контакта с учащимися, для чего педагог должен иметь немалые знания и обладать приёмами общения.

Педагогическое общение должно быть эмоционально комфортным и личностно развивающим. Профессионализм общения учителя состоит в том, чтобы преодолеть естественные трудности общения из-за различий в уровне подготовки, способности помогать ученикам обрести уверенность в общении в качестве полноправных партнеров учителя. Для педагога важно помнить, что оптимальное общение – не умение держать дисциплину, а обмен с учеником духовными ценностями. Общий язык с учащимися это не язык команд, а язык доверия.

На наш взгляд, педагогическое творчество должно рассматриваться как процесс решения педагогом бесчисленного ряда учебно-воспитательных задач в меняющихся обстоятельствах.

На практике сам учитель должен правильно понять цели обучения, а его творчество проявляется в умении приложить эти цели к своим условиям работы. Это, как показывает практика, требует учёта множества факторов. Естественно, это и уровень обученности и развития учащихся, и прогнозирование трудностей, и умение наметить перспективы развития для каждого ученика, то есть дифференциация целей, и преобразование и оригинальная формулировка задач на каждом этапе обучения.

Если говорить о применительно к содержанию обучения, то учитель должен прежде всего хорошо знать содержание учебника. Его творчество проявляется здесь в умении увязать предлагаемую ему тематику с ситуациями общения, то есть максимально приблизить учебный материал к жизни.

Индивидуальность понимается как уникальность, неповторимость каждого человеческого существа.

Человеческая уникальность самым тесным образом связана с проблемой творчества. Творчество предполагает новое видение, новый подход, новое решение, т.е. готовность к отказу от привычных стереотипов восприятия, мышления и поведения.

Человеческая индивидуальность всегда неповторима, а следовательно, само ее появление есть уже появление чего-то нового, и реализация уникальности каждой человеческой индивидуальности - это и есть творческий акт.

Таким образом, творческие проявления - это те проявления, в которых удалось реализовать свою уникальную индивидуальность.

Следовательно, педагогу, как и представителю любой другой профессии, желающему добиваться хороших результатов в своей деятельности, требуется хорошая квалификация, залогом которой может быть только постоянная работа над собой, т.е. развитие своего интеллектуального и творческого потенциала.

1. Дружинин В.Н. *Психология общих способностей*. М.: Латерна Вита, 1995- 150 с.
2. Митина Л.М. *Психология профессионального развития учителя: Автореф. докт. дис. М., 1995.*
3. Дружинин В.Н., Хазратова Н.В. *Экспериментальное исследование формирующего влияния микросреды на креативность // Психол. журнал, 1994. №4.*
4. Мясницев В.Н. *Психология отношений. Избранные психологические труды. Под ред. Бодалёва. М. – Воронеж. 1995, с. 356.*

ПЕРВЫЕ ВСЕМИРНЫЕ ПРОМЫШЛЕННЫЕ ВЫСТАВКИ И «ЭКСПО-2017» В АСТАНЕ

С.С. Киргизбекова – ст. преподаватель кафедры «Графики и дизайна» ХГФ КазНПУ имени Абая,
Б.Т. Найманов – ст. преподаватель кафедры «Графики и дизайна» ХГФ КазНПУ имени Абая

Түйін

3. Воспитание у молодежи высокой бдительности и постоянной готовности к защите Родины;
4. Разъяснение особенностей современной военно-политической обстановки, пропаганда боевых и трудовых традиций нашего народа;
5. Воспитание у молодежи чувства гордости за подвиги старшего поколения и стремления подражать ему;
6. Пропаганда идеи защиты родного государства [6].

В университете должны поддерживаться и создаваться условия для приобретения живого и непосредственного духовного опыта, с помощью которого можно убедиться в безусловных достоинствах своего Отечества, в частности на примере собственного университета.

Патриотическое воспитание сегодня – это систематическая и целенаправленная деятельность университета по формированию у студентов высокого патриотического сознания, чувства верности своему Отечеству, готовности к выполнению гражданского долга и конституционных обязанностей по защите интересов Родины.

Ключевое место в формировании социальной памяти у студентов принадлежит курсу отечественной истории, а также различным дополнительным курсам, связанным с исторической проблематикой. В курсе культурологии важное место занимают вопросы истории отечественной и мировой культуры.

Образы, воссоздаваемые при изучении истории Отечества, должны помогать воплощать те идеи, которые университет стремится донести до основной массы студентов. Изучение истории позволяет использовать прошлое как сокровищницу моральных примеров, высоконравственных поступков на материале жизни и деятельности национальных героев – создателей и защитников Казахстана.

Единым координирующим и управляющим центром воспитательной работы является ректорат во главе с ректором университета. Инструмент управления – административная структура, функционально-ответственная за воспитательную работу в вузе: проректор по учебной работе, проректор по административно-воспитательной работе, отдел организационно-воспитательной работы, отдел социально-культурной работы, факультеты (деканы, заместители деканов по учебно-воспитательной работе), кафедры, кураторы студенческих групп, заведующие общежитиями.

Деканы, заместители деканов по учебно-воспитательной работе должны значительно улучшить планирование и организацию воспитательного процесса на факультетах; поддерживать и развивать на факультетах воспитывающую нравственно-психологическую атмосферу, всемерно содействовать работе органов студенческого самоуправления.

1. Высшее образование Казахстана <http://www.rfcaratings.kz/reports/Education.pdf>
2. Журнал «Диалоги о воспитании».
3. Индекс уровня образования стран мира. United Nations Development Programme: Human Development Report <http://gtmarket.ru/ratings/education-index/education-index-info>
4. Молодежь и патриотизм. СПб., 2003.
5. Нурмаганбетов Ж.О., Нурумжанова К.А. Гражданственность как системообразующая основа системы патриотического воспитания подрастающего поколения казахстанцев. Павлодарский государственный педагогический институт <http://www.ppi.kz/kz/images/files/nurm.doc>
6. Общие сведения Казахского Национального Университета им. Аль-Фараби <http://www.kaznu.kz/ru/7963>
7. Основы ювенологии: опыт комплексного междисциплинарного исследования. СПб.: БИС-проект, 2002.
8. Платова Е.Э., Фортунатов В.В., Козлов А.П. Известия Академии наук высшей школы: Научный и общественно-информационный журнал. - № 2 (44). - 2008. С. 121-137.
9. Фокин Ю.Г. Преподавание и воспитание в высшей школе: Методология, цели и содержание, творчество. М.: «Академия», 2002.

МЕКТЕП БІТІРУШІ ТҮЛЕКТЕРДІ КӘСІБИ БАҒДАРЛАУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

А.Т. Оразалиева – Жалпы педагогика және психология кафедрасы, Абай атындағы ҚазҰПУ

Түйін

Аталған мақалада мектеп түлектеріне кәсіптік бағдар беру мәселесі қарастырылады. Оқушылардың кәсіби бағдарланудағы психологиялық ерекшеліктерінің аспектарының зерттеулері баяндалады.

Резюме

В данной статье рассматриваются дифференциальные обучение и психологические особенности так же профессиональные ориентационные теории при выборе профессии школьников.

Summary

In this article are risen differential learning and psychological orientation theory when choosing profession students.

Білім – қоғамды әлеуметтік мәдени, ғылыми үрдіспен қамтамасыз ететін жоғары құндылық. Болашақтың бүгінгіден нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын күш тек білімде ғана. Қай елдің болсын өсіп - еркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесін деңгейіне, даму бағытына байланысты. ХХІ ғасыр деңгейінде білім беру және кәсіптік даярлау жөніндегі Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына 2012 жылғы Жолдауында “Біз бүкіл еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін көрсетуге жол жеткізуіміз керек. Әр оқушының білім мен қабілет деңгейінің тиімділігін бағалаудың біртұтас жүйесін жасау қажеттігін, оқу жоспарларына жаратылыстану бейініндегі арнаулы сыныптар құруды қарастырған жөн екендігі атап көрсетілген болатын. {1.126}

Жаңа ғасыр табылдырығын білім мен ғылымды инновациялық технология бағытымен дамыту мақсатымен аттауымыз үлкен үміттің басты нышаны болып табылады.» Білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды»- дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән — мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру— бүгінгі күннің басты талабы. Тәуелсіз мемлекетімізге еңбекқор, кәсібін терең түсінетін, өзінің білімі мен іскерлігін жан — жақты қолдана білетін мамандар қажет.

Қазіргі кезеңде жалпы білімнің міндеті – баланың жалпылама дамуын қамтамасыз ету ғана емес, ең бастысы, оларды жастай өз қабілеті мен қызығуына қарай белгілі бір мамандыққа арнайы әзірлей білу. Жас өспірімдердің шығармашылық тұлғасының белсенді бағытын оның тек сабақтарға жалпы қатынасы және оның қажеттілігі мен мұқтаждығы ғана емес, сондай — ақ білімді тәжірибелік іскерліктерді қабылдау мен меңгеру үрдісінің өзі де анықтайды. {2.16,21}

Оның ішінде үйірме — шығармашылық ізденістің алғашқы баспалдағы. Қандай да бір үйірмеге қатысқан оқушының өзіндік талпынысы, ізденісі болары анық. Адамның белгілі бір әрекетке бейімделуіне негіз болатын факторлар бөлігіне мыналар кіреді:

- азаматтық қасиеті;
- еңбекке деген қарым — қатынасы, мамандыққа қызығуы, сол еңбек апасына қатысы;
- тұлғаның кәсіби еңбек бағыттылығы;
- жалпы жарамдылығы (дене және ақыл — ой);
- арнайы қабілеттері немесе белгілі бір іс - әрекетіне қажетті сапалар;
- білім, дағды, тәжірибе, белгілі кәсіби қызметке үйрену. {3.626}

Әрбір оқушының сана-сезімі, мінез-ұлқы, мәдениеті, өмірге көзқарасы, әртүрлі мамандықтардың ерекшелік сипаттарына қабілеттері бірдей бола бермейді. Олардың өзіндік ерекшелігі тәрбиесіне, шыққан ортасына да байланысты. Белгілі педагог-ғалым А.Кусайынов алдыңғы қатарлы дамыған елдердің (Америка, Германия, Жапония, Франция, Нидерландия, Англия, Канада) жалпы білім беру жүйесіне талдау жасаған. Бұл талдауларда осы өркениетті мемлекеттер, мектептің орта сынып оқушыларынан бастап дифференцияланып білім беру іске асырылып отыратынын көрсетті. {4.236}

Мектеп – еліміздің халыққа білім беру жүйесінің күрделі тармағы. Еліміздің жарқын болашағы, мектеп болашағы – ұстаздардың ізденісінде, балаларға деген сүйіспеншілігінде, кәсіптік деңгейіне байланысты екендігінде. Шындығында мұғалімнің алдында оқушыларға білім мен тәрбие беруде үлкен жауапкершілік тұр. Әрбір оқушыны оқытып тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтамен шешуге қабілетті жаңашыл мұғалім керек. Мектеп шаңырақ ортасында жеткіншек жандардың жанын жаңалығымен таңқалдыра алатын тұлғалардың еңбек нәтижесі, оқушыларға оның келешек кәсібін таңдата алады {5}.

Кәсіби бағдар — бұл мақсаттардың бірлігі мен тұтас басқарумен біріктірілген -дара байланысты бөліктерден тұратын біртұтас жүйе. {6.} Ол бөліктер: таңсықтылықтың, қызығушылықтың дамуы; оқушының әртүрлі іс -әрекет түрлеріне бейімділігі (ойын, танымдық, еңбек); кәсіби психодиагностикалау; кәсіби кеңес беру; кәсіби іріктеу; кәсіби бейімделу және кәсіби тәрбие. Кәсіби бағдар беру мақсаты — жас ұрпақты саналы түрде мамандық таңдауға дайындау, үйрету екендігі белгілі. Ол үшін мынадай нәрселер өажет:

- оқушылардың бойында ішкі психологиялық - әлеуметтік мәнділікті реттейтін қызмет түрлерін тәрбиелеу;
- түрлі еңбек қызметтері мен сыйластық қатынастарын тәрбиелеу;
- кәсіпті өз бетінше, саналы түрде жеке қасиеттерін есепке ала отырып орындау бағытын жетілдіріп тәрбиелеу.

Кәсіби бағдар берудің негізгі бөліктері төмендегілерден тұрады.

1. Кәсіби бағдар беруді ақпараттандыру.
2. Қоғамдық пайдалы өнімді еңбекке жас кезінен бастап уйрету.
3. Кәсіби бағдарға арналған кеңестер беру.
4. Кәсіптік бейімделу.

Кәсіби бағдар беруді ақпараттандыру — оқушыларға түрлі еңбек қызметтері және кәсіп ерекшеліктерімен, олардың нарық жағдайы және әлемдік өркениеттегі даму бағыттарымен, ел, аймақ экономикасына тигізетін әсері, рөлі туралы жас жеткіншектерді баулу {7.}

Түрлі жұмыстарды атқаруға баланың икемділігін байқау, жеке қасиеттерін тәрбиелеу арқылы өнімді еңбекке үйрету. Оларға тәжірибелік жұмыстар кезінде өз бетінше еркіндік беріп шығармашылыққа баулу. Кәсіби баулу, бағдар беру, оқушыларға психикалық даму ерекшелігіне байланысты кеңестер беру. Мұндағы басты мақсат — кәсіп таңдауда негізгі қоғамдық және идеялық сананы қалыптастыру. Оқушылардың жеке қасиеттері кәсіп талаптарына сай келуі қажет. Осындай кеңестерге мектеп қабырғасындағы оқушылардың тең жартысы зәру болады. Әсіресе, оларға мына топтар жатады.

1. Өз бетінше мамандық таңдай алмаған оқушылар.
2. Мамандық таңдауда ата — аналарымен келісе алмаған жастар.
3. Өзі таңдаған мамандықтың дұрыстығына көз жеткізгісі келген жасөспірімдер.
4. Тәртібі нашар, толқу үстінде жүрген жеткіншектер.

Осыған байланысты кәсіби бағдарға ұсыныс беру түрлерін төмендегінше көрсетуге болады.

1. Ақпараттық—анықтамалық.
2. Психологиялық—педагогикалық.
3. Медициналық.

Кәсіби бейімделу дегеніміз - өзі таңдап алған мамандыққа бейімділігін оқу кезінде дамыту, ал өндірістік салада істеп жүргенде біліктілігін көтеріп шеберлігін арттыру. {8.69,9766}

XXI ғасырды білімділер ғасыры десек, ғылым мен білім саласында еңбек ететін жастарымыздың алдына үлкен жауапкершіліктер тұр.

Демек, сол жастарға кәсіби құзыретті маман болып қалыптасуына бағдар беру — басты мақсатымызға айналуы тиіс. {9 1236}

Бұдан мынандай көріністерді айқындауға болады болады;

а) әрбір адам өзінің жекеленген қасиеттерімен, кәсіби маңызды қабілеттерімен қолайлы жалғыз бір мамандыққа сай келеді;

ә) кәсіби сәттілік және мамандықпен қанағаттанушылық адамның индивидуалды қасиеттері және мамандықтың талаптарымен сәйкес дәрежемен себепті;

б) кәсіби таңдау саналы және тиімді процесс болып табылады, мұнда адам өзі, немесе кәсіби кеңес беруші индивидуалды психологиялық қасиеттерді анықтайды және оларды әртүрлі мамандықтардың талаптарымен сәйкестендіреді. {10.6736}

Оның мәнінің 3 факторы бар:

- 1) индивидуалды қабілеттер және ерекшеліктер, мүмкіндіктері, икемдері, адамның қызығушылығы;
- 2) мамандықтың ерекшеліктері, талаптары - адамдарға талап етеді;
- 3) бірінші және екінші факторлардың арасындағы дұрыс байланыстылығы.

Кәсіби бағдар беру жұмыстарын өткізген кезде тұлғаның жас ерекшеліктерін ескеру өте маңызды.

Мұны Дж. Сьюпердің жіктеу деңгейінде ол адамның кәсіби жолын жас мөлшеріне байланысты былайша деңгейлейді:

1. **жетілу** — қызығушылықтар және қабілеттердің дамуы (0 — 14 жас аралығы);
2. **зерттеушілік** - өз күшінің апробациясы (14 — 25 жас аралығы);
3. **бекіту** — кәсіби білім беру және қоғамда өз ұстанымдарын нығайту (25 — 44 жас аралығы);
4. **қолдау** — кәсіби тұрақты ұрпақ құру (45 — 64 жыл);
5. **төмендеу** — кәсіби белсенділіктің төмендеуі (65 жас және кейін).

Мамандықты таңдау және кәсіби жетілу кезеңі адамда 14-тен 25 жас аралығына келеді және сипатталады, бұнда адам өз күшін әр түрлі іс - әрекет ортада өзінің кәсіби мүмкіндіктерін сынайды. Шынайы өмірлік жағдайлардың талдауы керсеткендей, жас өспірімге өте күрделі өту, жалпы білім беру мектебінен кәсіби еңбекке, бұл өту жеткіншек жасқа келеді, бұл уақытта адам ұстанымды кәсіби таңдау жолының шешімін қабылдайды. Өзін анықтау «персондық» қағидаланады. Жасөспірімнің психологиясында кәсіп таңдаудағы өзін - өзі анықтау үш сатыдан тұрады:

1. **Балалық ойын** Бұл ойында бала өзіне әр түрлі маман рөлін алып, кейбір өзін-өзі ұстау элементтерімен керінеді.

2. **Бозбалалық – бойжеткендік қиял үрдіс көрінісі** мұнда олар өзіне ұнайтын мамандықты армандайды.

3. **Бозбалалық пен осы жастың көп бөлігін қамтитын** — алдын ала кәсіп таңдау. Жеткіншектердің өзіндік анықтауларының әр сатылық қатынастағы ерекшеліктері,оның сол кезеңдік психологиялық дамуы мен тұлғалық қалыптастыру мағанасында ұштасыуы тиіс. Әрине бұл өздігінде оқушыны сол кезеңдердегі қоршаған ортасының ықпалына тәуелді етуі әбден мүмкін. Сондықтан онымен байланысты іс-әрекеттің түрлері таңдалып,ең алдымен жасөспірімнің көзқарасы бағалануы тиіс (мен тарихты жақсы көремін, тарихшы болайыншы) сонан кейін, қабілеттілік көзқарасы, (менде математика пәні жақсы келе жатыр, сонымен айналысайын ба?) ең соңғы көзқарасы, бағалы кәсіп. (мен ауырған жандарға көмектескім келеді, дәрігер боламын, т.б) таңдауының сәттілігіне алып келуі сөзсіз.

Жеткіншек жанының психологиялық анықтаулары олардың жыныстық белгілеріне де қатысты. Өйткені қыз балалар көбінесе жұмыс жасау сферасын таңдайды (мен медицинамен айналысқым келеді, тек сонан кейін мамандық біліктілік деңгейін) немесе керісінше бірінші деңгейін сосын мамандықты (жоғары оқу орнына түссем, бірақ қай мамандыққа екенін өзі білмейді). Сонымен мектеп түлектерінің психикалық процесстерінің байланыстары мен заңдылықтарының ерекшеліктері, олардың таңдаған кәсібінің сәйкестігімен сәттілендірген жағдайда, психологиялық бағыттандырудың нәтижелігін мәнді деуге болады.

1. Ж. Тұрманова. *Жасөспірімдер белсенділігі мен кәсіптік бағдары. Психологияны мектепте оқыту және ЖОО да оқыту.* - 2006. -№2-Б 2-4

2. Бейсенова Ж.Ж. *Жоғарғы сынып оқушыларындағы кәсіби өзіндік анықталу мәселесі //Вестник университета «Қайнар».* – 2004. №4/1. – Б70 -74.

3. Болатова А. *Бағдарлы оқытудың негізгі мәселелердің бірі //Қазақстан мектебі.* -2009. -№1. -Б34-35

4. Н.А.Назарбаев. *Қазақстан на парогө нового рынка вперед в своем развитии .Стратегия вхождения Казахстана в число пятидесяти наиболее конкурентоспособных стран мира. //Казахстанская правда,* 2012

5. Ж.Ы.Намазбаева., О.С.Сангилбаев *«Орысша-қазақша психологиялық сөздік».А.;* «Prints»,2 005.-Б185-186

6. С.Н.Чистякова/»*Основы профессиональной ориентации школьников».М.;*»Просвещение»,1983.-183

7. КлимовЕ.А. *Психолого - педагогические проблемы профессиональной консультации.* -М.: Знание, 19837-976

8. Т.Сырғабаев. *Психологиялық қызметтің бағдарлы оқытудағы рөлі //Мектептегі психология.* -2008.№4(16). Б 47-49

9. Гинзберг М.Р. *Психологические содержание личностного самоопределения. // Вопросы психологии.* - 1994. - №3.-Б56 -58

10. Джакупов С.М.*Влияния социума на характер профессионального самоопределения, //Межвуз сб. науч трудов.- А.: КазНУ,2000.- Б53-57*

ЖАҢАНДАНУ – ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

К.О. Оразбаева – I-курс докторанты, Абай атындағы ҚазҰПУ

Резюме

В данной статье рассматриваются возможности адаптации процесса подготовки специалистов-педагогов согласно нынешнему времени и современным факторам, воздействующим на обучающий процесс. В научной педагогической сфере термин «глобализация» применяется не только в среде образования, но и во многих других отраслях. В общественных науках данный термин употребляется максимально часто, так как отражает современные отношения, складывающиеся в мире. Понятие «глобализация» на самом деле гораздо шире. Под термином подразумевается связь между государствами и их взаимное влияние друг на друга, в том числе и в педагогике.

Summary

In this article possibilities of adaptation of process of preparation of specialists teachers according to present time and the modern factors influencing training process are considered. In the scientific pedagogical sphere the term "globalization" is applied not only in the environment of education, but also in many other branches. In social sciences this term is used as often as possible as reflects the modern relations developing in the world. The concept "globalization" actually is much broader. The term is meant as communication between the states and their mutual influence at each other, including pedagogics.

Мақалада жаһандану - педагогика ғылымының даму факторы ретіндегі қазіргі заманға тигізетін әсерін бағалай отырып, педагог мамандардың осы үдеріске бейімделу мүмкіндігінің мән-мағынасы қарастырылған. Педагогика ғылымында «жаһандану» термині қоғамдық білім саласында ең көп қолданысқа енген терминдердің бірі болып, көптеген мағынада қолданылады және дүниежүзінің даму үдерістерін сипаттайды. Жаһандану терминінің астарындағы ұғым халықтар мен мемлекеттер арасындағы байланыс пен жалпы ғаламшар аумағындағы қоғамдық дамудың жаңа кезеңін көрсетеді.

Қазір жаһанданудың маңызды кезеңінде тұрмыз сол себептен қай уақытта, қай кезде болса да болашақ педагог мамандарымыз жұмыс істеуге дайын болу керек. Барлық өңірлерде жастар істері жөніндегі басқармалар жасақталуда. «Мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы» қабылданды жалпы кадрларды даярлау мәселесі көтерілді. (26.02.2013). Жастар саясатының жаңа тұжырымдамасы бойынша Жастарды болашақ бағдарлама аясында педагог жас мамандарды ауылды жерлердегі мектептерде жұмыс істеуге және де педагогтарға шет елдерде білім алуға мүмкіндіктер жасалып отыр [1]. Осының өзі педагог мамандардың жаһандық білім үдерістеріне қатысуына жасалған жағдай. Жаһандану пікірі ертеден-ақ білім саласында орын тепкен. Атап айтсақ, жаңа мыңжылдықтың тууымен «жаһандану» термині қоғамдық өмірдің әр түрлі салаларында соның ішінде білім берудің ең көп қолданысқа енген терминдердің бірі болып табылады. Жаһандану мәселесі ғалымдардың қоғамдық саяси қызметкерлердің, ірі бизнес пен қаржы өкілдерінің назарын өзіне аударуда. Осы тақырып төңірегінде мерзімдік басылымдарда жарық көрген мақалаларда көптеген авторлар жаһандану құбылысын жаһандық ой-пікірлерін ескере отырып, оның негізгі сипаттамасын анықтап, жаһанданудың қазіргі заманға тигізетін әсерін бағалай отырып, адамның өмір сүру қабілетінің мән-мағынасын байқауға болады. Ғылыми әдебиеттерде жаһандану термині көптеген мағынада қолданылады, және оның нағыз жақтаушылары да, оған кереғар қарсыластары да бар.

Арыстанбекова А.Х. зерттеу жұмысында атақты ғалым Энтони Гидденстің сөздеріне сүйенеді, оның ойынша, көптеген жиі қолданылып жүрген терминдер өз мағынасы бойынша түсініксіздеу, бұл термин де қайдан келгені белгісіз, 80-жылдардың аяғында ол еміс-еміс қолданылып жүрген. Алайда 90-жылдардың аяғында, ХХІ-ғасырдың басында біз бұл терминнің аяқ астынан танымал болып, қоғамдық дамудың әр түрлі салаларында қолданысқа түсе бастағанын аңғарамыз [2].

Ең алдымен «жаһандану» ұғымының мағыналы екенін атап өтуіміз қажет, міне осы қасиетінің арқасында бұл сөз кеңінен тарап кетті. Ғалымдар жаһанданудың қашан басталғандығы, оның дамуының ерекшеліктері жөніндегі әр-түрлі ой-пікірлеріне қарамастан, бұл үдерісті өткен ғасырдың 60-жылдарының басымен байланыстырады, бұл кезде ақпараттық және коммуникациялық технологиялардағы ғылыми-техникалық төңкеріс жаппай дами бастаған болатын.

Осы кезеңде «жаһандық қоғам» деген термин солтүстік американдық ғалымдардың еңбектерінде жарық көрген (университет Ман Луан, Торонто), «жаһандық ауыл» термині алғаш рет жалпы ақпаратты бір уақытта планетамыздың кез-келген нүктесінен дүниенің төрт бұрышына коммуникация құралдары арқылы таралу феноменін көрсету үшін қолданылған [2,3]. Ал «жаһандану» терминін алғашқы рет

Гарвард бизнес мектебінің профессоры Теодор Левит өзінің «Рыноктардың жаһандануы» атты мақаласында ұсынған.

Біреулер үшін бұл бүкіл ғаламшарға нарықтың таратылуы болса, тағы біреулер үшін жалпы адамзаттық құндылықтарға қарай ұмтылу болып табылады. М.А.Чешковтың пайымдауынша, «жаһандану» термині әлемдік қоғамдастықтың әр түрлі бөліктерінің бір-біріне тәуелділік, өзара бірігу және өзара шарттасу процесі ретінде көрсетуге болатын үдерістер мен құрылымдардың кең жиынтығын білдіреді. Басқаша айтқанда, қазіргі заманда аумақтағы жағдайлармен анықталатын біртұтас нәрсе құрылады [4].

Біз бұл талдауды «жаһандану» түсінігі қазір қалай айтылатынын және олардың бір-бірімен сәйкестіктері мен қарама қайшылықтарын білу мақсатында жүргізуіміз қажет; сонымен қатар білім беру және педагогикалық ғылымға осы процестің әсер ету деңгейін есепке ала отырып, жаһандануға өзіміздің анықтамамызды беруге тырысамыз.

Көптеген зерттеушілердің ойынша «жаһандану» түсінігі «өзара тәуелділік», «интеграция» сияқты түсініктер орнына келді және халықаралық байланыстағы экономикада, әлеуметтік және саяси салада жүйенің жаңа даму кезеңін сипаттайды. Ғалымдардың барлығы дерлік жаһанданудың объективтілігін, барлығын қамтитын сипатын атап өтеді. Бұл термин академиялық шеңбердегі сөздік құрамында ғана емес, сонымен бірге, журналистер, саясаткерлер, іскерлік шеңберіндегі өкілдер және білім беру орталықтарында да кең тарады. Негізінен тақырып жаһандық нарық, жаһандық коммуникация, жаһандық қауіп-қатер және т.б. туралы болды. Өткен ғасырдың 60-жылдардың аяғында кейіннен «жаһандық мәселелер» деген атқа ие болған, көзге айқын көрінетін, әлеуметтік дамудың мүмкіншіліктері жөнінде айтарлықтай қауіп төнгізетін және адамзаттың аман қалуы туралы сұрақтарды күн тәртібіне қойған мәселелер пайда болды. Осы үдерісті БҰҰ, ЮНЕСКО және басқа да ірі және жеке қоғамдық ұйымдар өз қолдарына алды.

БҰҰ жанындағы ғылыми-зерттеу институтының зерттеулері бойынша оның жалпы бағыттарын анықтайтын кем дегенде алты үдеріс бар:

1. Өзінің ойын ашық және еркін айту және саясатқа қатысу құқығын алған адамдар санын көбейтетін либералды демократияның таратылуы.

2. Экономикада нарықтық күштің басым болуы экономикалық либерализм бірнеше халықаралық элита тобында, кредитор елдер мен екі ірі халықаралық қаржылық ұйым, Халықаралық валюталық қор (ХВК) мен Бүкіл әлемдік банкте билікті күшейте отырып, 70-жылдар ортасында идеологияны көрсететін болды.

3. Өндіру жүйесі мен нарықтағы жұмыс күшінің өзгеруі. Бүгін өнеркәсіп шағын және икемді жүйе өндірісіне негізделген, ал жұмысшылар қызмет көрсету секторына ауысқанды жөн көреді.

4. Технологиялық жаңартулардың жылдамдығы. Өндірісті компьютерлендіру және коммуникация жүйелері еңбектік қарым-қатынасқа айтарлықтай әсер етеді және мемлекеттер ішінде және олардың арасында жаңа билік қатынастарын туғызады

5. Бұқаралық ақпарат саласындағы төңкерістер.

6. «Тұтынушылық идеологиясы» деп аталатын ұғымның таралуы.

Қоғамның индустриялануы тізбекті реакцияны туғызады, ол мәдениетке біршама әсер етеді; адамның манайы күнделікті қоршаған ортасы бірыңғай және жасанды бола бастайды, еңбек тек жаңа материалдық заттар алуға мүмкіндік беретін құралға (қаражат көзіне) айналады. Кейде адамның бірден-бір көз қуантары теледидар мен компьютер экраны болып табылады. Сол себепті бүгінде «виртуальды шындық» жөнінде көп әңгіме қозғалды. Бұқаралық ақпарат құралдарының (БАҚ) сендіру күшінің дүние жүзінде мықтылығы сонша, жаңалықтар бағдарламасы оқиғалар жөнінде тек есеп беріп қана қоймайды, сонымен қатар олар оқиғалар желісіне белгілі бір әсерін де тигізеді.

Қазіргі заманның барлық жаһандық үдерістерді қалалық ортада өте анық көрінеді – яғни, қалалық әлеуметтік-мәдени кеңістікте, себебі қалалық болу (урбанизация) жалпы әлемдік мәдени интеграцияда орасан зор рөл атқарады, қазіргі кездегі өркеннестік үдерісте маңызды мағынаға ие болады.

Жаһанданудың қазіргі мәдениетінде, соның ішінде тілдік мәдениетте Интернет маңызды рөл атқарады, оның бастамасын Пьер Тейяр де Шарден өзінің «ноосфера» идеясымен жасаған. Бұл жаңа мәдениеттің тілі ағылшын-америкалық, себебі Интернеттің мамандары мен қолданушылары ағылшын тілді елде тұрады (99% -америкалық салымдар, басқасының үлестері өте аз) [5,6].

Дүниежүзілік қоғамдастық үшін жаһанданудың өзектілігін БҰҰ-ң бұрынғы бас хатшысы К.Аннан жаһандану феноменін былайша анықтаған [7]. Жаһандану деген не? Негізінде, бұл белгілі бір топтар мен жекелей тұлғалардың тікелей, бұл процеске мемлекеттің араласуынсыз, шекара арқылы бір-бірімен өзара

қарым-қатынасқа түсуі, бұл жерде күні бүгін осындай қарым-қатынас жасауға мүмкіндік бұрын-соңды болмаған жағдайда болып отыр.

Америкалық және Батыс Еуропалық ғалымдардан кейін жаһандану үдерісін зерттеудің қажеттілігіне ресейлік ғалымдар да көңіл аударды. Ресейлік энциклопедиялық басылымдарда «жаһандану», оған сәйкес «жаһандануды зерттеу ілімі», «жаһанданушылық» секілді терминдер тек XX ғасырдың 90-жылдарында пайда бола бастады. Басында сөздіктер мен анықтамаларда (әсіресе қоғамдық саяси) мынадай сөздерге түсініктемелер беріле бастады; «жаһандық мәселелер», жаһанданушылық. Соңынан «жаһандану» феноменнің анықтамалары пайда бола бастады. Егер де ертерекке үңілсек, 1980ж. тек философиялық энциклопедиялық сөздік [8]. «Жаһандық мәселелер» түсінігіне былайша анықтама береді. Қазіргі кезеңде әлеуметтік үдеріске тәуелді болатын адамзаттық маңызды мәселелерінің жиынтығы – дүниежүзілік териоядролық соғысты болдырмау және барлық елдердің дамуы үшін бейбіт шарттарды қамтамасыз ету; артта қалуды жою арқылы дамыған және дамушы елдердегі экономикалық деңгейдегі өсіп келе жатқан айырмашылық пен жан басына шаққандағы табыстағы айырмашылықты бағындыру, сонымен қатар жер бетінде аштық, қайыршылық пен сауатсыздықтың көзін жою; халық санының күрт өсуін тоқтату (дамушы елдердегі «демографиялық жарылыс») және дамыған капиталистік елдердегі «депопуляция» қаупін жою; атмосфераның, қоршаған ортаның ластануының алдын алу; халықтың экономикалық дамуын, әл-қуатын әрі қарай дамыту үшін қажетті орны толтырылатын (қалпына келтірілетін) және орны толтырылмайтын (қалпына келтірілмейтін) табиғи ресурстармен қамтамасыз ету, оның ішінде азық-түлік, өнеркәсіптік шикізат, қуат көздері; ғылыми-техникалық революцияның тікелей және тікелей емес кері әсерлерінің алдын алу болып табылады.

1993 ж. «Политология (саясаттану) энциклопедиялық сөздік» аударма басылып жарыққа шықты [9], онда глобалистика мен глобализмге ұстаным ретінде арналған мақала орын алған. Мақалада бұл ғылыми бағыттың дамуының үш кезеңі суреттелген. Бірінші кезең XX ғасырдың 60-шы жылдарын қамтиды, бұл кезеңде адамзат тарихында тұңғыш рет өндіріс арқылы табиғаттың антропогендік әсердің орнын толтыру мүмкіндігіне қауіп төнгізі бастады. Осы кезеңге тағы да жататын бір нәрсе қолданылуы жер бетінде қауіп-қатер төнгізетін стратегиялық басыңқы құралдардың өрістеп, қанат жаюы болып табылады. Екінші кезеңге әдіснамалық тұрғыдан болсын, қолданбалы тұрғыдан болсын, глобалистиканың шарықтауы жатады, бұл кезеңде қоғамдық дамуды танып-білуге үлкен, қомақты үлес қосқан Э.Ласло, С.Медловиц, А.Тоффлер секілді зерттеушілердің қызметін атап айтуға болады [10]. XX ғасырдың 80-ші жылдарының ортасында басталған глобалистиканың дамуының үшінші кезеңінің ерекшелігі зерттеу пәнінің өте жоғары динамикасында болды, жаһандық проблемалар әлемінің саяси бет әлпетіндегі тарихи өзгерістер нәтижесінде екінші орынға шығып қалды.

2000 жылы В.С.Степин мен Г.Ю.Семгин «глобализм» терминін былайша суреттеген: «өркениеттің дамуының жалпы үдерістерімен байланысты ғаламшардағы өмір эволюциясының жаңа шарттарын пәнаралық зерттеу; жалпы адамзат және табиғат субъектісі болып табылатын жаһандық көлемдегі карама-қайшылықтармен байланысты жаһандық проблемаларды зерттеу; адамзаттың өзін-өзі көзін жоюдың алдын алу мақсатымен ұйымдастырылған және үйлестірілген саяси стратегиялар жиынтығы» [11,2].

Жаңа (ғасырда) жаһандану мәселелері төңірегіндегі ой-пікірлер мен дау-дамайлар өрши түсті. Профессор И.Ф.Кефели жаһанданудың көп қырлылығын атап өтті. Глобализм мәдени-тарихи анықтама тұрғысынан ұлттық мәдениеттің барлық түрін қамтитын жалпы адамзаттық мәдениет ретінде қарастырылады. Жаратылыстану ғылыми анықтамасында глобализм табиғат апаттарына әкеп соғатын жаһандық өзгерістер призмасы арқылы қарастырылады. Саяси тұрғыдан жаһандану еңбек пен капиталдың бір-біріне қарсы тұруының шиеленісуінің жаңа кезеңі, жаңа әлемдік тәртіптің құрылу процесі, әлемді жаулап алудың қазіргі замандағы жаңа кезеңі деп қарастырылады, бұл жерде жаһанданудың экономикалық, саяси процестің негізгі кейіпкері трансұлттық корпорациялар болып табылады [12].

В.П. Григорьев өзінің «Тіл мәдениеті және тілдік саясат» атты мақаласында «жаһандану» түсінігінің бірнеше анықтамаларына талдау жасайды. М.Делятиннің айтуынша, жаһандану – бірегей қаржылық ақпараттық кеңістікті құру және оны дамыту үдерісі, бұл үдеріс бүкіл әлемді қамтиды және капиталды өте тез қолданумен, ақпаратқа оңай қол жеткізумен байланысты. Бұны шоғырланудың ең жоғары сәті деп айтуға болады, ол ұлы географиялық ашылулар дәуірінен басталып, әлі күнге дейін жалғасып келеді. Сапалық жаңа нәтижелер жөнінде айту керек, себебі ол жаңа технологияларға негізделген. Және де бұл жерде біз Интернет жайлы, жаһандық теле көрсетулер, т.б. әлемдік заттар жайлы, әңгіме қозғап тұрғанымыз жоқ, біздің айтайын дегеніміз адамзат тарихында алғаш рет ең іскерлік пайдалы нәрсе-жансыз заттарды өзгерту емес, тірі сана-сезімді құру болып отыр» [13].

Б.Пядышевтың айтуы бойынша «жаһандану – жалпы саяси экономикалық, басқа да әлемдік дамудың келешектегі кезеңі, өндірістің дамуының алдыңғы кезеңдерінің сатысы, толығырақ айтсақ, капиталистік, ол тудырған саяси, әлеуметтік, философиялық қоршаған орта болып табылады». Американдық зертеуші Т.Фридманның айтуынша, «жаһандану» - «ұлт мемлекеттердің, технологиялардың, рыноктардың іркілмес, тасқынды бірігуі, ол жеке тұлғаларға, корпорацияларға, ұлт-мемлекеттерге бұрын-соңды болып көрмеген жылдамдықпен әлемнің кез-келген нүктесіне тезірек, алысырақ, тереңірек, арзанырақ жетуге мүмкіндік береді»

«Жаһандану» дегеніміз дүние жүзінің барлық дерлік елдерінде ашық (еркін) нарық капитализмінің таралуы, оның өзінің экономикалық ережелер жиынтығы бар және ол ережелер шетел капиталы үшін тартымдылықты көбейту, ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатымен ұлттық экономиканың ашылуы, қайта реттелуі мен жекешелендіруіне негізделген [14].

Кейде «жаһандану» үдерісін интернационалдандыру ұғымымен салыстыруға тырысады [15], олардың ойынша, «жаһандану» интернационалдандырудың сапалы жаңа кезеңі болып табылады. Бұл кезеңнің жаңалығы – «қоғамдық байлықтың негізгі көзінің» ауысуында. Автордың айтуынша, интернационалдандыру кезінде бұл көз-еңбек, ал жаһандану кезінде ол тікелей өндіргіш күш ретіндегі ғылым.

Бутенко А.П. бұл үдерістің қарама-қайшылығын атап көрсетті. Бір жағынан, «жаһандану» және интернационалдандыру үдерістері халықтар мен ұлттарды жақындастырады, олардың арасындағы алыс-берісті жиілетеді, дамудың деңгейін теңдестіреді. Ал, екінші жағынан, дамыған елдердің өзінен әлсіздеу және дамымаған елдерді өзіне бағындыру үдерісін байқауға болады.

Арыстанбекованың А.Х. ойынша, жаһандануды интернационалдандырумен шатастыруға болмайды. «Интернационалдандыру» терминін ұлттық территориялар арасындағы ара-қатынастарды кеңейту үдерісіне жатқызу керек [2].

Интернационалдандыру нәтижесінде елдер бір-біріне терең әсер етулеріне болады, алайда олар әр түрлі болып қала береді. Ағылшын зерттеушісі П.Скотт та осындай ойда, оның айтуынша жаһандану түбегейлі жаңа нәрсе, оны интернационалдандырудың өте жоғары түрі ретінде қарастырмау керек, себебі жаһандану интернационалдандыруға қарағанда ұлттық шекараларды бұзады, жаһандық капитализмнің жаппай қолданудың «төменгі» жерлерінде жүзеге асырылады, ол және де жаһандық проблемаларды шешуге бағытталған.

Жаһандық саланы трансшекаралық торлардың өрнегімен салыстыруға болады. Жаһандық байланыстар бұл сол мезеттегі, жылдам байланыстар, жаһандық феномендердің бір уақытта бүкіл дүние жүзіне тарап кету мүмкіндігі бар, оған бір орнынан екінші орынға ауысуға уақыттың да керегі жоқ. Бұл жағдайда оның ұлтаралық, трансәлемдік сипаты бар.

Әлемдік ғылыми әдебиеттерде жаһандану проблемасына арналған қомақты еңбектер бар, алайда, өкінішке орай, оның теориялық жүйелік деңгейдегі мән-мағынасын түсіну әзірше ешкімнің қолынан келе қоймайды. Жаһандану проблемалары бойынша мамандардың жалпы ойы бойынша жаһандану – объективті, кешенді және әмбебап үдеріс, ол бәрін; яғни әртүрлі елдердегі білім беру жүйесін, биосфераны, неосфераны, әлемдік (дүниежүзілік) қоғамдастықты қамтиды.

И.О.Радионоваың айтуынша, жаһандану – XX ғасырдың екінші жартысында бүкіл ғаламшарды қамтыған әлеуметтік және экономикалық дағдарыстың жаһандығы (ғаламдануы). Автордың айтуынша, қазіргі кезде қиындап, неше түрлі түрге еніп отырған дағдарыстың себебі өркениет пен қоршаған ортаның арасындағы белгілі бір тепе-теңдікті сақтап отыруға мүмкіндік беретін ірқу механизмінің күрт кейін кетуі, тиімділігін жоғалтуында [16].

Жаһандану – XXI ғасырдың басындағы дүниежүзінің даму процестерін сипаттайды, кеңейтеді және бір уақытта халықтар мен мемлекеттер арасындағы байланыс пен өзара тәуекелділікті қиындатады, жалпы ғаламшар аумағындағы қоғамдық дамудың жаңа кезеңін көрсетеді, әлеуметтік байланыстар мен қоғамдық процестердің жаңа сапасын байқатады, ол ғылым мен техниканың арқасында болып отыр. Қазіргі кезде әлемдік үдерістер шекараны білмейтін, көптеген мемлекеттердің бірігіп жасаған қимылдарын қажет ететін процестер арқылы жасалады. Жаһанданудың ерекшелігі әлемді бірегей кеңістік ретінде танудың тереңдігі мен ауқымы өсіп келе жатқандығында, ал ішкі жағдайлар сыртқы саяси акциялардан гөрі басқа мемлекеттермен халықтарға әсер ете бастады.

Әдебиеттер талдауы көрсеткендей, гуманитарлық салада жаһандану үдерістерінің әсерімен күрт өзгерістер болуда, олар ең көп мөлшерде кейіннен өркениет тағдырына әсер ететін болады.

Бұл жерде маңызды рөл адамға тиесілі, оның дүниетанымы, құндылықтар жүйесі, ақыл-ойы, білімі, адамгершілігі, руханилығы – бәрі қазіргі кезде түбегейлі өзгерістерге ұшырауы мүмкін.

Жаһанданудың білім беруге әсері ғылыми ортада әртүрлі түсіндіріледі. С.Л.Зарецкая атап айтқандай,

«Егер де білім берудегі интернационалдандыру ұғымында сарапшылар арасында едәуір ауызбіршілік болған болса, жаһандану кезіндегі білім беруге әркім өзінше түсінік береді» [17]. Өткен ғасырдың 90-шы жылдарынан бастап Экономикалық ынтымақтастық және Даму Ұйымы (ЭЫДҰ) және басқа да халықаралық ұйымдар экономикалық өркеніет үдерістерін қарастыра отырып, бұрынғы «интернационалдандыру» терминнің орнына өз баяндамаларында «жаһандану» терминін кеңінен қолданды, бұл әрине, оның кең таралуына мүмкіндік берді. [18].

Негізгі сөздер: жаһандану, жаһандық қоғам, жаһандық ауыл, интеграция, тұтынушылық иделогиясы, ноосфера.

Ключевые слова: глобализация, интеграция, общество глобализации, идеологии потребителей, ноосфера.

Keywords: globalization, integration, globalization society, ideologies of consumers, noosphere.

1. ҚР Президенті – елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан білім қоғамы жолында» атты интерактивті дәрісі 05 қыркүйек 2012 ж.
2. Арыстанбекова А.Х. Глобализация. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 304б.
3. Синагатуллин И.М. Роль глобализации и языка международного общения в решении актуальных вопросов нового времени // Иностранные языки в школе. 2003, №6. – 8-13с.
4. Чешков М.А. Глобальное видение и новая наука. – М.: Наука, 1998. – 187с.
5. Кукушкин В.С. Общые основы педагогики. – М.: Ростов-на-Дону, 2006. – 224с.
6. Маркова А.К. Психология профессионализма.- М., 1996. -189 с.
7. Глобализация как стержневая проблема грядущего мирового развития // Международная жизнь. 2000, №11. – 3-24 с.
8. Философский словарь // Под ред. И.Т. Фролова. – М.: 1989. - 452с.
9. Политология: Энциклопедический словарь//Общ.ред.исост.: Ю.И.Аверьянов - М.: Московский коммерческий университет,1993.– 431с.
10. Глобализация и образование // Сб ст. - М.: ИНИОН, 2001. – С.69.
11. Народное образование в России: исторический альманах. – М.: Народное образование, 2000. – 400с.
12. Кефели И.Ф. Глобализм на перекрестке мнений // Социально-гуманитарные знания. 2003. №2 - 3-1 с.
13. Григорьев В.П., Делятин И.А. Культура языка и языковая политика // Русская речь. 1990. №1. – 70-76 с.
14. Пядышев Б. Глобализация и Россия (круглый стол)//Мировая экономика и международные отношения. 2002. №9. – 3-25 с.
15. Бутенко А.П., Богомолов О.Т. Глобализация: сущность и современные проблемы // Социально-гуманитарные знания. 2002. №3 – 3-18 с.
16. Алексашина И.Ю. Глобалистика: взгляд на мир, направление в науке, философия образования// Интеграция педагогической науки и практики.- СПб: СПбГУПМ, 1997. –23-27 с.
17. Родионова И.А. Глобальные проблемы человечества. – М.: 1993. – 87 с.
18. Громкова М.Т. Психология и педагогика профессиональной деятельности: Учеб.пос.для вуз. – М.: ЮНИТИ – ДАНА. 2003. – 415 с.

СТУДЕНТТЕРДІ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАТЫСЫМҒА ҮЙРЕТУДЕ ЖОБА ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ

С.С. Султанбекова – аға оқытушы,

А.Т. Касымбекова – аға оқытушы,

С.С. Есимкулова – аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ

Резюме

Данная статья рассматривает использование методики проектной работы студентами на уроках иностранного языка. Использование данной методики студентами развивает умение работать самостоятельно над научными темами и показать себя с лучшей стороны. Данная методика также способствует развитию самоконтроля и самостоятельно находить необходимую информацию.

Resume

This article looks through the use of methods of project work by students in foreign language lessons. The use of this methods students develop the ability to work independently on scientific topics and to show their best side. This method also helps to develop self-control and independently find necessary information.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының білім жүйесінде әлемдік білім жүйесі деңгейіне жетуге бағытталған өзгерістер болып жатқаны баршаға мәлім. Бұл процесс шетел тілін тиімді оқытудың теориясы мен практикасына да біршама өзгерістер әкелері сөзсіз.

Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы жаңа стратегиялық бағдарлар, қазіргі кезде

болып жатқан өзгерістер және мемлекет дамуының барлық салаларында еліміздің қатысымының әлемдік жүйесіне енуі білім беруге деген талаптардың түбегейлі өзгеруіне себеп болып отыр. Академик С.С.Құнанбаева әлемдік қоғамдастық дамуының қазіргі жаһандық тенденциялары, тілді жаһандық жалпы адамзаттық мәдениеттің құралы ретінде қарастыру, халықаралық интеграция мен мәдениетаралық өзара іс-қимылдың күшеюі, тілдің когнитивтік-коммуникативтік қызметінің артуы, мәдениетаралық қатысым субъектісінің қалыптасуындағы жаңа бағыттар – шетел тілінде білім беру әдіснамасын, негізгі ұғымдар мен категорияларды, әдістемелік амалдар мен принциптердің номенклатурасын түбегейлі қайтадан қарастыруды қажет етіп отыр деп, атап айтқан.

Қазақстанның дүниежүзілік бірлестікке қосылуы мен тәуелсіздігінің нығаюы тұрғысында басқа елдермен жан-жақты халықаралық байланыс жасауы мәдениетаралық қатысымының жоғары деңгейде дамуына байланысты.

Мәдениетаралық қатысымға үйретуден жобалық технологияның негіздері

Жоба технологиясының сипаттамасы

Қазіргі кезде шетел тілін оқытуда бұл әдіс асқан қызығушылықпен қаралуда. Ғалым-әдіскерлердің негізгі міндеті шетел тілін меңгеруде мектеп практикасында әлеуметтік мәдени жағдаятта, қоғамның даму сатысында, өскелең ұрпаққа сапалы білім беру мақсатында жоба әдісі жаңа педагогикалық технология ретінде айтылып жүр.

Оқу процесіне жаңа технологияларды енгізу студенттерге шетел тілін оқытуда ғана емес, олардың тәрбие жұмысын жүргізуге де септігін тигізеді. Біз әрқашан да студенттерді тәрбиелей отырып оқытуға, оқыта отырып тәрбиелеуге тырысамыз. Шетел тілдерін оқытудағы жоба әдісін қолдану, жобаға қатысушылардың танымдарының кеңейуіне көмегін тигізе отырып, қарым-қатынас жасауға септігін тигізеді.

Жоба дегеніміз не? – Жоба бұл студенттер өз ойларын өздеріне ыңғайлы уақытта, жеткізу болып табылады. Коллаждар, афишалар дайындау, жарнамалар, сұхбат жүргізу, зерттеулер, қажетті ақпараттар мен модельдер көрсету, түрлі жерлерге бару, жоспарлар құру, карта т.б. жұмыс атқарылады. Жоба барысында міндеттілік жеке тұлға әрі жобаға қатысушы топтың мүшесі ретінде студентке жүктеледі. Ең бастысы жобаның құрылысы қандай болатыны және презентация қандай түрде өтетінін оқытушы емес студенттер шешеді.

Жоба әдістемесін пайдалану студенттердің сабақтада, сабақтан тыс уақытта да жұмыс істеуіне, өздерін алдыңғы қатарда көрсетіп, өзін-өзі тексеруіне де жақсы әсерін тигізеді. Студенттерде өздерін білім деңгейіне, оларды шынайы іс-әрекетте пайдалана білуіне деген жеке жауапкершілік пайда болады.

Жобамен жұмыс істей отырып, студенттер өз бетімен керекті мәліметтерді табуға, түрлі дерек көздерін пайдалануға үйретеді. Оқытушы олардың тең құқылы әріптесіне әрі кеңесшісіне айналады.

Жобаның маңыздылығы, студенттер жобаны орындау барысында танымдық іскерліктері артып өз бетінше білім алуға үйретеді. Егер студент ақпарат ағымында зерттеу дағдысын үйреніп, оған болжам жасап, фактілерді салыстырып, қорытынды жасаса, мың құбылып тұрған мына қоғамда шығармашылық өмір сүріп, келешекте дұрыс маман таңдауына еш кедергі болмайды.

Жоба әдісін оқу тәжірибесіне енгізу мақсаттары:

- Әр жеке студенттің немесе студенттер тобының мектеп қабырғасында игерген зерттеу тәжірибелерін көрсете білу;

- Зерттеу пәніне деген қызығушылық танытып, сол пән бойынша білімін әрі қарай жетілдіріп, толықтырып, нәтижесінде алған білімдерін жоба технологиясы арқылы белгілі аудиторияға, ортаға жеткізу;

- Жоба әдісін қолдану шетел тілдерін меңгеруге деген студенттердің, ұмтылысын арттырады

Бірігіп жұмыс жасау ұжымды жақындастырады, студенттердің өзара қатысы, бірін-бірі түсінуі артады. Тек өз қызметін емес бүкіл топтың жұмысына деген жауапкершілік артады. Әрбір студент өзі бастаған жұмысының толық нәтижесін көрсету үшін оны жақсы аяқтауға тырысады. Бұндай оқыту түрлері студенттерді шығармашылық ізденіске дағдылануды, ұжымда жұмыс жасауды үйретеді. Студенттер дәстүрлі өткізілетін сабақтарға қарағанда, оқытудың жаңа технологиясын пайдаланған сабақтарға көбірек қызығып, белсене қатысады. Жобалық сабақтардың дәстүрлі сабақтардан үлкен айырмашылығы бар. Жобалық сабақты дайындау, студенттерден де, оқытушыдан да шығармашылық ізденісті талап етеді. Қазіргі әдіскерлеріміздің міндеті жастарға тек сапалы білім беріп қана қоймай, өзінше ізденетін, өзіне лайықты жұмысты анықтай білетін, өмірден өз орнын таба алатын адамды қалыптастыру, қазіргі дайындалған мамандардың сапасы мен болашағы қоғамның дамуымен тығыз байланысты болғандықтан, дайындалып жатқан мамандарымыз нарықтық экономикалық бәсекелестікке

төзе білетін, жеке көзқарасы бар, өз бетінше ойлай білетін тұлғалары болуы керек. Ал(жастарға) студенттерге өз бетінше ойлауды қалай үйретуге болады? Ол үшін ең бірінші не ойлау керектігін үйретуден бас тартып, қалай үйрену керектігін үйрету керек. Бұл үшін бізге жобалық сабақтар көмектеседі. Жобалық сабақтарда студенттер белсенді болады, оқытушы не айтады деп күтіп отырмай, өздері іздейді, зерттейді, қорытындылайды және де басқа студенттермен бірігіп жұмыс жасайды. Оқытушы дәстүрлі сабақтағыдай аудиторияда ақпарат беретін жалғыз адам болмай, осы жұмыстарды іске асыру барысында студенттерге кеңес беріп көмектеседі, яғни, алға қойған мақсаттарға жету үшін оқытушы мен студент бірігіп жұмыс жасайды.

Сонымен, жобалық сабақтар дегеніміз – бұл алдын ала жоспарланған, алдына қойған мақсаты бар сабақтың ерекше бір түрі. Оның дәстүрлі сабақтардан теориялық жағынан да айырмашылығы бар. Жобалық сабақтың басы–бір мәселе, не ерекше ой, пікір болып аяғы презентациямен аяқталады. Сабақтың басында ұсынылған мәселені шешу үшін оқытушы мен студенттер бірігіп жоспар құрып жұмыс жасауда әдістерді таңдайды және де жоспарлау, жұмыстарды орындау барысында студенттердің өмір тәжірибесі, қазіргі өмір шындығы пайдаланылады, атап айтқанда:

- студенттерге өз өмір тәжірибелерін, өз ойларын сабаққа пайдалануға мүмкіндік беріледі;
- сабақтың бір бөлігін жүргізу студенттерге жүктеледі;
- студенттер өздері мәліметтер іздейді, шешімдер қабылдайды, тапқан материалдарын өңдейді, құжаттандырады, жұмыстарының қорытындысымен басқа студенттерді топ алдына шығып таныстырады.

«Жоба» деген сөздің өзі еуропа тіліне латын тілінен еніп «алға тасталған ой, алға шығып сөйлеуші» деген мағынаны білдіреді. Өзі аты айтып тұрғандай алға тасталған ой, яғни, біздің жағдайымызда ортаға студент↔оқытушы болып тақырып тасталады. Содан соң студенттер өз ойларын алға шығып айтады.

Жобалық сабақтар әртүрлі кезеңдерден, қадамдардан тұрады:

1. Дайындық кезеңі:

- а) негізгі тақырыпты түсіндіру, талдау, өз ойларын айту;
- ә) сабаққа қажетті жаңа сөздермен жұмыс жасау;
- б) қосымша материалдар енгізу.

2. Тақырыпты бөлу:

- а) студенттерді кіші топтарға топтастырып, әр топқа кіші тақырыпшалар беру;
- ә) тақырыптарды талдау.

3. Тақырыптарды нақтылау:

- а) сұрақтар құрастыру, жоспар құру, рөлдерді, тапсырмаларды бөлу;

Жобалық сабаққа дайындық кезінде жоспарды басшылыққа алған жөн. Бірақ сабақ жоспарынан ауытқуға болмайды. Себебі, жобалық сабақ барысында шығармашылық еркіндік болуы қажет.

1. Мәліметтерді жинау:

- а) түп нұсқадағы кітап, газет-журналдар, т.б. мәліметтер;
- ә) теле–радио хабарларындағы мәліметтер;
- б) белгілі бір жерде зерттеуден алынған мәліметтер;
- в) көшеде алынған сұхбат мәліметтер;
- г) фото-сурет.

2. Жиналған мәліметтерді презентацияға дайындау

- а) реттеу, өңдеу презентацияға дұрыстап дайындау;
- ә) плакаттар дайындау, карта жасау, газет шығару, көрме жасау, брошюра жасау.

3. Презентация:

- а) әрбір кіші топ өз презентацияларын басқа топтардың алдында түсіндіреді, көрсетеді;
- ә) әр жұмыстың нәтижесін брошюра, плакаттар түрінде дайындау;
- б) жұмыстың нәтижесін көрме, брошюра көмегімен ауызша айтып беру;
- в) қысқаша жұмыс жоспармен, іс барысымен таныстыру, пікір талас, пікір сайыс.

Мұндай жобалық сабақтарды бір күнде өткізе салу мүмкін емес. Дәстүрлі сабақтарға үйренген студенттер бір күнде жобалық сабаққа ауыса алмайды. Жобалық сабақтар дайындап өткізу үшін ең алдымен студенттерді төмендегі дағдыларға үйрету қажет:

- Топтарда жұппен жұмыс жасауға;
- Жұмыс кезінде бірін-бірі қолдап, көмектесуге;
- Басқалардың жетістіктерін бағалауға;
- Бір-бірімен тіл табысып жұмыс істеуге үйрету қажет.

Жобалық сабақтар–бірнеше сабақтарға созылатын ұзақ әрекет деп ойлауға болмайды. Сабақтардың

ұзақтығы әр түрлі, ол қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді болуы мүмкін. Олардың кейбіреулері бірнеше айларға созылады, кейбіреулерін мақсатына қарай бір күнде ұйымдастыруға болады.

Жобалық сабақтарды өткізер алдында оқытушы ұсыныс жасайды, студенттердің инициативасын қолдайды, қажетті ақпарат көзін қайдан алуға болатыны жайлы кеңес береді, сабақтың құрылымын анықтауға көмектеседі. Оқытушы рөлі өзгереді. Яғни, бұрын барлық сұрақтарға жауап беруші басшы, үйретуші ретінде болса, ал жобалық сабақтар барысында керекті әдістерді, мақсатқа жетудің жолдарын көрсетуші кеңесші ретінде болады.

А.С.Комаров «оқыту кезінде бас, жүрек, қол» бірге жұмыс жасауы қажет деген. Осы жоба сабағында ұлы педагогтың айтып кеткен қағидалары пайдаланылады. Яғни, студент алдында шешімді талап ететін мәселені басымен ойлап, жүрекпен түсініп, қолымен жүзеге асырады [32;12] Нашар оқитын студенттер бір нәрсені дұрыс айтпай қалармын деген қорқыныштан арылып, сабаққа белсене қатыса алады. Студенттерге сабақтың кезеңдері—презентация кезінде өз еңбектерінің нәтижелі болуын қалайды. Қытай мақалында «мен естігенімді ұмытамын, мен көргенімді еске сақтаймын, мен қолмен істегенімді түсінем» - деп айтылғандай, студенттер өздері дайындаған, өздері жүргізген сабақтары, өздері тапқан мәліметтерді естеріне жақсы сақтайды.

Көптеген ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, жобалық сабақтарға төмендегідей сипаттамалар беруге болады:

1. Студенттер мен оқытушылардың бірігіп жұмыс жасауы;
2. Топпен жұмыс істеу (жұппен жұмыс істеу);
3. Студенттердің белсенділігі;
4. Басқа мекемелермен, ұйымдармен, мамандармен бірге жұмыс жасайды;
5. Сабақ үстінде де, сабақтан кейін де жұмыс жасала береді;
6. Студенттердің шешім қабылдауға құқығы бар;
7. Сабақ зерттеулерге, шығармашылықтарға бағытталған;
8. Білім алу студенттердің өз іс-әрекеттер арқылы жүзеге асады;
9. Өз қателерін өздері түзету арқылы үйренеді;
10. Сабақта теория мен практика ұштастырылады;
11. Жиналған материалдар сабақтың соңы қандай болатынын анықтайды;
12. Студенттер дербес, өз бетінше жұмыс жасайды;
13. Оқытушының рөлі тексерушіден кеңесшіге өзгереді;
14. Сабақтың соңы – презентациямен аяқталады, яғни ақырғы нәтижесін көрсетеді [33;148]

Жобалық сабақты дайындар кезінде төмендегідей әдістерді пайдалануға болады:

- ✓ Сұрау жүргізу;
- ✓ Сұхбат алу;
- ✓ Кітапханалардан мәліметтер іздеу;
- ✓ Әр түрлі мекемелермен байланысу;
- ✓ Мәліметтерді интернеттен іздеу ;
- ✓ Эксперименттер жүргізу;
- ✓ Мамандармен әңгімелесу;
- ✓ Мәліметтер сұрастыру (салыстыру)

Студенттер тақырып бойынша табысты жұмыс жасауы үшін төмендегідей дағдыларға машықтану қажет: жоспарлау, пікірталас, таңдау, пікірлесу, дәлелдеу, шешім қабылдау, бірлесіп істеу, зерттеу, іздестіру, ойлап шығару, безендіру, бақылау, қорытынды жасау, құжаттандыру.

Презентацияға материалдарды төмендегідей дайындауға болады: брошюралар дайындау, плакаттар дайындау, коллаждар желімдеу, кестелер, карталар, перфокарталар, эмблемалар, газет-журналдар, үндеулер шығару, викториналар, фото викториналар дайындау, көрмелер дайындау, мақала жазу, репортаж жасау, хат жазу, видеофильмдер түсіру, реферат жазу, баяндама жазу.

Заманауи білім беру орнын түбегейлі қайта құрудың орталық идеясы және соңғы жылдар білім беру саласындағы толып жатқан қайта құру бағдарламалары мен тұжырымдамалар білім берудегі дәстүрлі сәсілдерді қайта қарау болып табылады, студент тұлғасын, оның шығармашылық қабілетін дамытуды, өздігінен ойлай алуын және жеке жауапкершілік сезімін дайын білім, білік пен дағдыны меңгерту арқылы оқытуға бағдарлау. Бұл оқу үдерісіне инновациялық технологияларды енгізу қажеттігін талап етеді, оқыту мақсатының басымдықтарын ауыстыра алатын еді.

1. Шетел тілін үйренуде тұрақты қызығушылық тудыруды қалыптастыру мәселесі табысты шешіледі, егер оның негізіне шетел тіліндегі қарым-қатынас сұранысын қалыптастыру жатса, ол өз кезегінде, белгілі

бір тілдік ортаның болуына байланысты. Алайда қатысымдық міндеттерді шешу үшін сабақты шартты сөйлеу немесе сөйлеу жаттығуларымен толтырып тастау жеткіліксіз. Ең маңыздысы сол студенттерге нақты өміршең мәселелерді шешу мүмкіндігі берген дұрыс, сонда ол ой туғызар еді, студенттер өз айтылысының мазмұнына мән беріп, ал тіл өзінің тура қызметі – осы ойды қалыптастыру қызметін атқарар еді.

2. Нақты мәдениаралық қатынас жағдайында оқылатын тілді пайдалануға арналған талаптарды жасау мәселесін шешуге, ойлау механизмдерін қалыптастыру мен дамытуға қабілетті инновациялық технологиялардың бірі – жобалау әдісі болып табылады, оның негізіне нәтижеге бағытталған оқу-танымдық қызмет туралы идея салынған, оған қол жеткізу үшін студент қандай да бір өзі үшін маңызды практикалық және теоретикалық мәселені шешуі тиіс. Жобалау әдістемесінің мәселелік аспектісі студенттердің ойын шыңдайды, қоршаған әлемді шетел тілі арқылы таниды.

3. Жобалау әдісін дәрістік сабақ жүйесіне ықпалдастыру стандарт белгілеген оқу мазмұнына тимей, сабақ кестесіне еш өзгеріс енгізбестен бағдарламалық материалды аса терең зерттеуге мүмкіндік береді, өйткені жоба жұмысының мазмұны дайын мәтіндерді үйренуге емес, студенттерге түсінікті және нақты өмірден алынған өзекті мәселелерді талқылауға арналған. Сонымен қатар, оқу үдерісі зерттелегін пән логикасына емес, оқу әрекеті логикасына құрылған, ол оқу талаптарын нақты әлеммен қарым-қатынас талаптарына жақындатуға септігін тигізеді.

4. Студенттердің жас ерекшелігін зерттеу жобалау әдісі осы жастағылардың психологиялық-педагогикалық ерекшелігіне қатысты екенін көрсетті.

5. Жобалау жұмысын табысты ұйымдастыру осыған орай студенттердің көптеген дағдылар мен біліктерді меңгеру деңгейіне байланысты, пропедевтикалық кезеңді жүргізу, онда студенттерді жобаны орындауға байланысты арнайы әзірленген тапсырмалар мен ескертпелермен, технологияларымен таныстырды; студенттерге жаңа технология ілімінің өзгешелігін сезінуге жағдай жасайды, оларға психологиялық қолайлылық туғызады.

1. Қунанбаева С.С. *современное иноязычное образование: методология и теории. Алматы, 2005, стр 262*

2. Қунанбаева С.С., Нурғалиева Г.К., Абсеметова Ш.А., Танишгулова А.И. *Обучение английскому языку в процессе информатизации социально-гуманитарного цикла профессионального образования. Алматы -1999, стр.262.*

3. Халеева И.И. *Некоторые проблемы межкультурной коммуникации на основе коммуникативного подхода. И.-1991, стр.28.*

4. Рогова Г.В., Рабинович Ф.М., Сахарова Т.Е. *«Методика обучения иностранному языку в средней школе» Москва: Просвещение, 1991, стр 82*

5. Леонтьев А.А. *Язык, речь и речевая деятельность. Москва, «Наука» 1974, стр.27.*

6. Гальскова Н.Д., Гез Н.И. *Теория обучения иностранным языкам лингводидактика и методика 2-ое издание. Москва, 2005, стр 156.*

7. Гальскова Н.Д. *Межкультурное общение: проблема целей и содержания обучения иностранным языкам// Иностранные языки в школе 2004, №1, стр 96.*

ЖЕКЕ ТҰЛҒА БОЙЫНА ПАТРИОТТЫҚ ЖӘНЕ АДАМГЕРШЛІК ТӘРБИЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Н.У. Сайбекова – Кәсіби шетел тілі коммуникациясы кафедрасының аға оқытушысы Абай ат. ҚазҰПУ

Резюме

В статье рассматриваются воспитание нравственного и патриотического характера. Автор анализирует и рассматривает пути формирования патриотического и нравственного воспитание приведа конкретные примеры, например, самые простые принципы нравственного воспитания, важные педагогические задачи нравственного воспитания, взаимосвязанность семьи и педагога в воспитании ребенка, развитие ребенка, особенности характерный процессу воспитания, роль патриотического воспитания в воспитании ребенка, роль гуманизма в воспитании ребенка, роль родителей в воспитании ребенка.

Summary

Education of moral and patriotic character is considered in this article. An author analyzes and considers the ways of formation of patriotic and moral education giving concrete examples, for example, some simple principles of moral upbringing, important pedagogical objectives of moral education, mutual relation of family and teacher in upbringing of the child, the development of the child, peculiarities characteristic to the process of upbringing, the role of patriotic upbringing in educating the child, the role of humanism in educating the child, the role of parents in educating the child.

Әл-Фараби бабамыз: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне опат әкеледі» - деген екен. Расында да солай. Өйткені ғылымға бет бұрған, соған барынша назар аударып, тәрбиені заңмен реттеуге тырысқан көптеген дамыған мемлекеттер ел болашағы саналатын жастардың тіршілігіне алаңдаушылық білдіріп, мазасыз күй кеше бастады. Олардың жанында ғасырлар бойы атадан-балаға дарыған тәлім-тәрбиесі ұрпақты тек жақсылыққа тәрбиелейтін қасиеттер қазақты замана аласапыранынан сақтап келеді. Болашақта да тағдырымыздың тәлкекке түсіп, талбесігіміз шайқалмауы үшін осы салада қыруар шаруаны іске асыру қажет. Осы орайда еліміздегі мектепке дейінгі білім ордаларының алар орны ерекше. Оған қоса сол білім ордаларында білім беретін мұғалімдер де бұл жұмысқа, яғни жас жеткіншектердің біліммен қоса тәрбиелі болып шығуына атсалысу керек. *Патриоттық тәрбие* жас ұрпаққа тәрбиемен берілетіндігін барлығымыз да жақсы білеміз. Егер, жас кезімізде не ексең, өскенде соны оратындығымызды ұмытпауымыз қажет. Әрбір Қазақстанда тұратын азамат осыны жан жүрегімен түсініп, атсалыса білсе, онда жас ұрпақты тәрбиелеу барысында кездесетін барша қиындықтарға төтеп бере алатындығымыз айқын екендігін баса айтқым келеді.

Сонымен қатар, тәрбиелеу ісінде тек жалаң тәрбиелеуге ғана назар аударып қоймай, тәжірибелерге сүйене отырып, жан-жақты ата-аналармен, сыныппен, топпен біріккен қарым-қатынаста үйлесімді әрі түсінікті жағдайға қол жеткізген жағдайда ғана тәрбие жемісті әрі сапалы және нәтижелі болады деп ойлаймын. Тәрбие беру мақсатында тәрбиеге қатысты барлық әдіс, құралдарды, тіпті педагогикамен психологияны ұштастыра отырып, бөле-жара қарамай, әрбір жас жеткіншектің санасына осындай жолдармен патриоттық тәрбиені біртіндеп енгізе отырып қол жеткізуге болатындығын айта кеткім келеді. Сонымен қоса, «Бала тәрбиесі бесіктен» деген мақал да үнемі ойымызда болу қажет деп ойлаймын. Әрбір мұғалім, әрбір оқытушы, әрбір атаана жас жеткіншектер үшін жауапты және тәрбиелеу барысында кемшіліктерге жол беріп алмай, дұрыс бағытқа бағыттай тәрбиелей білу әрқайсысының алдында тұрған міндет, яғни басты міндеттердің бірі десек те болады. Әрбір жас жеткіншекті жақсы көре отырып, оған өмірге қажетті біліммен қоса тәрбиені ұштастыра бере білу алдағы барлығымыздың, әсіресе, білім беретін біздердің алдымызда тұрған жауапты да мұқият қарайтын міндет, яғни сол міндетті атқаруда атүсті, үстірт қарамайық дегім келеді. Әрқайсымыз соған жауапкершілікпен, үлкен үмітпен қарай білсек, онда нұр үстіне нұр болар еді.

Тәрбие қоғамдық талаптарға сәйкес болуы міндетті. Егер қоғам құқықтық демократиялық мемлекет құрып жатса, ендеше ондағы адам тәрбиесі адамгершілік, азаматтық заңдар мен қылық-әрекет нормалары рухында жүріп жатуы қажетті. Жалпы адамзаттық құндылықтар қалыптастырудың маңыздылығын ескерумен бірге әлеуметтік ортаның кездейсоқ та, мақсатты бағытта да әсер, ықпал жасайтынын естен шығармаған жөн. Тәрбие педагогикада бірнеше қырларымен танылған:

әлеуметтік мағынада – бұл аға буын жинақтаған тәжірибені жас ұрпақ өкілдеріне өткізу. Тәжірибе дегеніміз – адамзаттың өз тарихи даму барысында жасаған рухани мұрасы, дәлірек айтсақ : адамдарға белгілі болған білімдер, ептіліктер, ойлау тәсілдері, құқықтық, адамгершілік және т.б. нормалар.

педагогикалық мағынада – бұл тәрбиеленушіге ықпал жасау үшін ұйымдастырылған арнайы іс-әрекет, тұлға қалыптастыруға бағытталған мақсатты процесс.

Қазіргі заман тәрбиесі гуманистік негізде болып, тұлғаның әлеуметтік-мәдени (өмір және әрекет-қылық кейпін таңдау және іске асыру), даралықты (тұлғаның өзіндік қалыптасуы), жауапкершілікті қатынас (құндылықтар таңдау) бағыттарында дамуына орайласады. Мұндай тәрбие технологиялық икемшілдігіменен (адамның қабылдау және психологиялық даму заңдылықтарына сай орындалады), көңіл-күйге сәйкестігімен (көңіл-күй тәжірибесін қалыптастырады), сұхбаттастығымен (екінші біреуге ұсыну үшін емес, өз меншікті тәжірибесін құрастыру үшін), жағдайға орай орындалуымен (негізгі құралы – тәрбиелік жағдай), болашаққа бағытталуымен (дамудағы тұлғаға арналады) ерекшеленеді.

Сонымен, тәрбие – бұл жалпы, ортақ міндеттерді іске асыру барысында мұғалім мен оқушының ықпалдасты әрекеттерін қамтамасыз етуші арнайы ұйымдастырылған тәрбиелік жүйе жағдайында мақсаты тұлға қалыптастыру болған әлеуметтік процесс. Тәрбие процесіне тән ерекшеліктер:

- мақсатты бағыттылық (мақсаттың түсінікті болуы нәтиже тиімділігінің кепілі);
- мақсаттар бірлігі (тәрбиеші мен тәрбиеленушінің арасындағы қызметтестіктің көрсеткіші);
- нәтиже ұзақтығы (оқу процесіндегідей нәтиже бірден көрінбейді);
- көп жағдаяттылығы (тұлға көп әрі сан қилы ұнамды да, ұнамсыз да ықпалдарға кезігеді. Тәрбие барысында олар реттеледі. Тараптардың тұлғаға болған ықпалы өзара сәйкес келсе, тәрбие нәтижесі тиімді болады.

- ауыспалылығы (тәрбиеленуші мақсатты, көзделген және кездейсоқ әсерлерге бірдей кезігіп отырады).

- үздіксіздігі (ешқандай науқанды, бір мәртелік шара қаншама жарқын болмасын, аса ыждағаттылықпен жүйелі дайындалған тәрбие істерінің орнын баса алмайды);

- кешенділігі (тәрбие мақсаты мен міндеттерінің, мазмұн, форма және әдістерінің бірлігі);

- баламалылығы (тәрбиеленушілер даралық ерекшеліктері және әлеуметтік тәжірибесінің әр түрлілігімен ажыратылады. Тәрбие процесінде бұлар ескерілуі шарт, себебі әсері бірдей болғанның өзінде де тәрбиелік нәтиже әрқилы болуы ықтимал);

- екі тараптылығы (тәрбиелік ықпалды жүргізуші – мұғалім);

- тәрбие процесі - өмірлік, ол қозғалмалы да ауыспалы;

- тәрбиеші тұлғасы – тәрбие барысына ықпалды маңызды жағдаят (тәрбие процесінің өнімді болуының кепілі – мұғалім ептілігі, шеберлігі, құндылықты бағыт-бағдары, қызметтестік қатынасқа түсе білу қабілеті);

- қарама-қайшылықты болуы (қарама-қарсылықтар тәрбиенің қозғаушы күші ретінде қарастырылады).

Даму – адамның сандық және сапалық өзгерістерінің жүрісі мен нәтижесі. Даму нәтижесінде адам биологиялық түр және әлеуметтік тіршілік иесі болып жетіледі. Адамның биологиялық сипаты өз ішіне морфологиялық, биохимиялық, физиологиялық өзгерістерді қамтыған тән- дене дамуынан көрінеді. Ал, әлеуметтік даму оның психикалық, рухани, интеллектуалды кемелденуінен байқалады.

Егер адам сана және өзіндік санаға ие болып, өз бетінше жаңғыртушы іс-әрекет орындауға қабілетті болса, онда ол адам тұлға деп аталады. Адам тұлға болып туылмайды, ол қасиеттік дәреже даму барысында қалыптасады. “Адам” ұғымынан өзгеше “тұлға” түсінігі – адамның қоғамдық қатынастар, басқа адамдармен араласу ықпалында қалыптасқан әлеуметтік сапа-қасиеттерін білдіреді. Тұлға ретінде әрбір адам әлеуметтік жүйеде мақсат бағдарлы және ойластырылған тәрбие барысында қалыптасады. Әрбір тұлға, бір жағынан, қоғамдық тәжірибені игеру деңгейімен, екінші жағынан, материалдық және рухани құндылықтар қорына қосқан қоғамдық үлесімен танылады. Тұлға болып жетілу үшін адам өзіне табиғаттан берілген және өмір мен тәрбие желісінде қалыптасқан ішкі қасиеттерін нақты практикалық қызметте аша білуі шарт [1].

Адам дамуы – бұл өте күрделі, ұзақ мерзімді және қарама-қайшылықты процесс. Біздің ағзамызда болып жатқан өзгерістер өмір бойына ұласады. Ал адамның тән-дене болмысы мен рухани дүниесі, әсіресе, балалық және жас өспірімдік шақта қарқынды ауысуларға кезігеді. Адамның дамуы сандық өзгерістердің қарапайым жиынтығы немесе төменнен жоғарыға бағытталған ілгерілі қозғалыс тобы емес, бұл процестің өзіне тән ерекшелігі – сандық өзгерістердің тұлғаның физикалық, психикалық және рухани сапалық қасиеттеріне диалектикалық түрде өтіп, жаңалануы.

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа – адамгершілік – рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туылған кезінен басталуы керек.

Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан, баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни, адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз – өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. Рухани – адамгершілік тәрбие – екі жақты процесс.

Адамгершілік тәрбиесі дегеніміз - адамның моральдық қасиетін белгілі бір мақсатқа бағыттап қалыптастыру. Ол халықтың тілімен, әдебиетімен, тарихымен біте қайнасып, ұрпақтан – ұрпаққа жалғасып келе жатқан қастерлі мұра. Жас ұрпақтың бойында адамгершіліктің алау сезімін маздатып, жан – жақты дамыған, мейірбан, қамқор, белсенді, ата – даңқын жалғайтын, қыран құстай самғайтын рухы асқақ азамат тәрбиелеу.

Адамгершілік тәрбиесі – адамның санасы, адамгершілік сезімі, арұяты, адамгершілік еркі, қоғамдық бағалы қасиеттерінің бір-бірімен байланысты тұтас адамгершілікті тұлғаны тәрбиелеу болып табылады [2].

Адамгершілік тәрбие дегеніміз – мақсатты және жүйелі түрде тәрбиеленушінің санасына, сезіміне және тәртібіне қоғамдық тәртіп талаптарына сәйкес адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру.

Адам бойындағы бар игі қасиет мектеп қабырғасында қаланады десек те, отбасы – ұрпақ тәрбиелеудегі негізгі институттардың бірі. Баланың өмірге құштарлығының оянуы, адамгершілік қасиеттерінің қалыптасып дамуы қоршаған ортасына, қоғамға, ата – анаға, олардың іс – әрекеті мен тәрбиесіне байланысты екені сөзсіз. Менің ойымша адамгершіліктің қарапайым қағидаларына: ата -анасын сыйлау, құрметтеу, үлкенді сыйлау, Отанын, дінін, ділін сатпау, сәлемдесу, кішіге көмектесу, мейірімді болу, т.б. жатады.

Гуманизм – латын сөзі, баламасы адамгершілік, яғни дүниетаным принципі. Ол адамды барынша ардақтайтын, адамгершілік қасиетін, бас бостандығын қорғайтын біртұтас көзқарастар жүйесі. Адамгершілікке тәрбиелеудің маңызды педагогикалық міндеттері мынадай:

белсенді өмірлік позициясын қалыптастыру;
қоғамдық борышқа саналы көзқарасын тәрбиелеу;
сөз бен істің бірлігін қамтамасыз ету;
адамгершілік нормаларының ауытқуына жол бермеу [3].

Адамгершіліктің негізі мінез – құлық нормалары мен ережелерінен тұрады. Олар адамдардың іс – қылықтарынан, мінез – құлықтарынан көрінеді, моральдық өзара қарым – қатынастарды басқарады. Отанға деген сүйіспеншілік, қоғам игілігі үшін адам еңбек ету, өзара көмек, сондай – ақ қоғамға тән адамгершіліктің өзге де формалары, бұл – сананың, сезімдердің, мінез – құлық пен өзара қарым – қатынастың бөлінбес элементтері, олардың негізінде қоғамымыздың қоғамдық – экономикалық құндылықтары жатады.

Адамгершілік – адамның рухани байлығы, болашақ ұрпақты ізгілік бесігіне бөлейтін руханиет дәуіріне жаңа қадам болып табылады. Адамгершілік тәрбиенің нәтижесі адамдық тәрбие болып табылады.

Ол тұлғаның қоғамдық бағалы қасиеттерімен сапалары, қарым – қатынастарында қалыптасады. Адамгершілік қоғамдық сананың ең басты белгілерінің бірі болғандықтан, адамдардың мінез – құлқы, іс – әрекеті, қарым – қатынасы, көзқарасымен сипатталады.

Олар адамды құрметтеу, оған сену, әдептілік, кішіпейілдік, қайырымдылық, жанашырлық, ізеттілік, инабаттылық, қарапайымдылық т. б. Адамгершілік – ең жоғары құндылық деп қарайтын жеке адамның қасиеті, адамгершілік және психологиялық қасиеттерінің жиынтығы.

Адамгершілік – адамның рухани арқауы. Ал, моральдық жағынан кіршіксіз таза болу дегеніміз – адамгершіліктің асқар шыңы. Адам баласы қоғамда өзінің жақсы адамгершілік қасиеттерімен ардақталады. Адамгершілік қасиетінің негізі имандылық пен ізеттілікте. Ол әрбір отбасынан басталады. Осыны жадында тұтқан қазақ халқы жастарды кішіпейілдікке, ізеттілікке, инабаттылыққа тәрбиелеуді бірінші міндет деп санаған. Адамгершілік тәрбиесіндегі ең басты буын адамгершіліктің асыл қасиеттеріне баулу болып табылады.

1. www.topreferat.com.

2. Нышанбаев Ә., Әбжанов, «Ой, ақыл, адамгершілік», Алматы: «Білім», 1994 жыл, 28 бет.

3. Төлеубекова Р. «Бала тәрбиесіндегі халықтық педагогика», Алматы, 1994 жыл, 157бет.

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМ МАМАНДАРЫНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАЯРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қ.Н. Сарыбекова – п.ғ.к., Тараз мемлекеттік педагогикалық институты

Резюме

В статье рассматриваются особенности подготовки будущего учителя в условиях инновационного формирования личности педагога.

Resume

The following article are considered the features of preparing future teachers in the condition of innovational formation of pedagogues.

Қазіргі Қазақстандық білім беру жүйесін дамытудың басты міндеттерінің бірі - білім берудің мазмұнын жаңарту. Білім беру мазмұны оқушыларға тек белгілі бір білім, іскерлік, дағдылар жиынтығын меңгертіп қана қоймай, оқушы тұлғасын дамытуға, өмір тәжірибесінде кездесетін қиындықтарды өз бетімен және тиімді шешуге, оқушы - тұлға ретінде өзінің орнын әлеуметтік ортада анытай білуге қабілетті болатындай білім мен тәжірибе және жан-жақты іс-әрекет жасайалатындай дүниетанымдық қабілеттерінің жиынтығын меңгертуге бағытталған болуы тиіс.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясында «Ескірген немесе сұраныс жоқ ғылыми және білім пәндерінен арылу, сонымен бірге, сұраныс көп және болашағы бар бағыттарды күшейту қажет» - деген болатын [1].

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті - оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге

шығу, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» деп атап көрсеткендей-ақ, қазіргі кезеңде әрбір мұғалімнің алдына қойылып отырған басты міндеттің бірі - инновациялық озық үлгідегі тәжірибелерді меңгеру [2].

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының: Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім мақсатында: «...еңбек нарығының, еліміздің индустриялық-инновациялық даму міндеттері мен жеке тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыратын және білім беру саласындағы үздік әлемдік тәжірибелерге сай келетін жоғары білім сапасының жоғары деңгейіне қол жеткізу» -деп анықталған [3].

Мемлекетіміздің білім беру саласында бағыт белгіленіп, жүйеленді. Бұл ізгіліктік, тұлғалық, тұлғалық-бағдарлы, іс-әрекеттік, құзыреттілік тұрғыдан білім беру. Оның мақсаты – оқушының өз тұлғалық мүмкіндіктерін жүзеге асыру үшін барлық жағдайды тудыру. Мектептегі әрбір оқушы қайталанбайтын, ешкімге ұқсамайтын даралық ретінде қалыптасуы тиіс. Сондықтан мектептегі ұйымдастырылатын педагогикалық үдерістің негізгі міндеті – оқушының тұлғалық қасиеттерімен даралығын ашу, оның айқындалуына, дамуына үлкен ықпал етуші және себепші күштерді ұйымдастыру мен іске асырушы ретінде жетекші орын алуы тиісті.

Мектептің педагогикалық үдерісіндегі оқу-тәрбие жұмыстарын заман талабына сай ұйымдастырудың мәселелері әрқашанды педагогика ғылымының озық теориясы мен тәжірибесі жөніндегі ойлармен тұжырымдалып, әр кезеңде заман талаптарына сай қарастырылып келді.

Қазіргі кезеңде елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, Қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды.

Мемлекеттік білім беру саласы қызметкерлерінің алдында қойылып отырған басты міндеттердің бірі - оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияны игеру.

Өскеген ұрпаққа заман талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалім инновациялық іс-әрекеттің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі. Өйткені жаңа педагогикалық технологияны меңгеруге мұғалімдерді даярлау - оларды кәсіби білімін көтеруге дайындау аспектісінің бірі және педагогтың жеке тұлғасын қалыптастыру үрдісіндегі іс-әрекеттің нәтижесі болып табылады.

Болашақ мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыруда ең алдымен мұғалімнің инновациялық белсенділігін ескеру қажет. Болашақ мұғалімнің инновациялық белсенділігінің жаңа өзгерістеріне мұғалімнің көзқарасын, жаңаны білсем, үйренсем, қолдансам т.с. жаңа іс-әрекеттерін жатқызуға болады.

Болашақ мұғалімнің инновациялық-дидактикалық іс-әрекеті жалпы әрекеттің реттілігімен, нақтылығымен сипатталады. Педагогтың инновациялық-дидактикалық іс-әрекетке қатысуы мұғалімнің жаңалыққа деген көзқарасы, педагогикалық біліктілік деңгейі, жеке педагогикалық іс-тәжірибесі, мұғалімнің теориялық педагогикалық дайындық дейгейлерімен сипатталады.

Инновациялық-дидактикалық іс-әрекетті болашақ мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастырудың алғашқы баспалдағы ретінде қарастырамыз. Себебі, бүгінгі күндегі мектеп тәжірибесі көрсеткендей, мектеп мұғалімдерінің инновациялық даярлығы сын көтермейді. Мұғалімдер әлі де ғылыми білімді толық бағалай алмайды, олардың тек өз жұмыстарына «қажеттісін» ғана алуға тырысады. Олар өз тәжірибелерінде әлі де оқытудың ескі сарындағы жолына сүйенеді, ал жаңа технологияларды жетілдіре отырып толық пайдалану емес, тек олардың белгілі элементерін ғана жаңалық ретінде пайдаланып келеді.

Кәсіби іс-әрекеттің кез келген саласы сияқты педагогикалық іс-әрекетте еңбек субъектісі - мұғалім. Болашақ мұғалімнің құралдары («еңбек құралдары») - оның білімі, іскерлігі, тұлғалық сапасы, К.К.Жампеисова, Н.Д. Хмель былай деп жазады: «...мектептің педагогикалық оқу-тәрбие үдерісінде іс-әрекет субъектісі мұғалім мен оқушылар; мұғалім іс-әрекетінің нысаны - оқушы емес, педагогикалық үдеріс [4].

А.И.Щербаков пен А.В. Мудрик «педагогикалық іс-әрекет» ұғымына былай анықтама береді: «Педагогикалық іс-әрекет - бұл кәсіби мақсаты өскеген ұрпақты тәрбиелеу болып табылатын қоғамның ересек мүшелерінің іс-әрекеті» [5].

Педагогикалық іс-әрекет кәсіби-педагогикалық іс-әрекет болуы үшін қажетті белгінің сипатталуы: «Педагогтың кәсібилігі негізінен мынадан байқалады: ол қалай оқыту қалай тәрбиелеу, оқушыны бір күйден екінші күйге қалай көшіру керектігін, педагогикалық мәселелерді қалай шешуге мейлінше тез, үнемді жолдармен тәрбие мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруға болатындығын біледі... педагог білімдерінің жүйесі оқушылар білімдерінің жүйесін анықтайды» [6].

Бұл жерде мұғалім білімдерінің педагогикалық құрылымынан үш компонентті ажыратады: ғылыми кәсіби білімінің жүйесі. Бұл жүйенің маңызды компоненттерінің бірі - мұғалім оқытатын пәнін терең білуі; оқушылардың психикалық үрдістерін олардың білімін қабылдау, игеру ерекшеліктерін қамтитын психологиялық білімдері; оқушылар білімдерінің сапасын анықтау, білімдердегі кемшіліктерді байқау іскерліктерін қамтитын педагогикалық білімдер мен іскерліктер, сондай-ақ, оқушы оқу жұмысында игеруі тиіс оның білімі мен іскерліктерінің жүйесін алдын-ала жобалауды, ертерек қарастыру іскерліктерін бұл білім мен іскерліктердің іс-әрекеттің қандай түрлерінде қалыптасуы мүмкін екендігін анықтауды қамтитын педагогикалық білім мен іскерліктер.

Білім - субъектіге белгілі бір дәрежеде болашақты көре білуге мүмкіндік беретін объективтік дүниенің ойдағы бейнесі.

Іскерлік - субъектінің білімдері мен дағдылары арқылы іс-әрекетті мақсатқа сай реттеу үшін қажетті психикалық практикалық әрекеттердің күрделі жүйесін игеруі. Бұл жерде болашақ мұғалімнің шығармашылық жұмыспен айналуы мен тікелей байланысты болмақ және осының негізінде кәсібилілігі берік болып оның сапасының артуына да ықпалын тигізетіні анық.

Болашақ мұғалімнің педагогикалық шығармашылығы деп, ең әуелі бір жағынан оның жүзеге асыратын оқу-тәрбие жұмысын, ал екінші жағынан ғылымның жаңа табыстарын, озат тәжірибені игеру жеке өзінің ғылыми-әдістемелік ізденістерін белсенділендіру арқылы кәсіби шеберлікті жүйелі жетілдіруді талап ететін мақсатқа бағытталған жасампаздық іс-әрекетті түсінеміз. Маман жобасын құру жөніндегі еңбектерде үлгінің үш блогы қарастырылады: қазіргі жағдайлардан туындаған мәселелер (немесе іс-әрекет түрлері); біздің еліміздің қоғамдық-саяси құрылысының ерекшеліктерінен туындаған мәселелер (немесе іс-әрекет түрлері); кәсіптің, мамандықтың талаптарынан туған мәселелер (іс-әрекет түрлері) шешуші орын алады [7].

Болашақ мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыру мәселесіне қатысты болашақ мұғалімнің бүкіл кәсіби-педагогикалық іс-әрекетінің нобайын емес, оның мектепте озат педагогикалық тәжірибемен, білім беру саласындағы ұйымдастырушылық өзгерістермен, ғылыми ойдың табыстарымен, жаңалықтарды жасаумен, оларды игерумен оқыту мен тәрбиелеу практикасында пайдаланумен байланысты үрдістерді - инновациялық үрдістерді жүзеге асыруына тиімді ықпал ететін бөлігінің үлгісін айтамыз.

Болашақ мұғалімнің кәсіби-педагогикалық инновациялық іс-әрекетін біз оның мектептегі оқытуымен тәрбиелеумен байланысты инновациялық мәселелерді (проблемаларды, міндеттерді) шешу ретінде қарастырамыз да, берілген мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін инновациялық іс-әрекеттің бағдарлаушы бөлігі болып табылатын білімдерді кәсіби-педагогикалық инновациялық білім деп, ал орындаушы бөлігі болып табылатын іскерліктерді кәсіби-педагогикалық инновациялық іскерліктер деп атаймыз.

Болашақ мұғалімнің кәсіби-педагогикалық инновациялық іс-әрекетке даярлығының мазмұнын аталған білімдер мен іскерліктер құрады.

Сонымен, болашақ мұғалімнің кәсіби-педагогикалық инновациялық білімдері мен іскерліктерінің жүйесі кәсіби-педагогикалық инновациялық іс-әрекеттің моделі болып табылады. Бұл жерде кәсіби-педагогикалық инновациялық іскерлік кәсіби-педагогикалық білімдерді оқыту мен тәрбиелеу саласына үйреншікті, сондай-ақ жаңа күтпеген жағдайларда қолдану әрекеттері ретінде қарастырылады.

Демек, инновациялық іс-әрекетке даярлықтың мазмұны болып табылатын болашақ мұғалімнің инновациялық білімдері мен іскерліктерін оның инновациялық іс-әрекетінен, яғни ол шешетін инновациялық мәселелерді іздеу керек.

Инновациялық іс-әрекет жағдайында болашақ мұғалімнің шығармашылық еңбегінің басты белгілерін ажырата отырып, шығармашылық іс-әрекеттің тәсілдерін атауға болады: мәселені қоя алуы, оқу-тәрбие үдерісінің жоғары деңгейіне қол жеткізуде білімді шығармашылықпен пайдалана алу. Білім шығармашылық іс-әрекеттің іргетасы болып табылады. Бірақ, болашақ мұғалімнің озық педагогикалық инновациялық тәжірибені үйрену, пайдалану, шығармашылықпен ой елегінен өткізуі де маңызды, себебі осы жағдайда да іс-әрекеттің жаңа, тиімді әдіс-тәсілдері меңгеріледі.

Болашақ мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастырудағы өзін-өзі дамыту мотивтерін қарастыралық.

1) Өзін-өзі тану мотивтері: тәжірибелік-зерттеу жұмыстарымен айналысуға талпыныс (күлшыныс) білдіруі; өзінің мақсатындағы басты жетістіктерді бағалай алуы; өзінің педагогикалық еңбегінде жоғары нәтижеге жетуге мақсаттылығы; жоғары нәтижеге, табысқа жетудегі болашақ мұғалімнің өзіндік жауапкершілігінің артуы және т.б.

2) Инновациялық өзін-өзі анықтау мотивтері: инновациялық іс-әрекеттің мақсатын түсінуге талпыныс; тәлімгерлердің, мектеп әкімшілігінің, инноватор мұғалімдердің пікіріне құлақ асу; өзінің кәсіби-шығармашылық қызығушылық кеңістігін кеңейту, оны тереңдетуге ат салысу; инновациялық іс-әрекеттің артықшылығын мойындау; педагогикалық мамандықтың ашылмаған қыр-сырын меңгеруге құлшыныс таныту; оқытудың тиімді инновациялық технологияларын меңгеруге талпыныс; тәжірибелік-зерттеушілік іс-әрекеттің ерекшеліктерін меңгеру және т.б.

3) Инновациялық өзін-өзі басқару мотивтері: инновациялық іс-әрекеттің басым бағыттарын анықтау басқару мәселелерін шешуге қатысты мәселелерді алдын-ала сезе алу қабілеттерін көре білуге талпыныс; тәжірибелік-зерттеу іс-әрекеттерін жоспарлай алу; инновациялық іс-әрекетке қатысты өзін-өзі бақылауға талпыныс; инновациялық іс-әрекетке өзіндік бақылаудың адекватты критерийлерін анықтау; өзінің іс-әрекетінің нәтижесін объективті бағалай алу; уақытты ұтымды пайдаланудың тиімді жаңа әдіс-тәсілдерін меңгеру; жаңа ғасырдың ақпарат көздерін (Интернет, телекоммуникация желілері т.б.) шұғыл тиімді пайдалану; өзінің инновациялық қабілеттерін одан әрі дамыту, жаңа идеяларды табу, ұсыну, жинау оны жүзеге асыруға ат салысу; инновациялық іс-әрекетке деген мақсаттылықты арттыру, жүзеге асыруға ұмтылу; өзінің еңбек жолын өзін-өзі шығармашылықпен жетілдіру инновациялық білім алуға бағыттау.

4) Инновациялықты жүзеге асыру мотивтері: инновациялық іс-әрекеттегі ең басты, өзектісін назарда ұстау; өзекті, көкейкесті, маңызды мәселелерді ажырата алу, оларды тиімді шешудің жолдарын анықтау; инновациялық іс-әрекеттің үлкен жетістіктеріне мақсатты түрде қол жеткізу; әрқашан кеңінен ойластырылған ұтымды жаңа шешім қабылдау; өзінің кәсіби біліктілігін ұдайы жетілдіріп отыру; өзінің педагогикалық мәдениетін арттыру; шығармашылық іс-әрекетке белсенділік таныту, басқа жағдайларға тәуелсіз, жеке-дара идеялар ұсыну; өзінің ішкі сенімсіздіктерін жеңе алу шығармашылық тұрғыда бастаған ісін аяғына дейін жеткізу; тәжірибелік-зерттеу іс-әрекеттің жүргізу барысында жоғары оқу орны ғалымдарымен, инновациялық зерттеу орталықтары қызметкерлерімен тығыз байланыстар орнату; өзінің инновациялық іс-әрекетінің одан әрі зерттеушілік іс-әрекетке ұласуына атсалысу.

5) Инновациялық өзін-өзі жетілдіру мотивтері: инновациялық іс-әрекеттің тиімділігін педагогикалық ұжымның, мектеп әкімшілігінің мойындауы, қолдануы; инновациялық іс-әрекеттің нәтижелі болуына атсалысу, өзінің жіберген кемшіліктерін, сәтсіздіктерін талдау, оны жою жолдарын табу, кемшіліктерді болдырмау жолдарын іздестіру; инновациялық іс-әрекеттің қолжеткен жетістіктері мен жіберген кемшіліктерінің себебін ашу, тереңірек талдау, өзінің шығармашылық әлеуетін одан әрі жетілдіру; инновациялық іс-әрекетті нәтижелі жүзеге асыру үшін өзінің барлық мүмкіндіктерін пайдалану; инновациялық қабілеттерін одан әрі арттыру, өзінің әдіснамалық мәдениетін көтеру; өзінің педагогикалық шеберлігін шыңдау; оқытудың тиімді педагогикалық технологияларын меңгеру т.б.

Мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыруда болашақ мұғалімнің инновациялық өзін-өзі дамытуы шығармашылық іс-әрекет құрылымының мазмұнына қатысты анықталынады.

Мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастырудағы инновациялық өзін-өзі дамыту инновациялық іс-әрекеттің мақсатымен анықталынады, ал мақсат инновациялық іс-әрекеттің мазмұнына бағытталады. Мазмұнның құрылымы инновациялық мәселемен анықталынады, сондай-ақ мазмұн күтілетін нәтиженің жағдайларына да тәуелді іс-әрекетті жүзеге асырудың басты деңгейіне емес, орындаушылық деңгейіне байланысты.

Сонымен, болашақ мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастырудағы мұғалімнің өзін-өзі дамытуы инновациялық іс-әрекеттің мақсаты мен мазмұнын белсенді ұғынуымен басталады. Мұғалім инновациялық іс-әрекетке ненің кіретіндіктерін дұрыс ажырата алуы тиіс.

1. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. АСТАНА. 2012 жылғы 14 желтоқсан.

2. Қазақстан Республикасының “Білім туралы” Заңы //Егеменді Қазақстан, 7 тамыз 2007ж.

3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы //Егемен Қазақстан, 7 желтоқсан, 2011 жыл.

4. Жампеисова К.К., Хмель Н.Д. и др. Актуальные проблемы казахстанской системы и практики в профессиональной подготовке будущего учителя. Материалы международной научно-практической конференции «Интеграция науки и практики в условиях мирового образовательного пространства», посвященной 75-летию АГУ им. Абая.

5. Щербиков А.И. Психолого-педагогическая подготовка учителя-воспитателя и пути ее оптимизации в высшей школе. / Проблемы совершенствования психолого-педагогической подготовки учителя.: Межвузовский сборник научных трудов / Под ред. А.И.Щербикова. – Л., 1980. – С. 3-46.

6. Моделирование педагогических ситуаций: проблемы повышения качества и эффективности общепедагогической подготовки учителя. – М.: Педагогика, 1981. – 120 с.

7. Таубаева Ш.Т., Лактионова С.Н. Педагогическая инноватика как теория и практика нововведений в системе образования: научный фонд и перспективы развития/Книга 1/ Алматы: Научно-издательский центр "Ғылым", 2001.

ФОРМИРОВАНИЕ МЕЖКУЛЬТУРНОГО ДИАЛОГА В ПРОЦЕССЕ РАЗВИТИЯ ТВОРЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА МОЛОДЕЖИ

А.Ы. Сафарғалиева – *Казахский национальный технический университет им. К.И. Сатпаева, Алматы*

Түйін

Мақала шығармашылық жұмыс процесінде жастардың мәдениет-аралық диалогқа қабілеттілігін қалыптастыруға арналған. Мәдениетаралық қатынастардың ерекшеліктері әртүрлі мәдениет адамдарының диалогы, өнімдері текістер мен шығармалар болып табылатын шығармашылық ретінде, оны жүзеге асырумен байланысты мәселелер, оны тәртіпке келтіру мен реттеу жолдары қарастырылады. Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің тәжірибелік үлгісі бойынша үйлесімді дамыған тұлғаның қалыптасуы қарастырылған.

Summary

This article is devoted to formation of the youth ability for intercultural dialogue in the process of creative activity. The features of intercultural communication as a dialogue between people of different cultures, as creativity, the products of which are the texts and of the work; the problems associated with its implementation, the way of its establishment and regulation are considered in the article. The formation of a harmoniously developed person are considered on the example of the K.I.Satpayev Kazakh National Technical University experience.

Данная статья посвящена формированию способности к межкультурному диалогу молодежи в процессе творческой деятельности. В ней рассматриваются особенности межкультурного общения, как диалога людей различных культур, как творчество, продуктами которого выступают тексты и произведения; проблемы, связанные с его осуществлением, пути по его налаживанию и регулированию. На примере опыта Казахского национального технического университета имени К.И.Сатпаева рассмотрено формирование гармонично развитой личности.

В середине XX столетия идея межкультурного диалога вошла в проблемное поле философского мышления (М. Бахтин, В.С. Библер) и неуклонно расширяет сферу своего влияния. Для большинства педагогических исследований методологической основой служит теория «диалога культур», согласно которой различные культуры находятся в постоянном диалоге между собой, непрерывно взаимодействуют и взаимодополняют друг друга.

В современном мире культуре уделяется огромное внимание. «Культура, прежде всего, – понятие коллективное. Отдельный человек может быть носителем культуры, может активно участвовать в ее развитии, тем не менее, по своей природе культура, как язык, явление общественное, то есть социальное...» [1, с.4]. «Феномен культуры – и в обыденном его понимании, и в глубинном смысле – все более сдвигается в центр, в средоточие человеческого бытия, пронизывает (знает ли человек об этом или нет) все решающие события жизни и сознания людей» [2, с. 261].

Культура – это форма самодетерминации индивида в горизонте личности, форма самодетерминации нашей жизни, сознания, мышления; то есть культура – это форма свободного решения и перерешения своей судьбы в сознании ее исторической и всеобщей ответственности. Культура существует как общение, как диалог людей различных культур, как творчество, продуктами которого выступают тексты и произведения. «Культура в своих произведениях – позволяет нам – автору и читателю – как бы заново прожить мир» [2, с. 290].

Многообразие культур – одно из ключевых условий существования современного общества. Знакомство с другими культурами помогает формировать поликультурно-грамотную личность, способную вести диалог в поликультурной среде, понимать и интерпретировать лингвокультурные факты, основываясь на сформированных ценностных ориентирах и оценках своей и чужой культуры. А.С. Белова отмечает, что диалог является «ключом к изучению культуры, фактором, расширяющим сознание человека и определяющим направленность его духовных поисков» [3]. Благодаря развитию межкультурного диалога, многообразие культур становится источником взаимного духовного обогащения и способствует укреплению взаимопонимания, примирения, терпимости и гуманизма.

Межкультурная коммуникация возникает и происходит постоянно, поскольку люди различных культур живут в одном государстве, в одном городе, составляют одну нацию. Это общение происходит неосознанно – в быту, работе, учебе. Мир, в котором людей разделяют религиозные, расовые, национальные предрассудки, государственный, корпоративный эгоизм нуждается в активном диалоге культур – синтезирующей функции культурного опыта.

В современном образовательном процессе нельзя добиться высоких результатов без внедрения в учебный процесс новых содержательных структур. Крупные учебные центры типа университетов – это прежде всего территории, где создана и всеми технологическими средствами поддерживается атмосфера научной школы, особенного творческого состояния, без которого невозможно воспитать чувствительность к сложнейшим объектам культуры. Практические рекомендации в области распространения межкультурного диалога могут быть следующие: проведение различных мероприятий; привлечение популярных музыкальных, театральных коллективов, выступающих за распространение межкультурного диалога; создание совместных волонтерских программ по помощи неимущим, социальных программ; создание совместной продукции культурно-просветительского характера – фильмов, роликов, мультимедиа, демонстрирующих единство различных этносов, вероучений и т.д.; распространение в Интернет-сети этой продукции – в блогах, социальных сетях, на форумах; проведения спортивных мероприятий под лозунгом культурного объединения, способствующие диалогу и коммуникации (в повседневной жизни люди и так играют в футбол, – но добавить к этому некоторые элементы пропаганды толерантности было бы весьма полезно) [4].

Для создания творческой образовательной среды Казахский национальный технический университет имени К.И.Сатпаева положил в основу своей деятельности культуросцентристскую концепцию, которая предполагает формирование межкультурного диалога. В университете созданы все условия для самореализации личности студента в различных сферах деятельности. На сегодняшний день в университете функционирует 94 клуба научной, профессиональной, общественной, спортивной направленности и кружков художественной самодеятельности. В университете впервые созданы Клубы докторантов PhD «Intellect» и «Global thinking», основной целью которых является информационно-консультационная помощь обучающимся по международным образовательным программам и организация встреч с зарубежными учеными. Одной из успешных студенческих организаций университета является Общество инженеров-нефтяников – обладатель многих престижных наград, в том числе Золотого стандарта студенческих сообществ 2012. Кроме того, данное общество стало победителем в номинации «Лучший социальный проект» городского конкурса «Студент года-2012» за проект «Дети», в рамках которого студенты университета организовывали благотворительные акции. Радуют успехи университетских сборных команд КВН, занявших призовые места в городских и республиканских лигах КВН. Ректор университета, профессор Адилев Ж.М., в своих выступлениях постоянно подчеркивает необходимость «воспитания нового казахстанского патриотизма, гордости за страну и ее достижения, укрепление общенациональных ценностей» [5].

Наличие особой гуманитарной среды в техническом вузе выступает возможностью, благодаря которой осмысленно интерпретируется получаемая информация. Руководящими принципами осуществления межкультурного диалога являются свобода выбора, свобода самовыражения, равенство, толерантность и взаимное уважение человеческого достоинства. Успешный межкультурный диалог требует ряда качеств, развиваемых в демократической культуре, включая непредубежденность, способность как слушать, так и говорить, способность разрешать конфликты мирными средствами и признавать обоснованность аргументов других сторон. Основой его становятся общечеловеческие ценности, в первую очередь, права человека [4]. В современной сложившейся ситуации мы можем наблюдать, что молодые люди не всегда умеют и могут воспринимать другого, для них характерны динамичность, открытость миру, ранимость, повышенная эмоциональная реакция, оптимизм, романтические устремления, цивилизация новизны.

Проблемы сохранения и дальнейшего развития межкультурной компетенции, предполагающей умения адекватно понимать и интерпретировать лингвокультурные факты, основываясь на сформированных ценностных ориентирах и оценках своей и чужой культуры [6], являются как никогда актуальными и важными. Способности к межкультурному общению формируются нами на занятиях по практике русского языка, лингвострановедению, при знакомстве с особенностями речевого этикета, а также во внеучебное время, в организованном нами клубе любителей русского языка. Основными целями и задачами Клуба являются: содействие более активной реализации потенциала русского языка как средства межнационального общения; воспитательно-просветительская деятельность, развитие патриотизма и высокой духовной культуры; привитие интереса к чтению и литературному творчеству в молодежной среде.

Молодежь успешнее осваивает материал в ситуациях, когда ребята сами являются участниками творческого процесса: олимпиады, конференции, вечера, интеллектуальные игры, тренинги, конкурсы-фестивали, круглые столы, концерты, спектакли и т.д. создают условия для самоутверждения и самореализации в творческой деятельности. Участие в культурно-познавательных мероприятиях

формирует культуру общения, и, как следствие этого, развивает активную жизненную позицию, внушает стиль жизни и дает понятие о счастье мастерства и свободы умелого существования в сильной системе.

В контексте формирования межкультурного диалога на материале произведений казахских классиков (акция «Одна страна – одна книга»), созерцая или слушая произведение искусства: живопись, архитектура, музыка (тема «Год культуры в Алматы»), разъясняя основные положения Стратегии «Казахстан – 2050», обсуждая тему: «Деловые переговоры с зарубежными партнерами» или «Наша гордость – ученые-горняки», мы наглядно показываем, как происходит общение с произведениями искусства, с учеными разных стран, которые жили и работали в разные исторические эпохи. Само произведение выступает связующим звеном между зрителем и автором творения, значительным источником информации, содержащейся в том или ином сообщении. Выражая собственное мнение, например, о произведении культуры, студент вступает в диалог с автором произведения, позволяя первому стать центром «художественного видения». Процесс восприятия оказывает огромное влияние на все его сферы деятельности (эмоции, чувства, нравственные взгляды, убеждения, интеллект, и т.д.) и характеризуется преобразованием внутренних «Я» до «ценностных центров», отражающих их обогащение культурными смыслами, нравственными ценностями.

В свою очередь текст сообщения выступает структурной единицей образования, так как является продуктом творчества и выступает носителем диалога. Содержание текста – это диалогическое взаимодействие двух субъектов, погруженных в бесконечный культурный контекст, требующий особого метода – понимания. «Понимание» может приобретать следующие формы: 1) «восприятие текста; 2) узнавание и понимание значения в данном языке; 3) узнавание и понимание в контексте данной культуры; 4) активное диалогическое понимание» [2, с. 76–78].

Социально-культурная деятельность позволяет реализовать резервные возможности человека в художественно-творческом процессе: благодаря умению держаться на сцене и творческому партнерству приобретает коммуникативность и умение подать себя в различных жизненных ситуациях, а в будущем дает возможность безболезненно адаптироваться в обществе. Но не стоит забывать о том, что эти мероприятия являются не только итогом творческой деятельности, именно здесь формируется толерантное отношение к другим участникам выступления. И здесь важно научиться принимать точку зрения и позицию другого, так как именно в процессе творческой деятельности происходит формирование толерантных отношений и культуры общения.

Формирование межкультурной компетенция, т.е. способности человека существовать в поликультурном обществе, достигать успешного понимания представителей других культур и представителей своей культуры [6], включает, на наш взгляд, следующие компоненты: мотивационно-ценностный (внутренние устойчивые мотивы к моральному и нравственному просвещению и воспитанию молодежи, к усвоению знаний, умений концентрировать внимание на поставленных задачах и возможности их разрешения); когнитивный (наличие знаний нравственного, этического и эстетического просвещения и воспитания, знаний в области теории воспитания молодежи); практический (владение умениями взаимодействия и сотрудничества, техникой установления межличностных контактов, проявление этико-правовой культуры личности при общении, уважение к культуре партнеров по коммуникации; использовать приемы речевой культуры с целью грамотного изложения материала; ораторские, исполнительские и организаторские умения); личностный компоненты (представляет сформированность важных личностных качеств, готовность работать в группе, образ позитивной «Я-концепции», ответственность, организованность, коммуникабельность, терпимость, тактичность, деликатность, честность).

Подводя итог, можно отметить важность осуществления межкультурного диалога для успешного развития современного общества. Молодое поколение, являясь по своей природе творцами, всегда способно отображать в разных видах творчества все многообразие окружающего мира через особенности своего мировосприятия. Диалог с теми, кто готов принимать участие в диалоге, может стать отправной точкой более длительного процесса взаимодействия и взаимовлияния, в результате которого вполне может быть достигнуто согласие по вопросу важности ценностей прав и свобод человека.

Кілтті сөздер: мәдениетаралық диалог, студент жасатар, лық, орыс тілін ұнататындар клубы.

Ключевые слова: межкультурный диалог, студенческая молодежь, творчество, клуб любителей русского языка

Key words: intercultural dialogue; young people; creativity; the Russian language amateur's club

1. Лотман Ю.М. *Беседы о русской культуре. М., 1994.*

2. Библер В.С. *От наукоучения – к логике культуры. Два философских введения в двадцать первый век. М., 1991.*

3. Белова А.С. *Межкультурный диалог и духовно-нравственное развитие личности средствами искусства// Педагогика искусства (электронный журнал), №4, 2011.*

4. Попов М. Ю. Акулова А. А. Межкультурный диалог как фактор развития общеевропейского гуманитарного пространства <http://teoria-practica.ru/-3-4-2009/philosophy/popov-akulova.pdf>

5. Роль молодежи в реализации стратегии «Казахстан-2050» [Электронный ресурс]. Режим доступа // <http://www.kazntu.kz/ru/node/>

6. Азимов Э. Г., Шубкин А. Н. Новый словарь методических терминов и понятий (теория и практика обучения языкам). – М.: Издательство ИКАР, 2009. – С. 134

ӘӨЖ 37.015.3+001.895

C52

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ПӘНДЕР БОЙЫНША СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КАБИНЕТТЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТИІМДІЛІГІ

К.Б. Сматава – Тараз мемлекеттік педагогикалық институты

Резюме

Эффективность организации самостоятельных работ студентов по психологическим дисциплинам в инновационном учебно-методическом кабинете

Инновационный учебно-методический кабинет играет важную роль в обеспечении профессиональной подготовки компетентных и конкурентоспособных педагогов-психологов для всех отраслей и учреждений образования.

Это сложная система, включающая устройство для хранения учебного оборудования, установки для хранения и использования технических средств обучения, экспозиционные материалы, учебно-методические комплекты необходимых для организации самостоятельных работ студентов.

Целенаправленно проводится работа по проявлению интересов к изучаемым предметам, исследованию психологических особенностей и саморазвитию студентов.

Summary

Efficiency of the organization of independent works of students on psychological disciplines in an innovative educational and methodical office

The innovative educational and methodical office plays an important role in ensuring vocational training of competent and competitive educational psychologists for all branches and education establishment.

It is the difficult system which is turning on the device for storage of the educational equipment, installation for storage and use of technical means of training, exposition materials, educational and methodical sets of independent works of students necessary for the organization.

Work on manifestation of interests to studied subjects, research of psychological features and to self-development of students is purposefully carried out.

Қазақстан Республикасы Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында Қазақстан жоғары оқу орындарының (ЖОО) материалдық-техникалық қорлармен жаңартылу деңгейі әлі де жеткіліксіз екендігі атап өтілген.

Еліміздің индустриалды-инновациялық даму міндеттеріне және білім беру саласындағы үздік әлемдік тәжірибеге сай, еңбек нарығының сұраныстарына жауап бере алатын жоғары сапалы білім беруге қол жеткізу, шығармашыл тұлғаны қалыптастыру, сондай-ақ білім мазмұны жаңартылған 12 жылдық білім беру моделіне көшуді жүзеге асыру – инновациялық оқу-әдістемелік кабинетінің жабдықталуы мен ұйымдастырылуын талап етеді.

Бүгінгі таңда барлық арнайы кафедралар базасында инновациялық оқу-әдістемелік кабинеттердің қызмет атқаруы өзекті мәселеге айналып отыр. Заманауи кабинет студенттердің өзіндік жұмыстарын тиімді ұйымдастыру, психологиялық ерекшеліктерін терең зерттеу, пәнге деген қызығушылығын арттыру, өзін-өзі дамыту мен бағалауды жетілдіруге ықпал етеді.

Инновациялық оқу-әдістемелік кабинет – бұл жиһаз, оқу жабдықтары (оқулықтар, оқу құралдары, оқу-әдістемелік нұсқаулары, дидактикалық материалдар, өзіндік, курстық және дипломдық жұмыстарды орындауға арналған әдістемелік ұсыныстар, оқу-әдістемелік кешендер), білім берудің техникалық құралдары, пайдаланылатын құрылғылар, экспозициялық материалдар сақталатын күрделі жүйе.

Оның пікірі бойынша, Қытай мен Қиыр Шығысты Еуропа нарығымен байланыстыратын Баку-Тбилиси-Карстемір жолының жобасын Қазақстанның көмегімен жүзеге асырғаннан соң тарихи Жібек жолын жаңғыртуда маңызды қадам жасалынады. Қазақстан мен Түркия арасындағы өзара қатынастардың маңызды салаларының бірі әскери және әскери-техникалық ынтымақтастық болып табылады. 2005 жылдың 13-15 маусымында Түркия Республикасының Бас штабының басшысы Х.Өзкөк Қазақстанға ресми сапармен келсе, өз кезегінде Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі М.Алтынбаев 2006 жылы 28-29 маусымда Анкарада ресми сапармен болып қайтты. Сапарлар барысында тараптар әскери-техникалықяғни, осы мұнай өңдеу зауыттары қазақстандық мұнаймен қамтамасыз етілуге тиіс екендігі жарияланды. Бұл шикі мұнайды Ресейдің Новороссийск деген қаласынан Түркияға тасымалдап, сол жерде өңделген өнімді сатуға мүмкіндік береді. Қазақбасшыларының пікірі бойынша, мұнайды өңдеу зауыттарының құрылысы Босфор бұғазының өткізу қабілеттілігінің жеткіліксіздігіне байланысты мәселені шешуге мүмкіндік туғызады[2].

Осындай негізде қалыптасқан қазақ-түрік ынтымақтастығын екі ел басшылығының қарым қатынастары соңғы кезде одан да берік нығайта түсуге бағыт ұстады. Оған екі ел арасындағы қатынастар деңгейі күе. Қазақстан мен Түркия арасындағы қарым-қатынастың оң бойына «аға-інілік» емес, тең әріптестік арқау болып тартылып, желі болып есіліп жатыр. Бұған Елбасының былтырғы Түркияға сапары кезінде екі елдің Стратегиялық әріптестік туралы келісімге келуі айғақ.

2009 жылғы 29 қаңтарда Бүкіләлемдік экономикалық форум аясында Қазақстан Президенті Н. Назарбаев бірқатар екіжақты кездесулер өткізді. Сондай кездесулер кезінде мемлекет басшысы Түркия Премьер-министрі Реджеп Эрдоғанмен бейресми кездесу өткізген болатын. Екіжақты сұхбат барысында екі ел арасындағы мәдени-гуманитарлық қатынастарды дамыту мәселесіне айрықша мән берілді. Екіжақты қатынастардың тығыз дамуына 2009 жылғы 3 қазан күні Нахчыван қаласында (Әзірбайжан Республикасы) өткен түркітілдес мемлекеттер басшыларының ІХ саммиті де өзіндік үлес қосты.

Бұл саммитте Қазақстан Президенті Н. Назарбаев, Әзірбайжан Президенті И. Әлиев, Қырғызстанның сол кездегі президенті Қ. Бакиев және Түркия Президенті Абдулла Гүл этникалық, тарихи және мәдени түбірлері ортақ серіктес елдердің даму болашағын талқылау үшін кездескені белгілі. Өз сөзінде Қазақстан Президенті қазіргі уақытта Анталияда өткен (Түркия Республикасы) VIII саммитте Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан және Түркия Парламенттері қабылдаған жалпы түркілік құрылымды құру жөніндегі шешім орындалып жатқанын және түркітілдес мемлекеттердің Парламенттік Ассамблеясы құрылғанын атап өткен еді.

Сол ретте, Н. Назарбаев «Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық Кеңесін (Түркі Кеңесі) - жаңа өңіраралық ұйымды» қалыптастыру бастамасын дамытуды ұсынған болатын. Ал 2009 жылғы қазан айының 22 күні Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Түркия Республикасына ресми сапармен келуі екі ел арасындағы ынтымақтастықтың жоғары деңгейде екендігінің айғағы. Бұл ресми сапар барысында Қазақстан мен Түркия мемлекеттерінің басшылары, ең алдымен, Анкара қаласындағы Ататүрік мемориалды кешенін аралап, Түркия мемлекетінің негізін қалаушы әрі тұңғыш Президенті Мұстафа Кемал Ататүрік кесенесіне гүл себетін қою рәсіміне қатысады. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев Түркия Республикасының Президенті Абдулла Гүлмен шағын құрамда кездесті. Кеңейтілген құрамдағы келіссөздерден кейін, мемлекет басшылары екіжақты құжаттарға, атап айтқанда, Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасының арасындағы Стратегиялық әріптестік туралы Шартқа қол қойды. Бұл құжатқа қол қою барысында Абдулла Гүл стратегиялық әріптестік туралы шарт түркітілдес мемлекеттердің ішінде бірінші болып Қазақстанмен жасалынғанын атап өткен еді.

Сонымен қатар, екі ел үкіметтері арасындағы ғылым мен техника, туризм, қоршаған ортаны қорғау салаларындағы ынтымақтастық туралы Келісімдерге қол қойған болатын. 23 қазанда Қазақстанның Елбасы Анкара қаласында ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының штабпәтерінде болып, ұйым жұмысымен танысқан еді. Ресми сапар барысында Қазақстан басшысы Анкаралық индустриалды аймағындағы нысандармен, «Арчелик-Бико» электр-техникалық зауыттың өнімдерімен танысуы екіжақты қатынастарға өзіндік зор үлес қосары хақ.

Ал 2010 жылғы мамырдың 24 күні Қазақстанға ресми сапармен Түркия Республикасының президенті

Абдулла Гүл келгенде оны Шымкент әуежайында Елбасы Н. Назарбаевтың өзі қарсы алды. Бұл сапардың нәтижелері екі ел арасындағы қатынастардағы өзекті мәселелер мен болашақ дамудың айнасы іспеттес.

Түркия Республикасының Президенті Абдулла Гүл Қазақстанға ресми сапары бағдарламасын барлық түркі халқына қасиетті орын болып табылатын Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне барудан бастады. Онда екі ел басшылары жерленген бабалар рухына тағзым етті. Қазақстан Президенті Н. Назарбаев пен Түркия президенті Абдулла Гүл Түркістанға жасаған сапарларының барысында Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің студенттерімен және оқытушы-профессорлар құрамымен кездесті. Оқу орны мәдениет орталығының үлкен залында Түркия президенті Абдулла Гүл мырзаға Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің құрметті профессоры атағының берілгені туралы диплом табыс етілді. Оқу орнының және Қазақстанның басшылығына алғысын білдірген Абдулла Гүл мырза өз кезегінде Нұрсұлтан Назарбаевқа биліктің ежелгі белгісін асатаяқты (скипетр) табыс етті. «Сіз - Ұлы Ақсақалсыз. Мен мұны барша түрік елдерінің атынан, түркітілдес халықтардың көшбасшысы деп танудың белгісі ретінде айтып отырмын және бұл скипетр ежелгі түріктердегідей, сіздердің егемен мемлекеттеріңіздің бірінші тұлғасының белгісі болсын», - деді А.Гүл өз сөзінде. Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Қазақстан мен Түркияның бірлескен күш-жігерінің арқасында құрылған және ол бүгінде түркітілдес мемлекеттердің арасында халықаралық мәртебеге ие алғашқы халықаралық жоғары оқу орны болып табылады. Университеттің ерекшелігі онда заман талаптарына сай жоғары білікті мамандар тәрбиеленуде. «Осынау оқу орнының барша түркітілдес халықтардың отаны болып табылатын Түркістандағы табысты жұмысы Қазақстан мен Түркияның арасындағы байырғы достастық және серіктестік қарым-қатынастардың белгісі болып табылады. Және сіздер, осынау оқу орнын әлемдегі ең үздік университетке айналдыру үшін барлық жағдайды жасауларыңыз керек», - деді Н. Назарбаев студенттермен және оқытушылармен болған кездесуде[3].

«Біз өз тарапымыздан университеттің білім беру және ғылыми бағыттағы жұмыстарына жан-жақты қолдау көрсетуге уәде береміз», - деді А.Гүл. Ресми сапар барысында екі ел басшылары Астананың Бейбітшілік және келісім сарайында «Түркі өркениеті: дәуірлерді жалғаған өзек» атты Халықаралық еуразиялық конгресінің жұмысына қатысты. Форумға алыс және жақын шет елдерден келген тарихшы, саясаткер, әлеуметтанушы, тіл саласының ғалымдары қатысты. Барлығы 350-ден астам белгілі ғалымдар бас қосса, соның елуі шетелдік ғалымдар болды.

Н.Назарбаев өз сөзінде атап өткендей, «Түркі академиясын құру уақыт талабынан туындап отыр. Жаңа бірегей ғылыми-зерттеу орталығы соңғы бес жүз жылда жоғалған түркі әлемінің бірлігін қалпына келтіруде *үлкен рөл* ойнауы тиіс». Мемлекет басшысы бұдан былай археология, этнология, түркітану және әдебиет саласында зерттеулермен айналысып жүрген ғалымдар бір шаңырақ астында жұмылып жұмыс істейтініне сенім білдірді. Өз кезегінде Түркия Республикасының Президенті Абдулла Гүл қатысушыларды түркі өркениетінің рухани, дүниетанымдық дамуындағы осы бір маңызды шарамен құттықтады. Бас қосу барысында ғалымдар қоғамдағы ұлтаралық және дінаралық қарым-қатынастарды қалыптастыру тәжірибесіне де тоқталды.

Әсіресе демократия қағидаларын одан әрі жетілдіру, елдердің тәуелсіз мемлекеттерді қалыптастыру жолындағы жетістіктерін дәріптеу мәселелеріне баса көңіл аударылды. Түркі өркениетінің тарихына және оның қазіргі кезеңдегі дамуына өзіндік баға берілді. Астанадағы келіссөздер барысында Қазақстан Президенті Н. Назарбаев Түркиямен экономикалық ынтымақтастықтың жаңа деңгейдегі арнайы бағдарламасын алға тарта отырып, түрік инвесторларының қазақстандық экономикаға құйған инвестициясы 2,5 млрд доллардан асып түскендігін жеткізді. Сондай-ақ қазақстандық кәсіпкерлер де түркиялық нарықты игеріп, осы ел экономикасының гүлденуіне 1 млрд доллардан астам инвестиция бағыттаған.

«Біз энергетика, транзит, көлік, ауыл шаруашылығы салаларында ынтымақтасудамыз, - деді жоғарғы деңгейдегі келіссөздерден кейін ұйымдастырылған бірлескен баспасөз мәслихатында Президент Н.Назарбаев. - Әскери-техникалық бағыттағы ынтымақтастығымыз да зор әлеуетке ие. Құрылыс, сондай-ақ кәсіпкерлік салаларындағы көпжақты қарым-қатынасты да әрі қарай дамытуға дайынбыз».

Өз кезегінде Түрік басшысы екі ел арасындағы ынтымақтастықтың, әсіресе құрылыс саласында, мұнай-газ секторында, көлік кешенінде қанат жайып отырғандығын атап өтті. Ақордадағы екі ел өкілдерінің қатысуымен өткен кеңейтілген келіссөздер барысында мемлекет басшысы: «Жаһандық қаржы-экономикалық дағдарыс біздің елдер арасындағы сауда айналымын біраз төмендетті, 2008 жылы өзара тауар айналым 2,9 млрд долларды құрады. 2009 жылы ол \$1,4 млрд-қа дейін төмендеп кетті. Биылғы жылы біз тауар айналым деңгейін қалпына келтіріп, өзара сауда-саттықты арттыруымыз керек», - деген

болатын. Енді, міне, қарым-қатынастардың жаңа деңгейі белгіленуде, ол Қазақстан мен Түркия арасындағы өзара сауда айналымы \$10 млрд қа жеткізілуі тиіс, яғни Түркия Республикасы Қазақстанның жетекші сыртқы экономикалық серіктестерінің алдыңғы қатарында қала бермек.

Қазақ-түрік бизнес форумына қатысқан Елбасы Н.Назарбаев Қазақстанда 1500-ге тарта түрік компаниялары жұмыс істеп жатқанын еске сала келіп: «Түрік капиталының қатысуымен қурылыс, тоқыма, металлургия салаларында елеулі жобалар жүзеге асты», - деген еді. Қазақ- түрік бизнес форумында жалпы сомасы жарты млрд доллар болатын нақты келісімдерге қол қойылды. «Бұл - осы сапардың және бүгінгі келіссөздердің нақты нәтижесі!», - деп бағалады Н.Назарбаев.

Екі ел арасындағы ынтымақтастықтың аясын айқындау үшін осы қазақ-түрік бизнес форумына қатысқан компанияларданақ көруге болады. Мұнда екі елдің құрылыс саласы мен құрылыс материалдарының өндірісі, ауыл шаруашылығы, тамақ өнеркәсібі, машина жасау, орман шаруашылығы, тоқыма және дайын киім өндірісі, кеме жасау, мұнай химиясы салаларында жұмыс істейтін екі елдің 300-ден астам компаниясы қатысқан болатын. Екі елдің ынтымақтастығының болашағы Түркия Президентінің форумда алға тартқан ой-ниеті шеңберінде айқындалған: «Біз сіздердің елдеріңізде бұдан да көп жұмыс істеуге, ендігі игерген салаларда ғана емес, жаңаларында да бұдан да көп жобаны жүзеге асыруға құлықтымыз!». Абдулла Гүл түркиялық бизнесмендерді қазақстандық тау-кен өнеркәсібіне, маркетинг, көлік және логистика салаларына, темір жол құрылысына, банк секторына назар аударуға шақырды. Болашақ қазақ-түрік ынтымақтастығына қатысты мәселелерді шешуге арналатын жиын туралы Абдулла Гүл: «Жана, жеке кездесуімізде Түркі ынтымақтастығы кеңесінің отырысын тамыз айында Ыстамбұлда өткізу туралы шешім қабылдадық және біз енді осыған қажетті шараларды атқара бастаймыз», - деді.

Астанада өткен Түркі әлемі сәулетшілері мен қала құрылысшыларының III құрылтайында «Қазақстан тек қана Азияның жүрегі емес, ол сондай-ақ осы аймақтың маңдайындағы жарқыраған жұлдызы! Мұны тек Қазақстан ғана мақтан тұтпайды, мұны біз Түркия да мақтан тұтамыз!», - деді Түркия президенті Абдулла Гүл [4].

2010 жылдың 17 қаңтар күні Алматы қаласында Қазақстандық-түріктік кәсіпкерлер Ассоциациясының («КАТИАД») қатысуымен өткен бас қосуда екіжақты сауда-экономикалық қатынастардың өзекті мәселелері талқыланған болатын. Екі елдің өзара қатынасын нығайтуда сауда-экономикалық ынтымақтастықтың мәні ерекше екендігін атай келе, оның басты міндеті өзара сауда көлемін арттыра түсуде, сол ретте 2010 жылдың қорытындысы бойынша бұл көрсеткіш 3,170 млрд АҚШ долл. құрады.

Ал Қазақстан мен Түркияның өзара әрекеттестігі жөніндегі мәселе 2011 ж. 7 ақпанында Астана қаласында Қазақстан мемлекет хатшысы, *сыртқы* істер министрі Қ.Саудабаев пен Азиядағы өзара ықпалдастық пен сенім шаралары жөніндегі кеңестің атқарушы директоры, елші Чинар Алдемирмен болған кездесуде талқыланды. Екі елдің ынтымақтастығының кең аясын атай келе тараптар екіжақты байланыстарды әлі де нығайта түсу жолында өзара бірлесе ұмтылатындықтарына сенім білдірді.

Түркия президенті Абдулла Гүл 2010 ж. Астанаға келгенінде Қазақ елі мен өз елі туралы айтқанда, жоғары мәртебелі мейманымыз: «Тамыры терең қос бәйтеректің нөсер жауындарға шайылмай, дауылдарға шайқалмаған қайратты дінгектері бүгінде көк нұрына шомылуда», - деп толғаған еді.

1. Токаев К. *Дипломатия Республики Казахстан. – Астана. - 2001. - С.33.*

2. *Турция и Казахстан создадут новый Шелковый путь* //news.mai.ru/inworld/kazakhstan

3. *Сотрудничество Республики Казахстан с Турецкой Республикой* //http://www.mfa.gov.kz

4. Сенбай Е., Шәріп А. *Қазақстан - Азияның жүрегі, аймақтың жарқыраған жұлдызы!* //thenews.kz

ВОЗМОЖНОСТИ СИНТЕЗАТОРА КАК ЗНАЧИМОГО КОМПОНЕНТА ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ МУЗЫКИ

А.И. Умурзакова – доцент КазНПУ им. Абая

Түйін

Мақалада синтезатордың мүмкіндіктері арада табысты жоо дайындықтың қамсыздандыруында және тұлғаның кәсіби-мәнді сапасының көтермелеуінде талданады.

Резюме

В статье анализируются возможности синтезатора в обеспечении успешной вузовской подготовки и повышении профессионально-значимых качеств личности.

Resume

In the article possibilities of synthesizer are analysed in providing of successful institution of higher learning preparation and increase of professionally-meaningful qualities of personality.

Являясь удивительным изобретением человечества в области музыкального искусства синтезатор, как электромузыкальный инструмент, благодаря своим многофункциональным свойствам и характеристикам по праву занимает одно из приоритетных положений, существенно отличаясь и значительно выделяясь из ряда других инструментов.

Увлекательная история его рождения, на наш взгляд, теснейшим образом связана с появившейся и быстро распространившейся в начале XX века новой парадигмой о концепции звука и его качественных характеристиках, опровергнувшей утвердившиеся представления и критерии эстетической и научной оценки, тесно сблизившей идеи гуманитарного и естественнонаучного знания, художественного и технического творчества. Так, абсолютно ясная, новая и одновременно будоражащая воображение концепция музыки, настолько потрясла Юзефа Вроньски, что его восприятие полностью изменилось и музыка представлялась ему, как «...звуковые тела, движущиеся в пространстве» (1). Развивая по аналогии ту же мысль в своих высказываниях Эдгар Варез утверждает, что наряду с горизонтальной, вертикальной, динамической проекцией звука возникает чувство того, будто звук «...покидает нас без надежды вернуться в отраженном виде – чувство, родственное тому, которое возникает при взгляде на лучи света, испускаемые мощным прожектором. Слуху, как и зрению, феномен этот внушает ощущение продления, выхода в космическое пространство. При этом специфические имманентные факторы музыки – звуковысотность, темп, ритм, утрачивают свое значение и в функции единственного существенного элемента начинает выступать энергетический напор неконгруэнтных звуковых масс» (2). Развернувшиеся в печатных изданиях дискуссии о природе звука, протекавшие в острых спорах и столкновениях различных, иногда сблизившихся, иногда антагонистических тенденций, велись философами, эстетиками, искусствоведами, осуществлявшими междисциплинарные исследования на стыках различных областей знаний. Перемены отчетливо проявились, как в профессиональных «кругах», так и на уровне массового сознания, где музыкальное искусство предстало в качестве отражения «мозаики мира» и потрясения его незыблемых основ. Многие ведущие ученые – исследователи, композиторы-музыканты, бывшие сторонниками трехмерности звука (пространство, время, движение) стали отвергать идеи традиционного подхода и его четырехмерности (динамика, тембр, высота, длительность). Согласно их взглядам информация, закодированная в звуке, непосредственно обращена к сознанию воспринимающей музыку личности. При этом звук мог представлять в различных ипостасях: и в качестве физического феномена, и в качестве числа, и в качестве элемента музыкальной речи.

При всей художественной неповторимости и заметном различии судеб их искусства создатели музыки конца XIX начала XX века испытывали острейший кризис в наличии выразительных возможностей, средств и форм употребления звука. «Я лично в своем творчестве чувствовал необходимость новых средств выражения - писал Э.Варез – я отказываюсь употреблять только уже известные звуки, то, что я ищу - это новые технические средства, которые могут соответствовать любому выражению мысли» (3). К такому же мнению приходит другой композитор Жан Кокто (1892 - 1964), изложивший свое мнение в книге «Петух и Арлекин», сетовавший на то, что хватит облаков, волн, аквариумов, наяд, ночных ароматов. Необходимо была иная музыка, земная музыка повседневности. Общественность хотела и ждала музыки острой и решительной.

В своих попытках воспроизвести звучащие реалии бытия композиторы вводили и использовали в музыке звукошумовые эффекты - остинатную ритмику, имитирующую инструментовку, диссонантную гармонию и др., применяя для этого звучание различных инструментов – ударных, фортепиано, оркестровых и др., тем самым всемерно способствуя расцвету различных форм виртуозного инструментального исполнительства, стараясь максимально приблизиться к концертной эстраде. И все же человечество нуждалось в новых инструментах и формах воспроизведения звука.

Однако, поворотной вехой, несовершенной попыткой в развитии искусства синтезатора можно считать изобретение Элайши Грея (1876г.), продемонстрировавшего первый музыкальный «телеграф» с клавиатурой в две октавы и встроенным динамиком. Большой причудой на сегодняшний день можно считать и первый электромузыкальный инструмент под затейливым названием - «Телармониум», вес которого составлял около двести тонн. Рационализаторская мысль продолжала свою работу и случилось так, что в Советском Союзе, по особому указу В.И.Ленина (1920г.) был сконструирован инструмент «Терменвокс», имевший чувствительность к движениям рук музыканта, снабженный специальными датчиками. Ясно одно, именно синтез науки, техники и искусства позволил открыть новую эру в создании и распространении синтезатора, ведя от музыки машин к «машинной музыке» (Н.Провозина).

За последующие годы синтезатор претерпевал ряд кардинальных изменений в устройстве, коснувшихся попыток синтеза инструментов – фортепиано, клавирина, духовых и др. В настоящее время в его характеристиках указывается, что это инструмент, создающий звук при помощи генераторов звуковых волн, имеющий корпус с клавиатурой, могущий обладать синтезаторским модулем, управляемым от MIDI-клавиатуры, или MIDI-гитары и др. По этому поводу заметим, что если клавишный синтезатор оборудован встроенным секвенсором, то он представляет собой рабочую станцию. Среди инструментов электромузыкальной индустрии наиболее популярными и пользующимися большим спросом считаются: «Yamaha», «Roland», «Korg», «Alesis», «Casio», «Ensoniq» и др. Таким образом, современный синтезатор являет собой синтез передовой технологии тон-генерации с цифровой электроникой. Он может воспроизвести большое количество разновидностей тембра (около шестидесяти четырех), рояля, органа, гитары, струнных медных духовых, саксофона, деревянных инструментов, воссоздать различные стили – поп-музыка, рока, джаза, «фанк», старинных танцев, маршей, песен, латиноамериканской музыки и многого другого.

Новые грани скрытого потенциала электронной музыки, богатство мелодических форм, средств выражения звука, возможности применения, как в домашнем музицировании, так и на большой концертной сцене, а также обнаруженные ранее неизвестные новые возможности оперирования акустическими эффектами, создающими трехмерное пространство, привлекли к себе внимание композиторов, внесших инновационный вклад в саму эстетику музыкального искусства. Об этом могут свидетельствовать грандиозные творческие работы Э.Артемьева – создателя музыки к художественным фильмам А.Тарковского – «Солярис», «Сталкер», «Зеркало», Н.Михалкова – «Сибирский цирюльник», публичный концерт П.Зиновьева (Лондон) – «Partita for Unattended Computer», масштабный мультимедийный проект Э.Вареца (Брюссель) – «Электронная поэма» и др. Все эти произведения, являющиеся моделями художественно-творческого поиска говорят нам о том, что их богатое внутреннее психологическое содержание разворачивается в контексте самопознания личности самой себя.

В связи с этим можно с уверенностью утверждать, что искусство синтезатора с его специфической образностью может раскрываться только через особое эстетическое отношение человека к окружающей его действительности. В частности, анализируя возможности цифрового рояля, как новой технологии освоения музыки, К.А.Цатурян указывает на то, что это другой инструмент, «не похожий полностью ни на «Хаммер-клавир», ни на акустический рояль. Это инструмент нового века, требующий иного подхода, иной выучки» (4). Для освоения данного вида профессиональной деятельности будущему учителю музыки необходимо знать, что обучение игре на синтезаторе имеет свою особую специфику и для работы с ним необходимо обладать определенными исполнительскими умениями и навыками, так как, начиная с клавиши синтезатора, представляющей собой выключатель, замыкающий и размыкающий электрическую цепь, этот инструмент по своей чувствительности и отзывчивости на прикосновения пальцев к клавиатуре существенно отличается от акустического рояля. Если фортепиано настраивается по определенному существующему способу и для него важен исполнитель, воплощающий звуки в конкретном звучании, то в данном случае, благодаря режиссированию и предварительной записи музыки интерпретатор имеет возможность корректировать звучание непосредственно в исполнительском процессе. Многие музыканты указывают на то, что не испытывают проблем с техническим исполнением произведений, так как существенную сложность для них представляет решение задач, связанных со звукорежиссированием. Так, согласно М.М.Заббаровой мы становимся наблюдателями следующей пятизвенной коммуникативной цепочки: «композитор – исполнитель – слушатель – звукорежиссер – программист» (5). К деятельности программиста ею причисляется создание программ управления звуковым материалом, к сфере деятельности композитора – высотно-ритмических, фактурных, тембровых программ, исполнителя – агогики, артикуляции, звукорежиссирования - (программ создания виртуального пространства электроакустическими средствами, композиций с живыми исполнителями, мастерами -инструментальщиками), а также программ, предусматривающих использование виртуальных голосов.

При этом, каждый из студентов, приобщающихся к творчеству, может дать полную свободу своему творческому мышлению и фантазии при раскрытии и проникновении в содержательную основу изучаемого произведения. Ввиду субъективной направленности учебной деятельности во время освоения технологии игры на синтезаторе для нас важным является накапливаемый будущим учителем музыки самостоятельный профессиональный и творческий опыт, увеличивающийся за счет приобретения новых знаний и преобразования имеющихся умений и навыков. При этом воплощение педагогом-наставником различных ролей (эксперта, акустика, звукорежиссера, музыканта, драматурга и др.) может являться своего рода импульсом к появлению ценностной мотивации студентов, так как подача

интересующей их информации будет осуществляться в виде назревающей проблемы, которую необходимо решить на практике. Постоянное столкновение с ней потребует от студентов постижения и применения всех известных приемов и способов решения звуковых исполнительских задач.

В разработанном нами спецкурсе «Технология игры на синтезаторе» каждому из студентов предоставляется возможность проявить свои способности с целью самоактуализации на основе имеющихся и вновь приобретаемых знаний, умений, навыков, профессионального опыта, творческого потенциала. Синтезатор – самый молодой и в то же время самый многофункциональный инструмент. Он расширил возможности составления звуков. С ним становится возможным, как подбор количества и состава обертонов в звуке, так и плавная регуляция силы каждого обертона, так как он имеет практически неисчерпаемое число его различных сочетаний. Этот инструмент имеет огромную память, начиная от ритмблока до многих мелодических треков. В тоже время, он не может точно воссоздать звучание подлинного классического инструмента. Структуру обучения игре на синтезаторе можно представить в следующей цепочке последовательностей: цель деятельности – учебные мотивы – учебные задачи – способы учебных действий – самоконтроль – самооценка – результат.

При этом подразумевается, что исполнительская деятельность студентов активизируется за счет собственной работы мысли, так как необходимо в первую очередь познать самих себя, раскрыть глубины своего творческого «Я», далее научиться проявлять себя в искусстве через выражение своего собственного исполнительского отношения к музыкальным произведениям.

Одна из главных задач спецкурса – повышение исполнительского уровня по программе начального звена музыкального образования. Программа является конкретным руководством в вопросах параллельного обучения на двух инструментах. Так, на Normal –клавиатуре воспроизводится курс обучения на фортепиано, осуществляемый с учетом уменьшения тесситуры. В тоже время имеющаяся Overal – функция, позволяет прибавить к действующим октавам еще четыре октавы с учетом изменения звукообразования. В связи с этим требуется знание применения специальных приемов звукоизвлечения. В тоже время, многотембровость синтезатора позволяет прибавлять к основному репертуару пианистов огромные пласты из репертуара струнников, «народников», органистов, духовиков и др. В связи с этим, отбирая музыкальный репертуар, предназначенный для изучения студентами, мы старались использовать музыку различных направлений и стилей, сочиненных композиторами-представителями, работавшими в различных техниках нотного письма. При этом подразумевалось, что деятельность студентов активизируется за счет собственной работы мысли, самостоятельных индивидуальных репетиций на синтезаторе, в процессе которых им ставилась задача познания своих исполнительских возможностей на базе соответствующей подготовки, проявления себя в музыкальном искусстве через выражение самостоятельного отношения к произведениям. В связи с этим большое внимание уделяется развитию самостоятельности студентов в следующих видах деятельности - чтение нот с листа, самостоятельный разбор, подбор по слуху, аккомпанемент, аранжировка музыкальных произведений. Так, например, подбор по слуху рекомендуется начинать с несложных попевок и детских песен. В самостоятельной работе каждый будущий учитель музыки должен уметь определять тембр учеников и в соответствии с этим подбирать аккомпанемент песни в требуемой тональности. При этом будущий педагог-музыкант должен уметь находить соответствующее звучание инструментов, которые могли бы максимально разнообразить и украсить саму мелодию песни.

В связи с этим в основе предлагаемой методики обучения технологии игры на синтезаторе предлагается развитие профессионально-значимых качеств будущих учителей музыки, чувств самоактуализации, саморазвития и удовлетворения достигнутыми результатами. Безусловно то, что для работы на синтезаторе будущему учителю музыки необходимо обладать специальными знаниями, умениями и навыками. Так, например, существенную сложность для начинающих студентов представляет собой работа с MIDI-устройством, предназначенным для записи и воспроизведения звуков. Иными словами, он должен научиться работать с устройством, напоминающим многоканальный магнитофон. При этом, главными в освоении технологии игры на синтезаторе считаются принципы постепенности и последовательности, перехода от простого к сложному, повторения пройденного и др.

Приступая к изучению технологии игры на синтезаторе каждый студент должен иметь:

- знания об организации исполнительской, теоретической, практической, исторической, полихудожественной, опосредованной видов деятельности;
- уметь осуществлять подбор автоаккомпанемента, нахождения стиливого решения музыкального материала, внесения поправок в исполнительскую версию и др.;
- опираться на педагогическую интеграцию музыкально-образной, эмоциональной, режиссерской, театрально-художественной, теоретической, практической сторон процесса обучения;

- осуществлять слуховой анализ, синтез, обобщение, моделировать версию исполнения музыкального произведения и др.;

- обладать необходимыми знаниями, умениями, навыками игры на клавиатуре синтезатора.

И в заключении статьи хотелось бы заметить то, что освоение будущими учителями музыки технологии игры на синтезаторе постоянно требует обновления знаний, умений, навыков моделирования учебного процесса за счет применения новых способов и приемов использования звука.

1. Л.Акопян Эдгар Варез. *Asmir theremin ru / lib / Varese. htm. 2013*

2. Э.Варез. *Манифест электронной музыки. Cuntroll ru /articles /article 3/ ingus. ru. Индустрия нестабильности. 2013.*

3. Там же.

4. К.А.Цатурян. *Музыкальная педагогика сегодня: Цифровой рояль и «Новая выгода» электронного редактирования. /Музыкальное образование в современном мире. Алматы. 2008. Вып.1 с 99-109.*

5. М.М.Заббарова *Функции электронной аранжировки в социально-культурном контексте музыкального образования. Сб науч. Ст. Алматы.2010. –с 164.*

УДК: 159.9

ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНДА ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛАРЫНЫҢ АНЫҚТАЛУЫ

А.А. Утепбаева – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 1 курс магистранты

Резюме

В статье рассматривается актуальная тема нашего времени ценностные ориентаций. Также описывается мнение, взгляды о ценностных ориентаций отечественных и зарубежных исследователей. Вместе с этим также говорится о национальных ценностях казахского народа, и каким должен быть преподаватель 12 летнего образования, в особенности учителя начальных школ. И какие мы должны делать условия для развития ценностных ориентаций у учителей начальных школ, для того чтобы воспитывать у детей ценностные ориентаций.

Resume

This article considered the nowadays actual theme the valuable orientations. There are also opinions, outlooks on valuable orientations of our and foreign researchers. At the same time it is about national values of Kazakh people too and about how will be a teacher of twelve years education, a specially teachers of primary schools. And what kind of necessary of conditions can we give for development valuable orientation about teachers of primary schools to inculcated children valuable orientations.

Аннотация

Қазіргі кездегі кең тараған мәселелердің бірі құндылық бағдарлар. Құндылық бағдарлардың психология ғылымында алатын орны және ғалымдардың берген анықтамалары, олардың зерттеген мәселелері қарастырылады. Сонымен қатар, болашақ бастауыш сынып мұғалімдердің ұлттық құндылықтары аталып өтіледі.

Ценностные ориентации являются актуальной темой нашего времени. Мы рассматривали определения, которые были даны как отечественными, так и зарубежными учеными, и роль ценностных ориентаций в психологии. Также рассматривали национальные ценностные ориентации будущих учителей начальной школы.

Қазіргі кезде тұлғаның дамуын, қалыптасуын зерттеу басты орынға қойылған мәселелердің бірі болып отыр. Бұл мәселе көптеген ғылымдар аясында туыстас ғылымдар түйісінде зерттеудің ортақ объектісі болып отыр. Тұлға құрылымындағы «құндылықтық бағдарлар» ерекшеліктерін, әлеуметтік-психологиялық маңызын, оның тұлға дамуындағы, қалыптасуындағы рөлін айқындау ерекше.

Құндылық анықтамасын әлеуметтік психологиялық бағытында құндылық жүйесін адамға деген қатынастың нормалары мен ережелерінің жиынтығы ретінде емес, адамның құндылықты қабылдауының әлеуметтік сипатын талдау ретінде қарастырады. В.Ф. Сержановтың [1,336] қорытындылауына эр түрлі құндылықтар екі қасиетпен сипатталады: ол мәнділік және тұлғалық мән. Құндылық мәнділігі заттың немесе идеялардың қоғамдық мәнді қасиеттері мен қызметтерінің жиынтығы, құндылықтың тұлғалық мәні адамның өзімен анықталатындығында.

Құндылық мәселесінің әртүрлі аспектілерін отандық ғалымдар зерттеген болатын. Мысалы: жеке тұлғаның құндылықтарға бағдарлануы теориялық практикалық негіздерін И.Д. Багаева, З.И. Васильева, Г.К. Нұрғалиева, жастардың құндылық бағдарын әлеуметтік тұрғыдан В.Я. Ядов, Б.В. Ломов қарастырған.

Сонымен қатар, ұлттық құндылықтарды танып білу, меңгеру және ұлттық мәдениеттің қалыптасу негіздері ағартушылар Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, Ш. Құдайбердиев, М. Дулатов, А. Байтұрсыновтың рухани мұраларынан бастау алады.

Философтар мен мәдениеттанушылар Т.Ғабитов, Ғ.Есім, Д.Кішібеков, Б. Ерасов, Е. Әлсатов, С.Нұрматов т.б. құндылықтардың әлеуметтік-философиялық мәнін айқындаған.

Құндылық бағдардың қалыптасуының теориялық негізін Т. Парсонс, Р.Б. Перри, А.В. Кирьякова, Н.Г. Казакина, А.И. Титаренко, Л.С. Рубинштейн, В.Н. Мясичев, Д.Н. Узнадзе қарастырған. Қалыптасқан тұрақты құндылықтар бағдарларының жиынтығы тұлға тұрақтылығын, қажеттер мен қызығулар бағдарында көрінген әрекет-қылқ және іс-әрекет типтерінің өзара байланыса, ұштасуын қамтамасыз етеді. Осыдан, құндылықты бағдар тұлға мотивтеріне себепші, реттеуші маңызды фактор ретінде іске қосылады.

Құндылық бағдарларының негізгі мазмұны-адамның саяси, философиялық, адамгершілік наным-сенімдері, терең әрі тұрақты бейімділіктері, әрекет, мінез принциптері. О.И. Зотова және М.Н. Бобневалар “құндылықтық бағдарлар” түсінігін философиялық тар аумақтан шығарып, әлеуметтік, саясаттанулық, психологиялық пәндерге енгізу керек деп көрсеткен[2,196]. Осы көрсетілген құндылықтық бағдарлар түсінігінің ауқымы кең екені, мәні зор екені көрінеді. Яғни бұдан біз құндылық бағдарларды тек қана бір ғылым төңірегінде зерттей алмайтынымыз көрінеді.

Құндылықтық бағдарлар- бұл бекітілген бағдарлардың жүйесі. Олар тұлғаны берілген мәдениеттің құндылықтарына көңіл аудартады және тұлғаның өмірлік, мінез-құлықтық таңдауларын анықтайды. Осы бағдарларға сүйене отырып, индивид белгілі-бір мінез-құлықты атқарады. Құндылықтарда әрбір адамның қайталанбас өмірлік тәжірибесінің, қызығушылықтары мен қажеттіліктерінің, әдеттерінің ерекшеліктері жинақталған. Адамның өмірлік мақсатын анықтайтын құндылық бағдарлар адамның мәнділік және тұлғалық мағынасын көрсетеді. К.А. Абульханова - Славская және А.В. Брушлинский құндылық бағдарларды ұйымдастыру жүйесіндегі мағыналық түсініктер рөлін сипаттай келе, ол келесі қызметтерде көрінеді деген: белгілі бір құндылықты қабылдау мен іске асыруда; оның мәні не артқанда, не төмендегенде; әр уақытта құндылықты ұстап тұрғанда немесе жоғалтқанда.

Құндылық бағдардың дамуы- тұлға кемелінің белгісі, оның әлеуметтенуінің көрсеткіші, құндылықты бағыттардың тұрақты бірлігі тұлғаның келесідей сапаларының дамып, орнығуына себепші болады: тұлғаның тұтастығы мен сенімділігі, белгілі мұраттар мен принциптерге адалдық, осы мұраттар мен принциптерді іске асыру жолында ерік күшін аямауға қабілеттілік, өмірлік ұстанымдарға орай белсенділік, мақсатқа жетуде табандылық пен өжеттік. Құндылықты бағыттар арасындағы қайшылықтар әрекет пен мінездегі тұрақсыздығы туындатады. Құндылық бағдардың төмендеуі адамның селкостығы мен енжарлығына себепші болады.

Әлеуметтанушы В.Л. Оссовский құндылық функцияларының екі аспектісін көрсетті: қоғам қызығушылықтарын қанағаттандыратын, мәдениет элементі ретіндегі- норма құндылықтары және адам қызығушылықтарының объектісі ретіндегі- объект құндылықтары. Оның жұмысында бұл құндылықтардың өзарақатынас ерекшелігі көрсетілген. Құндылықты сендіру түсінігі арқылы қарастыру Г.Е. Залесский мен американдық психолог М. Рокичтің жұмыстарында үлкен орын алған. Олар құндылықты тұрақты сендіру ретінде көрсетеді. Олардың ойынша тұлға құндылығының мынадай белгілері бар:

- Құндылық бастаулары - мәдениет, қоғам;
- Әлеуметтік феномендерге деген құндылық әсері;
- Адам дәулеті саналатын жалпы құндылықтар саны;
- Құндылықтар дәрежесінің әр түрлілігі;
- Жүйе бойынша ұйымдастырылған құндылықтар.

Психологиялық пәндер аясында «құндылықтық бағдарлар» адам мінез-құлқы мен іс-әрекетін сипаттайтын механизм санаттарымен байланысты. Э. Шпрангер бұл қағиданы сынға ала отырып, адам жанының мазмұны эмоционалдық реттеу арқылы айқындалатын субъективтік құндылықтарды ғана емес, сонымен бірге объективтік құндылықтарды да бейнелейтінін көрсеткен. Бұл құндылықтар өмір тарихында қалыптасып, жеке-дара өмірдің мәні мен мазмұны шеңберінен шығып объективті мәдениет аясында кіретінін айтқан. Сонымен психологияда құндылықтық бағдарлар субъективтік және қоғамдық сананы, нормалар мен түсініктерді көрсететін екі жақты сипатқа ие. Бұл жерде құндылықты бір ғана жағынан қарастыруға болмайды. Себебі, ол субъективтік, сонымен бірге қоғамға ортақ нормаларын, ережелерден, талаптардан көрінуі мүмкін[2,216]. Осы айтылған оймен толықтай келісемін, себебі құндылық кең ауқымды мағынаны қамтиды. Бұны біз көптеген ғалымдардың зерттеулерінен байқауға болады.

Құндылықтық бағдарлар қоғам өзгерістерімен шарттас болғандықтан қоғамдық жүйенің өзгеруі әлеуметтік саладағы өзгерістер жұртшылықтың санасында құндылықтық бағдарлардың жаңа жүйелегі орнығуына ықпал етуде. Қазіргі таңдағы тұлғаның қалыптасуындағы, әсіресе жаңа буын қалыптасуындағы құндылықтық бағдарлар өрісінің бейтарап тұрғандығын көрсетпек болады.

Бүгінгі Қазақстандық қоғамда құндылықты бағыттар қатарында ұлтжандылық, отаншылдық сезімдері, яғни өз халқымызды, оның салт-дәстүрін, тілін, мәдениетін, әдеттерін, туған ел табиғатын құрметтеп білу-жоғары маңызға ие болып отыр. Сонымен бірге әрбір адам үшін жоғары құндылық – бұл өмір, тіршілікке болған қамқорлық, гуманистік қатынастар негізі - әр адамның өз басын сыйлауы, өз адамгершілік сапаларына болған құндылықты қатынас; ата-ананы, туған-туысқанды, отбасы, бала-шағаны ардақ тұту, табиғатты аялау және ең жоғары инабатты құндылық ретінде еңбекті қадір ету[3,149б]. Осыдан біз ұрпағымызды жастайынан тәрбиелеу керек деген ой келеді. Бұл ұрпақты тәрбиелеу мамандардың қолдарында. Сол себепті, қазіргі заман талабы 12 жылдық білім беруге көшу. Ал 12 жылдық білім беруге көшуде алғашқы саты- бастауыш білімнің орны ерекше. Сол себепті оларды оқытып, тәрбиелейтін мұғалімдер жан-жақты маман болуы керек. Болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерінің бойындағы басты ерекшелігі, ұлттық құндылық. Ұлттық құндылыққа бай маман болуы үшін оны ЖОО-нда даярлау керек. Олардың құндылық бағдарларын анықтап, әлеуметтік ортада да, өзі үшін де маңызды құндылықтарға бағдарлануы психологиялық, педагогикалық жағдай жасауды қажет етеді.

Тірек сөздер: құндылықтар, құндылық бағдарлар, ұлттық құндылықтар.

1. Э.К. Қалымбетова – «Құндылықтық бағдарлардың психологиялық ерекшеліктері»- \ҚазҰУ хабаршысы, психология және социология сериясы, №4(31)-32-36б.
2. Э.К.Қалымбетова, Л.О.Баймолдина – «Құндылықтық бағдарлардың студент тұлғасына әсерінің психологиялық ерекшеліктері»- \ҚазҰУ хабаршысы, психология және социология сериясы, №4(35)-19-22б.
3. Бабаев С.Б., Оңалбек Ж.К. Жалпы педагогика – Алматы, 2005-228б.
4. Н.С.Жұбаназарова, Б.Т.Абдрахманова – «Тұлғаның құндылық бағдарына нарықтық жағдайдың әсері»- \ҚазҰУ хабаршысы, психология және социология сериясы, №1(36)-56-60б.

БІЛІМ ЖӘНЕ ӨЗ БЕТІМЕН БІЛІМ АЛУҒА ДЕГЕН ФИЛОСОФИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАР

Н.Қ. Толегенова – магистрант *І.Жансүгіров атындағы ЖМУ, Талдықорған қаласы*

Резюме

В данной статье дается определение понятиям «знание» и «самостоятельное получение знаний», а также рассматриваются философские взгляды ученых-философов древнего мира и Казахстана. В «Словах назиданиях» Абая очень много написано о том, что нужно самому самостоятельно развиваться и получать знания.

В статье раскрывается проблема актуальности самостоятельного получения знаний в системе кредитной технологии обучения и проблема подготовки конкурентноспособных специалистов, способных реализовать программу развития Казахстана, предложенную президентом Нурсултаном Назарбаевым.

Summary

In this article the concepts of "knowledge" and "independent acquisition of knowledge" are defined, and the philosophical views of scientists-philosophers of the ancient world and Kazakhstan are discussed. In Abay's "Words of edification" it is written a lot about the people, who must independently develop and absorb knowledge.

This article deals with the problem of relevance of independent learning within the system of credit teaching technology and the problem of training of competitive specialists, who are able to implement the development program of Kazakhstan, which president Nursultan Nazarbayev has proposed.

Қазақстан Республикасының экономикалық қатынастары мен бәсекелестіктің қанат жаюына байланысты әр түрлі өзгерістер жоғары оқу орындарындағы білім беру жүйесіне қойылатын талаптарды да өзгертуге әкеліп отыр. «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғалы қашан. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс.», – деп Елбасы Қазақстан халқына жолдаған «Қазақстан-2050» бағдарламасында айтқан болатын [1]. Сондай-ақ жас ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажеттілігіне, олар қазіргі заманға бейім болуы үшін бұл аса маңызды екеніне де назар аударды. Ел Президентінің ұсынған бағдарламасы білім беру жүйесінің алдына нәтижеге бағытталған білім моделін жасауды қамтамасыз ету және оны халықаралық білім беру кеңістігімен интеграциялау мақсатын қойды. Демек, Елбасының жастарды еңбектің қай саласында болмасын, әсіресе білім алуда да

тек мәлімет жиынтығын меңгертумен шектелмей, іс-әрекетін өздігінен тиімді ұйымдастыра отырып, шығармашылық бағыт ұстанатын, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын құзырлы маман болуға даярлау қажеттігін негізге алып отыр.

Ал құзырлы маман бойында заман талабына сай білімі болуы тиіс. Жалпы, білім (лат. scientia, ағылш. knowledge, араб.: علم) [2] – адамдардың белгілі бір жүйедегі ұғымдарының, деректері мен пайымдауларының, т. б. жиынтығы. Білім адамзат мәдениетінің ең ауқымды ұғымдарының бірі болып табылады. Ол сана, таным, объективті әлем, субъект, ойлау, логика, ақиқат, парасат, ғылым және т.б. күрделі де терең ұғымдармен тығыз байланыста әрі солар арқылы анықталады. Білім философия мен рационалды білім пайда болғаннан көп бұрын дүниеге келген [3].

Өз бетімен білім алуға деген әртүрлі философиялық көзқарастар бар. Аталмыш мәселе ерте заманғы тарихтан, яғни ежелгі грек философы Сократтың ой-пікірлерінен бастау алады. Философ еңбектерінде шәкірттің өздік іс-әрекеттерінің сана дамуында ерекше орын алатындығы, оқыту барысында оның өздік іс-әрекеттерін басқарып отыру маңыздылығы атап өтілген. Білім алушы мұғалімнің басқаруымен өз бетінше шешім қабылдай алуы қажет екендігі айтылған. Сократтың әңгімелесу түріндегі эвристикалық оқыту әдісі ерекше сұрақтар арқылы білім алушыға өз бетімен мәселе қойып, оның шешімін табуға көмектеседі. Сократтың әдісі дамып, ғұлама педагогтар еңбектерінде көрініс тапты. Ян Амос Коменскийдің «Ұлы дидактикасында» балаларды оқыту қажеттілігі туралы былай деп жазған: «бастауларды ашу және олардан жылғалармен шығару қажет». Осылардың негізінде жұмыс ұйымдастырылса, лекция, семинар, өздік жұмыс, кеңес беру сияқты ұғымдар арасында шекара болмайды. Қытай философы Конфуцийдің «Естігенің ұмытылар, көргенің есінде қалар, ал өз ақыл-ойыңмен істеген ісінді түсінесің» деген даналық сөздері осы айтылғандарды дәлелдей түседі.

Әбу Насыр Әл-Фараби адамды өз болмысын өзі танып білуге тәрбиелеу ісіне үлкен мән берді. Бұл мәселені логикалық, этикалық, педогогикалық, тілдік тұрғыдан кеңінен саралап, бұларды бір-бірімен өзара сабақтастықта қарастырады [4].

Әл-Фараби сезім мен ойлау, тәрбие мен іс-әрекет жүйесін жетілдіру мәселесіне қайта айналып соғып отырған. Білімсіз адамгершілік молаймайды, адам өзгенің абзал қасиеттерін тани алмайды. Жан-дүниені тәрбиелемей, үлкен жетістікке жету жоқ. Ғылым мен тәрбие ұштасса ғана рухани салауаттылыққа жол ашылмақ. Әл-Фараби мінез-құлқын түзей алмаған адамның ақиқат ғылымға қолы жетпейтіндігін ескертеді. Бір сөзбен айтқанда, Фараби адамдардың өздері көздеген мақсатына жетуі оның өзіне ғана байланысты екенін айтады. Адам рухани жағынан үнемі өзін-өзі жетілдіріп отыруға тиіс, адам тек ақиқатты, айналадағы дүниені танып-білу арқылы жетіледі деп түйін жасайды.

Білімнің өзі адамды жануардан ерекшелендіреді. Баласағұни сондықтан да білімсіз адамдар малға ұқсайды дегенді айтады. Ол білімділікті қаншалықты жоғары бағаласа да, оның жазбаларынан «жазылған нәрсеге үміт артпа, өзің күш-жігер таныт» дегенді кездестіреміз. Баласағұни үшін философия білім алу немесе өздігінен білім алу процесімен пара-пар, ал неғұрлым кең мағынасында ол білім берумен үйлеспейтін, бірақ оның мәні болып табылатын нәрсе. Бұл жерде «өте мәнді сәтті» атап көрсету маңызды, Әл-Фараби салған дәстүрден кейін іле-шала Баласағұни философиясында білім алу әлеуметтік-мәдени процесс ретінде ғана емес, сондай-ақ дүние құрушылықтың әмбебап ұстанымы ретінде де бой көрсетеді. Сондықтан да білім беру мен оқытудың реттілігін, іргетастық онтологиялық қатынастарға сәйкес, оқушылардың оларды оқып-үйренуінің субъективтік реттілігіне сәйкес келтіреді. Оның сенімі бойынша, «ғылым мен зерде – барлық істердің негізі», «білімсіз зерде де, сөз де құнарсыз» [5].

А. Құнанбаев тұлғаның өзіндік сана-сезімді дамытуда өз бетімен жан-жақты білім алуға шақырады. Абай өз шығармаларында нәр татқан рухани бұлақтар төркінін жасырмайды, ол қайта: «Ғылымды іздеп, Дүниені көздеп, Екі жаққа үңілдім...», – деп ескертуінде мәні терең сыр жатыр. Фараби мен Абай шығармаларындағы пікір сабақтастығын, ақын шығармашылығы нәр алған рухани көздерінің түп-төркінін қарастырғанда, алдымен екі ұлы ойшылға ортақ «жан қуаты» немесе Абайдың өз сөзімен айтқанда «өзін танымақтық» жөніндегі көзқарасына айрықша назар аудару қажет [6].

Адамзат тарихында ғылыми ой үздіксіз даму барысында «өзін танымақтың» немесе «жан қуаты» туралы ойлардың қалыптасу жолдарын танып білу күрделі мәселеге айналып, бастан-аяқ қарама-қарсы көзқарастардың өріс алуына түрткі болды. Адамның өзін танымақтық жөніндегі ілімінің алғашқы қадамы көне дүние философияларынан басталса да, оны өз заманында ғылыми жүйеге түсіріп, қалыптастырған Фараби еңбегі ерекше көзге түседі. Жалпы «жан қуаты» немесе «өзін танымақтық» жайлы күрделі ой сарасына қазақ топырағында арғы заманда Фараби, соңғы дәуірде Абай терең барлап барған. Абай өлеңдері мен қарасөздеріндегі жан қуаты жайлы ой толғануында «жан құмары», «жан қуаты», «жанның азығы» т. б. осы іспеттес философиялық сарындағы ойларын таратқанда: «Жан қуаты деген қуат-бек көп

нәрсе, бәрін мұнда жазарға уақыт сиғызбайды», – деп, айрықша ескертуінің өзіндік себептері бар. Бұл тұжырымынан ақынның «өзін танымақтығы» жөніндегі ілімінің тарихымен толық таныстығы анық байқалып, өз тарапынан ойларын кең түрде тыңдаушыларына молынан жеткізе алмаған өкініші де сезіледі. Жан қуаты жөнінде Фараби қолданған философиялық терминдер Абайдың өлеңдері мен қара сөздерінде қазақы ұғымға сай балама сөздермен беріледі. Ақынның Он төртінші, Он жетінші қарасөзі мен «Әуелде бір суық мұз ақыл зерек...», «Көзінен басқа ойы жоқ...», «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа...», «Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі асыл тас...» өлеңдерінде арнайы сөз болып, талқыланатын ақыл, қайрат, жүрек жайлы философиялық мағынадағы ойларының бастау алар көзі Фараби еңбектерінде жатыр [7].

Абай Құнанбаев төртінші сөзінде «Кулық саумақ, көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ – өнерсіз иттің ісі. Әуелі құдайға сыйынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп, еңбегінді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды», – деген. Ал оныншы сөзінде «Ғылымсыз ахирет те жоқ, дүние де жоқ. Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған хаж, ешбір ғибадат орнына бармайды», – деп айтқан.

Жалпы, кез-келген іс-әрекет қорытындысының есебі болу керектігін Абай он бесінші сөзінде баса айтқан «Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың?»

Он тоғызыншы сөзінде «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады», – деген.

Өз бетімен білім алу туралы отыз сегізінші сөзінде былай деп жазған: «Ғылым-білімге махаббаттандырмақ әлгі айтылған үшеуінен болады. Ғылым-білімді әуелі бастан бала өзі ізденіп таппайды. Басында зорлықпенен яки алдауменен үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздегендей болғанша. Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпенен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады. Сонан соң ғана Аллаһ Тағаланы танымақтық, өзін танымақтық, дүниені танымақтық, өз адамдығын бұзбай ғана жәліб мәнфағат дәфғы мұзарратларны айырмақлық секілді ғылым-білімді үйренсе, білер деп үміт қылмаққа болады.»

- появляющиеся изворотливость, лживость;

- неопрятность, неряшливость, не характерные ранее;

- приступы депрессии, страха, тревоги [10].

Компьютер, выполняет действительно широкий спектр задач: проигрывание музыки и радио, отображение фильмов и телевизионных каналов, фиксация текстовых наборок, отображение текстов, графических объектов и анимации, выполнение функций телефона и калькулятора, отображение и предоставление возможности изучения глобальных сетей и участия в электронных играх, а также многое другое. Таким образом, перед ребенком открывается новый мир бесчисленного количества возможностей и интересов, который "отключает" его от реального мира, "переключая" на себя. Психологическая невозможность совладать с желанием насытиться новой информацией и есть компьютерная зависимость [11].

Несмотря на то, что стремления, возникающие при компьютерной зависимости, изначально несут положительные аспекты, данный тип зависимости, как и любая другая аддикция, ведет к деградации личности, разложению социального статуса, потере собственного "Я", ухудшению психологического здоровья, возбуждению внутренних раздражителей, возникновению агрессии, замкнутости.

Результаты наших исследований показывает, что ребенка привлекает в игре:

- Наличие собственного (интимного) мира, в который нет доступа никому, кроме него самого;

- Отсутствие ответственности;

- Реалистичность процессов и полное абстрагирование от окружающего мира;

- Возможность исправить любую ошибку путем многократных попыток;

- Возможность самостоятельно принимать (любые) в рамках игры решения, вне зависимости от того к чему они могут привести [12].

Единственным на настоящий момент проверенным способом не дать подростку оказаться в зависимости от компьютерных игр - это привлечь его в процессы, не связанные с компьютерами, чтобы электронные игры и процессы не стали заменой реальности. Показать растущему человеку, что существует масса интересных способов свободного времяпровождения помимо компьютера, которые не только позволяют пережить острые ощущения, но также тренируют тело и нормализуют психологическое состояние. Задача педагога – организатора организовать досуг ребенка таким образом, чтобы оградить его от негативного воздействия информационных технологий, в том числе и компьютера.

Виртуальная реальность - это нематериальность воздействия, условность параметров и эфемерность, - это не есть жизнь, это лишь вторичная часть жизни, это параллельный, но не основной процесс. Нет смысла игнорировать компьютерные возможности, необходимо их использовать по мере необходимости, а развлечения в виде компьютерных игр, необходимо сопрягать с реальными активными действиями в реальном мире.

1. Моторин В.Н. Об использовании компьютера в педагогическом процессе. Дошкольное воспитание. 2001 - №12.
2. Чудинова В. П. Социализация ребенка и медиа // Школьная библиотека. – 2004. - № 4
3. <http://www.med.resourse.ru>
4. Яманова Т. Новый вид наркомании // Аргументы и факты. Семейный совет. – 2004. - № 17 (234) 17 сентября.
5. <http://www.ixbt.ru/>
6. Стукова О. В компьютерной колыбели? В компьютерных сетях! // Аномалия. – 1996. – № 23
7. <http://www.nnm.ru/>
8. <http://www.vn.ru/>
9. <http://www.Le-Mon.ru>
10. <http://www.baby.com.ua/>
11. <http://www.nnm.ru/>
12. <http://www.podumель.ru>

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ САБАҚТАН ТЫС ІС-ӘРЕКЕТТЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУДА ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІН ДАМУ ТҰРАҚТЫ ҚҰРЫЛЫМЫ

С.Ф.Тәжібаева – Жалпы педагогика-психология кафедрасы профессоры, п.ғ.к.,
Н.Сманова – педагогика кафедрасы доценті, п.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ

Резюме

Статья отражает этапы и содержание воспитательной системы и ее критерии оценки. Данные критерии условны, они могут быть расширены и конкретизированы применительно к той или иной воспитательной системе. Также эффективно созданная воспитательная система способна во многом подчинить своему влиянию окружающую среду, стать реальным центром воспитания в школе и социуме.

Resume

This article presents the stages and content of the educational system and its prioritizing criterion. Those criterion can be expanded and minimized to be applied to a particular educational system. In addition effectively set up educational system is capable to take control over surroundings, become the epicenter of education in schools and society.

Еліміздің және шетелдің көптеген ғалымдары тәрбие – ерекше сала және оны оқыту мен білім беруге қосымша ретінде қарастыруға болмайды деген қорытындыға келіп отыр. Тәрбиені білім беру құрылымының бөлігі ретінде қарастыру оның ролін төмендетеді және рухани өмірдің әлеуметтік практикасының нақты көрінісіне сәйкес келмейді. Педагог тәрбие саласына баса назар аударғанда ғана оқыту білім беру міндеттері тиімді шешіледі. Соған байланысты қазіргі мектеп тәрбиелеу мен оқыту өзінің педагогикалық жүйесінің маңызды құрамдас элементтері болып саналатын күрделі жүйе ретінде қарастырылады.

Мектептің педагогикалық жүйесі - өскелең ұрпақты мәдениетін меңгерген шығармашылықты, белсенді тұлға ретінде қоғам өміріне бейімдеу негізгі мақсаты болып табылатын мақсатқа бағытталған, төзін-өзі ұйымдастыратын жүйе. Бұл мақсат мектептің педагогикалық жүйесінің қызметінің барлық кезеңдерінде, оның дидактикалық және тәрбиелік жүйесінде, сондай-ақ барлық білім беру процесіне қатысушылардың кәсіби және еркін қарым-қатынасы саласында жүзеге асырылады.

Осы мектептің педагогикалық жүйесінің аксиологиялық негізін жетекші идеялар, мақсаттар, міндеттер, принциптер және педагогикалық теориялар қамтылатын теориялық тұжырымдама құрайды.[1]

Педагогикалық қарым-қатынас педагогтар мен тәрбиеленушілердің өзара ықпал ету құралы ретінде мектептің педагогикалық жүйесінің байланыстырушы компоненті. Педагогикалық жүйенің құрылымындағы қарым-қатынастың мұндай ролі оның тиімділігі бірлесе әрекет ету барысында ересек адамдар мен балалардың арасындағы қарым-қатынасқа (ынтымақтастықты және ізгілікті қатынас, жалпы қамқорлық, сеніммен қарау, әрбір адамға көңіл бөлу) тәуелді екендігіне қатысты.[2]

Мектептің кез келген педагогикалық жүйесі үшін оның элементтерін (белгілі бір ұйымдастырушылық) құрастырушылардың арасында байланыс пен қарым-қатынастың болуы ғана емес, өзара қарым-қатынаста жүйе өзінің тұтастығын бейнелейтін ортамен бөлінбейтін бірлік тән. Соған байланысты тәрбие жүйесі микро ортамен және макро ортамен тығыз байланысты болады. Микро орта ретінде мектеп игерген орта (ықшам аудан, елді мекен), ал макро орта ретінде жалпы қоғам қарастырылады. Мектептің тәрбие жүйесі көп жағдайда қоршаған ортаға өз әсерін тигізеді. Бұл жағдайда мектеп нақты бір тәрбие орталығына айналады.[3]

Бірыңғай педагогикалық жүйе аумағында дидактикалық және тәрбиелік жүйесі арасындағы өзара байланыс пен өзара әсерлесу әр қилы сипатқа ие болады. Жүйешілердің өзара тәуелділігі көп жағдайда теориялық тұжырымдама мен және басқа да педагогикалық жүйені дамытудың шарттарымен

анықталады. Тәрбиелік жүйеше сипаты мен мектептің жалпы педагогикалық жүйесі жағдайының арасында дидактикалық тәуелділік бар. Дамытылған мектеп тәрбие жүйесінің динамикалық дамуын қажет етеді.

Тәрбие жүйесі- тәрбиенің компоненттерінің (субъектілер, мақсаттар, мазмұны және іс-әрекет тәсілдері, қатынастар) өзара әсерлесуі нәтижесінде қызмет етеін және ұжым өмірінің бейнесі, оның психологиялық климаты сияқты интегративті сипатқа ие болатын біртұтас әлеуметтік организм (Л.И.Новикова).

Тәрбие жүйесін құрудың мақсаттылығы:

- тәрбиелік әрекет субъектілірінің күшін интеграциялау, педагогикалық процестің компоненттерін (мақсатты, мазмұндық, ұйымдастырушылық, бағалаушылық-нәтижелілік) өзара байлағысын бекітумен;

- табиғи және әлеуметтік ортаны игеру және оларды тәрбиелеу ортасына тарту арқылы мүмкіндіктер ауқымын кеңейтумен;

- тәрбиені жүзеге асыратын мазмұнның, әдістердің сабақтастығы және диалектикалығы қойылған міндеттердің орындалуын қамтамасыз ететіндіктен педагогикалық ұжымның уақытын және күшін үнемдеумен;

- оқушыға, мұғалімге, ата-аналарға ұжымдағы іскерлік және тұлға аралық қатынастырда шығармашылықпен өзін-өзі көрсетуге өсуге, қайталанбас даралық, ізгілік танытуға мүмкіндік беретіндей олардың тұлға ретінде өздерін көрсетуі және танытуы үшін жағдай жасаумен байланысты.[4]

Мектептің тәрбие жүйесін дамытудың қозғаушы күштері. Мектептің тәрбие жүйесі “жоғарыдан” берілмейді, мұғалімдер, балалар, ата-аналар және т.б. сияқты педагогикалық процеске қатысушылардың күшімен құрылады. Олардың өзара әрекеттесуі барысында оның мақсаты мен міндеттері қалыптасады, оларды жүзеге асырудың жолдары анықталады, тиісті іс-әрекеттер ұйымдастырылады. Мектептің тәрбие жүйесі емес, динамикалық құбылыс, сондықтан оны ұтымды басқару үшін оны дамуының механизмі мен ерекшелігін білу қажет.

Жүйені құру әрқашанда оның элементтерінің реттілікке ұмтылуына, біртұтастыққа қарай қозғалауына байланысты. Осы тұрғыда тәрбие жүйесінің қалыптасуы қашанда интеграцияланған процесс. Алайда интеграция дезинтеграцияға, жүйенің әр түрлі элементтері тәуелсіздіктің өсуіне және олардың арасындағы өзара әрекеттестіктің бұзылуына қарай бағытталған қарама-қарсы тенденциялармен бірге біруақытта жүреді. *Интеграцияланған және дезинтеграцияланған процестердің арасындағы қарама-қайшылықтың қз шешімін табуы тәрбие жүйесінің дамуының қозғаушы күші болып табылады (Л.К.Гребенкина).*[5]

Интеграция ең бірінші ұжымның ұйымшылдығынан, жағдаяттардың стандартталуынан, тұлғааралық орнықты қарым-қатынастың орнауынан, жүйе материалдық элементтердің пайда болуынан жеке түрленуінен байқалады. *Дезинтеграция* тұрақтылықтың бұзылуынан, жеке және топтық айырмашылықтардың. Қабылданған норма мен. Құндылықтарға сәйкес келмейтін жағдаяттардың көрініс беруінен, жүйенің материалдық элементтерінің бүлінуден байқалады.

Мектептің тәрбие жүйесін дамытудың әртүрлі сатыларында интерациялық та, дезинтеграциялық та процесстер маңызды рөл атқарады. Жүйенің қалыптасу кезеңінде интеграция тұлғалық-дамытушы орта құруға, оқушылардың әрекет ету мен қарым-қатынас жасауларының нормалары мен тәсілдерін меңгеруге мүмкіндік жасайды, әлеуметтік қорғаудың өзіндік бір құралы бола алады. Ал басқа кезеңдерде шеттен шыққан реттілік тұлғаның белсенділігін, өзін-өзі анықтау, шығармашылықты тұлға ретінде өзін дамыту мүмкіндіктерін төмендетеді. Бұл жағдайда стихиялық элементтер жанашылдыққа, таңдау еркіндігінің мүмкіндіктеріне ие болады. [6]

Тәрбие жүйесін дамытуда интеграциялық және дезинтеграциялық процестердің арасындағы жалпы қарама-қайшылық нақтылануы мүмкін. Егер интеграцияны тасымалдаушы жалпы жүйенің өзі болатын болса, ал дезинтеграцияны тасымалдаушы оның қандай да бір элементі болады, онда сол элементтің сипатына қарай қарама-қайшылықтың формасы айқындалуы мүмкін (А.М.Сидоркин).

Жүйенің тұрақсыз негізгі элементі оның субъекті- әрқашанда еркіндікке және тәуелсіздікке ұмтылатын адам. Соған қарамастан жүйе оның автономдылығына объективті түрде мүмкіндік бермейді, не ол мектепте қабылданған норманы, функционалдық міндеттерін және т.б. орныдау тиіс. Оқушының немесе мұғалімнің “мектептің кейіппін” қабылдау себептері белгіленген ережеге сәйкес келмейтін әдеттер, мәдениеті деңгейінің жоғары еместігі, жеке басының мүддесін құжым мүддесінен жоғары қоюшылық, эгоизм сияқты әр қилы болуы мүмкін. Бұл жағдайда қарама-қайшылықты жою жүйенің орнықтылығын қамтамасыз етеді, себебі адам дәстүрге, беделді және т.б. бағынады.

Басқа жағдайда, мысалы мектепте шығармашылықты, стандартты емес ойлайтын мұғалім немесе болатын болса, дезинтеграциялайтын элемент жүйенің жаңаруына жағдай жасайды. Бұл қарама-қайшы-

лық іс-әрекет түрлерін таңдау диапазоны мен формасы барынша ауқымды болған жағдайда жүйенің интенсивті дамуы кезеңінде айқын байқалады. Мұндай жағдайда адам жүйеге бағынуға бейім келеді не өзін оны жүзеге асырушы ретінде сезінеді. Осыдан жүйені дамыту жеке тұлғаны дамыту шарты екендігі байқалады.

Дезинтеграция элементі тәрбие жүйесінің материалдық-кеңістіктік ортасы да болуы мүмкін. Оның объектілері онымен қарама-қайшылықта болады: оқу ғимараты ескірген, жиһаздар бүлінген. Бұл объектілер дами алмайды. Мұндай қайшылықтар жүенің дамуына кедергі келтіреді (екінші ауыстыра оқыту, акт залының тарлығы). Материалдық ортаны өзгерту бойынша ұжымдық жұмыстың жүйелі шешімі болуы да мүмкін.

Жүйенің дамуына жағдай жасайтын тағы бір -әлеуметтік-саяси жағдаят, қоғамдық құндылықтар. Мысалы 1980 жылдардың екінші жартысында олардың бірден өзгеруі тәрбие жүйесін бүлдірді. Саяси және қоғамдық жағдайдың өзгеруі мектеп ұжымын өзгермелі ортаға қатынасына қарай өз беттерінше өздері үшін тәрбие жүйесін барынша дараланған, берік ететін құндылықтар мен идеалдарды тұжырымдауға мүдделі етеді.

Сонымен бірге жағдаят, яғни белгілі уақыт аралығындағы жүйенің жай-күйі дезинтеграцияның маңызды элементі бола алады. Оқуда және оқудан тыс пайда болатын жағдаяттардың арасындағы қарама-қайшылық барынша типті болып келеді. Балаларға өздерін шығармашылықты тұлға ретінде танытуларына, зеріктіретін сабақтарды болдырмауға мүмкіндік беретін сабақтан тыс ұйымдастырылған қызықты іс-әрекеттер сирек емес, керісінше, көптеген, балалар үшін қызықты сабақтардағы танымдық іс-әрекеттер қызықмыз формальды түрде ұйымдастырылатын жұмыстарға қайшы келеді. Бұлардың әрқайсысы тәрбие жүйесің белсенді дамуын қамтамасыз ете алады.

Мектептің тәрбие жүйесінің даму кезеңдері. Мектептің тәрбие жүйесінің дамуы төрт кезеңді қамтитындығын тәжірибе көрсетіп отыр.

Бірінші кезең-жүйенің қалыптасуы. Бұл кезеңнің маңызды құраушысы ретінде болжау сатысын бөліп көрсетуге болады. Бұл сатыда болашақ тәрбие жүйесінің теориялық тұжырымдамасы жасалып, оның құрылымы, элементтерінің арасындағы байланыстар моделденген.

Бірінші кезеңнің басты мақсаты- жетекші педагогикалық идеяларды таңдау, бірдей көзқарастар адамдардан тұратын ұжым құру. Жүйе компоненттері жеке жұмыс істейді, олардың арасындағы ішкі байланыстың беріктігі жеткіліксіз, ұйымдастыру мәселесіне назар аударуды ішкі байланыстың беріктігі жеткіліксіз, ұйымдастыру мәселесіне назар аударуды талап етеді, педагогикалық ізденістер жүзеге асырылады, білім беру процесіне қатысушылардың барлығының арасында қарым-қатынас жасау стилі қалыптасады, технологиялар өнделеді, дәстүрлер жаңарады. Қоршаған ортамен өзара әсерлесу көбінесе стихиялы сипатқа ие болады. Алға қарай қозғалу екіні мұнда жоғары болуы тиіс.

Екінші кезең-жүйені жасау. Бұл кезеңде мектеп ұжымы, өзін-өзі басқару, бірігіп басқару органдары дами түседі, іс-әрекеттердің жетекші түрлері, жүйе қызметінің шешуші бағыттары анықталады, барынша тиімді педагогикалық технологиялар өнделеді. Аталған кезеңде тәрбие жүйесін педагогикалық тұрғыда басқарудағы басты қиындық оқушылар ұжымы мен педагогикалық ұжымның дамуының екінін сәйкестендіруде. Педагогикалық ұжым мектеп ұжымының қызметін ұйымдастыруда белсенділік танытуы тиіс.

Үшінші кезең-жүйені рәсімдеуді аяқтау. Бұл кезеңде мектеп ұжымы-балалар мен үлкендердің бірдей мақсатты, бірдей мазмұндағы іс-әрекеттерінің шығармашылықпен қарым-қатынас жасаудағы ынтымақтас-тығы. Мұнда басты назар еркін, ізгілікті, рухани, шығармашылықты, тәжірибелі тұлғаны тәрбиелеуге, жетекшілердің және жалпы мектепте жасалатын қарым-қатынастың демократиялық стилін дамыту.

Педагог-тәрбиешілердің мәдениетінің жоғарылағаны, ізгілікті педагогикалық бағыттарды ұстануы, ізгілікке тәрбиелеу технологияларын меңгере бастағаны байқалады. Мұның бәрі Е.В.Бондаревскаяның пікірі бойынша ізгілендіру идеясына сүйене отырып тәрбие берудің жаңаруының айқын көрсеткіші болып табылады. Жүйе өзінің дәстүрін жинақтайды және оны ұрпақтан ұрпаққа таратады. Мектептің тәрбие жүйесі мен ортасы бір-бірімен белсенді түрде шығармашылықпен қарым-қатынас жасайды.

Төртінші кезең-тәрбие жүйесін құру. Бұл не революциялық, не эволюциялық жолмен жүзеге асуы мүмкін. Оған “жүйе” кризисіне әкелетін дезинтеграциялайтын құбылыстардың күшті себепші болады. Мұнда негізгі іс-әрекет түрлеріне наразылық тууы мүмкін, мектеп өмірінде қалыптасқан тәртіп бұзылуы мүмкін және т.б. Кризистік құбылыстардың пайда болу себептері әр түрлі, бірақ олар ұжымда зерігушіліктің пайда болуына, іс-әрекеттегі шығармашылықтың жойылуына, жаңашылдықтың жетіспеуіне әкеп соғады.[7]

А.М.Сидоркин кризис нәтижесінде:

-жүйе құрушы байланыстардың бір тұтастығын қалпына келтіруге мүмкіндік беретін және субъект дамуының жаңа кезеңіне әкелетін жетекші іс-әрекеттердің ауысуы;

-бұрынғы тәрбие жүйесінің базасында ескі жүйенің кейбір құндылықтары мен дәстүрлері сақталған жаңа жүйенің пайда болуы;

дамудың жаңа айналымы болмаса негізгі жүйе құрушы байланыстар мен формалар бүлініп, жүйе жойылуы мүмкін деп есептейді.

Тәрбие жүйесінің даму кезеңдері өзінің ядросы болып табылатын ұжымның даму кезеңдерімен сәйкестендіріледі. Жүйенің қалыптасу кезеңінде ұжым да қалыптасады. Жүйенің құрылымы мен іс-әрекетінің мазмұнын реттеуде ұжым жаппай тәрбиелеу құралы, ал берілген тәртіппен қызмет етуде ол жеке тұлғаны дамыту субъектісі болады. Мектепте ұжым құру-оның біртұтастығын дәлелдейтін тәрбие жүйесінің жаңа интегративті сапасының пайда болуы.

Мектептің тәрбие жүйесінің тиімділігін бағалау. Мектептің қазыналық “мекемеден” тәрбие жүйесі жағдайына ауысуы, тәрбие жүйесінің бір даму кезеңінен екінші бір жоғары кезеңіне өтуі педагогтардың жетекшілік етуімен мектеп ұжымының мақсатты бағытталған жұмысының нәтижесінде жүзеге асуы мүмкін. Бұл жұмыстың табыстылығы бәрінен бұрын мектептің тәрбие жүйесінің тиімділігін зерделеу мен бағалауды қамтитын басқару жұмыстарының сипатына тәуелді.

Мектептің тәрбие жүйесін және дамыту технологиясы жетекші идеяны айқындау, негізгі мақсат пен міндеттерді тұжырымдау, олардың негізінде теориялық тұжырымдама жасау, жүйе құраушыларды және олардың өзара байланысу механизмдерін нақтылау, сәйкес инновациялық педагогикалық технологиялардың теориялық тұжырымдамаларын және жарамалданып отырған құрылым аумағында оларды жүзеге асыру мүмкіндіктерін анықтау, ол үшін жағдайды жобалау және оны практикада қолдану, органы өнімді игеру сияқты элементтерден тұрады.

Мектептің тәрбие жүйесінің қалыптасуының деңгейін анықтау үшін Л.К.Гребенкина бағалаудың факт критерийі және сапа критерийі деп аталатынекі тобын пайдалануды ұсынады. Бірінші топ берілген мектепте тәрбие жүйесі бар ма деген сұраққа жауап береді, ал екіншісі оның қалыптасуы мен тиімділігінің деңгейі жөнінен түсінік береді.

Факт критерийлері

-мектептің өмірлік іс-әрекеттерінің реттілігі (оқу-тәрбие жұмысының мазмұнының көлемінің сипатының мектептің мүмкіндіктері мен жағдайына сәйкестігі);

қалыптасқан бірыңғай мектептік ұжымның болуы;

-тәрбиелік ықпалдардың интеграциялануы, педагогикалық күштің біріктірілуі сияқты көрсеткіштері арқылы ұсынылуы мүмкін.

Сапа критерийлері

-жүйенің қойылған мақсатқа жақындау дәрежесі, тәрбие жүйесінің негізі болатын педагогикалық тұжырымдаманың, идеяның және принциптердің жүзеге асырылуы;

-мектептің жалпы психологиялық климаты, қарым-қатынас стилі, оқушының өзін-өзі сезінуі, оның әлеуметтік тұрғыда қорғалуы, ішкі комфорт;

-оқушылардың тәрбиеліліктерінің деңгейі сияқты көрсеткіштерден тұрады.

Бұл критерийлер шартты, олар мектептің қандай да болмасын жүйесіне қолдануға болатындай етіп нақтылануы мүмкін.[8]

1. *Альтернативные модели воспитания в сравнительной педагогике.*-Новгород, 1994.

2. *Библер В.С. Школа диалога двух культур: идеи, опыт, перспективы.*-Кемерово, 1993.

3. *Воспитательная система школы. Аспект моделирования: Учеб.-метод. Пособие.*- Псков, 1994.

4. *Воспитательная система школы. Проблемы и поиски.*-М., 1989.

5. *Гуманистические воспитательные системы: вчера и сегодня /Под ред. Н.А.Селивановой.*-М., 1998.

6. *Иванов И.П. Методика коммунарского воспитания.* -М., 1990.

7. *Караковский В.А. Воспитательная система школы: педагогические идеи и опыт формирования.*-М., 1992.

8. *Караковский В.А., Новикова Л.И., Селиванова Л.Н. Воспитание/// Воспитание: теория и практика школьных воспитательных систем.*-М., 1996

ОСОБЕННОСТИ ПАТРИОТИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ УЧАЩИХСЯ СТАРШИХ КЛАССОВ

А.К. Калимолдаева – д.п.н., преподаватель кафедры общей педагогики и психологии, КазНПУ им. Абая

Түйін

Бұл мақалада жоғары сынып оқушыларына патриоттық тәрбие берудің ерекшеліктері анықталады. Ол ерекшеліктердің мәнін ашып көрсетуде осы мәселені қарастырған отандық және шетел ғалымдар еңбектеріне талдау жасалады.

Summary

A comprehensive analysis of research on the problem at the same time allowed us to identify a number of characteristic features of the present day in the development of patriotism among students. Solving the problem of patriotic education of students who need to focus their efforts on building their valuable relation to the phenomena of social life, past and present.

Современное общественное развитие Казахстана остро поставило задачу духовного возрождения нации. Патриотическое воспитание, как один из стержневых компонентов духовной жизни любого общества, издревле занимало умы специалистов в области истории, философии, психологии, педагогики и других наук.

Всесторонний анализ исследований по проблемам патриотического воспитания учащихся позволил нам уяснить: понятие патриотизм в исследованиях ученых постсоветского периода не претерпело значительных изменений в ее содержательном плане, что является ярким примером его непреходящей ценности.

По-прежнему патриотизм:

- в одних исследованиях рассматривается как нравственное качество человека, которое выражается в его любви и преданности своей родине, осознании ее величия и славы и переживании своей духовной связи с ней, в потребности и стремлении в любых условиях беречь ее честь и достоинство, практическими делами укреплять ее могущество и независимость; [1]

- в других, как интегративное качество включающее патриотические знания, взгляды, убеждения, патриотические чувства, уважительное отношение к историческому прошлому Родины и унаследованным от него традициям, эмоционально-ценностное отношение к служению интересам Родины; стремление нести ответственность за неё, вставать на ее защиту; готовность к выполнению гражданского долга и служению в Вооруженных силах РФ; стремление своей деятельностью способствовать расцвету Родины; [2]

- в-третьих, как ценность, присущая всем сферам жизни общества и государства, являющаяся важнейшим духовным достоянием личности, высший уровень развития которой проявляется в активно-деятельностной самореализации человека на благо Отечества; [3]

- в-четвертых, как социокультурная ценность, в рамках которой патриотизм понимается как отношение к Отечеству, являющееся ценностным отражением в сознании и практических действиях людей, связи человека с определенным пространственно-временным, социокультурным, национально-государственным континуумом; [4]

- в-пятых, как исторически сложившаяся и развивающаяся категория социальной педагогики, отражающая устойчивое положительное отношение людей к своему Отечеству, проявляющееся в деятельности на его благо, в реализации которого с единых позиций участвуют и государство, и общество [5].

В своем исследовании мы придерживаемся точки зрения тех исследователей, которые рассматривают патриотизм и как интегративное нравственное качество личности и тех, кто представляет данный феномен как ценность.

С нашей точки зрения, неправомерно рассматривать данное понятие либо как качество, либо как ценность. Эти понятия нельзя противопоставлять. Это звенья одной цепи.

Данный феномен появился не сегодня и не вчера. Понятие патриотизм как нравственное качество имеет свою давнюю историю. Поэтому оно и представляет собой одну из наиболее значимых и непреходящих ценностей в истории человечества.

Именно поэтому патриотизм и как качество и как непреходящая ценность является важнейшим духовным достоянием личности и характеризует высший уровень ее развития, проявляющийся на практике в ее активно-деятельностной самореализации на благо Отечества.

Здесь мы придерживаемся точки зрения Н.В. Ипполитовой: «Подлинный патриотизм имеет непреходящий характер, относится к разряду общечеловеческих ценностей. Любовь к Родине проявляется независимо от общественно-экономических, политических условий в государстве».

Воспитание патриотизма учащихся старших классов является целью и результатом патриотического воспитания. Всесторонний анализ работ по проблеме исследования одновременно показал: на сегодняшний день нет единых подходов к определению понятия «патриотическое воспитание».

В одних исследованиях оно рассматривается как процесс взаимодействия воспитателей и воспитанников, направленный на развитие патриотических чувств, формирование патриотических убеждений и устойчивых норм патриотического поведения (В.Н. Ипполитова), в других - это скоординированный совместный процесс деятельности государственных и общественных организаций по формированию у граждан высокого патриотического долга и конституционных обязанностей по защите интересов Родины (Ю.С. Иванов).

Ни одно из проанализированных нами определений не раскрывает глубинную сущность исследуемого феномена. Именно такое положение дел обязало нас обратиться к уяснению сущности такой составляющей исследуемого феномена как воспитание.

В нашем исследовании привлекла внимание точка зрения тех исследователей, которые рассматривают воспитание как преднамеренный и сознательно осуществляемый педагогический процесс организации и стимулирования разнообразной деятельности формируемой личности по овладению общественным опытом: знаниями, практическими умениями и навыками, способами творческой деятельности, социальными и духовными отношениями. (И.Ф.Харламов, И.А.Кибальченко, Л.Д.Столяренко и др.)

Указанный подход к трактовке развития личности в педагогической науке получил название деятельностно-отношенческой концепции воспитания. Сущность этой концепции состоит в том, что, только включая растущего человека в разнообразные виды деятельности по овладению общественным опытом и, умело стимулируя его активность (отношение) в этой деятельности, можно осуществлять его действенное воспитание. Без организации этой деятельности и формирования положительного отношения к ней воспитание невозможно.

Исходя из того, что патриотическое воспитание, является частью общей системы воспитания, а как часть целого она должна включать в себя все его основные характеристики, мы в своем исследовании определили патриотическое воспитание как целенаправленный и сознательно осуществляемый педагогический процесс организации и стимулирования разнообразной деятельности формируемой личности учащегося, развития в них их активности с целевой установкой на всемерное становление необходимых свойств и качеств патриотически воспитанной личности. Данное определение на начальном этапе нашего исследования носило рабочий вариант. Однако в дальнейшем оно претерпело некоторые изменения. Суть этих изменений будет представлена нами позднее.

Всесторонний анализ исследований по проблеме позволил нам одновременно выявить ряд характерных для сегодняшнего дня особенностей в развитии патриотизма у учащейся молодежи.

Патриотическое воспитание - это часть общегражданской культуры и общегражданского воспитания, опирающаяся на общечеловеческие ценности (жизнь, здоровье, духовно-нравственное воспитание человека, права и свободы личности).

Оно направлено на воспитание патриотов Казахстана, граждан правового, демократического государства, способных к социализации в условиях гражданского общества, уважающих права и свободы личности, обладающих высокой нравственностью и проявляющих национальную и религиозную терпимость, уважительное отношение к другим народам, к языкам, традициям и культуре народов, проживающих в Казахстане.

Патриотическое воспитание – формирование духовно-нравственных, гражданских и мировоззренческих качеств личности, которые проявляются в любви к Родине, к своему дому, в стремлении и умении беречь и приумножать традиции, ценности своего народа, своей национальной культуры, своей земли.

Общая цель патриотического воспитания, по мнению Г.К. Селевко «воспитывать у подрастающего поколения любовь к Родине, гордость за свою Отчизну, готовность способствовать ее процветанию и защищать в случае необходимости. Патриотизм проявляется в детском возрасте, развивается и обогащается в социальной, особенно духовно-нравственной сфере жизни. Высший уровень развития чувства патриотизма неразрывно связан с активной социальной деятельностью, действиями и поступками, осуществляемыми на благо Отечества и на основе демократических принципов развития гражданского общества».[6]

Отсюда одним из острых вопросов является вопрос патриотического воспитания современной молодежи, в частности учащихся старших классов. Быть патриотом – естественная потребность людей, удовлетворение которой выступает как условие их материального и духовного развития, утверждения гуманистического образа жизни, осознание своей исторической культурной, национальной и духовной принадлежности к Родине и понимание демократических перспектив ее развития в современном мире.

Патриотическое воспитание осуществляется в процессе включения учащихся старших классов в активный созидательный труд на благо Родины, привития бережного отношения к истории Отечества, к его культурному наследию, к обычаям и традициям народа – любви к малой Родине, к своим родным местам; воспитание готовности к защите Родины; изучения обычаев и культуры разных этносов. Воспитание патриота – одна из краеугольных задач современного образовательного учреждения.

Решая проблему патриотического воспитания учащихся, необходимо сосредотачивать свои усилия на формировании у них ценностного отношения к явлениям общественной жизни прошлого и современности.

Чтобы сформировать у молодого поколения осознанное отношение к Отечеству, его прошлому, настоящему и будущему, развить патриотические качества и национальное самосознание учащихся, развить и углубить их знания об истории и культуре родного края, о подвигах дедов и прадедов в деле защиты Родины, преподавателю необходимо обладать такими качествами, как высокая культура, нравственность, гражданственность, являться патриотом своей страны, любить и уважать свой родной край.

Следует отметить, что патриотизм выступает в единстве духовности, гражданственности и социальной активности личности, осознающей своё единство с Отечеством. Он формируется под влиянием многих факторов: в процессе обучения и социализации подрастающего поколения, однако главную роль при этом играет воспитание. Ведь оно всегда оказывало решающее воздействие на становление личности и, соответственно, на благополучие целого общества. При этом следует учитывать, что главным творцом воспитательной системы является сам народ.

Итак, подводя итоги, хотелось бы отметить, что в решении проблем патриотического воспитания учащихся должна в первую очередь принимать участие сама молодежь, осознавая всю важность своего участия в жизни Родины, любить, знать и уважать ее культуру, традиции и историю. Однако направлять действия молодежи в нужное русло должно как государство, так семья, школа и вуз. И их основная задача заключается во взаимодействии с целью формирования национального самосознания, гражданственности и патриотизма у современной молодежи.

1. Харламов И.Ф. *Воспитание патриотизма и культуры межнациональных отношений // Педагогика: учебное пособие. 3-е изд., перераб. и доп., М.: Юность, 1997, 512с.*

2. Ипполитова Н.В. *Теория и практика подготовки будущих учителей к патриотическому воспитанию учащихся: Дисс... д-ра пед. наук. – Челябинск: ЧелГУ, 2000. -390с.*

3. Лутовинов, В. И. *Проблемы воспитания патриотизма // Педагогика. - 2008. - № 7. - С. 50-53.*

4. Иванова, С. Ю. *Формирование российской идентичности и гражданского патриотизма в поликультурном социуме // Современное состояние и сценарии развития Юга России. - Ростов н/Д, 2006. - С. 145-153.*

5. Микрюков В.Ю. *Военно-патриотическое воспитание и начальная военная подготовка в школе: Учебно-методическое пособие. М.: ВАКО, 2009. - 205 с.*

6. Селевко Г.К. *Энциклопедия образовательных технологий. Том 2 – Москва, 2012. -96с.*

ӘӘЖ 37.035.6

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ТӘРБИЕ БЕРУДЕ ХАЛЫҚТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАЙЫ МЕН ОНЫ ЖАҚСARTУ ЖОЛДАРЫ

Г.Л. Абдрасилова

Резюме

В статье сделан обзор педагогической и методической литературы по теме исследования. Указаны пути осуществления нравственно-эстетического воспитания учащихся начальных классов на уроках родного языка, казахского языка, математики и познании мира и во внеурочное время.

Определен уровень готовности учителей начальных классов к воспитательной работе с младшими школьниками на основе национальных традиций казахского народа.

Summary

In this article had made review of pedagogical-systematic literature by theme research. Had indicated ways of realization morally-aesthetic education of the pupils of primary school on native language lessons, kazakh language, mathematics and perception of the world in extracurricular time.

Had determined level of readiness of teachers of primary school to pedagogical work with little pupils on base national tradition of kazakh nation.

Қазіргі қоғамда болып жатқан әлеуметтік, экономикалық, экологиялық, саяси, мәдени өзгерістер оқу-тәрбие үрдісін ұлттық сипатта ұйымдастыруды талап етеді. Тарихы сан ғасырдан бастау алатын шежіреге толы Отанымызды қорғау, ұлттығымыздың айғағы тілімізді, салт-дәстүрімізді білу, сақтау, оны зерттеу, келер ұрпаққа жеткізу - азаматтық парыз. Бұл қазіргі күнгі - өмір талабынан туындап отыр. Бұл міндеттер Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында: «...білім беру жүйесінің басты міндеттері: Қазақстан Республикасына шын берілген, адал патриот азамат даярлау ... олар мемлекеттік белгілердің мәні мен маңызын терең түсінген, халықтық дәстүрлерді қастерлейтін ... халық, Отан, отбасы алдындағы жеке бастың міндеттері мен құқықтарын сезінген тілін, тарихын, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын қадір тұтып игеруге пейілді азамат болуы керек» - деп көрсетілгенінен қазақтың салт-дәстүрлерінің тәрбиелік мәніне айрықша көңіл аударылғанын байқауға болады [1].


Қазақ халқының салт-дәстүрлері ежелден келе жатқан ұлттық мәдениеттің бір бөлігі екендігі белгілі. Ғасырлар сынынан екшеліп, ұрпақтан-ұрпаққа ұласып келе жатқан салт-дәстүрлердің озық үлгілері -жеке тұлғаның жан-жақты дамуына септігін тигізеді. Сондықтан, қазақтың халықтық салт-дәстүрлерін жинақтап зерттеудің мол тәжірибесі негізінде жас өспірімдерге адамгершілік-эстетикалық тәрбие берудің қажеттілігі арта түсуде. Оның маңыздылығы, Қазақстан Республикасының «2015ж. дейінгі білім беруді дамыту» тұжырымдамасында: «...жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайларында алынған терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті, жеке тұлғаны қалыптастыру", - деп нық көрсетілген [2].

Бастауыш сыныпта халықтық салт-дәстүрлерді пайдалану арқылы оқушыларға адамгершілік-эстетикалық тәрбие беру сабақ барысында және сабақтан тыс жұмыстарда жүзеге асырылады.

Адамгершілік-эстетикалық тәрбие беруде халықтық салт-дәстүрлерді пайдалану оқушы тұлғасының қалыптасуы мен дамуына тікелей әсер етеді.

Сабақ үрдісінде халықтық салт-дәстүрлерді пайдалану сатылап, жүйелі бірізділікпен жүргізіледі: тақырыпты анықтау, мақсат, міндеттерді, құралдар мен формаларды жүйелеу, әдіс-тәсілдер мен тапсырмаларды орындау барысында.

Бастауыш сынып оқушыларына қазақтың салт-дәстүрлері арқылы адамгершілік-эстетикалық тәрбие беру үшін мұғалімдерге салт-дәстүрлер туралы білімдер беріліп, арнайы педагогикалық жағдайдағы әдістемелік дайындықты қамтамасыз ету керек.



Сурет 1 – Бастауыш сыныпта халықтық салт-дәстүрлерді пайдалану арқылы оқушыларға адамгершілік-эстетикалық тәрбие берудің үлгісі

Қазақ халқының салт-дәстүрлері арқылы оқушыларға тәрбие берудің нәтижелі болуы мұғалімнің осы бағыттағы алған қазақ салт-дәстүрлері бойынша білімдері мен әдістемелік дайындығының деңгейіне тікелей байланысты.

Бастауыш мектепте тәрбие жұмысының ұйытқысы, әрине, сынып жетекшісі екендігін бәріміз білеміз. Жалпы тәрбие жұмысын жоспарлап, ұйымдастырғанда, тәрбие жұмысының тақырыптарын қарастырғанда кездесулер өткізу, салт-дәстүр, әдет-ғұрып тақырыбына байланысты апталықтар, викториналар, кештер, көрмелер т.б. жұмыс формаларын ұйымдастырудың жолдарын меңгерумен қатар оқушыларды соған тәрбиеледі.

Сабақтардың негізгі мақсаты – бастауыш сынып оқушыларына халықтық салт-дәстүрлер арқылы адамгершілік-эстетикалық тәрбие беру. Әрбір сабақ белгілі міндеттерді көздейді:

-балаларға халықтық салт-дәстүрлер туралы бастапқы білім беру, ұғымдарымен таныстыру;

-жас ерекшелігіне байланысты игере алатын білім мазмұнымен қамтамасыз ету;

-халықтық салт-дәстүрлер негізінде балаларды гуманды-көркемдік сезімдерді бастан кешіруге баулу;

- халықтық салт-дәстүрлер негізінде балалардың бойында адамгершілік-эстетикалық дағдыларды қалыптастыру;

-алған білімдері, білік-дағдылары негізінде адамгершілік-эстетикалық әсерленуін, талғамын, эмоциональды-бағалау қатынасын дамыту.

Мысалы, 1-сыныпта «Ана тілі» пәнінен (Атамұра, Алматы) «Төрт түлік» бөлімін өткенде көптеген тақырыптар – «Мал атасы», «Құлыншағым», «Төлді қалай шақырады?» т.б., «Шаңырақ шуағы», «Үлкенге құрмет – кішіге құрмет», «Әке көрген оқ жонар...», «Талаптыға нұр жауар», «Сәлем –сөздің анасы», «Кішіпейілділік – кісілік белгісі» бөлімдері қазақ этнопедагогикасы материалдарына негізделіп берілген. Яғни бұл тақырыптарды өткенде қазақтың ата кәсібі, тұрмыс-салт дәстүрлері, қолөнері, әлеуметтік дәстүрлерін кенінен қолдануға болады.

Осы бірінші сыныптың «Математика» пәнінде мынадай тақырыптарды өткенде халықтық педагогика элеменеттерін қолдануға болады: «Нешінші?» тақырыбы (Мысалы, «Көкпар» ойынын қолдануға болады, «Біріктіру және бөліп алу.» (Төрт түлікке қатысты ата кәсіп дәстүрлері) т.б.

«Дүние танудан» - «Табиғат», «Түн тынысы», «Айналадағы дүниемен танысу», «Отбасы», «Ауыл»; «Бейнелеу өнері» пәнінен «Графика», «Живопись», «Қазақ халқының өнері», «Ертегі бойынша сурет салайық», «Өрнек құрастырайық», «Халық шеберлерінің ісімен танысайық», «Үй жануарларын мүсіндейік», «Ұлттық киімдерді әшекейлейік», «Наурыз мерекесі»; «Музыка» сабағынан «Тұрмыс-салт әндері», «Төрт түлік малға арналған әндер», «Наурыз келді, алақай!» бөлімдері; «Еңбекке баулу» сабағынан «Қоржын жасау»; «Киім кескіндерін аппликациялау», «Қолданбалы өнер» бөлімінен – «Ұлттық киім үлгілері», «Зергерлік өнер», «Шаршы оюлар», «Көркем қолөнердің ерекшеліктері» тақырыптарын өткенде қазақ халқының салт-дәстүрлері мен олардың элементтерін пайдалану арқылы адамгершілік-эстетикалық тәрбие берудің мүмкіншілігі артары сөзсіз.

Екінші сыныпта да халықтық салт-дәстүрлерді пайдаланудың өзіндік ерекшеліктері бар. Ана тілі пәнінен «Туған елім – Қазақстан», «Асыл сөз», «Адам болам десеңіз», «Еңбек түбі – береке», «Өнегелі өмір», «Табиғат – тіршілік бесігі», «Біздің тілегіміз – достық» атты бөлімдерде ұлттық салт-дәстүрлер арқылы сабаққа сәтті жол тапсақ, оқушылардың белсенділігі дамып, пәнге деген құштарлығы ояна түсері сөзсіз. Олар - халықтық педагогикада балалар тәрбиесінің таптырмайтын құралы, әдіс-амалы, тәсілі, белгілі ережелері мен әдет-дағдылары болды, сонымен қатар құнды адамгершілік қасиеттерін (қайырымдылық, мейірімділік, ізеттілік, инабаттылық т.б.) және сезімдік-эстетикалық қасиеттерін (өнердегі, табиғаттағы әдемілікті, әсемдікті талғаммен, сүйіспеншілік сезіммен қабылдау, әсерлену, эстетикалық тұрғыда баға беру қалыптастыратын тәрбие құралы.

«Қазақ тілінен» – «Зат есімді» өткенде әр түрлі ұлттық жиһаздар, мәдени бұйымның атаулары: киіз үй, сандық, кебеже, күбі, мес, ожау, диірмен, сырға, шолпы, оймақ т.б. пайдалану арқылы тұрмыс-салт дәстүрлерін, «Етістікті» өткенде жан-жануарлардың төлдеуі, дыбыс шығаруына байланысты ұғымдарды меңгерту, мысалы: қой қоздайды, маңырайды, түйе боталайды, боздайды, жылқы құлындайды, кісінейді, сиыр бұзаулайды, мөңірейді, ешкі лақтайды т.б. және «Сын есімді» өткенде қазақтың ұлттық заттарын, мысалы, жылқының түр-түсін ажыратуға байланысты: жирен, құла, қара қасқа т.б. ұғымдар арқылы ата кәсіпке байланысты дәстүрлерді, «Сан есімді» өткенде қазаққа қасиетті сан болып табылатын жеті саны (жеті қазына, жеті жарғы, жеті ата, жеті шөлшек, жеті күн, жұт - жеті ағайынды) туралы, он үш саны (он үш мүшел жас) әлеуметтік-мәдени салт-дәстүрлерді т.б., «Сөйлем» тақырыбын өткенде «Жеті ауылға саяхат» және «Мәтін» тақырыбын өткенде «Хан талапай» ойынын ойнату арқылы бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлерді пайдалану тәрбие мазмұнын арттырып, байытады.

Математикадан – «Жүз көлеміндегі сандар» бөлімінде – «Сандарды оқу, жазу, салыстыру, қосу және азайту», «Ондықтан аттамай ауызша қосу және азайту», «Кестелік қосу және азайту», «Ондықтан аттап ауызша қосу және азайту», «Ондықтан аттап жазбаша қосу және азайту»; «Мың көлеміндегі сандар» бөлімінде - «Сандарды оқу, жазу, салыстыру», «Қосу және азайту» тақырыптарын өткенде қазақ халқының сандарға байланысты игі дәстүрлерін пайдаланған жөн.

Дүние танудан – «Адамның айналадағы дүниемен қарым-қатынасы», «Табиғат», «Өсімдіктердің тіршілігі», «Жануарлардың тіршілігі», «Отан» бөлімдеріне енген көптеген тақырыптар халықтық мұра салт-дәстүрлерді пайдалануды өз-өзінен қажет етеді.

Қазақ халқының салт-дәстүрлері – халықтың ғасырлар бойы сыннан өткен халық тағлымы екендігі айқын. Олай болса, халықтық салт-дәстүрлер мектебі тәрбиелеудің кені дей аламыз. Мектепте сабақтан тыс уақытта жүргізілетін жұмыс түрлері өте көп. Мысалы: салт-дәстүрлерге арналған әңгімелесу, тәрбие сағаттары, саяхат, экскурсия, кездесулер, онкүндік, түрлі ойындар, КВН-дар ұйымдастыру арқылы адамгершілік-эстетикалық тәрбие берудің тың жолын салуға болады.

«Ұлттық салт-дәстүрлер туралы түсінік» тақырыбына әңгіме жүргізуге болады. Әңгімені жоспарлы түрде жүргізген жөн. Алдын-ала қаралатын сұрақтары мен әңгіме барысын айқындау алу керек.

1) Ұлт, ұлттық сезім ұғымдарына анықтама.

2) Салт дегеніміз не?

3) Дәстүр дегеніміз не?

4) Ұлттық салт-дәстүр дегеніміз не?

«Ұлттық отбасы тәрбиесі» тақырыбына КВН, отбасындағы қыз бала, ұл бала тәрбиесіне орайластырылған «Қыз сыны», «Жігіт сұлтаны» атты конкурстарын ұйымдастырған дұрыс.

Қорыта айтқанда, бастауыш сынып оқушыларының қазақ салт-дәстүрлерінен алған білімдері, іскерліктері мен дағдылары түрлі әдіс-тәсілдер (ауызша, жазбаша, әңгімелесу және т.б.) арқылы айқындалады. Біз өз жұмысымызда бастауыш сынып мұғалімдерінің бастауыш сынып оқушыларына қазақ салт-дәстүрлері арқылы тәрбие беруге дайындығының деңгейіне талдау жасалынды.

1. Білім туралы Қазақстан Республикасының заңы // Егемен Қазақстан, 15-маусым, 2007 жс.

2. Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы. - Алматы: Қазақстан, 1994.

3. Бастауыш сыныптардың оқулықтары. - Алматы, «Атамұра», 2008-2011.

ҰЛ БАЛА МЕН ҚЫЗ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ЕРЕКШЕ ҰЛТТЫҚ ҮРДІСТЕРДІҢ МӘНІ

А.Кенжан – п.ғ.к., доцент, Алматы қаласы

Резюме

В статье рассматриваются актуальные проблемы о воспитание. Автор уделяет большое внимание на семейном воспитание, духовного развития молодежи и установления гуманистических отношений в духе-национального единства и любви к родине.

Summary:

The article deals with actual problems of education. the author devotes great attention to family education, spiritual development of young people and establishing relations in the spirit of humanistic-national unity and love of country.

«Отан от басынан басталады» дейді халық. Отбасының екі тірегі әлпештеген әке мен аялаған ана. Әкешешешесі арқылы өрбіген тұқымның туыстық-адамгершілік қатынастары жүйеленіп, әлеуметтік, қоғамдық құрылысқа байланысты қалыптасқан. Әр бір отбасында ұрпақтан-ұрпаққа келе жатқан тарихы бар. Ол өз шежіресін үйрету. Біздің ата-бабаларымыз балаға 7-9 жасында әкесінен бастап ағайын-туысын, нағашы жұртын, алыс-жақынды таныстыру, ата-тегін, руын, ел-жұртын білдіруге ерекше көңіл бөлінген. «Жеті атасын білу» заң болған. Ер жігіттің үш жұрты бар, оның шығу тарихын, тегін білу ер-азаматқа парыз деп ұққан халық; «Жеті атасын білген ұл жеті жұртқа жөн айтар» деген аталы сөзді арқау етіп, баласына ата-баба тарихын жастайынан жаттатқан, ел-жұрт тарихын білу ер азаматты ерлікке, елдікке, Отан сүйгіштікке булиды деп ұққан. Әкесі, атасы балаға жеті атасына дейінгі бабаларының атын жаттатып қана қоймай, олардың қандай адам болғанын, ел-жұрты үшін жасаған ерлігі, өнегелі істері жайлы да әңгіме еткен. Сол арқылы бала ата-баба дәстүрін жалғастырса екен деген мақсатты көздеген. Сондай ата-бабасының өнегелі, үлгілі істерінен сусындау арқылы бала бойында өз еліне деген сүйіспеншілік, мақтанш сезімдерін тәрбиелеген.

Дегенмен, ата-ру тарихын білу жақсы. Бірақ баланы өз руының адамдарын ғана қолпаштап, жақсы, текті, асыл азаматтар тек біздің рудан ғана шыққан деген өзімшілдік, менмендік көзқараста тәрбиелеу дұрыс емес. Басқа рулар мен елдердің де ақылды, шешен, батыр, ақын адамдары сөз қозғап, әңгіме ету, «Жақсы- көпке ортақ», «Жақсы туса-елдің ырысы», «Жақсыда жаттық жоқ, ол халықтың қамқоршысы» деген ой-пікірді жастардың жетесіне жеткізу- азаматтық парыз.

Баланы өз елін, Отанын сүйуге тәрбиелеу мақсатында жүргізілетін тағы бір жұмыс болды. Ол бала 5-7 жасқа келгенде әкесі оны далаға алып шығып, өздері өмір сүріп отырған жер-су аттарымен таныстыру. Әкесі баласына бұл атаулардың шығу тарихы, оған байланысты кейбір айтулы оқиғалар жайлы қызықты тартымды аңыз-әңгімелерді айтып берген. Ел тарихынан осылайша бірте-бірте хабардар еткен, ата-бабасының зираттарын көрсетіп, олардың кейінгіге үлгі-өнеге болар істерін, ерлік терін әңгімелеген.

Сүндет той. Қазақта ер бала өміріндегі айтулы оқиғалардың бірі оны- сүндеттеу. Сүндетке отырғызу VII-VIII ғасырларда араб елдерінен шығып, бүкіл мұсылман жұртына тараған. Сүндетке отырғызу мұсылмандықтың белгісі болып саналады. Ер баланы сүндетке 5-7 немесе 9 жасында отырғызған, яғни, тақ жасында отырғызған. Баланы неғұрлым ерте отырғызса, соғырлым ауырсынбай, тез жазылып кетеді. Сүндетке отырғызу көбінесе жазға салым немесе күзге қарай іске асырылған. Себебі ыстық та, суық та балаға әсер етпесін деген мақсат көзделген. Кейде 5,7,9 жастағы ауыл балаларын жинап, қожаны шақырып, 3-4 үйдің балаларын бір-ақ сүндеттеткен. Қожаға баланы сүндетке отырғызғаны үшін қой, тайынша, тай немесе ақша берген. Баланы сүндетке отырғызғанда әкесі, «сүндет атың» деп балаға арнап белдеуге ат байлаған.

Сүндеттелетін бала ел аралап тойға жұртты өзі шақырған. Ол өзінің ерекше көркімен назар аударып тұруы керек. Соған орай балаға жаңа киімдер кигізіп екі иығына, бөркіне үкі таққан. Ердің алды-арты алуан түсті матамен желбірленген. Астындағы атының құйрығы сүзіліп, ақ шүберекпен бунақталған. Жалы өріліп, әрі түсті жіппен байлаған. Кекілі түйіліп, бір шоқ үкі тағылған. Баланың қолына ұстайтын қамшысының сабына да әр түрлі орамалдар байланған. Мұның бәрін жол үстінде кезіккендер бірден байқап, баланы құттықтап, тілектерін білдірген.

Бала ауылдың екі-үш жігіт ертіп, ағайындарды аралатқан. Бала барған ауылдың әйелдері шашу шашып қарсы алған, әр түрлі сәнді түймелерді, күмістерді қадаған. Ал ер кісілер айыл-тартпа, жүген-құйысқан, қамшы сияқты атқа қажетті заттар сыйлайды. Жігіттер тойдың болатын күнін жариялаған.

Сүндет тойы қазақ өміріндегі қыз ұзатудан кейінгі екінші ірі той болған. Оған да арнаулы мал сойылып жиналған, жұртқа табақтар тартылған. Ат жарыс, бәйге, аударыспақ ойындары ойналып, палуандар күреске түскен. Содан кейін көкпар беріліп той тарқаған.

Келесі күні баланы сүндетке отырғызған. Бұл күн ата-ана үшін де, бала үшін де қуанышты күн. Ересектер сүндеттелетін баланы қошеметтеп, «енді жігіт боласың» деп жігерлендірілумен болған. Арнайы бөлмеге жұмсақтап төсек салып, баланы жатқызып, балаға сүндет жидесін (сүндетке отырғызылатын балаға арнайы тігілген, етегі ұзын, әрі кең жеңіл киім) кигізген.

Бүгін үйге молда келеді,
Кәмпиг тола дорба береді,
Кәмпигті жыламаған жиді,
Жыламағаны ұнамағаны дейді,
Сүдетке шыдамағаны дейді,
Шыдамасаң масқара-ай,

Мазақ болма басқаға-ай,-деген сияқты тақпақтар айтып баланы алдаусыратып, намысын шындаған.

Баланы сүндетке отырғызар алдында молда сүндет дұғасын оқып «бір, екі, үш, төрт, бес, насыбайым ұшын кес» деп баланы сүндеттеген.

Сүндеттелгенде кесіп алынған тері «сүндет тері» деп аталады. Мұны шүберекке түйіп немесе тұмар жасап тығып қойған. Кейде құдайдан ұл тілеп жүрген келіншектер әдейі келіп ырым қылып қалап алатын да болған.

Ауыл адамдары кейде сүндетке отырғызылған баланың тойына шашу ретінде мал атаған. Бұл мал «сүндет мал» деп аталған. Тойға келушілер «әдеміленген» тойға барамыз деп тұспалдап айтқан.

Демек, сүндетке отырғызу – азаматтықтың белгісі. Мұнан әрі бала ерексек адамдардың қатарына қосылып, өзін ересек сезіне бастаған. Бала бойында жауапкершілік сезімі оянады. Жалпы, бұл той бала психологиясына әсер етіп, өзін үлкендерше әрекет жасауға бағыттайды деуге болады. Қазақта сүндет тойынан кейін 12-13 жастағы ер балаға қыз айттырып, құда түсу дәстүрлері орындалған. Бұл баланың психикасына ықпал етіп, өзін үлкейген екенмін деп сезіне бастаған.

Сонымен, жоғары да аталған әдет ғұрыптар бала өмірінде өзіндік іздерін қалдырып отырған. Бұл әдет-ғұрып, салт-дәстүрлердің орындалуы барысында балалар көпшіліктің ықыласына бөленіп, көңілінде

қуаныш өздерін қоршағандарға бауырмалдық, мейірімділік, сүйспеншілік сезімдері оянады. Сол мейірімділік ықыластарын есейгенде өзгелерге жасауға үйренеді, ата-баба дәстүрлерін сақтауларына ықпал етеді.

Қазақ халқы «Қыз» деген сөздің өзін әдеміліктің, әдептіліктің, сұлулықтың белгісі ретінде қолданған. Сондай-ақ қыз баланың ұқыптылығын, шеберлігін, сүйкімділігін, шеберлігін, өнер – білімге бейім тұратынын жоғары бағалап, оның сол қасиеттерін нақыл сөздер арқылы ерекше көрсеткен. Мысалы, «Қыздың жиған жүгіндей», «Қыздың тіккен кестесіндей», «Қыз – елдің көркі, гүл жердің көркі», «Жақсы қыз – жағадағы құндыз», «Қызы бар үйдің қызығы бар» т.б.

Сонымен қазақтың ауыз және жазба әдебиеттеріндегі қызға берілетін жалпы сипаттамасы мынадай: «Сұңғақ бойлы, сыңғырлаған дауысты, оймақ ауыз, күлім көз, жайдары мінез, алма мойын, ақша бет, ақ тамақ, тал шыбықтай бұралған бұраң белді, сүмбіл шашты, ұзын кірпікті, ақ білек, маржан тісті, қыр мұрынды» деп суреттелген.

Халқымыздың ұлттық дәстүрлеріндегі бір ерекшелік – тәлімдік, ақыл-кеңесті жас ұрпақ санасына, әсіресе, қыз балаға тұспалдап жеткізу, жөн-жосық нұсқап, бағыт-бағдар беру, өнеге көрсету. Бұл салт ауылдық жерлерде әлі де сақталған. «Қыздың қырық жаны бар», «Қызға қырық үйден тыю» деген сөздерде тәрбиелік талап-тілектерді бетке айта салмай, тұспалдап жеткізеді. Әсіресе, қыз мүшеліне толысымен «Ұлдың ұяты-әкеде, қыздың ұяты-шешеді», «Қыздың қылығы – түзде» деген ана баса назар аударған.

Халқымыз қыз баланың тәрбиесі жолында әдет-ғұрып, ырым -жораларды қалыптастырды. Мысалы, «Қыз қабағы күрең тартса, елде жұт болады» деп қызды ренжітпеуге тырысқан; қонақ қыз баланы босағаға отырғызбаған, қыз бала босағаға отырса, үй иесі бақытсыздыққа ұшырайды деп білген; қыз баланың қолына көбіне ырым етіп «құлып» білезік салған. Бұл тәртіпті, тәрбиелі болсын деген ұғымнан шыққан: бойжеткенде қыздарымыз құстай қалықтасын деп, қыз балаға құс тұмсық жүзік салған.

Құлақ тесу. Қазақта қыз баланы кішкене күнінде құлағының сырғалығын тары дәнмен уқалап етін өлтіріп, отқа қарылған инемен тесіп, оған жіп өткізіп тұйықтап байлап қойған. Кейіннен кішірек күміс сырға таққан. Ол бір жағынан «балаға көз тимесін» деген ниет болса, бір жағынан айналасындағы адамдарға деген ыстық ықыласын мейірімділігін, сүйіспеншілігін оятқан.

Алқа тағу. Қазақ қызы он үш жасқа келген соң, оған екі алқа сыйлап, мүшел жасын тойлаған. Екі алқаны қызының омырауына таға отырып, ана «Сен енді үлкейдің, секірме, текіректеме, жүгірме. Ерсі болады, жәймен, баппен сыпайы жүр. Жақсы жүрсен алқандағы күміс қоңырауларың да жақсы әндетеді.. одыраңдап жүрсен-берекесіз шолдыр-шұлдыр етіп өзінді бездіреді» - деп ақыл-кеңес берген, дұрыс жүріп-тұруға, әдептілікке тәрбиелеген.

Қазақ қызды қонақ десе, мүшеліне толғанда «қонақ жасы» деп санаған. Әсіресе осы кезде қыз бала тәрбиесінің ерекше мән берген. Бұрынғы аналар қызының әдепті, ісмер, әсем болуы үшін бар күш-жігерін жұмсаған.

«Шешеге қарап қыз өсер» деген сүйеніп, қызды көргенді ету үшін, аналар ең алымен өзіне шек қойған. Яғни қыз бойжете бастасымен ол бұрынғы қыдыруын доғарған. Осыған байланысты «Шешесі қыдырмашыл болса, қызы бастаңғышыл болады» деген сөз қалған.

Қазақта «Қыздың мұраты - кету, жолаушының мұраты – жету» дегенімен олар бойжеткен қызын сыртқа жөнсіз шығудан шектеген. Тек кей жағдайларда аса бір аяулы адамды аттандыруға үйде ешкім болмағанда ғана жұмсайтын болған, жұмсамаса қыздың өзі оны аттандыра алмаған. Себебі – оны кез-келген кісімен кезіктіру қазақтың әдептің салтында жоқ, әдепсіздік деп білген.

Қыз бойжеткен соң, оны құтты жеріне қондыру ата – ананың арманы. Халқымыздың ежгі дәстүрі бойынша ер жігітке серік боларлық ақылды, әдепті, еңбекқор, адал жар таңдау, өнегелі көргенді жерден қыз алу келешек отбасы бақытының басты нышаны болған. Қазақтың «Тегіне қарап қызын ал» деген нақыл сөзі бар. Оның мәні мынады: текті жердің қызы әдепті, ибалы, іске шебер, қиыншылыққа төзімді, анасы сияқты тәрбиелі болып келеді, ол өскен ортасы мен ата – анасына жаманат сөз ергізбейді. Сол себепті бабаларымыз «Аяғын көріп, асын іш, шешесін көріп, қызын ал» деп өсиет еткен. Әсіресе, қалыңдықтың ақылына ерекше көңіл бөлген. Ол үшін қызға сыншылар әр түрлі сыйлықтар ұсыну арқылы бойжеткеннің дүние – мүлікке көзқарасын, жұмбақ шешкізіп зейін – зердесін байқаған, аға – іні, құрбы – құрдастарымен қарым – қатынасына қарай бауырмалдығы мен қайырымдылығын екшеген. Киген киімі, істеген ісі, сөйлеген сөзіне қарап, оның ұқыптылығын, іскерлігі және мінез-құлқынан мағлұмат білген.

Іскерлікке, қолөнерге қазақта балаларды әке-шешелері, ауылдың салықалы тәжірибелі қарттары шеберлер баулыған. Қызына ана алдымен кесте тіккізіп, одан әрі өсе келе түскиізге, тақияға тігіп одан әрі

сырмаққа, түрлі бұйымдардың оюлармен жалғастырған. Әдетте кестемен түскиіздер, орамалдар, әйелдердің бас киімі, көйлектері, қамзол, белбеу, белдемелері т.б. әшекейленді. Қазақта қолөнерге икемі жоқ қыздарды «Өз үйінде ою оймаған, кісі үйінде тон пішер» деп келеке еткен. Жалпы қыздарды қолөнерге балу арқылы олардың бойына биязылық, адамгершілік асыл қасиеттерді сіңірген. Өнерлі адамның жаны таза болатынын біліп, қызын алдымен еңбекке, ісмерлікке тәрбиелеген. Кішкене күнінен қыздарды тігуге, тоқуға, киіз басуға және сол сияқтыларға үйретеді, дәл сәл өсе келе енді мұның бәрін олардан талап еткен.

Ұл балалар елдің тыныштығын қорғаушы делінсе, қыз балалар бүкіл ұлттың болашағы дап саналады. Себебі, әдепті, арлы, ибалы қыздар ертеңгі күні тәрбиелі ұрпақты дүниеге әкеліп, тәрбиелейтін абзал ана. Сондықтан қыз бала тәрбиесіне халқымыз үлкен мән берген.

Ерте кезден бастап ата-аналарымыз осы бейнелеу өнеріне өте жақын, сонымен бірге біте қайнасып келе жатыр десек артық айтпаспыз. Әжелеріміз кезінде киім-кешек, үйдің іші-сыртын безендіруге керемет-керемет оюлар ойлап тауып, аталарымыз сонау ерте заманды айтпағанда киіз үй мен ер-тұрман, зергерлік бұйымдардың неше түрін ойлап тауып, соларды әшекейлеуі тіптен керемет. Осы ата-бабаларымыздың ер-тұрманына, сырмағы мен текеметіне, сандығы мен кебежесіне қарап өнердің нағыз өресі болғанын білеміз. Алғашқы дизайнерлік шешімдердің үй тұрмысында қолдануы біздің ұлы шеберлерімізден бастау алғанын мақтаншпен айтуымызға болады. Қазақтың кез келген оюын алып қарасаңыз қайталанбас керемет туынды. Бір оюы біріне ұқсамайтын қазақ халқының төл туындылары. Кезінде қазақтың тума талант суретшісі Әбілхан Қастеев атамыздан сурет салуды қайдан үйрендің дегенде – «ешкінің мүйізінен, әжемнің киізінен, таудың жотасынан үйрендім» деген екен. Қорыта келе ұлттық тәрбиенің ұрпақ тәрбиесіндегі орны ерекше. Қазақ ұлтты ұл бала мен қыз бала тәрбиесіне ерекше мән берген ұлы халық.

1. С.Қалиев. *Қазақтың тәлімдік-ойлар антологиясы. А. 2011 ж.*
2. К. Оразбекова. *Ұлттық психология мен халық тәрбиесі болашақтың бастауы хақында. А. 2000 ж.*
3. Қ. Жарықбаев. *Қазақ тәлім-тәрбиесі. А. 1995 ж.*
4. *Халықаралық форум материалдары. А. 2013.*

ОҚУШЫЛАРДЫҢ САЛАУАТТЫ ӨМІР СҮРУІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Ф.А. Абдримова – аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ

Резюме

В статье рассказывается о методике формирования здорового образа жизни. Вместе с тем затрагивается тема интеллектуальных игр, которые помогают закрепить знания, понятия учащихся о здоровом образе жизни.

Summary

The article focuses on the method of formation of the healthy way of life. However, addresses the theme of intellectual games, which help solidify the knowledge of students about healthy lifestyles.

Қазақстанның ХХІ ғасырдағы негізгі даму бағыттарының бірі – салауатты өмір салтын сақтай алатын, жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру басты міндет болып отыр. Сондықтан білім беру мекемелерінің алдында тұрған міндеттердің бірі – жас ұрпақтың салауатты өмір сүруге көзқарасын қалыптастыру, олардың денсаулығын сақтауға, қоршаған ортасын таза ұстауға және жоғары, сапалы білім алып, сол білімді келешектегі өмірінде пайдалана білуге тәрбиелеу.

Салауатты өмір салтын насихаттауда, салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру мәселелерін жетілдіретін, осы саладағы басымдықтарды анықтайтын ғылым да, өскелең ұрпақты оқыту, тәрбиелеу формалары мен жаңа әдістерді ұстанатын білім де қажет. Мектеп оқушыларының салауатты өмір салтын қалыптастыру туралы алған білімдері болашақ азаматтардың денсаулығын сақтап қалуға берік тірек болады.

Мектеп оқушыларының денсаулығының нашарлауы бұл тек дәрігерлердің мәселесі емес, сонымен қатар маңызды педагогикалық мәселе болып есептеледі. Өйткені, бұл ұрпақтардың тәрбие алған отбасыларына және қоршаған ортаға байланысты болады. Кейбір отбасыларда маскүнемдік, шылым тарту, нашақорлық және созылмалы инфекциялық аурулар, дұрыс тамақтанбау сияқты салауатты ұрпақ тәрбиелеуге кері әсерін тигізетін факторлар кездеседі.

Сонымен қатар, оқушылар мен олардың ата-аналарында салауатты өмір салты туралы педагогикалық және дәрігерлік білімдердің жеткіліксіз болуы және өз денсаулықтарына деген құнды қатынастың жақсы қалыптаспағаны да әсер етеді.

Жас ұрпақтың денсаулық жағдайын жақсарту мәселесін жалпы білім беретін мектепсіз шешу мүмкін емес. Сондықтан, мектеп мұғалімдері, сынып жетекшілер, психолог, дәрігер және ата-аналар бірлесіп оқушылардың салауатты өмір сүруі үшін іс-әрекеттерді ұйымдастыруы керек және мектептің оқушыларда сау болу, салауатты өмір сүру қажеттілігін қалыптастыруы қажет. Ол үшін мұғалімдер мен сынып жетекшілерде «салауатты өмір салты» ұғымының мәні туралы айқын түсініктердің болуы керек.

Салауатты өмір салты - денсаулықты нығайту, сақтау және қалпына келтіруге бағытталған тіршілік әрекетінің үлгісі. Ғалым А.Н.Леонтьев «салауатты өмір салты» - тұлғаның өмірдегі өз орнын білу, өмір сүруге ұмтылыс жасау, алдына қойған мақсатына жету жолдарынан тұратынын атап көрсетеді [1].

Салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін әр бір адам саналы түрде өз денсаулығына көңіл бөліп, үнемі шұғылдану қажет екендігіне басты назар аудару керек. Салауаттылықтың негізгі қарапайым жолдары – адамның өзін-өзі күтуі және тазалық сақтауы.

Педагогикалық үрдісте оқушылардың білімін көтеруде, тәрбиесін тереңдетуде сабақтан тыс уақыты өте құнды болып келеді. Өйткені, ол оқу жоспарынан тыс қалған мәселелерді жетілдіреді, сынып жетекшісінің және пән мұғалімінің әдістемелік тәжірибесін көтеруге мүмкіндік туғызып, оқушылардың дамуына әсер етеді.

Бастауыш сынып оқушыларының денсаулықтарының нашарлауы көбінесе оларда салауатты өмір салты туралы білімдердің қалыптаспағандығына байланысты болады. Салауатты өмір салты туралы білімдер сабақ барысында және сабақтан тыс іс-әрекеттер барысында қалыптасады. Сондықтан мұғалімдер мен сынып жетекшілері әңгімелер, жаттықтыру, сурет салу, табиғатты бақылау, өсімдіктерді күту және ойын әдістері арқылы оқушыларда салауатты өмір салты туралы білімдерді, түсініктерді қалыптастыруы керек.

Сынып жетекшілері денсаулыққа байланысты тәрбие сағаттарын және айына бір рет «Денсаулық сабақтарын» өткізуі керек. Мысалы, «Ұрпақ салауаттылығы – ұлт болашағы», «Дені саудың – жаны сау», «Денсаулық – зор байлық» және т.б..

Сонымен қатар, сынып жетекшілерінің салауатты өмір салты туралы әңгімелер жүргізуіне де болады. Себебі, әңгіме әдісі оқушылармен жұмыс істеудің ең тиімді формаларының бірі болып есептелінеді.

Әңгімелескен кезде табиғатты қорғау және зиянды әдеттердің алдын алу туралы мәселелерден бастау керек. Сосын адамгершілік, мейірімділік, қайырымдылық тақырыптарында сөз қозғау қажет. Әңгіменің тағы бір бағыты – денсаулық әліппесі, яғни гигиенаның тақырыптары, жағымды әдеттер, дұрыс тамақтану туралы болуы керек.

Сонымен қатар, ұлттық тағамдардың табиғи құндылығын түсіндіру, дұрыс тамақтану қажеттілігі де ерекше.

Мысалы, әңгімелесу үшін төмендегі сұрақтарды беруге болады:

- Денсаулық дегеніміз не?
- Адамдардың денсаулығы неге және кімге байланысты болады?
- Денсаулықты күту үшін не істеу керек?
- Денсаулыққа достық көмектесе ала ма?

Сурет салу арқылы да оқушылардың салауатты өмір сүруге шақыруға болады. Себебі, сурет салу үрдісі оқушыларға өз ойларын жақсы жеткізуге көмектеседі. Бұл әріне бастауыш сынып оқушыларында кеңінен қолданылатын әдіс. Бұл жастағы оқушылар сөзбен жеткізе алмаған ойларын, көзқарастарын сурет салу арқылы жеткізеді. Мұғалім оқушылардан өз денсаулықтарыңды сақтау үшін не істей аласыңдар және ол үшін қандай заттар көмектеседі деп сұрап, сол заттардың суреттерін салдыруы керек.

Әдеби кітаптарды оқу да салауатты өмір салты туралы білімдерді қалыптастыруда тиімді әдістердің бірі болып есептелінеді. Сондықтан мұғалімдер мен сынып жетекшілерінің қарастырылып отырған мәселе қозғалатын әдебиеттерді оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай ұсынып отырулары қажет.

Салауатты өмір салтын қалыптастыруда ең тиімді әдістердің бірі болып – ойын есептелінеді. Ойын – оқушылардың еңбек ету мүмкіндігін арттыратын іс-әрекеттің түрі. Ойын барысында оқушылар әртүрлі байланыстарда болады. Мысалы, ынтымақтастық, істестік, бір-біріне бағыну, өзара бақылау және т.б. Мұғалім ойынды пайдалану барысында оның ережелеріне бағыну арқылы өзінің білім беру және тәрбиелеу міндеттеріне үлкен мүмкіндік ашады.

Мысалы, қимыл-қозғалыс ойындары, жарыстар, жаттығулар және т.б. Ойындарды көбінесе таза ауада жүргізу керек.

Оқушылардың салауатты өмір салтын дене шынықтыру негізінде қалыптастыруда қазақтың ұлттық ойындары да өте құнды болып келеді. Осы тұрғыда мұғалімдер мен оқушылар халқымыздың көкпар, ақсүйек, қыз құу, тоғызқұмалақ сияқты ұлттық ойындарын кеңінен қолдануы қажет [2].

Сонымен қатар, салауатты өмір сүру туралы білімдерін, түсініктерін қорытуға көмектесетін зияткерлік (интеллектуалды) ойындардың да салауатты өмір салтын қалыптастыруға тигізер пайдасы көп. Мысал ретінде «Сөзді тап» ойыны. Мұғалім оқушыларға темекіні жасырады және оның адам өміріне зиянды жақтарын айтады. Сонда оқушылар бұл заттың не екендігін табады.

Келесі бір әдіс – оқушылардың жобалау іс-әрекеті. Бұл көбінесе негізгі және жоғары сыныптарда жүргізіледі. Оқушыларды жеке және топтарға бөліп, жобалау жұмыстарын жүргізу үшін шағын тақырыптар беріледі. Мысалы, «Денсаулықты сақтау және қорғау», «Күн тәртібі», «Шылым шегудің денсаулыққа зияны», «Ішімдіктен аулақ бол!» және т.б. тақырыптар беріледі. Жоба бойынша жұмыс істеуде оқушылар мектеп жасындағы балаларда кездесетін денсаулыққа байланысты мәселелердің жайын ашып алады, денсаулық туралы газет-журналдардан мақалалар, мақал-мәтелдер жинайды, сосын өз тақырыптарына сәйкес материалдарды таңдап, жоба жұмысын бастайды.

Салауатты өмір салтын қалыптастыруда табиғат аясында жүргізілген сабақтарды, саяхат сабақтары, КТК-ын, мерекелік кештерді, викториналық ойындарды қолдануға болады. Салауатты өмір салты туралы білімдерін қалыптастырудың мүмкіндігі мұғалімдер мен сынып жетекшілері оқушылардың жас және дербес ерекшеліктерін ескере отырып қолданған әртүрлі әдістерге байланысты болады.

Қорыта айтқанда, жас ұрпақтың денсаулығы – қоғам байлығы. Ал, жарқын болашақтың кепілі – саналы да салауатты жастар. Сондықтан әрбір адам өз денсаулығының мықты болу жолдарын қарастыруы керек.

1. Леонтьев А.Н. *Потребности, мотивы, эмоции*. М., Изд. Московского университета, 1971. – 38 бет.
2. Төтенай Б. *Қазақтың ұлттық ойындары*. Алматы, 1994 ж.

РОЛЬ ИГРЫ В ОБУЧЕНИИ ИНОСТРАННЫМ ЯЗЫКАМ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

М.К. Ахметова – *учитель английского языка в начальных классах школы – лицея «Туран»*

Түйін

Бұл мақала оқыту кезінде бастауыш мектеп жасындағы балалардың психологиялық процессінің дамуына ойнау қызметінің әсеріне арналған. Мақалада шет тілін үйренудегі коммуникативтік компетенцияны қалыптастыруда ойынның рөлі, сонымен қатар сабақтың негізгі үш мақсатыны жетуде қолданылатын ойын технологиясының құндылығы ашылып көрсетіледі.

Summary

This article is devoted to the influence of the game activities on the psychological processes development of the young learners at the lessons. The article describes the role of the game activities in the formation of the communicative competence in the process of foreign language learning. Also the value of the game technologies using during the lessons is shown to achieve the main aims of the lessons: educational, educative and developing.

Мир детских игр разнообразен. Каждый вид игры выполняет определенную функцию в развитии ребенка. На сегодняшний день в теории и практике наблюдается стирание граней между самостоятельными и обучающими играми, что является недопустимым. Этим делом заинтересованы многие ученые. В последнее время в литературе появился даже специальный термин “игрология”, или, с использованием латыни - “лудология”.

Как было доказано А. В. Запорожцем, В. В. Давыдовым, Н. Я. Михайленко, игровая деятельность не изобретается ребенком, а задается ему взрослым, который учит малыша играть, знакомит с общественно сложившимися способами игровых действий.

Обучаясь у взрослых техникам различных игр, ребенок затем обобщает игровые способы и благополучно переносит их на другие ситуации. Таким образом, игра приобретает самодвижение, становится формой собственного творчества ребенка, а это обуславливает ее развивающий эффект.

Крупнейший психолог Д.Б. Эльконин называет игру как средство развития умственных действий и средство развития произвольного поведения [1]. Игра как ведущая деятельность у детей “определяет важнейшие перестройки и формирование новых качеств личности”, что именно в игре дети усваивают общественные функции, нормы поведения, что игра учит, изменяет, воспитывает, как говорил Л.С. Выготский, ведет за собой развитие [2].

Результаты изучения развития детей, показали, что в игре эффективнее, чем в других видах деятельности, развиваются все психические процессы. Обусловленные игрой изменения в психике ребенка настолько существенны, что в психологии (Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, Д.Б.Запорожец и др.)

утвердился взгляд на игру как на ведущую деятельность в дошкольный и младший школьный периоды [3]. Так, А.Н.Леонтьев отмечал, что в игре развиваются новые, прогрессивные образования и возникает мощный познавательный мотив, являющийся основой возникновения стимула к учебе [4]. Игра помогает активизировать стремление ребят к контакту друг с другом и учителем, создает благоприятные условия равенства в речевом партнерстве, разрушает устоявшийся барьер между учителем и учеником. Игра помогает преодолевать неуверенность. В обычной дискуссии ученики-лидеры, как правило, захватывают инициативу в свои руки, а более скромные - предпочитают отмалчиваться. В таком, например, виде игры как ролевые игры, каждый получает роль и должен быть активным партнером в речевом общении.

На уроках иностранных языков в играх школьники овладевают такими элементами общения, как умение начать беседу, поддержать ее, прервать собеседника, в нужный момент согласиться с его мнением или опровергнуть его, умение целенаправленно слушать собеседника, задавать уточняющие вопросы и т.д. Игры дают огромный шанс формированию коммуникативной компетенции, при которой не только говорящий, но и слушающий максимально активен, так как он должен понять и запомнить реплику партнера, соотнести ее с ситуацией.

Игры положительно влияют на формирование познавательных интересов школьников, способствуют осознанному освоению иностранного языка. Они содействуют развитию таких качеств, как самостоятельность, инициативность; воспитанию чувства коллективизма. Учащиеся увлеченно работают, помогают друг другу, внимательно слушают своих товарищей; роль учителя лишь управлять учебной деятельностью.

Ценность игры как воспитательного средства заключается в том, что, оказывая воздействие на коллектив играющих детей, педагог через коллектив оказывает воздействие на каждого из детей. Посредством игры учитель формирует не только игровые отношения, но и реальные, при этом закрепляя полезные привычки в нормы поведения детей в разных условиях и вне игры - таким образом, при правильном руководстве детьми игра становится школой воспитания.

Образовательная ценность игры состоит в том, что, игру так же рассматривают как ситуативно-вариативное упражнение, где создается возможность для многократного повторения речевого образца в условиях, максимально приближенных к реальному речевому общению с присущими ему признаками - эмоциональностью, спонтанностью, целенаправленностью речевого воздействия.

Игры способствуют выполнению важных методических задач: созданию психологической готовности детей к речевому общению; обеспечению естественной необходимости многократного повторения ими языкового материала; тренировке учащихся в выборе нужного речевого варианта, что является подготовкой к ситуативной спонтанности речи вообще.

Игры могут использоваться на различных этапах урока, что помогает учителю в нестандартном проведении урока, развитии креативного подхода учащихся, их совместной деятельности - умению работать в коллективе, а также мотивировать их интерес к изучению английского языка, что является особенно важным на данном этапе.

В начальных классах дети очень любят импровизировать, изобретать различные предметы и действия. Именно это можно использовать, например, при закреплении букв алфавита во втором классе. Можно, к примеру, им предложить: «Встаньте так, чтобы быть похожими на буквы алфавита.», или предложить им спеть буквы под популярные мелодии, например «В лесу родилась елочка...».

Для активного участия класса (группы) при выполнении игровых упражнений, рекомендуется использовать различные формы работы: парную, групповую и фронтальную. Все учащиеся имеют одинаковую возможность практиковаться в речевой деятельности, применять полученные ранее навыки и умения.

Можно широко использовать в языковых играх:

- подвижные игры (зарядка, игра в животных, “кошки-мышки”, игры во внимание)
- стихи и песни, сопровождаемые движениями
- игра-соревнование (дети делятся на команды и выполняют различные задания)
- игра с мячом (вопрос-ответ, перевод слов и предложений с русского на английский и наоборот)
- настольные игры (домино, лото, рисование)
- диалоги с героями книг английских и американских авторов (в гости к ребятам приходят Винни-Пух и Мэри Поппинс, Белоснежка и 7 гномов, Маугли, Том Сойер и т.д.)
- ролевые игры и т.д.

Игра организуется таким образом, чтобы учащиеся могли в активном речевом общении с максимальной эффективностью использовать обрабатываемый языковой материал.

Учитель непременно сам верит в игру, в её эффективность. Только при этом условии он сможет добиться хороших результатов. Еще одним важным требованием при проведении различного рода игр является использование всевозможной наглядности.

Более того, учитель должен всегда помнить о таких элементарных требованиях, как соответствие игры возрасту детей и изучаемой теме; нельзя допускать такого момента, когда в игре задействованы не все учащиеся. Также нужно удостовериться, что инструкция понятна и усвоена всеми и учащиеся готовы к осуществлению игровой деятельности.

Также не стоит забывать и о том, что обсуждая проведенную игру, оценивая участие в ней школьников, учителю следует проявить такт, особенно при оценке результатов игры. Отрицательная оценка деятельности её участников неизбежно приведет к снижению активности. Желательно начать обсуждение результатов игры с удачных моментов и лишь затем, перейти к недостаткам.

Младший школьный возраст несет в себе большие возможности в познании окружающего мира, в том числе и средствами английского языка. Плодотворной почвой для этого является познавательная деятельность, реализующаяся в играх, в полной мере отвечающих возрастным особенностям детей младшего школьного возраста.

Игра формирует у младших школьников коммуникативные умения, необходимые для человека как члена общества, члена коллектива. Умение общаться предполагает умение слушать собеседника, вступать в разговор, поддерживать его, и т.д.

Игра приносит огромную пользу в изучение английского языка в начальных классах средней школы. Ученик в этом возрасте способен проживать те или иные элементы учебного процесса в условно-игровом плане. Таким образом, лексико-грамматический материал усваивается легче, а правильно спланированная игровая деятельность и реализация игровых приемов на уроке ведет к повышению результатов и интереса к предмету.

1. Эльконин Д.Б. *Детская психология*. – М., 2000
2. Выготский Л.С. *Педагогическая психология*. – М., 1991
3. Запорожец Д.Б. *Избр. психол. труды: В 2 т. М., 1986*
4. Леонтьев А.Н. *Избр. психол. произведения: В 2 т. М., 1983*

ӨЛКЕТАНУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ МӘНІ

Д.Д. Байдалиев – М.Х. Дулати атындағы ТарМУ, Тараз қ.

Резюме

В статье рассмотрены история развития и значимость краеведения в процессе воспитания учеников общеобразовательных школ, конкретизированы уровни и сделаны выводы по краеведению.

Summary

In the article the history of development and significance of regional studies in the upbringing process of secondary school children are considered, levels are concretized and conclusions on regional studies are made.

Аннотация. Мақалада өлкетанудың даму тарихы мен жалпы білім беретін мектептегі оқушыларды тәрбиелеудегі мәні, деңгейлері нақтыланып, тұжырымдалған.

Қазіргі кезде елімізде өмір сүріп жатқан жас ұрпақтың бойындағы ерлік пен елдік қасиеттің рухани негізі – туып - өскен жері мен елінің салт-дәстүрінен, ұлттық мәдени мұраларынан, ел мен жер байлығын қорғап қалған батырлардың ерлік істерінен бастау алады.

Қазақ халқы ежелден – ақ қоршаға орта болмысын, оны бүкіл өзінің шаруашылығының дамуы мен қалыптасуының, тіршіліктің даму жүйесінің көзіне айналдыра білген. Қазақтың көшпелі өмірінің өзінде табиғатты пайдаланумен қатар, оны аялаудың, қорғаудың тамаша үлгілері қалыптасқанын байқауға болады.

Туған өлке табиғатын, оның ерекшелігін, сұлулығын, байлығын, оған деген сүйіспеншілігін ерте кезде адамзат баласы қара сөзбен өрнектесе, ғұламалар өздерінің өлең - жырларына арқау еткен.

Өлкетану жұмысының қазіргі кездегі маңыздылығы туралы Елбасы Н.Ә.Назарбаев, «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты Жолдауының 12 тапсырмасында: «Мысалы өте көкейкесті болып табылатын... «Өлкетану» (туған жерге махаббат отаншылдықтың негізі ғой)... сынды пәндер қайда? Олардың жоқтығы жастардың едәуір бөлігінің

элеуметтік инфантилизміне, ересек өмірге бейімделе алмауына, басқа да келеңсіздіктерге ұрындырады. Жастардың бір бөлігі діни секталардың, экстремистердің, есірткіге құмар және қылмыстық топтардың «онай олжасына» айналады. ...Сондықтан бүгінгі таңда оқу – тәрбие үдерісін түбірінен өзгерту маңызды» - деп атап көрсетті [1].

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасы мен гуманитарлық білім беру тұжырымдамасында, Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие беру мемлекеттік бағдарламасы мен білім беруді дамыту бағдарламаларындағы туған өлкеге сүйіспеншілікті қалыптастыруға ерекше мән берілуі бұл мәселенің қазіргі таңдағы өзектілігін дәлелдегенімен, мектептер мен жоғары оқу орындарында өлкетану жұмыстары кемшін қалып келеді.

Туған өлкедегі табиғат пен тарихты, шаруашылық пен саясатты, мәдениет пен адамдардың тіршілік әрекетін қосып адамға ауқымды білім мен тәрбие беретін өлкетану психолого – педагогикалық мәселе ретінде зерттеушілерге әрқашанда үлкен қызығушылық тудырған.

Қазақстанда өлкетану ғылымы патшалық Ресейдің қазақ даласын отарлау мақсатында алдын - ала арнайы әскери экспедициялар шығарып, ғылыми-танымдық зерттеулер жүргізу шеңберінде еңсе, оқытудың ғылыми деңгейін арттыруда өлкетану жұмыстарының педагогикалық құндылығын ерте кезде – ақ түсінген. Алғашқы өлкетанымдық зерттеулердің алғышарттарын біз көне дәуір оқымыстылары Геродот, Эмпедокл, Гиппократ, Теофраст еңбектерінен байқауымызға болады. Өлкенің құбылыстарын зерттеушілер өсімдіктер мен жануарлар әлемінің қоршаған ортаға тәуелділігін қарастырған [1,25].

Өлкетаным туралы Аристотель «Адам ақыл – ойының арқасында қоршаған ортаны, табиғатты жалпы танып біле алады. Бірақ жалпыны түсіну үшін ең алдымен бірінші жалпыны білуі керек» - деп сипаттама берген [3, 12].

Цицерон болса, Отанға, өлкеге деген адамның қатынасын, патриоттық санадан іздестіреді. «Ең мәртебелі ой – толғамдар Отанның игілігі жайында болмақ. ...Отан деген ұғымға, ең алдымен, саяси орта, құқықтық қатынастармен байланысы бар белгілі бір өлкедегі адамдар бірлестігі және мемлекет кіреді» - деп санаған.

Өлкедегі табиғат құбылыстарының терең тылсымсын зерделеуде адамзат баласы талай – талай жолдардан өтті. Алғашқы өлкетанымдық көзқарастар сондай – ақ ертедегі саяхатшы, жиһангездердің жазбаларында мольнан көрініс тапты.

Антикалық Грецияда Геродоттың, Полибияның жазған тарихи концепциялары, Гиппократ, Демокриттің жаратылыстану ғылымы тұрғысынан адамға көзқарастары, Римдегі Лукреций Кардтың көзқарастары өлке ілімінің ең алғашқы туындылары десек қателеспейміз. Материалист ақын Лукреций (б.д.д. I ғ.) артта қалған, дамымаған өлкедегі халықтар туралы мәліметтерді пайдаланып, адам мәдениетінің дамуының толық концепциясын жасады. Оның еңбегі «О природе вещей» деп аталынады. Антикалық авторлар халықтардың өлкетанымдық көзқарастарының кейбір тұстарын жергілікті халық аңыздарына сүйене отырып қарастырды. Олар әр өлкедегі халықтардың мәдениеті, тұрмысы, әдет-ғұрпы туралы тереңірек жазып, мәліметтер беруге тырысты [4].

Кез – келген тарихи кезеңдерде табиғат, өлке оның түрлі құбылыстары жөнінде әрбір адамның өзіндік көзқарасы мен түсінігі болады.

әл - Фараби өзінің «Философияны білі үшін не білу керек?» деген еңбегінде нағыз тәрбиеші ұстаздың бойындағы он екі қасиеттің бірі ретінде – дүниетаным, қоршаған ортаның құбылыстарын жете меңгерген ұстаз – нағыз тәрбиеші бола алатындығын нақтылай түскен [5, 62 б.], сондай – ақ ғалымның: баланың ой санасының дұрыс қалыптасып дамуы үшін айналадағы шындықты танып, білуі арқылы ғана ой - өрісі жетілетінін айтады. Тұлғаның дүниетанымын қалыптастырудың басты құралы тәрбие мен білім екендігін – тұжырымдайды [5, 45].

Өлкетану деректері бұрыннан бері халықтар арасында ауызша ұрпақтан-ұрпаққа таралып, жалғасын тауып келді. 1718 жылы 13 ақпанында Ресей патшасы I - Петрдің жарлығымен өлкетанушылардың тапқан тарихи жәдігерлері, заттары патшаға жеткізіліп, өз өлкесіндегі ізденіс жұмыстары үшін марапаттап отыру талап етілді. Бұл сол кездегі қазақ даласына да қатысты еді.

Өлкетанудың деректемелік жұмыстарымен қатар, осы кезде мектептептегі өлкетану жұмыстары да өз жұмысын бастады. Оның негізін қалаған М.В.Ломоносов болса, ал туған өлкені зерттеуге аса көңіл бөліп, оның ғылыми педагогикалық негізін салған К.Д.Ушинский еді. Ғылымның бұл саласына К.Д.Ушинский «Отантану» деп анықтама беріп, «Туған өлке» және «Балалар әлемі» атты мектеп оқушыларына арналып жасаған кітаптарында ол арнаулы «Айнала және жақын», «Қоршаған ортаны танып білу» деген бөлімдерінде ол айналаны танып білу процесінде бақылау, негізгі білім көзі болады деп көңіл аударады [6,7].

Осы кезде Ресейдегі алдыңғы қатарлы мұғалімдердің көптеген мазмұндағы өлкетанушылық

материалдары баспаларда жариялана бастады. Өз өлкесін тану идеясы мен педагогикалық процесте өлкетану материалдарын қолдану, ұлы ағартушылар Я.А.Коменский, Ж.Ж.Руссо және басқалардың еңбектерінде негізі қалыптасқан болатын. Ғалым Н.Ф.Бунаков өлкетану саласында жиырмадан астам кітаптар мен өлкетанудың алғашқы оқу бағдарламасын жасады.

Қазақстанда өлкетанудың дамуы аса көрнекті мемлекет қайраткерлері С.Аспандияров, М.Д.Жолдыбаев, Ә.Жангелдиннің есімдерімен байланысты. Сол кездегі О.Жандосовтың «Познай свой край» мақаласы өлкетануға елеулі үлес қосты. В.Д.Гордецкийдің «Материалы для школьных экскурсий в Джетысу» атты оқу құралы Жетісу өңіріндегі мектептерге таратылды. Бұл мектептердің оқушылары мен мұғалімдеріне арналған ең алғашқы өлкетану бойынша оқу құралы еді [7, 32 б.].

Елімізде 1920 жылдан бастап өлкетану жұмыстары бірте – бірте жолға қойыла бастады. Осы жылы Қазақстанда Зерттеу Қоғамы құрылып, 1930 жылы оның жанынан Өлкетану Бюросы жұмыс істеді.

1930 жылы сәуір айында Өлкетану Бюросының жетекшісі С.Аспандияровтың басшылығымен алғаш рет бүкіл қазақтық өлкетанушылар съезі шақырылды [8, 134 б.].

Аталған съезд, студенттер мен мектеп оқушыларының арасында өлкетану ісін жандандыру мәселесіне ден қойып, қаулылар шығарады. Өз өлкесінің табиғи өндіргіш күштерін, тарихын, климатын, өсімдіктер әлемін т.б. білу, біліп қана қоймай, Қазақстанды дамытуға пайдалана білу аса қажетті белгі болып табылатындықтан, өлкені танып – білу жұмыстары студенттердің арасында әлі де болса шектеулі дәрежеде деген съезд шешімі жоғары оқу орындарында өлкетану үйірмелерін ашуды ұсынды [7, 105 б.].

Көрнекті тарихшы – ғалым С.Аспандияров «Қоғамдық ғылымдарды оқытудың, тәрбиелеуде маңызы зор», деп атап көрсетіп, Ол: «...Болашақ жастар өмір сүріп отырған мемлекеттің өткені мен келешегін, оның алдында тұрған жоспарларды жақсы білуі қажет. Оқушы өз елінің басынан кешкен қиындықтарымен танысып қана қоймай, сондай қиындықтан елін, халқын алып шығуға белсене қатысып, оған өзінің үлесін қосатындай болып тәрбиеленуі тиіс» - дей келе [7, 104 б.], «өлкетану жұмыстары Отанды сүю мен патриоттық тәрбие беруде маңызды роль атқарады» - деп есептеді. Педагог – ғалым өлкетану жұмысын туған өлкенің тарихын, мәдениетін, әдебиеті мен табиғатын, халық шаруашылығын танып білуде аса маңызды деп санайды [8, 135 б.].

Қазақ халқының ағартушы – ғалымдары мен ақын – жазушыларының еңбектеріндегі өлкенің сұлу көріністері негізінде жасөспірімдердің табиғатпен, қоғаммен қарым – қатынасын орнықтыру, білім беру, тәрбиелеу, қазақ халқының мәдениеті мен ағарту саласы мен соның негізінде азаматтық, адамгершілік қасиеттерін жетілдіруде маңызды орын алады.

Қазіргі кездегі мектеп оқушыларының бойында жақсы мінез – құлықтың қалыпты нормаларын қалыптастыру үшін адамгершілік тәрбиесі ғасырлар бойы жүргізіліп келеді. Имандылық, әдептілік, ар – ождан, намыс, бауырмалдық, кішіпейілділік, батырлық, ерлік, ұлтжандылық, елжандылық және оқушыны Отанды сүюге, оны қорғау жолында әрдайым даяр болуға өлкенің, Отанның игілігі үшін аянбай еңбек етуге тәрбиелеу тәрізді бағыттар адамгершілік тәрбиесінің басты ұстанымы. Бұдан шығатын қорытынды: өлкетану негізінде Отанға сүйіспеншілікті қалыптастыратын тәрбие адамгершілік тәрбиесімен де тығыз байланысты. Өйткені адам бойындағы асыл қасиеттер Отанға деген сүйіспеншіліктен туындайды.

Отан – адамның туған өлкесінен де гөрі неғұрлым ауқымды да әлеуметтік ұғым. Осыған байланысты Н.Ә.Назарбаев: «Көптеген адамдар туған өлке деп тек «өзінің» облысымен немесе «өзінің» ауданымен шектеледі, бұл қате түсінік. Мұндай психологиямен келісу қиын. Перзенттік сүйіспеншілік пен аялы көзқарасқа – патриоттық көңіл күйдегі жастардың қайратты, шебер қолдары мен қалтықсыз жасампаз еңбегіне мұқтаж жерлер Қазақстанда көп. Айталық, біртұтас халықтың өндірістің барлық салаларындағы балалары Қазақстанның гүлденуі мен күш – қуатының артуы жолында жұмыла еңбек етсе, несі жаман» - деп тұжырымдаған [9, 84 б.].

Адамгершілік (мораль) қоғамдық сананың бір формасы. Адамның қоғамдық өмірдегі өз орнын анықтауы, еңбекке, оқуға, ғылымға, қатынасы, отбасындағы, қызметтегі т.б. тәртібі, іс - әрекеті осының бәрі оның адамгершілік қасиеттерінің – сапаларының қаншалықты дұрыс қалыптасуына байланысты. Адамгершілік тәрбиесінің негізіне бүкіл адамзат жинақтаған, тарих тәжірибесінде сыналған адамшылық қасиеттер алынады. Олар: адалдық, шыншылдық, кішіпейілділік, қарапайымдылық, сыпайгершілік, еңбексүйгіштік, жолдастық, достық, қоршаған ортада үлкенді, қарт адамдарды, әйелдер мен жас балаларды сыйлаушылық сияқты қасиеттер.

Демек адамгершілік тәрбиесі тәрбиенің басқа салаларымен, бағыттарымен тығыз байланысты. Алдымен қоршаған ортаға, өлкеге, дүниеге ғылыми көзқарасты қалыптастырумен тығыз байланысты, егер оларға көзқарас дұрыс қалыптаспаса адамгершілік қасиеттер де дұрыс, немесе толық қалыптаспайды.

Жергілікті өлке материалын тиімді пайдаланудың оқушыларды шығармашылыққа тәрбиелеуге көп

көмегі тиеді, өйткені оқу материалы оқушыларға жақын, әрі таныс болғандықтан оларды қызықтырады. Жеке қайраткерлерге қатысты мәселелер қарастырылғанда оқушыларға берілетін тапсырмалар мен сұрақтардың көбіне оларды ойландыратындай, өз пікірлерін білдіріп, қажет болған жағдайда баға беретіндей болғаны дұрыс.

Мұғалім өзінің осы салада жүргізген жұмысының нәтижесін көріп – біліп отырса өте дұрыс. Мұның өзі күрделі мәселе, оның үстіне жұмыс нәтижесі бір пән арқылы жүзеге асты деу қиын. Соған қарамастан мұндай тәрбие жұмысының нәтижесін мынандай жағдайдан байқауға болады.

1. Егер де оқушылар өз жауаптарына нақты оқиғаның негізінде қайраткерлердің, сол оқиғаға қатысушылардың адамгершілік қасиеттерін (мотивтері, іс - әрекет тәсілдері, нәтижелері) ашып көрсетіп берсе.

2. Қарастырылып отырған қоғамдық құбылысқа, оқиғаға, фактіге, қоғам қайраткерлеріне, олардың іс – әрекетіне, айтқандарына, қызметінің нәтижелеріне жеке өзінің қатынасын білдірсе.

3. Қоршаған ортадағы құбылыстарды, келенсіз жайттарды талқылап, бағыт бергенде дұрыс бағыт ұстаса.

4. Оқушылардың ұжымға, от басының мүшелеріне, жолдастарына, айналасындағы басқа адамдарға, табиғатқа, тарихи мәдени ескерткіштерге, оларды қорғау мәселесіне қатынасы адамгершілік өлшемдерге сәйкес келсе.

5. Оқушы мектепте, сыныпта, және басқа да ұйымдастырылатын қоғамдық – саяси жұмыстарға белсене қатысса, тек қатысуы ғана емес ұстанған адамгершілік мотиві де тиісті дәрежеде болса.

Жалпы оқушының тәрбиелілігі оның кез-келген іс-әрекетінен де, сөйлеген сөзінен де байқалып тұруы тиіс.

Өлкетану материалдары арқылы оқушылардың туған жеріне деген сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін қалыптастыруда нақты айғақтың, деректер мен тарихи құжаттардың шындықты дәлелдеп отыратынын айта келе, өлкетану материалдарының негізгі мазмұнын патриоттық тәрбиемен байланыстыру аса маңызды фактор болып табылады. Патриоттық тәрбие берудегі оған арқау болатын өлкетану материалдарының негізгі мазмұны мынадай мәселелерді қамтығаны дұрыс:

-өлкенің тарихы (өлкенің кеңес дәуіріне дейінгі тарихы; төңкеріс кезеңдегі тарихы; тәуелсіздік жолындағы күрес тарихы; өлкенің бүгінгі таңдағы тарихы);

-өлкенің табиғаты және табиғи қорлары;

-өлкеден шыққан батырлардың, халық қаһармандарының, ғылым, мәдениет және спорт қайраткерлерінің ерліктері мен еңбектері;

-мәдени құндылықтар;

Мұғалімдер өздерінің іс – тәжірибелерінде өлкетану материалдары негізінде оқушыларға тәрбие беруді мынадай деңгейлер бойынша жүзеге асырса тиімділігі арта түседі:

1 деңгей. Оқушыларға адамгершілік және патриоттық тәрбие беру мақсатымен туған өлке туралы білімдерді түрлі оқу құралдары мен бұқаралық ақпарат құралдары көмегімен ұсынуы.

2 деңгей. Оқушылардың өз бетімен танып – білуі, мұндай білімнің қайнар көзі – оқу құралдарымен қатар, ғылыми – танымдық және ғылым – әдебиеттер, электрондық оқу құралдары, бұқаралық ақпарат құралдарындағы баспасөз материалдары, мектеп және өлкедегі тарихи орындар, мұражай экспонаттары, интернет материалдары болып табылады.

3 деңгей. Мұғалімнің басшылығымен оқушылардың терең зерттеулер жүргізуі барысында туған өлкенің құндылықтарын игеруі. Мұнда оқушылар жас ғалым – зерттеушілер ролін атқарады, олар көбінесе өлкетану үйірмелерінің және оқушылардың ғылыми қоғамдарының мүшелері әрі белсенділері болып табылады.

Оқушылардың өлкетану білімін игеру процесі, әрбір жаңа ұғымды қабылдауды, ой елегінен өткізуді және қолдануды қамтамасыз етерліктей, мұғалімдердің өздерінің іс – тәжірибелерінде оқыту амалдары мен әдістерін сұрыптауына, сондай-ақ оқушылардың практикалық және өз бетімен істейтін жұмыстарын ойластырып істеуіне байланысты заңдылықтардың мазмұнын және оны игерудің жағдайларын оқытушы өзіне - өзі айқын елестете алғанда ғана бұлардың барлығы іске асады.

Өлкетану негізінде, табиғат пен адам, қоғамның табиғат компоненттерінің негізгі белгілері, қасиеттері және өзара қатынастары көрінген ұғымдардың жүйесі және олармен байланысты түсініктер жатады. Ұғымдарды меңгеру барысында оқушылар:

- өлкетану ұғымының анықтамасы мен мазмұнын және олармен байланысты түсініктерді игеріп алуы;

-осы өлкетанымдық әрекеттерді игеруге және қолдануға мүмкіндік туғызатын ақыл – ой әрекетінің тәсілдерін ұғып алуы;

-оқу мен практикалық міндеттерді шешкенде өлкетану әрекеттерін өз бетінше қолдана алуы керек.

Оқушылардың белсенді таным әрекетінсіз өлкетану білімін орнықты әрі толық игеру мүмкін емес. Түрлі бағыттағы жұмыстарды орындау процесінде олардың іскерлік пен дағдылары қалыптасады.

А.Ж.Бекмағамбетов оқушы жастардың өлкетану негізінде отансүйгіштік қасиетін қалыптастыруды оңтайландырудың мазмұндық бағыттары ретінде: әлеуметтендіру, демократияландыру, ізгілендіру, саралау деп төрт топқа бөліп қарастырады [10, 12 б.].

Қорытындылай келсек, өлкетану – оқу және сыныптан тыс жұмыстар арқылы туған өлке туралы оқушылардың белгілі білім көлемін байытуға ықпал ететін, отандық педагогиканың бір прогрессивті құбылысы болып табылады; оқушыларға ғылыми білімдер арқылы қоршаған өмірдің қоғамдық және табиғи құбылыстарының мәнін ашады; патриотизмге, ізгілікке, адамгершілікке баулиды, өз халқының мәдени дәстүрлерін құрметтеуге, жергілікті өлкенің шынайы өмірін құрметтеуге үйретеді, туған өлкеге ұлы отанның бір бөлігі ретінде сүйіспеншілігін тәрбиелейді; оқушыларға зерттеу жұмысының және әлеуметтік – пайдалы еңбектің бірқатар практикалық дағдыларын меңгеруге көмектеседі; оқушылардың танымдық қызығушылықтарын дамыту арқылы, олардың жеке тұлғасын қалыптастыру процесіне ықпал ететін құрал ретінде болады, оларға байқампаздық, ізденістік және зерттеу жұмысының дағдыларының дамуына жағдай жасайды, шығармашылық ойлауды дамытады, қоғамдық ұмтылыстар, жоғары моральды және эстетикалық сезімдерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Түйін сөздер: өлкетану, отансүйгіштік, адамгершілік, өлкетану материалдары.

Ключевые слова: краеведение, любовь к родине, человечность, нравственность, краеведческие материалы.

Key words: regional studies, love to motherland, humanization, morality, regional studies materials.

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам. //Егемен Қазақстан. – 2012. №380-382. – 10 шілде.
2. Фурсов В. Биология осылай басталады. – Алматы: Қазақстан, 1967. – 124 б.
3. Аристотель. Риторика. – М., ОГИЗ. Соц.ЭКГИЗ. 1939, – 163с.
4. Раймханова К.Н. Тарихи өлкетану. – Тараз, 2004. – Б.7-8.
5. әл – Фараби. Әлеуметтік – этникалық трактаттар. – Алматы, 1975. - 419б.
6. Текесбаева А.М. Өлкетану негізінде бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымын қалыптастыру: автореф. ...пед. гыл. канд. –Алматы, 2004. – 26 б.
7. Аспандияров С.Д. История Национально-революционного движения на востоке. – Кызыл-Орда, 1932. – 210 с.
8. Ахметова С.Ш. Историческое краеведения в Казахстане. – Алматы, 1972. – 188 с.
9. Джанбаева Р.А. Қазақ халық педагогикасындағы патриоттық – ерлік тәрбиесінің ғылыми негіздері: пед. ғылым. док. дисс... – Алматы, 2007. –268 б.
10. Бекмағамбетов А.Ж. Аймақтың өлкетану құндылықтары арқылы жоғарғы сынып оқушыларына патриоттық тәрбие беру: автореф. ...пед. гыл. канд. – Астана, 2008. – 32 б.

ПРОБЛЕМЫ РАННЕГО ОБУЧЕНИЯ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ

Ж.Г. Кулеkenова – кафедра профессиональной иноязычной коммуникации,
Факультет иностранных языков и международных отношений, КазНПУ им. Абая

Түйін

Бұл мақалада ерте жастан балалардың шетел тілін оқытылуы қарастырылады. Осы мәселе қазіргі кездегі білім жүйесінің дамуына байланысты ғалым педагогтар мен психологтардың назарын өзіне аударады. Мақала авторы ерте жастан оқытудың жақсы жақтарын көрсетіп, балалардың дене, психикалық және танымдық ерешеліктерін, олардың ерте жаста шетел тілін үйренудің зор қаблеттері бар екенін айтып отті. Осы мақалада ерте жастан шетел тілін оқытудың мақсаттары, олардың сиппатамасы және мақсатқа жету жолдары көрсетілген. Сонымен қатар, мұғалімдерге оқу материалдардың мазмұннің тандау жөнінде нұсқаулар берілген.

Resume

The article considers the problems of teaching a foreign language at an early period, which at the modern stage of developing the system of education in the country becomes actual and attracts teachers' and psychologists' attention. The author writes about the advantages of early teaching, pointing to children's physical, psychological and cognitive peculiarities and their unique abilities of learning foreign language at an early age. The aims of early teaching, their characteristics and ways of achieving them are determined in the article. The author also gives some recommendations to teachers on the questions of selecting the materials to teach, i.e., which content to teach, leading to effective acquisition of a target language at an early stage of learning.

На современном этапе преподавания иностранных языков становится все более актуальной проблема раннего обучения. Высказываются разные точки зрения на вопрос обучения детей дошкольного и

раннего школьного возраста иностранным языкам и об эффективности этого процесса. Всем известно, что на начальной ступени обучения происходит становление личности младшего школьника, выявление и развитие его способностей, формирование учебных навыков и овладение элементами культуры и поведения. В связи с этим становится актуальной проблема обучения иностранным языкам на раннем этапе.

Преподаватели иностранного языка, работающие в начальных классах, помимо традиционных способов обучения в своем арсенале имеют немало оригинальных и специфических приемов, обеспечивающих физическую активность на уроках и способствующих эффективному обучению. Эффективность обучения зависит от многих факторов, в том числе и от остроты восприятия ребенком этого нового мира, его физической и эмоциональной активности и возможности деятельного участия в нем. Физическая активность обостряет все виды памяти: тактильную, двигательную, зрительную, образную и слуховую, знание которых ведет к успешной организации учебной деятельности школьников.

Одной из основных задач в обучении иностранному языку является активизация познавательной деятельности учащихся. Среди всех мотивов учебной деятельности самым действенным является познавательный интерес, возникающий в процессе учения [1]. Учителю необходимо создавать все условия для реализации этого интереса учащихся в целях поддержания и развития их интеллектуальных возможностей. В период раннего обучения у детей младшего возраста еще очень сильно развита непроизвольная память. Проходит адаптационный период, и наступает отдача, ребенок начинает с удовольствием воспроизводить иностранные слова и фразы, он становится увереннее и набирает темп речи.

Раннее обучение иностранному языку важно еще и потому, что в этот период у детей ярко выражается способность к имитации: они абсолютно точно воспроизводят чужую фонетику. Артикуляционный аппарат ребенка еще не застыл, и в это время еще не поздно поставить ему правильно звуки, как у носителя языка. Правильное произношение – необходимое условие успешного овладения иностранным языком [2]. Поэтому уже с самого начала обучения у детей формируют навыки понимания иноязычной речи на слух и ее адекватного воспроизведения. Особое внимание уделяется фонетическим и интонационным явлениям, отсутствующим в родном языке. Особое место занимает развитие фонематического слуха у детей, что способствует не только формированию правильного произношения, но и, в дальнейшем, снимает проблемы с письменной речью.

В познавательной деятельности восприятие неразрывно связано с вниманием. Внимание младших школьников отличается непроизвольностью, неустойчивостью. В этом возрасте учащиеся обращают внимание лишь на то, что вызывает их непосредственный интерес. Большое внимание нужно уделять обучению лексической стороне речи младших школьников, так как лексика является важнейшим компонентом речевой деятельности. Учащиеся должны овладеть строительным материалом для общения и взаимодействия. Знакомство с поэзией, с иноязычным фольклором, с музыкальным наследием помогают обогащать методы преподавания иностранных языков в начальной школе. Изучение иностранного языка делает ребенка более активным, приучает его к групповым формам работы, пробуждает любознательность, развивает ребенка интеллектуально и эстетически. Планируя уроки, необходимо думать не только о том, чтобы ученики запомнили новые слова, ту или иную грамматическую структуру, но и стремиться создать все возможности для развития индивидуальных способностей каждого ребенка. Основным видом деятельности детей в раннем возрасте является игра. Поэтому, опыт работы свидетельствует, что игра помогает детям преодолеть психологический барьер и обрести веру в свои силы. Игра всегда предполагает принятие решения – как поступить, что сказать, как выиграть? Желание решить эти вопросы обостряет мыслительную деятельность играющих детей [3]. А если ребенок будет при этом говорить на английском языке? Не таятся ли здесь богатые обучающие возможности? Дети, однако, над этим не задумываются. Для них игра, прежде всего – увлекательное занятие. В игре все равны. Она сильна даже слабым ученикам. Более того, слабый по языковой подготовке ученик может стать первым в игре: находчивость и сообразительность здесь оказываются порой более важными, чем знание предмета. Чувства равенства, атмосфера увлеченности и радости, ощущение посильности заданий – все это дает возможность ребятам преодолеть стеснительность, мешающую свободно употреблять в речи слова английского языка, и благотворно сказывается на результатах обучения. Незаметно усваивается языковой материал, а вместе с этим возникает чувство удовлетворения – “оказывается, я уже могу говорить наравне со всеми”. Применение игровых приемов позволяет создать условия для непроизвольного усвоения всех языковых средств: лексики, грамматических структур, речевых образцов. Развитию словесно - логической памяти способствует применение ярких игрушек, картинок и карточек со словами.

Определим цели раннего обучения детей.

Ведущей целью раннего обучения иностранным языкам является, прежде всего, развивающая цель. Это, однако, не означает уменьшения значения практических целей или снижения требований к уровню владения устно-речевым общением на иностранном языке. Более того, разработка эффективных технологий раннего обучения иностранному языку позволяет по-новому взглянуть на проблемы интеллектуального развития учащихся младших классов.

Обучение иностранным языкам детей-дошкольников призвано содействовать охране и укреплению физического и психического здоровья детей, развитию их индивидуальных способностей. Поэтому, в качестве основной цели обучения выступает личностное развитие ребенка средствами предмета. Данная цель является стратегической, она позволяет органично включать иностранный язык в контекст жизнедеятельности дошкольника и определять конкретные пути осуществления интегративных связей предмета с другими видами и формами деятельности ребенка дошкольного возраста [4].

Реализация указанной цели предусматривает:

1. Развитие языковых способностей ребенка (памяти, речевого слуха, внимания и др.), которые могут стать основой для дальнейшего изучения иностранных языков;
2. Приобщение ребенка к языку и культуре другого народа и формирование позитивного отношения к ним; осознание детьми родной культуры;
3. Воспитание у ребенка чувства осознания себя как личности, принадлежащей к определенному языковому и культурному сообществу, развитие внимательного отношения и интереса к языкам, с которыми ребенок может встретиться в повседневной жизни;
Абай өз халқының мәдениеті мен әлеуметтік ой- пікірінің асқар шыңы болса, ол қалдырған мұра - біздің мұра біздің егеменді еліміздің болашағы бүлдіршіндерді тәрбиелеуде сарқылмас қазына, рухани байлық болып табылады. Абай келешекке зор үмітпен қарады, халқының сол келешек жарқын өмірге жетіп бостандық - теңдікке ие болуына айқын жол сілтеді.

Абайдың ұрпағы халқының кеменгері, ұлтының ақыл-ойы мен мәдениетінің, өнері мен әдебиетінің асқар шыңын дәл бейнелеп, қоғамдық дамудың шындығын дұрыс көрсете білген қайраткер ретінде таниды.

А.Байтұрсынов Абайдың «Сөзі аз, мағынасы терең» жырларының шығуы жағдайларына, әлеуметтік сырына көркемдігіне үңіледі. Жеңіл ойдан, ашық салатын жағдай халық жырларына Абай сөзін қарсы қоя отырып ол сөздің ішкі мағынасын түсіне, терең оқудың қиыншылығы Абайдан басталатынын атап көрсетеді.

«Не нәрсе жазса да Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын қасиетін қармап жазады»- дейді. Оның, нәрсенің сырын, қасиетін біліп жазған сол сөзінің бәрі де халыққа тіреліп, оқушы сөзді сынаса, сөз оқушыларын сынады»- деуі де осыдан

Осы қысқа мақалалардың өзі Абайдың ақындылығы, өнері жайлы терең бағалы ой айқындығын көреміз. Оның пікірлерінен кейін Абайды зерттеушілер тарапынан көп еңбектерге негіз болады, ой салады.

Міржақып Дулатов: «Абай» атты шығармасында Абайды жаңа мазмұнды ұлттық әдебиет жасаудағы орнын атай отырып, «әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кітап – Абай сөзі, Абай аты

Абайға дейін қазақта қолға алып оқырлық, шын мағынасында қазақ әдебиеті дерлік бір нәрсе жоюға жеткен жоқ еді. Абайдың бізге қымбаттығы да сол»- дейді.

Абай мұрасының әдеби тарихи маңызын атап көрсетіп «Абай нағыз халық ақыны» деген қорытынды жасады.

Абай творчествасының қазақ мектептерінің оқу бағдарламаларына кіріп, оқулықтардан тұрақты орын алуыда осы тұста. Абайды зерттеу ісі ілгерілей түсті. Абай мұрасын жан-жақты талдауға бет алған ізденіс біртіндеп көлемді монографиялық зерттеулерге ұласты. Олардың ішінде З.Ахметовтың, Сүйінішәлиевтың, Ә.Тәжібаевтың, С.Сильченконың, К.Мұхамедқановтың, Нұрышевтың, М.Әуезовтың толығынан зерттеген монографиялық еңбектері жарық көрді.

Ақын мұрасының жас ұрпаққа жеткізілуі жолында еңбек етіп тер төккен ғалым - әдебиетшілер, ақын жазушылар, оқытушы ғалымдар аз емес.

Абай мұрасын білім беру жүйесінде шашау шығармай пайдалану, халқының болашағы үшін алаңдаған әрбір ұстаздың тікелей міндетті.

Осы ретте, І.Р. Халитованың «Абай Құнанбаев мұрасын оқу-тәрбие процесіне енгізу тарихы» атты ғылыми еңбегінде ақын мұраларын бастауыш мектепте жүйелеп пайдалану жолдарын көрсетті. Мысалы, 1 сынып оқушылары, Абайдың сөзімен айтқанда, «білсем екен, көрсем екен», - деген жан құмарының басымдылығымен қатар, қайратының (ерік күші) әлсіздігі ортасындағы қайшылық, әсерленгіштік пен жақсы оқуға ұмтылумен бір нәрсеге көңіл қоюының қиындығы оларды тәртіпке бойсынуға тәрбиелеуді байсалдылықпен жүзеге асыруда көзде тұтылады. Ақынның 32-қара сөзіндегі пікірді арқау етіп, оқушыларға оқудағы мақсат білу, білмекке ұмтылу екендігін көрсетеді.

Өнегелі де, өсиет сөз айтқымыз келсе алдымен аузымызға «Абай атам айтқандай» деген сөз тіркестері келеді. Артынша өшпес із, асыл мұра қалдырып өзіне кейінгі ұрпақтарға өнеге боларлық боларлық ұлы Абай атамның артына қалдырған асыл мұралары - оның шығармаларының болашақ ұрпаққа берер тағылымдық – тәрбиелік мәні.

Ұлы Абай халық болашағы ғылымда, білімде, жастарды оқыту, «Тегінде адам баласы, адам баласынан ғылым, ақыл, ар-мінез» деген нәрселерден озады. Одан басқа нәрселермен озым ғой дегеннің бәрі де ақымақшылдық деп ғылымның орнын көрсете келе халыққа білім алудың қажеттілігін уағыздайды. Абайдың шығармаларының халықты заман талабына сай оқуға білім алуға шақыру ел болашағындағы отырықшылықтың, сауданың, қала салудың, өнердің алатын үлкен орнын көрсете білу қазіргі егемен Республиканың саяси, әлеуметтік, экономикалық дербестігін қамтамасыз етуін іске асыратын азаматтарды, ұлттық ғылыми-техникалық интелгенция жұмысшы кадрларын дайындау ісіне дәл келгендей. Осыдан бір ғасыр бұрын айтылған Абай сөздері, өсиеттері міне осылай дәл қазіргі күні де өз ұрпағын болашағын іске асыруға шақырып тұрғандай. Өкінішке орай ұлы ақын ашына көрсеткен жалқаулық, бой күйездік, күндестік т.б. қылықтар халқымыздың арасында әлі күнге дейін сақталуда.

Абай- халқымыздың ұлы ұстазы тәлімгер педагогы. Оның өлеңдерін ең басты объектісі адам, баты мақсаты- адам тәрбиелеу. Адам оған да «Өзі үшін ғана емес, адамдар үшін еңбек ететін, қайрат, ақыл нұрлы жүректі терең ұстайтын жан- жақты жетілген адам». Абайша айтқанда «Толық адам». Ал «Толық адам», «Жетілген адам» дегендердің мағынасы терең философиялық ойлар, ұғымдар. Адамды адамгершілік тұрғысынан жетілдіруді көздейтін үлкен даналық ұштасып жатқан күрделі мәселе.

Абайдың мұраты- адамда адамгершілік жағынан жетілдіру арқылы қоғамды жетілдіру, қазақ қоғамын ілгері дамыған ілгері дамыған мәдениетті елдер қатарына қосу. Оның өлеңдері мен шығармаларының, әңгімелерін дүниетанымдық философиялық, әлеуметтік, қоғамдық, этикалық көзқарастары, педагогикалық, психологиялық ой- пікірлері осыны дәлелдейді. Абай сомдаған, бірін – бірі толықтырып отыратын ұлттық бейнелер халқын бірлікке, еңбек етуге, өнер- білімге үйренуге шақырған ұлттық мүддеден туған.

Бұл ретте, Абай ең алдымен білімнің, ғылымның, қоғамдағы орнын, адамды кісілікке тәрбиелеудегі маңызын жақсы түсінеді.

Абай ғалым, білімді адам бойындағы рухани қазынаның үлкені және әрбір жігерлі жастың талпынатын мұраты болу керектігін көрсетеді. «Жасымда ғылым бар деп ескермедім». Бір қарағанда бәрімізге онда айтылмаған ой- пікір етене таныс, құлағымызға әбден сіңісті дүниедей көрінеді.

Абайдың дана ретіндегі негізгі этикалық принципі- еңбек. Абай еңбектің рөлін жоғары қояды. Еңбек адамның ақыл- ойының ерендігін сезім дүниесінің сұлулықын, ерік – жігерін тәртіптілігін

реттестіретін бойдағы енжарлықты, бой күйездікті, еріншекті тіпті қайғы – қасіретті жастың адамды жігерлендіретін теңдесі жоқ шипа «Аштан өліп, көштен қалмаспыз», деген психологиядан арылу керек. Жастарды тіршілік көзін табуға баулу қажет. Күллі адам баласы қор қылатын үш нәрсе бар», содан қашпақ керек. Әуелі надандық, екінші еріншектік, үшінші- зұлымдық... Білімсіздік хайуандық болады. Еріншектік- күллі дүниенің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, кедейлік бәрі осыдан шығады дейді !.

Абай «Кімде кімнің әділеті жоқ болса, оның ұяты жоқтың иманы жоқ»- деп адам болам деген кісіге қажет бес дұшпан мен бес досты ажыратуды міндет етіп қояды.

Бүкіл өмірін елінің көкірек көзі- сауатын ашып алға жетелеуге арналған ұлы Абайдың еңбегін бағалағанда алдыңғы орында оның бүкіл халықтың ұстазы болғандығы. Өйткені күні бүгінге дейін, оның шәкірттері болып мұрасынан сусындауының өзі соның бір айғағы.

Абай шығармаларында басты орында, еңбек тәрбиесі. Ол еңбекпен келген табыстың адал да дұрыс жолға бастайтынына кәміл сенеді, еңбекпен саналы оймен, ақыл мен істелген істің ғана нәтижесі болады деп санайды.

Адамның бойында жағымпаз қасиеттердің тууына қарсы тұру үшін оның ғылым мен білімге деген құштарлығын арттырып, дамыта түсуді өсиет етеді. Абайдың айтуынша адамның білімге құштарлығы оны тәрбиелігі етеді. Арам тамақтың, сұраншақтық, тілемсектік, жексұрын қасиеттер. Абай мұны ашынып айтады. Қай заманда да болсын, еңбектен безу, біреуге масыл болу жамандықтың жаманы екенін бүгін де көріп жүрміз. Құлықпен, еппен пайда табам деп, еңбектен бойын алып қашқаннан ешкімде пәтуа таппайды. Ел қамын ойлап, түн ұйқысын төрт бөлген Абай еңбекке үндегенде адал еңбекті меңзейді.

Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас құлық сұмдықпен тапқанның қайыры болмайды. Еңбекке шақыру мәселесі Абайдың ең көп айтқан саласы. Жастарға халық қамын ойлаған ақын жазушылар мен ғалымдарды үлгі өнеге етіп, «білімдіден шыққан сөз талаптыға кез болса екен»- дейді. Тіршіліктің тұтқасы еңбек пен білімде деп ұққан Абай:

Түбінде баянды еңбек егін салған,

Жасынан оқу оқып білім алған.

Би болған, болыс болған мақсат емес,

Өнердің бұдан өзге бәрі жалған-

деп халық қамын ойлап, қабырғасы қайысатын, әділдік үшін саясатын ең кем дегенде елдің елу жылғысын ертерек ойлайтын көреген қайраткер. Ұрпақ тәрбиесі үшін аянбай ат салысып жүрген ұлағатты ұстаздардың ақылшысы, сыршысы, қамқоршысы бола алатын.

Бастауыш мектепте Абайдың тек негізінен өлеңдері ғана оқытылады. Балаларға Абай кемеңгер, ұлы ақын деп қана қоймай, оның кемеңгерлігіне де ұлылығының сыры неде жатқанын тамыршыдай тап басып айту оңай болмайды. Дегенмен, өлең жолдарының негізгі нәзік құпиясын түсінуге талпынатын, ақын жүрегінің қатпар- қатпар құпия сырына бойлағысы келері сөзсіз. Осыған орай қазақ мектептерінің бастауыш сыныптарының жаңа бағдарламасында осы мәселе жөніндегі ерекшеліктері қандай? Жаңа бағдарламаның осы мәселе жөніндегі ерекшеліктері қандай? Ұрпақ тәрбиесінде орны бөлек Абай мұрасынан бөбектерге нені? Қашан? Қалай? танытуға болады? сияқты сұрақтар төңірегінде сөз қозғайын.

Қазіргі таңда қолымда барын пайдаланып жүрген бағдарламада және осыған сай жасаған «Ана тілі» оқулықтарында да Абай шығармаларының ішінде кейбір өлеңдерінен үзінділер берілген.

Ал жаңа бағдарламада Абай даналығы мен өсиетін баланың жас кезінен бастап бойларына сіңіре беру үшін, халқының сөз өнері еркін қолдана білуі мен шешендік талантына тәнті ету өнеріне сүйіспеншілігін оята, халқының әдет- ғұрпы, салт- санасы дәстүрінде тәрбиелеуге ықпал ету үшін төмендегі шығармаларды енгізу жоспарланған.

Мысалы: «Ата –анаға көз қуаныш», «Досына достық-қарыз іс», «Абдрахман өлімінде», «Кешегі Оспан ағасы», «Қуанбандар жастыққа» т.б. Ал аудармаларынан «Қараңғы түнде тау қалғып», «Жарлы бай», «Қарға мен бүркіт» сияқты шығармалары енгізіліп отыр. Өйткені бұл текстердің мазмұны түсінікті сөздері қарапайым, әрине сөз жоқ кейбір балалардың жас шамасына қарай түсінуге ауыр деген сөздерге түсініктеме беріледі, сөздік жұмыстары жүргізіліп қарапайым салыстырулар келтірілуі тиіс. Өлең мысалдар әр сыныпқа былайша жүйеленген.

сынып.

«Әсемпаз болма әр неге» (1- шумағы)

«Ғылым таппай мақтанба»

(бес арсыз іс көнсеңіз жолына дейін)

«Жаз» (ұшып тұрса сымпылдап жолына дейін)
«Шегірге мен құмырсқа»
сынып.
«Әсемпаз болма әр неге» (1,2,3,4,5,6- шумағы)
«Ғылым таппай мақтанба» (махаббатпен ерсеңіз жолына дейін)
«Жазғытұры» (1-5- шумағы)
«Күз» (1-2- шумақтары).
«Қыс», «желсіз түнде жарық ай».
«Қарға мен түлкі»
сынып.
«Ата- анаға көз қуаныш» (1-2- шумағы)
«Ғылым таппай мақтанба» (9- шумағы)
«Қыс», «Абдрахман өліміне», «Күз» (4- шумағы)
«Желсіз түнде жарық ай», «Жазғытұры»,
«Қарға мен түлкі».
сынып.
«Жасымда ғылым бар деп ескермедім».
«Әсемпаз болма әр неге», «Жазғытұры».
«Қыс».
«Қан сонарда бүркітші шығады аңға».
«Қуанбандар жастыққа», «Жарлы, бай».

Ендігі мәселе - бастауыш сыныпқа арналған өлеңдер қалай оқытылуы, түсіндірілуі тиіс. Ең алдымен төменгі сыныптарда оқушыларды мәнерлеп, әуенді сазды ерекшеліктерін сақтай отырып оқуға үйретіп, сонан соң оқығанын түсіне білуге жетелеген жөн. Бұл тексттегі сөздерді талдап түсіндіруден барып қалыптасады. Сондықтан көрсетілген өлеңдерді оқудың әдістемесі сыныбына қарай алуан түрлі болып іске асырылады.

Ол оқып отырған шығармаларының тақырыбы мен идеясын түсіндіруге ақынның көз қарасын оның ой пікірін қоса түсіндіру, өмір мен байланыстыру, баланың жан дүниесіне әсер ету сияқты мәселелерді бала түсінігіне сай жеткізу мұғалімнің әдіскерлігіне, шеберлігіне, тіл байлығына байланысты.

Келесі көңіл бөлетін жұмыс- бастауыш сыныпта оқушыларға өлеңдегі әуенді –сазды үйлесім, гармония немесе ұйқас жайында қарапайым мағұлмат беру.

Мысалы: «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңіндегі ұйқасып тұрған сөздерді тапқызу.

Мысалы: Ескермедім, тексермедім, кешсермедім т.б. буын саны арқылы болып тұрғанына да көңіл аударту. Осылардың бәрінің түйіні сайып келгенде Абай өлеңдеріндегі сұлу суреттеулерге, теңеулері оқушы көңілін аударту. Балаларға шығарманың көркемдігін, бейнелілігін танытып тұрған көркем сөздерге тоқталу. Айталық суреттеп тұрма, сипаттап тұрма? Анықтап алған соң оқушыларға сол сөздерді тапқызу. Мысалы: «Күз» өлеңіндегі «сұр бұлт», «дымқыл тұман» текстерінің мәнін ашу арқылы табиғат құбылыстарын ауа райындағы өзгерістерді көз алдына елестеткізу. Ол өзгерісті қазақ тұрмысымен байланыстырып баяндату, мұндағы суреттеу тәсіліне тоқталу арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін оятуға әбден болады.

Абай шығармаларын бастауыш сыныптарда оқыту оңай соғатын жұмыс емес. Ол мұғалімнен ауқымды білім, көп дайындық, үлкен жауапкершілік пен әдіскерлікті талап етеді.

Абай шығармаларын бастауыш сыныптарда оқытудың мәні зор екені тәжірибеде дәлелденді. Олай дейтін себебіміз оқушылар Абай шығармаларын оқи отырып, одан рухани ләззат алады.

Сондықтан қазіргі кезеңдегі ең өзекті мәселелердің бірі жасөспірімдерді Абайдың өмірі, шығармашылығы арқылы оқуға деген құштарлығын қалыптастыру, дамыту. Бұл күрмеуі күрделі де қиын істі ойдағыдай шешуде, әсіресе қазақ тілі мен әдебиеті, бастауыш сынып мұғалімдері мен сынып жетекшілерінің орны ерекше.

Демек, баланың Абай өлеңдеріне деген қызығушылығына бағыт сілтеу, эстетикалық талғамын тәрбиелеу оны ары қарай дамыту, бекіту, қалыптастыру- педагогикалық маңызды проблемалардың бірі.

Бастауыш мектептерде Абай өлеңдерінің бір алуаны табиғат лирикасы. Абайдың жыл мезгілдеріне байланысты жазған яғни «Күз», «Қыс», «Жаз», «жазғытұры» өлеңдерін оқығанда табиғаттың әртүрлі құбылысы көзіне елестейді. Жаратылыстың жайдары жазым, түсі суық тұманды кезін не болмаса салқындаған аязы мен қарлы боранның өзін көріп тұрғандай болып тұрасың.

Қазақ халқының ұлы ақыны Абай өзінің терең әдеби мұрасы арқылы бүгінгі күн талап- тілегіне сай келетін ағартушылық насихат қалдырды.

Сондықтан да акын жырлары адамдардың рухани қазынасына айналды. Мектептің алғашқы сыныптарынан бастап-ақ жатталған Абайдың жыр-маржандары балалық, жастық, ер жеткен, ейген жылдарында жаңғыртып жатқандай түседі.

Абай жырларының ерекшелігі, өміршеңдігі, мәңгілілігі – ол дәуірдің болсын, қай жастағы адамдар болсын қажетіне жарары қасиеттілігінде.

Қорыта келгенде, Абай шығармаларын оқыту мәселелері бірсыпыра зерттелінеді, ал Абай мұралары арқылы бастауыш сынып оқушыларын әлеуметтендіру мәселесін жүргізудің жүйесі әлі де болса арнайы зерттеуді қажет етеді. Біздің пікірімізше, Абай мұралары арқылы бастауыш сынып оқушыларын әлеуметтендіруге байланысты деректі материалдар, Абай өмірі жөніндегі балаларға арналған диафильмдер, суреттер, портреттер Абайдың өскен ортасы, ата-анасы жөніндегі көрнекіліктер сериясы қажет. Абай шығармаларындағы негізінде жасалған пейзаждың суреттері болғаны да орынды болар еді.

Бұл ұлы Абайдың өмірі, азаматтығы, суреткерлігі жөнінде оқушыларға мол да, дәйекті мағұлмат беруге өз септігін тигізер еді.

1. *Бітібаева К. Мектепте Абай шығармаларын оқыту, Алматы, Рауан 1995*
2. *Мырзахметов М. Абай таңу тарихы, Алматы, Ана тілі 1991*
3. *Төрханұлы «Ең жарық жұлдыз», Жерұйық газеті 1995 ж.*
4. *Халитова І.Р. Абай Құнанбаев мұрасын оқу-тәрбие процесіне енгізу тарихы (1960-1995жж.): Пед. ғылымд. д-ры... дис. автореф.- Алматы, 1998.- 47 б.*

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СУИЦИДТІК ӘРЕКЕТІ МӘСЕЛЕСІ

Р.Б. Абдрахманова – *Абай атындағы ҚазҰПУ-нің п.с.ғ.к., доценті,*

Д.Е. Мырзаханова – *Абай атындағы ҚазҰПУ-нің магистранты*

Түйін

Кез келген қоғамда, оның экономикалық даму деңгейіне қарамастан өзіне ерекше көңіл бөлуді қажет ететін әлеуметтік топтар болады. Олар – физикалық, психикалық немесе әлеуметтік дамуында белгілі бір ауытқулары бар адамдар. Мемлекет пен қоғамда оларға деген ерекше қатынас қалыптасқан. Қазақстан қоғамындағы өзгерістер әлеуметтік және әлеуметтік-психологиялық мәселелерді, әсіресе «қиын жасөспірімдер» жағдайларын шиеленістірді. Бүгінгі қоғамда жастардың бұл категориясының сандық өсуін сипаттайтын факторлардың (отбасы жағдайындағы кедейлік, отбасындағы дұрыс емес қарым-қатынас, т.б.) әсіресе, мектеп оқушылары арасындағы суицид секілді мәселені тудырып отырғанын атауға болады.

Резюме

В данной статье рассматривается проблема суицида в подростковом возрасте, характерные черты подросткового суицида, а также суицидальное поведение учащихся старших классов. Изучение проблемы суицида среди молодежи показывает, что в целом ряде случаев подростки решались на самоубийство в целях обратить внимание родителей, педагогов на свои проблемы и протестовали таким страшным образом против бездушия, безразличия, цинизма и жестокости взрослых. Решаются на такой шаг, как правило, замкнутые, ранимые по характеру подростки от ощущения одиночества, собственной ненужности, стрессов и утраты смысла жизни. Своевременная психологическая поддержка, доброе участие, оказанное подросткам в трудной жизненной ситуации, помогли бы избежать трагедии.

Resume

The article is devoted to the suicide problem at teenage age, characteristic features of a teenage suicide, and also suicide behavior of studying senior classes. Studying a suicide problem among youth shows that in a number of cases teenagers decided on suicide for paying attention of parents, teachers to the problems and protested in such terrible way against callousness, indifference, cynicism and cruelty of adults. As a rule, closed, vulnerable teenagers decide on such step from feeling of loneliness, own uselessness, stresses and loss of meaning of the life. Timely psychological support, the kind participation rendered to teenagers in a difficult life situation, would help to avoid the tragedy.

XXI ғасырға адамзат үлкен ғылыми-техникалық жетістіктермен жетіп отырғаны баршамызға мәлім. Жоғарғы дамыған электрондық техника, өндірістік технологиялар, медицина ғылымдарының жетістіктері, гендік инженериядағы жаңалықтар, физика, ғарыш әлемінің жетістіктері адамзат қоғамының өркендеуіне, адамның жұмыс істеуіне көп жеңілдік жасауда. Бірақ осындай жетістіктерге қарамастан нәліктен қоғамда жағымсыз әлеуметтік құбылыстар (дүниежүзілік дағдарыс көріністері - жұмыссыздық, ішімдікке, нашақорлыққа салынып кеткен адам санының көбеюі, тастанды балалардың көбеюі,

кылмыскерлер санының артуы, зорлық-зомбылық, лаңкестік, суицид және т.б.) жиілеп барады. Осылардың нәтижесінде адамдардың интеллектуалды әлеуетінің төмендеуі, балалар ауруының, соның ішінде туа біткен аурулардың (ақыл-есінің, есту, көру, сөйлеу қабілеттерінде кемістіктері бар) көбейуі жиі байқалуда. Бұл қарама-қайшылықтардың себептері неде?

Қазіргі әлеуметтік-философиялық, психологиялық, педагогикалық салалардағы зерттеушілер бұл дағдарыстан шығу жолдарын жан-жақты іздестіруде.

Соңғы жылдары психикалық көңілсіздік күйдегі адамдардың өмір сапасы алаңдатушылық тудыруда, осы психологиялық жағдайдың ұзақ болуы адамның денсаулығының бұзылуына алып келетіні сөзсіз.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректері бойынша, денсаулыққа әсер ететін факторлардың 50-60 % өмір тіршілігіне, 20 % - тұқым қулаушылыққа, 20 % - сыртқы ортаның жағдайына, 8-10 % - дәрігерлік көмектің деңгейіне байланысты.

Сонымен бірге ДДҰ-ның мамандары адамдардың өз өміріне қол жұмсауына себеп болатын мынадай факторларды ерекше атап көрсетеді: 1,2% – денсаулығының нашарлығынан; 3% – қаражат қиындығынан; 1,4 % – өмір сүрудің ауырлығынан; 6 % – құмарлықтан; 18 % – отбасы келіспеушілігінен; 18 % – рухани дерттен; 19 % – жазасын өтеуден жалтаруынан; т.б. Ал өзін-өзі өлтіру фактілерінің 41 %-ы неден болатыны белгісіз күйде қалып отыр.

«Денсаулық – зор байлық, адам бақытының бастауы» - дейді халқымыз. Ата бабаларымыздың бұл дана ой-пікірі талай ғасырлар белесінен өтіп бізге жетіп отырған шындық. Адамның денсаулығы – жалпыадамзаттық және жеке болмыстың күрделі феномені болып саналады.

ДДҰ-ның (дүние жүзілік денсаулық сақтау ұйымы) анықтамасы бойынша: «денсаулық дегеніміз – аурудың немесе дене кемтарлығының жай ғана жоқ болуы емес, физикалық, психологиялық және әлеуметтік тұрғыдан ойдағыдай толық күйі».

Медициналық терминдердің энциклопедиялық сөздігінде «денсаулық – ауру және дене кемістіктерінің болмауы ғана емес, денеде рухани әлеуметтік есен-саулықтың толық сақталуы» деп анықталады.

Денсаулық негізгі үш түрге бөлінеді:

физикалық (денелік) денсаулық – адам ағзасының сыртқы орта әсерлеріне бейімделу қасиетінің жоғары дәрежелі жағдайда болуы;

психологиялық денсаулық – психикалық өріс күйі, ауруды болдырмау;

әлеуметтік денсаулық – жеке тұлғаның айналадағы өмірмен қарым-қатынас дәрежесі (мейірімділік, намыс, абырой, махаббат, сүйіспеншілік және т.б.).

Осы қарастырылып отырған мәселенің мәнін ашудағы маңызды категориялардың бірі - өмір салты. Өмір салты – адамның белсенді тіршілік әрекетінің түрі ретінде қарастырылатын, денсаулығындағы өзгерістің негізгі тенденциясын анықтайтын жалпы жетекші фактор.

Өмір салты өмір деңгейі (адамға кететін шығынның құрылымы), өмір сапасы (адамды материалдық қамтамасыздандыру дәрежесі, өлшеу параметрі), өмір сүру стилі (мінез-құлықтың психологиялық жеке ерекшеліктері), өмір сүру тәртібі мен әдет-ғұрпы (өмірдің ұлттық-қоғамдық тәртібі, тұрмыс, мәдениет) ұғымдарымен тікелей байланысты. [1]

Жоғарыда аталған әлеуметтік қолайсыз жағдайларға кездескенде адамдардың көпшілігін, көбінесе жасөспірімдерді болашақтың қандай болатындығы алаңдатады. Осы мәселелерді зерттеуде психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде «*әлеуметтік фрустрация*» ұғымы қолданылады.

«Әлеуметтік фрустрация» адамдардың болашақтың белгісіздігіне алаңдатушылығы, мақсатқа жете алмауындағы торығып күйзелуі, жеке тұлғаның өзін дәрменсіз, ешкімге қажетсіз сезінуі, балалар мен ересектердің әлеуметтік қорғаныссыздығынан абыржуы, уайымға салынуы сияқты психологиялық жағдайы.

Жоғары сынып оқушыларының суицидтік әрекеті факторларын анықтау үшін алдымен «суицид», «жасөспірімдер суициді», «суицидалды мінез-құлық» ұғымдарына тоқталуды жөн көрдік.

Суицид (лат.: *suī caedere* - өзін-өзі өлтіру деген мағынаны білдіреді), яғни адамның өзіне-өзінің қиянат жасап, өз өмірін қиюы. Суицид терминін итальян психологы Г.Дэзен 1947 жылы енгізіп, оны “өзін-өзі өлтіруге әрекет ету” - деп түсіндіреді. [2]

Жалпы алғанда, «*суицид*» термині XVII ғасырда пайда болған, бірақ XVIII ғасырдың ортасына дейін бұл ұғым қоғамда кеңінен пайдаланылған емес. Тек XX ғасырдың басында адамдардың өз-өзіне қол жұмсауының етек алуына байланысты ғылымда «суицидология» атты дербес зерттеу саласы қалыптасты.

Суицидология – адамның аутоагрессивті (суицидальды) белсенділігінің теориялық және практикалық аспектілерін зерттейтін ғылым. [3]

Бұл ғылымәлеуметтану, психология, медицина, демография, психиатрия ғылымдарының тоғысында пайда болып, осындай әрекетке баратын тұлғалардың ерекшелігін, әрекетін, себептерін зерттеуде.

Бүгінгі таңда «жасөспірімдер суициді» деген ұғым қолданысқа енді. Басылым беттеріндегі мәліметтерге сүйенетін болсақ, жасөспірімдер арасында өзіне-өзі қол жұмсаушылардың көбеюі ең алдымен телеарналардан беріліп жатқан ұрыс-төбелеске, қантөгіске толы фильмдердің әсері, сондай-ақ, ата-аналардың жұмысбастылығы, балалардың оқуына, тәрбиесіне көңіл бөлмеуі, назардан тыс қалған баланың өзін керексіз сезінуі және т.б. ықпалынан деп есептеледі.

Суицидальды мінез-құлық көбінесе депрессия кезінде жиі кездеседі. Депрессия - торығу деген ұғымды білдіреді. Суицид жағдайында жан үзетіндердің көбі торығудың торынан құтылудың жолы – өлім деп біліп, сондай шешім қабылдайды.

Суицидалды мінез-құлық- адамның саналы түрде өзін-өзі өлтіргісі келетін мінез-құлқының бір түрі.[4]

Суицидальды мінез-құлықтың белгілі бір формасы, тәсілі, даму стадиясы, тәуекел факторлары болады. Сондай-ақ оған адамның жас және жеке ерекшелігі, жынысы, кәсібі, өміржолы да әсер етеді.

Әрбір жас кезеңдеріне суицидальды белсенділік тән:

Балалық шақ – 12 жасқа дейін;

Жеткіншектік (жасөспірімдік) кезең – 12-17 жас;

Жастық кезең – 17-29 жас;

Ересектік кезең – 30-35 жас;

Қарттық кезең – 55-70 жас.

Жоғарыдағы бөліп көрсетілген жас кезеңдерге сипаттама беретін болсақ, 5 жасқа дейінгі балаларда өзін-өзі өлтіру әрекетіне баруы өте сирек кездеседі. Жанұялық қақтығыстарға байланысты 9 жасқа дейін 2,5%, ал 9 жастан кейін 80% өзін-өзі өлтіру әрекетіне барады.

Жасөспірімнің жас шамасының түрлі кезеңдерінде - ерте (12–14 жас), орта (15–16 жас) және жоғары (17–18 жас) – девианттық мінез-құлықтың қалыптасуы мен көрініс алуының физиологиялық, психологиялық, тұлғалық және жеке қасиеттеріне байланысты болады.

Басым жағдайларда жасөспірімдерде болашақпен ғана емес, өз өткенімен де байланысты түрткілер мен елестегулердің жоқтығы байқалып отырады. Көбінесе олар бүгінгі күнімен ғана өмір сүреді.

Сонымен суицидтың ең жиі кездесетін кезі 15-24 жас аралығы болып табылады. Бұл кезеңде өз-өзіне қол жұмсау әрекеттері алдын-ала жоспарланбайды. Жазалау қауіпі төніп тұрған кезде өз-өзіне қол жұмсау әрекеттері қолға түскен алғашқы нәрселердің көмегімен жүзеге асырылады. Осы топтағы жасөспірімдерде өз-өзіне қол жұмсау әрекетінің ауыр медициналық салдары болмайды. Бұл өлімге бас тигудің шынайы талпынысы емес, тек жанжалдан қашу, қиын жағдайдан басын алып қашу ниеті және т.б.

Өз-өзіне қол жұмсаудың жалпы себебі тұлға мен оны қоршаған жақын ортаның өзара әрекеттесуінің бұзылуы, психикасын жаралайтын өткір жағдайлардың әсері салдарынан әлеуметтік-психологиялық бейімделмеушілік болып табылады.

Өз-өзіне қол жұмсау арқылы тұлға өз жағдайларын өзгертуге талпынады: қайғыдан құтылу, жарақаттайтын жағдайдан қашып кету, аяушылық сезімін туғызту, көмек алу, өз мәселесіне өзгенің назарын аударту.

Өзін-өзі өлтіруге бармас бұрын, суициденттердің көбі дайындық кезеңі суицидалды кезеңінен өтеді, ол адамның бейімделу қабілетінің төмендеуімен сипатталады. Ол қызығушылық деңгейінің төмендеуі, қарым-қатынастың шектелуі, мазасызданғыш, эмоционалды тұрақсыз болуы, т.б.

Жалпы алғанда, суицидальды мінез-құлықтың үш типі кездеседі: демонстративті, аффективті және шынайы (асылып өлу).

Ресей ғалымдары А.Г.Абрумова, В.А.Тихоненко суицидалды әрекеттің шынайы әрекет және демонстративті әрекет деп аталатын екі типін бөліп көрсетеді. [5]

Бірінші, шынайы әрекет типіне жататын тұлға қиын мәселелері шешілмеген кезде өзін-өзі өлтіруге баратынын, ал екінші, демонстративті-шантажды әрекет типіндегілер өміріне сондай қауіпті емес әрекеттерге баратынын, атап айтқанда, денеде ірі веналар жоқ жерлерді кескілеу, онша қауіпті емес дәрілерді ішу, т.б. байқауға болады.

Сонымен бірге екіншісін жалған шантажды мінез-құлық деп те атайды. Онда адам өзі ойлаған ойын жүзеге асыру үшін қоршаған адамдарға қысым көрсеткен кезде және басқалардың сезімін манипуляциялаған кезде осы әдісті қолданатыны анықталған. Көбінесе оны ренжіткен адамның алдында жасалады. Мұнда олар өздерін өлтірмейді, тек өзінің өлгісі келетіндігін демонстрациялайды. Ғалымдардың көзқарасы бойынша шантажды мінез-құлық көбінесе бала кезден пайда болады.

Қазақстан психоаналитиктер ассоциациясының президенті А.Құдиярованың пікірінше, «Өз-өзіне қол салу – түсініспеушілік пен жалғыздықтан туындайтын мәселе. Әрдайым адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасында түсініспеушілік орын алып жатса, ата-ана баласын түсіне алмаса, күйеуі әйелін түсінбесе

немесе керісінше дегендей, жақын жандардың бір-бірін түсінбеуі осындай қайғылы оқиғаларға алып келеді», – деп есептейді.[6]

Қорыта келгенде, қоғамдық және әлеуметтік көкейкесті мәселе ретінде суицид фактілерінің жасөспірімдер арасында көбейгені байқалады. Сондықтан жасөспірімдік жас негізінде ересек болуға ұмтылатын, жаңа «ішкі» позициялардың пайда болуынан тұратын мектеп оқушыларының тұлға болып қалыптасуының ерекше кезеңі екенін ескере отырып, суицидтің алдын алу жұмыстары кешенді жүргізілуі тиіс.

Тірек сөздер: суицид, жасөспірімдер суициді, суицидальды мінез-құлық, денсаулық, әлеуметтік фрустрация, депрессия.

1. *Ұлттық тәрбие: Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Оқу құралы. Авторлар ұжымы: С.Ж. Пірәлиев С.Ж., Г.К. Шолпанқұлова, т.б. - Алматы, 2011. -208 б.*

2. http://kk.wikipedia.org/wiki/Өзін-өзі_өлтіру

3. *Краткий толковый психолого психиатрический словарь. Под ред. Igisheva. Большая психологическая энциклопедия, 2008.*

4. http://kk.wikipedia.org/wiki/Өзін-өзі_өлтіру

5. *Амбрумова А.Г., Тихоненко В.А. Профилактика суицидального поведения: методические рекомендации. – М., 1980. – 24 с.*

6. *Кудьярова Г.М. Основные закономерности распространенности психических расстройств в Республике Казахстан (клинико-эпидемиологическое исследование): автореф. дисс. ... доктора. мед. наук. – М., 2000. – 48 с.*

ВЛИЯНИЕ СОВРЕМЕННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА КАЧЕСТВО УРОКА ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА

Р.К. Оразова, Н.Р. Тарвердиева – КазНПУ имени Абая

Түйін

Мақалада шет тілдерді сабағының сапалылығына әсер ететін қазіргі компьютерлік бағдарламалар интернет, мультимедиялық технологиялар туралы айтылады. Қазіргі жағдайда, оқушылардың ақпараттық технологияға деген қызығушылығының артуына байланысты осындай мүмкіндіктерді шет тілі сабағындағы дамыту үрдісінің мықты құралы ретінде пайдалануға болады.

Резюме

В статье рассматривается влияние таких современных технологий, как компьютер, интернет, мультимедийная программа Power Point на качество урока иностранного языка. В современных условиях, учитывая большую и серьезную заинтересованность учащихся информационными технологиями, можно использовать эту возможность в качестве мощного инструмента развития мотивации на уроках иностранного языка.

Summary

In this article influence of such modern technologies, as the computer, the Internet, the multimedia Power Point program on quality of the lesson of a foreign language is considered. In modern conditions, considering big and serious interest of pupils information technologies, it is possible to use this opportunity as the powerful instrument of development of motivation at lessons of a foreign language.

В современном обществе все более возрастает роль иностранных языков. Знание иностранного языка дает молодежи возможность приобщиться к мировой культуре, использовать в своей деятельности потенциал обширных ресурсов глобальной сети Интернет, а также работать с информационными и коммуникационными технологиями и мультимедийными средствами обучения.

Цель обучения иностранному языку – это коммуникативная деятельность учащихся, то есть практическое владение иностранным языком. *Задачи* учителя - активизировать деятельность каждого учащегося в процессе обучения, создать ситуации для их творческой активности. Основной целью обучения иностранному языку учащихся средней школы является воспитание личности, желающей и способной к общению, людей, желающих и способных получать самообразование. Участие в разнообразных международных программах, возможность учиться за границей предполагают не только высокий уровень владения иностранным языком, но и определенные особенности личности: коммуникабельность, отсутствие языкового барьера, знание норм международного этикета, широкий кругозор, умение что называется “ подать” себя. Как правило, при выполнении различных тестов при поступлении в высшее учебное заведение или участия в конкурсах и олимпиадах устанавливается

строгий лимит времени выполнения каждого задания, что требует особый вид подготовки. Для достижения всех перечисленных целей, безусловно, эффективную помощь учителю оказывает использование компьютерных технологий и ресурсов Интернет в обучении иностранному языку, презентаций.

Компьютер, в наше время, очень важная и независимая вещь. Многие ребята и даже взрослые используют его лишь для того, чтобы поиграть в компьютерные игры. Но, к счастью, много и тех, кто нашел ему правильное применение. Так, например, он помогает в учебе. Очень удобно, когда под рукой есть такой помощник, ведь мы, не выходя из дома, можем напечатать рефераты, доклады, одним словом, все что нужно. Кроме того, компьютер может помочь в изучении иностранного языка. Ведь существует масса дисков, электронных учебников, мультимедийных обучающих программ, которые приводят к хорошим результатам в изучении иностранного языка.

В настоящее время внедрение персонального компьютера, технологии мультимедиа и глобальной информационной компьютерной сети Интернет влияет на систему образования, вызывая значительные изменения в содержании и методах обучения иностранным языкам. Перед современным учителем встает проблема поиска нового педагогического инструмента. В своей педагогической деятельности я пришла к выводу, что в современных условиях, учитывая большую и серьезную заинтересованность учащихся информационными технологиями, можно использовать эту возможность в качестве мощного инструмента развития мотивации на уроках иностранного языка [1].

Компьютер позволяет качественно изменить контроль за деятельностью учащихся, обеспечивая при этом гибкость управления учебным процессом. Роль преподавателя здесь не менее важна. Он подбирает компьютерные программы к уроку, дидактический материал и индивидуальные задания, помогает учащимся в процессе работы, оценивает их знание и развитие. Применение компьютерной техники делает и позволяет осуществить обоснованный выбор наилучшего варианта обучения.

Применение компьютера как инструмента для работы с информацией очень разнообразно и многообразно. Он может за несколько секунд просмотреть электронную библиотеку и найти требуемую информацию [1].

При использовании компьютера вербальную коммуникативную деятельность следует рассматривать в трех аспектах:

- во-первых, как свободное общение учащихся в режиме реального времени посредством использования электронной почты и информационных сетей, то есть как аутентичный диалог в письменной форме между партнерами по коммуникации;

- во-вторых, как интерактивное диалоговое взаимодействие обучаемого с компьютером, при котором преследуются реальные цели коммуникации, то есть как человеко-машинный диалог;

- в-третьих, как общение обучаемых в классе в процессе работы с компьютерными обучающими программами, выступающими в качестве стимула для коммуникации и средства воссоздания условий ситуации общения.

Специфика предмета иностранного языка обуславливает активное и уместное применение компьютера на уроках. Ведущим компонентом содержания обучения иностранного языка является обучение различным видам речевой деятельности: говорению, аудированию, чтению, письму. Обучающая компьютерная программа является тренажером, который организует самостоятельную работу обучаемого, управляет ею и создает условия, при которых учащиеся самостоятельно формируют свои знания, что и особо ценно, ибо знания, полученные в готовом виде, очень часто мимо их сознания и не остаются в памяти. Использование компьютеров на уроках иностранного языка – потребность времени [2].

В последние годы все чаще поднимается вопрос о применении новых информационных технологий. Это не только современные технические средства, но и новые формы преподавания, новый подход к процессу обучения. Использование мультимедийных средств помогает реализовать личностно-ориентированный подход в обучении, обеспечивает индивидуализацию и дифференциацию с учетом особенностей детей, их уровня обученности, склонностей. Изучение иностранного языка с помощью компьютерных программ вызывает огромный интерес у учащихся.

Существующие сегодня диски позволяют выводить на экран компьютера информацию в виде текста, звука, видеоизображения, игр. Обучение с помощью компьютера дает возможность организовать самостоятельную работу каждого ученика. Интегрирование обычного урока с компьютером позволяет преподавателю переложить часть своей работы на компьютер, делая при этом процесс обучения более интересным и интенсивным. При этом компьютер не заменяет преподавателя, а только дополняет его. Подбор обучающих программ зависит, прежде всего, от текущего учебного материала, уровня подготовки обучаемых и их способностей [3].

Работа с компьютером не только способствует повышению интереса к учебе, но и дает возможность регулировать предъявление учебных задач по степени трудности, поощрение правильных решений. Кроме того, компьютер позволяет полностью устранить одну из важнейших причин отрицательного отношения к учебе – неуспех, обусловленный непониманием материала или проблема в знаниях. Именно этот аспект и предусмотрен авторами многих компьютерных обучающих программ. Обучаемому предоставлена возможность использовать различные справочные пособия и словари, которые можно вызывать на экран при помощи одного лишь щелчка по мышке. Работая на компьютере, ученик получает возможность довести решение задачи до конца, опираясь на необходимую помощь [4].

Существенный прогресс в развитии персональных компьютеров и компьютерных технологий приводит к изменению и в процессе обучения иностранным языкам. Активное и уместное применение компьютера на уроке иностранного языка представляется возможным и целесообразным исходя из специфики самого предмета. Ведущим компонентом содержания обучения иностранному языку является обучение различным видам речевой деятельности говорению, аудированию, чтению, письму. При обучении аудированию каждый ученик получает возможность слышать иноязычную речь. При обучении говорению каждый ученик может произносить фразы на иностранном языке в микрофон. При изучении грамматических явлений каждый ученик может выполнять грамматические упражнения, имеет возможность разгадывать кроссворды, чайнворды, заниматься поиском слов, выполнять игровые упражнения.

В практике применения компьютера в учебном процессе особо подчеркивается его обучающая функция, а также, компьютер является инструментом, который организует самостоятельную работу обучаемых и управляет ею, особенно в процессе тренировочной работы с языком и речевым материалом.

Сфера применения компьютера в обучении иностранным языкам необычно широка. Компьютер может быть эффективно использован для ознакомления с новым языковым материалом, новыми образцами высказываний, а также с деятельностью общения на иностранном языке. На этапе тренировки и на этапе применения сформированных знаний, навыков, умений компьютер может быть использован в самых разнообразных коммуникативных заданиях и ситуациях с учетом личностных особенностей обучаемых [5].

Он может создавать оптимальные условия для успешного освоения программного материала: при этом обеспечивается гибкая, достаточная и посильная нагрузка упражнениями всех учеников в классе. Кроме того трудно переоценить роль компьютера как средства осуществления контроля над деятельностью учащихся со стороны учителя, а также как средства формирования и совершенствования самоконтроля. В затруднительных случаях компьютер позволяет ученику получать необходимые сведения справочного характера за короткий промежуток времени, предъявлять ему те или иные “ключи” для успешного решения задания [6].

Важной особенностью компьютера в учебно-воспитательном процессе по иностранному языку является то, что он может быть “собеседником” обучаемого, т. е. работать в коммуникативно-направленном диалоговом режиме и определенным образом, например, с графических средств, анализатора и синтезатора речи восполнять отсутствие естественного коммуниканта, моделируя и имитируя его неречевое и речевое поведение. Компьютер позволяет предъявлять на экране дисплея элементы страноведческого характера, особенности окружения и обстановки, которые могут использоваться как фон формирования у обучаемых речевой деятельности на иностранном языке. Компьютер обладает большими возможностями для построения цветных изображений, поддающихся необходимым преобразованиям в заданных пределах [6].

Отмеченные возможности компьютера делают его прекрасным техническим средством для различного рода пояснений и обобщений явлений языка, речи, речевой деятельности.

Сейчас во всех школах идет раннее обучение учащихся иностранным языкам. Часто на уроках иностранного языка процесс вовлечения учащихся в устную речь по различным темам бывает неинтересным. При работе с использованием компьютеров это исключено, так как необходимые на уроках наглядность и ситуации на мониторах вполне реальны – “изображения” движутся, разговаривают на иностранном языке, задают вопросы и т.д. Некоторые учителя могут спросить: а не превратится ли урок при этом из творческой работы в нечто развлекательное? Нет, так как, чтобы получить при работе с компьютером хорошую оценку, ученику приходится творчески работать. Он делает все с радостью а учителю приходится приобретать необходимые электронные учебники и делать подборку по ним нужных ситуаций, а также распечатку дополнительных вопросов и текстов и перенос их на все компьютера, чтобы в определенный момент на уроке учащиеся могли сесть за определенные компьютера, найти и открыть

нужную папку в “Моих документах”, выполнить, например, тест по аудированию или чтению. Это большой труд, но себя оправдывает. Радость познания – вот что дает использование компьютеров на уроках. А это, в свою очередь, вместе с развитием мышления ведет к развитию инициативной речи [7].

У каждого ребенка есть внутренний мотив, направленный на познавательную деятельность. Задача учителя - всячески способствовать развитию этого мотива, не дать ему угаснуть.

Сейчас имеется большое разнообразие современных мультимедийных учебников, где можно найти достаточно упражнений для учащихся всех возрастов и разных знаний [8].

Компьютеризация нашего общества взывает к жизни и появление все большего количества людей, которые хотят и могут пользоваться этими умными машинами в повседневной жизни. Компьютеры облегчают жизнь и делают ее более интересной. Ведь если при помощи этой машины в течение часа или двух можно посетить обучающие курсы в Интернете по любому предмету школьной и внешкольной программы, увидеть мир в его нынешнем состоянии и многообразии, пообщаться с огромной массой самых разных людей и получить доступ в библиотеки, музеи и на выставки, о которых можно только мечтать, то лучшего средства для саморазвития и индивидуального образования и самообразования действительно нет [9].

Сейчас уже все понимают, что Интернет обладает колоссальными информационными возможностями и не менее впечатляющими услугами. Интернет создает уникальную возможность для изучающих иностранный язык пользоваться аутентичными текстами, слушать и общаться с носителями языка.

Важно определиться, для каких целей мы собираемся использовать его возможности и ресурсы. Например:

- для включения материалов сети в содержание урока;
- для самостоятельного поиска информации учащимися в рамках работы над проектом.

Используя информационные ресурсы сети Интернет, можно, интегрируя их в учебный процесс более эффективно решать целый ряд дидактических задач на уроке:

- формировать навыки и умения чтения, непосредственно используя материалы сети разной степени сложности;
- совершенствовать умения аудирования на основе аутентичных звуковых текстов сети Интернет, также соответственно подготовленных учителем;
- совершенствовать умения монологического и диалогического высказывания на основе проблемного обсуждения представленных учителем или кем-то из учащихся материалов сети;
- пополнять свой словарный запас, как активный, так и пассивный, лексикой современного иностранного языка, отражающего определенный этап развития культуры народа, социального и политического устройства общества;
- знакомиться с культуроведческими знаниями, включающими в себя речевой этикет, особенно речевого поведения различных народов в условиях общения, особенности культуры, традиций страны изучаемого языка.

Оптимальным является также создание мультимедийной Power Point презентаций. Применение компьютерных презентаций на уроках позволяет ввести новый лексический, страноведческий материал в наиболее увлекательной форме, реализуется принцип наглядности, что способствует прочному усвоению информации. Самостоятельная творческая работа учащихся по созданию компьютерных презентаций как нельзя лучше расширяет запас активной лексики [10].

Задачи модернизации образования не могут быть решены без оптимального внедрения информационных технологий во все его сферы. Использование информационных технологий дает толчок развитию новых форм и содержания традиционных видов деятельности учащихся, что ведет к их осуществлению на более высоком уровне. Работа с компьютером должна быть организована так, чтобы с первых же уроков начальной ступени обучения она стала мощным психолого-педагогическим средством формирования потребностно-мотивационного плана деятельности школьников, средством поддержания и дальнейшего развития их интереса к изучаемому предмету. Правильно организованная работа учащихся с компьютером может способствовать в частности росту их познавательного и коммуникативного интереса, что в свою очередь будет содействовать активизации и расширению возможностей самостоятельной работы обучаемых по овладению иностранным языком, как на уроке, так и во внеурочное время.

1. Биболетова М.З. Мультимедийные средства как помощник УМК “Enjoy English” для средней школы. ИЯШ, №3. 1999.

2. Владимирова Л. П. Интернет на уроках иностранного языка. ИЯШ, №3, 2002. с 33-41.

3. Донцов Д. *Английский на компьютере. Изучаем, переводим, говорим.* М., 2007.
4. Карамышева Т. В. *Изучение иностранных языков с помощью компьютера. (в вопросах и ответах).* СПб., 2001.
5. Карпов А.С. *Интернет в подготовке будущих учителей иностранного языка.* ИЯШ, №4, 2002. с. 73-78.
6. Нелунова Е.Д. *К проблеме компьютеризации обучения иностранным языкам.* Якутск, 2004.
7. Нелунова Е.Д. *Информационные и коммуникационные технологии в обучении иностранному языку в школе.* Якутск, 2006.
8. Пахомова Н. Ю. *Компьютер в работе педагога* М., 2005, с. 152-159.
9. Петрова Л.П. *Использование компьютеров на уроках иностранного языка - потребность времени.* ИЯШ, №5, 2005
10. Полилова Т. А. *Внедрение компьютерных технологий.* ИЯШ, №6, 1997., с 2-7.

«ҚИЫН» БАЛАНЫ ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДЕ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қ.Т. Ыбыраймжанов, Ш.Т. Тұрдалиева, А.Т. Джумаханова – М.Х. Дулати атындағы ТарМУ, Тараз қ.

Резюме

В данной статье рассматриваются психологические особенности работы школьного социального педагога по обучению и воспитанию трудного ребенка.

Summary

In this article psychological features of work of the school social teacher on training and education of the difficult child are considered.

Әлеуметтік тәрбие – бұл адам қатынастары желісінде жүргізілетін тәрбие, яғни тікелей адамаралық байланыстар және осы мақсатқа арнайы ұйымдастырылған қоғамдық мекемелер (қайырымдылық қорлары, ұйымдар, бірлестіктер т. б) тарапынан болатын істер. Қоғамдық тәрбие проблемаларын арнайы педагогика саласы зерттейді. Оның пәні- тұлғаның әлеуметтік даму ерекшеліктері, қалыптастырушы ықпал жасайтын қоршаған орта заңдылықтары. Дәлірек айтқанда, отбасы, ресми ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары. Әлеуметтік жұмыстар – адам мен адамның инабаттылық қатынастары қажеттілігінен туындаған әлеуметтік іс-әрекет құбылысы. Қазіргі күнде әлеуметтік тәжірибе жұмыстары жасөспірімнің ортасы, балаларға жәрдем, денсаулық және салауатты өмір салты, білім көтеру, тәрбие түзету және т.б. мәселелерін қарастырады. Әлеуметтік жұмыстың мамандық ретінде қалыптасуы және негізгі міндеті – бала мен жасөспірімдерге құзырлы көмек көрсету, әлеуметтік мәдени ортаны ізгілендіру, тұлғаның әлеуметтік қалыптасуына ықпал ету болып табылады.

Әлеуметтік педагогтың негізгі қызметі – тұлғаны өмірге, қоғамға бейімдеу, әлеуметтендіру. Ал мектептегі әлеуметтік педагог қызметінің басты мақсаты – оқушының әлеуметтенуіне ықпал жасап, оның жан-жақты қарым-қатынас ортасын құру және мектепте білім алушыларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және әлеуметтік қорғау болып табылады. Әлеуметтік педагогтардың негізгі жұмыс объектісі әлеуметтік тұрғыда қолдауды қажет ететін балалар мен жасөспірімдер. Ол - түрлі әлеуметтік-мәдени орталардағы балалармен тәрбие жұмысын ұйымдастыратын, тұлғаның жеке даралығын ескере отырып, оны қоршаған ортадағы психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін зерттейтін, тәрбиеленушілердің қызығушылықтары мен мұқтаждықтарын, мінез-құлқындағы ауытқушылықтарын, конфликтілі жағдайларды анықтайтын және дер кезінде қолдау мен көмек көрсете алатын маман.

Сонымен қатар әлеуметтік педагог қызметі барасында тұлға мен білім беру мекемесінің, отбасы мен қамқор болатын адамдардың, тәрбиеленетін ортасының басшылары арасында делдал, оқушылардың құқықтары мен бостандықтарының жүзеге асуына ыңғайлы және қауіпсіз жағдай құратын, олардың өмірі мен денсаулығын қорғауға, жалпыға бірдей білім берудің орындалуына, салауатты өмір салтын насихаттауға көмектесетін, балалардың қабілеті мен дарындылығын дамыту үшін оларға жағдай жасауды қамтамасыз ететін іс-әрекеттерді ұйымдастырады.

Осы мәселе туралы арнайы әлеуметтік педагогика ғылымы айналысады және көптеген педагогтардың еңбектерінен көруге болады. Әлеуметтік педагог қызметіне қойылатын талаптары туралы белгілі педагог В.А.Сластенин келесі сипаттамаларды ерекшеліктерін көрсетті. Олар: өзінің жұмыс нысаны болып табылатын тұлғаның жеке құндылығын, оның қайталанбас ерекшелігі мен шығармашылық мыңыздылығын түсіну; таңдалған мамандықты саналы түрде сезініп қабылдау; көптеген жүйкелік және психикалық ауытқулардың болуын ескерту; өзімен тұрақты жұмыс істеуді талап ететін кәсіби қызметінің шығармашылық табиғатын ұғыну.

